

# ЖАНБОЛАТ БАШАР



ЖАЛҒАННЫҢ  
ЖҮЗІ

# ЖАЛҒАННЫҢ ЖҮЗІ

*Роман*

*Заман азар уағында,  
Патша айнарлар залымға.  
Қожа Ахмет Йассауи*

*Имансыздың сыртын  
қанша жусаң да, іші  
оңбайды.*

*Абай*

Қарағанды 2019

ӘОЖ 821.215.122  
КБЖ 84(5каз)  
Б 32

**Ж.БАШАР.**

**Б 32 ЖАЛҒАННЫҢ ЖҮЗІ:** Роман және хикаяттар мен әңгімелер. Ж.Башар. – Қарағанды: «Tengri ltd» ЖШС баспаханасы. – 2019 ж. – 345 б.

ISBN 978-601-7950-74-3

Кешегі қызыл террордың заманында қазақ халқы ашаршылық пен қуғын-сүргіннің ауыр зардаптарын бастан өткеріп, жантүршігерлік қасірет кешті. Жазушы Жанболат Башардың соңғы жылдарда жазған «Жалғанның жүзі» атты романына сол ауыр жылдары бір әулеттің басынан өткерген қайғы қасіреті, шекен азабы, шырғалаң тағдыры шығарма өзегіне айналып, шынайы суреттелген. Сонымен қоса кітапқа: «Көлжанқара», «Басқа бәле...», «Сор», «Есукей», «Икең», «Нәкең», «Әзәзіл» атты тағы басқа хикаялары мен әңгімелері топтастырылған. Автордың қай шығармасын алсаңыз да шындық пен жалғанның, жақсылық пен зұлымдықтың шарпысуын қилы-қилы тағдырлы обрыздарды сомдау арқылы жеткізе білген. Олай болса оқыңыз, көріңіз, қызық қуанышын бірге бөлісіңіз.

ӘОЖ 821.215.122  
КБЖ 84(5каз)

ISBN 978-601-7950-74-3

© Башар Ж., 2019

## МАЗМҰНЫ

1. Барымта .....	4
2. Қаралы ауыл.....	15
3. Қосағашта .....	24
4. Көп жылдан соң .....	46
5. Қарақат тере барғанда .....	51
6. Қарақшының оралуы .....	65
7. Кәмпеске .....	72
8. Қой жылы Қосағашта.....	80
9. Басқарма Жомарт .....	95
10. Босқын .....	100
11. Балалар үйінде.....	107
12. Дүрбелең .....	111
13. Тұлып .....	121
14. Тамұқ .....	126
15. Күтумен өткен жылдар .....	134
16. Гүлшекер, Мағира, Әйбат апа .....	140
17. Воркута лагерінде .....	146
18. Гүлшекердің анасымен қауышуы .....	149
19. Сақыптың түсі .....	160
20. Тамұқтан оралған адам .....	164
21. Күтпеген кездесу .....	167
22. Жолдыбектің бірінші әңгімесі .....	172
23. Жендеттің өлімі .....	184
24. Жолдыбек ақсақалдың екінші әңгімесі .....	193
25. Құйын-ғұмыр .....	197
26. Жолдыбектің соңғы әңгімесі .....	201
«Жалғанның жүзі» кітабы туралы соңғы сөз .....	211

## 1. Барымта

4

Маусымның маужыраған мақпал түні. Төңірек тырс еткен дыбыстан ада. Аспанның жүзін торлаған мың сан жұлдыздар тұңғық түннің алыс түпкірінен сәуле шашып, жер төсін тылсым тыныштыққа бөлеп тұрғандай. Ай тумаған мезгіл. Қиян даланың беймәлім түпкірінен марғау түннің тынышын алған, ат тұяғының дүбірі бірте-бірте күшейіп, сәт сайын жақындап, түнек түннің мазасын қашыра бастаған. Іркес-тіркес суыт жүрген үркердей топ қараңғы түнді қақ жарып, ат басын іркер емес. Сақпанның тасындай іріктеліп, сақадай сайланып келген бұлар – барымташылар еді.

Қауымбек пен Қилықан осы сапарға ұзақ дайындалды. Жылқылы ауылға алдын ала жансыз жіберіп: малдың жобасын, жылқышылардың қарасын, жер жағдайын қапысыз барлатты. Одан соң үстеріне бір өңкей қара бешпент киіп, баран ат мініп, қару-жарағын жұрт көзіне түспей аса сақтықпен сайлаған ұрылар, маусымның ортасында, түн қараңғысын жамылып барымтаға суыт аттанды. Қараңғы түннің апшысын қуырып, құба даланың қолқасын суырардай өндіре жүрген аламан топ Ертісті өрлеп, түнгі жайылымдағы қалың жылқыға келіп араласты. Мұндайда ақырған адам даусы мен сатыр-сұтыр соғылған ақ сойылдың үні құлақты қарып, мылқау түннің үрейін алады. Қазіргі сәтте қапияда киліккен барымташылардың төртеуі қалың жылқыны қотара қуып, жөнелгенде қалған үшеуі өздеріне қарсы ұмтылған жылқышылармен сойыл сілтесіп, бәрін де аттан түсіріп кеткен. Сол беті нөпір

жылқыдан жүзден астам қылқұйрықты бөліп алған ұрылар теріскейге бет түзеді. Әуелгіде, олар қатты жүрді, түн қараңғысында бұл атыраптан алыстап, із жасырмақ. Қуғын көрген мама биелер оқыранып, еті қызған саяқ жылқылар жөңкіле жүйткіп, тау өзеніндей дүркіреді.

5

Барымташылардың орайы онынан келіп, бай ауылды сан соқтырып, олжаға бөгіп заулады дерсің. Ең бастысы – қуғыншылардан кара үзіп, жер соқтырып кетсе, қалғаны бола жатпақ.

Аламан топтың басшысы төртбақ, шымыр денелі Қауымбек деген: ол – ұзын сөзге жоқ, бұйрығын қолмен нұсқап көрсетіп, қабағының астынан сүзе қарайтын, тұрпаты суық жан. Сол жақ қасын қақ жарған тыртықтың ізі ұрынын онсыз да суық жүзіне сұс беріп, былайғы жұртты ықтырып тұратындай. Қауымбектің оң қолы саналатын Қилықан деген орта бойлы, қысық көз кара шұбар кісі. Өздері оны «Тарғыл» деп атап кеткен. Қауымбектен кейінгі дәйлері сол. Екеуі олжа жылқыны қайда сіңіруді де ерте ойластырып, қолы ұзын қожаларымен сөз байласқан. Топтын қалған мүшелері осы екеуінің айтқанын істеп, айдауына көнгендер. Іштерінде: Қаражан, Сүйеу, Түйегелді, Жиман, Әшен секілді күш-қайраты тасыған өрімдей жас жігіттер де бар. Бәрі де оңай олжаға құнығып, бастарын кез-келген қатерге байлаған; сонғылары тұлдыр жетім, жасынан ұрлық-қарлықпен күн кешкен кісәпір жандар. Бауырда қатын, баста бала жоқ, көпшілігі салт басты, сабау қамшылы, ешкімге аяушылық жасауды білмейтін, ұялы қасқырлар секілді дүлей дүр.

Қазіргі сәтте де түн қарақшылары бөліп алған қалың жылқыны дүркірете қуып, шұбар адырлы алқапты киып өтіп, теріскейге маңдай түзеген. Бұл уақытта көкжиектің көбесі сөгіліп, таң сібірлеп келе жатты. Барымташылар барлыққан жылқыны сәл аяңға түсіріп, бірде желе жортып күн сәскеге тырмысқанда Түндік өзенінің жағасына жетіп тізгін тежеді. Осы арада ат шалдырып, бел жазып, ас қаузамақ.

Аттан жеңіл түскен шымыр денелі Қауымбек: – Бағытымыз дұрыс. Артымыздан қуғын шыққанның өзінде, бұл араға тап басып бүгіндікке жете алмас... Қалай дегенмен, сақ болыңдар, – деп бір адамды қарауылға қойды. Қалғандары жапырыла аттан түсіп, өзенге беті-колдарын жуысып, белдерін жазып, торсықтарынан сусын алысты. Қауымбек маңдайына шарт байлаған қара орамалды шешіп, алқымы мен самайының терін сүртіп, торсығының аузын ашып, кеберсіген таңдайын жібіткен. Содан соң сойылын жастанып, шалқалай жатты. Көзін жұмып, ширыққан тұла бойын босатып демалып жатқандай. Сөйтсе де зейінін алысқа тігіп, кірпік қақпай жер төсінен дыбыс тартқандай құлақ түрген. Ешқандай секем алар үп еткен үн байқалмаса да, әлденеден қауіп қылатын секілді.

Ертіс бойын жайлаған даланың шонжары Шағыр байдың жылқысына жау тимек түгілі, ығынан жан жүрмесе керек-ті. Байдың ауылы жылқыға суық қол араласып, қалың жылқы жау қолында кеткенін естігенде сенер сенбестерін білмеген. Әсіресе, Шағыр мырза есінен адасқандай есеңгіреп қалған. Әудемге дейін аузына сөз түспей өңі сұрланып, мерез мелшиіп отырды. Сәлден соң мына масқараға қалай шыдарын білмей дереу

аттанбаққа бел буды. Белінен туған бес ұлдың үшеуін ертіп, жылқышылардан жер жағдайына жетік деп, баласы Ғаділсеріктің қасынан қалмай жүретін Нұрқасты алып, қосақ атпен барымташыларды қуа шыққан.

«Мал ашуы – жан ашуы» деген Шағыр бай ешкімді тоспады. Баланың кішісі Есқожа мен Нұрқожаға «жігіттерді жинап біздің өкшемізді ала шығындар, кешікпеңдер» деп өздері жөнөп берген. Қуғыншылар із кесіп бірсыпыра бөгеліп барып, тоқ жылқының әр жерге ки тастаған ізін бөліп алған соң, Шағыр бай астындағы есікпен төрдей сарбауыр аттың тізгінін тарта ұстап:

– Мыналар, – деді, – алыстан сайланып келген, дәнiккен ұрылар, бізді ізден шатыстыру үшін жылқының жартысын күн шығысқа қуып тастаған, көрдiңдер ме? Өздері қолдарына іліккен жылқыны бөліп алып, батысқа бет берген. Дәу де болса, бұл оңбағандар, Түндік өзеніне жетіп ат шалдырады. Қуғыншылардан кара үздік деуі кәдік. Біз де оларды, сол жерде үстінен басамыз. Оған дейін Есқожа да қарулы жігіттерді жинап, соңымызды өкшелеп жетер, – деп атқа қамшы басқан.

Кілең ұшқыр атқа мінген қуғыншылар құба даланың апшысын қуырып, «сәскеге дейін межелі жерге маңдай тіресек» деп суыт жүрді. Қуғынға түскен қалың жылқының дүркіреген ізі шап тастап, шашылған тезегі қадау-қадау көзге ұрып, «мен мұндалап», ізден адастырар емес. Әне-міне дегенше сағым тербеген сарыбелдің етегі сөгіліп, көз ұшында көлбей созылған Түндікті өзенінің нобайы қылт-қылт етіп көзге шалына бастаған. Күннің көзі шаңқай төбеден еңкейген шақта,



қуғыншылар Түндіктің бойында шоқтай үйірілген қалың жылқының қарасын шалды. Қатты ширыққан Шағыр бай ұлдарын екі қанатына ұстап, сойылдарын кезеніп, барымташылардың үстіне төніп келді.

Қарауылда тұрған Қаражан қуғыншылардың жобасын алыстан байқап, Қауымбекке жеткізді. Қуғыншылар мұнша тез келер деп ойламаған Қауымбек ызадан жарылардай түйіліп, етігінің қонышындағы мүйіз сапты қанжарды жеңіне жасырып, жігіттеріне «саспаңдар» деген белгі берді. Қауымбектің өзі аш қасқырдай ашынып, кара тұяғына дейін қатайып алды. Керуен тонап кәніккен аламан топ, қаруларын түгендеп, қандарын ішіне тартып, неден болса да тайынбасқа бекінгендей. Қуғыншылардың алдында келе жатқан сарбауыр атты, мол денелі мосқал адам алдарында не күтіп тұрғанын білмесе де, бет қаратпас екпіннен тайынар емес.

Сөйткенше болған жоқ, ұрылар отырған ойпаңға қуғыншылар ат ойнатып ақырып, сау ете қалды. Ап еткенде екі жақта бір-біріне аңтарылып қалған. Қуғыншылар еті қызған сәйгүліктердің ауыздығымен алысып ұрыларға төніп келді. Әлекедей жаланған жеті қарақшы, әржер-әржерде қадау-қадау болып, жемтік аңдыған жолбарысша баспалап қуғыншыларды қоршай берді. Сол мезет есік пен төрдей сарбауыр аттың үстінде отырған бурыл сақалды Шағыр бай:

– Әй, атаңа нәлет! Талтүсте менің жылқыма тиетіндей, сендер кімсіңдер!? – деп ақырып ұмтылды. Байдың күркіреген даусы, дала төсін жаңғыртып алысқа кеткен. Сол сәтте Қауымбек екі қолын тік көтеріп, әлденені лақтырған сияқты,

қуғыншыларға қарай сілтеп қалды. Сол-ақ екен, тұс-тұстан жолбарысша атылған ұрылар қуғыншыларды тарпа бас салды. Жаяуға карағанда аттылы адамның десі басым болса керек еді, бірақ қуғыншылар алданып қалғандай. Лап ете қалған ұры топ, байдың екі жағындағы төрт жігітке ұмтылған.

Ғаділсерік өзіне мысықша атылған кара киімді пәледен жалтарам деп, астындағы күрен атқа қамшы басып ата жөнелмек еді, үлгермеді. Мысықша шапшыған кара киімді карақшы Ғаділсерікті жағадан ала түсті. Оны өкшелей келе жатқан Нұрқас сойыл сілтеп Ғаділсерікке көмекке ұмтылған, сол екі арада мұның өзіне тағы бір сойқан жармаса кеткені. Нұрқас қарулы жігіт еді, жаурынына жабысқан жауды қағып тастаймын дегенше көзіне әлдене жарқ ете қалып, артынша көкірегін от қарығандай тұла бойы солқ етіп, жер дөңгелеп бара жатты. Сол жақ қолы ұйып, әлсіреп қайраты ғайып болғандай. «Бұл қалай, маған не болды?» деген суық сауал санасында жарқ-жүрк етіп, көз алдына баласы Үркінбай келді...

«Үркінжан-ай!» – деді еріні болар болмас дірілдеп; жер қозғалып, дүние дөңгелеп баражатқандай; соңғы рет Ғаділсеріктің аттан ауып бара жатқанын көрді.

«Ғаділсерік» деп жанұшыра айқайлағысы келді... Одан арғысы... Одан арғысы бұлдыр тұманға айналып жүре берген. Көкірегіне қадалған қандауыр, тиген жерін аяусыз орып түскен. Аттан қопарыла құлаған Нұрқас та, Ғаділсерік те қызыл қанға боялып, көк шалғынның үстінде сұлап жатты. Әділсерік әкесінің оң жағында Өмірсеріктің өкшесін баса өңмендеп, астындағы құла жирен

аттың тізгінін тарта ұстап, қадау-қадау касқайып тұрған барымташылардың сықпытына тіксіне қарап, жақындай берді. Сол сәтте жаудың жаман пиғылын сезгендей жүрегін діріл биледі. Әйтсе де талай-галай көкпар мен додаға қатысқан қарулы жігіт өзінің қайратына сенгендей жан-жағына сақтана қарап, жаудың қапысын аңдыды. Кенет, ту сыртынан өзіне қарай шапшыған қарақшыны көзінің қиығымен шалып қалған ол аяғын үзенгіден суыра бере, лақтырған тастай, ұшып келе жатқан қарақшыны көкіректен көстите теуіп сұлатып түсірді. Сол мезет алдында келе жатқан Өмірсеріктің жотасына жармасқан қара киімдіні қағып түсірмекке ақырып сойыл сілтей бергенде, тағы бір дүлей мұның өзіне жолбарысша шапшып, шарпыса кеткені. Шалт қимылдаған Әділсерік оны шынтағымен бүйірінен ойсырата ұрып жіберді; аударып түсірмек еді, бірақ жағадан алған жау ұстаған жерден айырылмаған қалпы екінші қолын екпіндете сілтеп қалған да, кеудесіне «сак» етіп қадаған қанжардың қатқыл дыбысымен қатар «ах» деген даусы ақ жалындай аузынан атқып, көзінің алдын көкмұнар көмкерген Әділсерік ерден ауып бара жатты. Өмірсерік те, Әділсерік те әккі жаумен шайқасуға шамалары келмей қапыда ажал құшып, Түндіктің түбіттей жұмсақ топырағын жастанып қала берді. Шағыр бай астындағы сарбауыр атты тебініп қарсы келе жатқан Қауымбекке қолындағы ақ сойылды құлаштай сілтеді. Осы кезде ту сыртынан сақпанның тасындай атылған Қаражан байды аттан аударған бетте бауыздап жіберді. Көзі қанталаған қарақшы қолындағы жез мойнақ қайқы селебенің жүзіне жұққан қанды байдың өңіріне сүртіп, әлі жаны

шығып үлгермеген шалажансар денені аяғымен итеріп тастады. Қас пен көздің арасында бес адам бір мезетте жер жастанды. Боз бетеге, ақ селеу, өкпе тұста оқшырайып тұрған қалың карағайлы кен алқап осынау қанды оқиғанын үнсіз куәсі болып, адам пақырдың қатыгездігінен шошығандай демін ішке тартып үнсіз мүлгіді.

\*\*\*

Соңына із қалдырмай жүрген жерін үптеп, жойып, жоқ қып жіберетін, жемтікес шибөрі топ, бастарына төнген қауіптен лезде құтылғанымен, ендігі сәтте не боларын болжап болмайтын түпсіз тұңғиыққа тап болғандай күй кешті. Әсіресе, қолдарымен бауыздап өлтіргендері Шағыр байдың өзі екенін білгенде, «енді тірі жүруіміз неғайбыл» деп ойлаған. Соны сезгендей Қауымбектің даусы саңқ ете қалды:

– Шошымаңдар, еңселерің түспесін! – деді ол, оң қолын жоғары көтеріп. – Болар іс болды, енді дереу атқа қоныңдар! Қанжарларының қанын сұрткен жеті қаракшы, асығыс аттарына ұмтылған. Сол мезет Қилықанның көзі шылбырын сүйреген күрең аттың басындағы ноктаға түскені. Енді, нокта болғанда көздің жауын алатын өрнегі қымбат өрмелі нокта. Тамақ бауы жалт-жұлт еткен әдемі тастармен өрнектеген, қыздың шашпауы дерсің, көзді арбайды. Қилықан жолдастарының көзін ала бере ноктаны аттың басынан сыпырып алып қоржынына жытырды. Қалың жылқыдан алғаны сол – жалт етіп көз қарыған жалғыз нокта. Ұрылар бұдан әрі кідірудің қауіпті екенін сезіп тез аттанды. Өйткені, мыналардың соңында тағы бір

топтың келе жатуы бек мүмкін, сондықтан тезірек бас сауғалау керек, – деп түйді Қауымбек.

Сәлден кейін Түндіктің бойы қанды оқиғаның сырын жасыра алмай мұңға малынып, ескен желмен егіліп тұрды. Өзен ғана ағысынан жаңылмай бүлкілдеп ағып, сылдырлап, былдырлап, қырдан-қырға асып, қанды алқаптан алыстап барады. Өзен жағасы жел тербеген бала құрақ пен боз бетегенің сыбдырына құлақ түріп, мұң шертіп қала берді. Түнімен қуғын көрген жылқылар да иен далада иіріліп иессіз қалған. Тек шылбырын сүйреген аттар: құлақтарын қайшылап, оқыранып, қайда барарларын білмегендей қаңтарылып, бірі ауыздығын шайнап, енді бірі жер тарпып, көздері шатынап, үркіп, оқыранып тұрды.

Күн екіндіге құлағанда қасап қырғын болған жерге қуғыншылардың соңын ала шыққан екінші топ келіп жетті. Бұлардың қарасы қалың, отыз шақты адам. Қызыл қанға бөккен әкесі мен бауырларын көрген Есқожа мен Нұрқожа өкіріп жылап, сайын сақараның сүйегін сырқыратып, бастарын тоқпақтап, жарық жалғанға лағнет айтып күніренді. Мұндай кепті көрмеген Өмірсеріктің үлкен ұлы Әдиолла қанға бөккен әкесінің денесін көргенде көзінен жас шықпай, аяқ қолы сіресіп, сіңірі тартылып, серейіп құлап түсті. Естері шыққан азаматтар:

– Әдижан, айналайын, даусыңды шығаршы!  
– деп баланың өзіне бірдеңе болып қалар ма деп естері шығып, Әдиолланың басын сүйеп, маңдайын сипап, бетіне су бүркіп жанталасты. Қолды малды қуа келген азаматтардың бәрінің де Шағыр әулетіне бөтені жоқ рулы елдің баласы еді. Жүректі мұздатқан мына сұмдыққа жандары

күйініп, ешқайсы қаралы бауырларын сабырға шақыра алмай есеңгіреп қалған. Ес біліп, етек жапқалы мұндай сұмдықты көрмеген Есқожа мен Нұрқожа, тіпті олардың ағайын-туғандары да қабырғалары сөгіліп, көпке дейін ес жия алмады. Ауыл азаматтары ағайынды Есқожа мен Нұрқожаны, Әдиолланы қанды қырғын болған жерден аулаққа апарып, сабырға шақырып көңіл айтып жатты. Есін жинаған Әдиолла Есқожаны құшақтап көкелеп өкіріп жылап, көпке дейін өксігін баса алмады. Бұл екі арада Сейтқұл бастаған азаматтар қаза болғандардың мәйіттерін, ат көрпелерге орап, алып жүрудің қамына кіріскен; Бірнеше жігіт өзен бойындағы кәрі тоғайдан зембіл жасауға лайық ағаш кесіп, кескен ағаштарды бұтақтап жанұшырып жатты. Қаралы хабарды арқалаған шапқыншы ауылға бет қойды. Аттанар алдында Сейтқұл:

— Ыбыш, қарағым, жағдайды Әкімбек ақсақалға жеткіз, зембіл дайын болысымен біз де кешікпейміз,— деді.

\*\*\*

Батыс беткейдегі адырлы алқапты көктей өткен үркердей топ – қандыбалақ ұрылар күн көкжиекке құлағанша ат сауырын терге жуып, суыт жүрді. Алдарынан соққан даланың қоңыр желі ғана, олжадан қағылып ызаға булыққан ұрылардың көңілін аулағандай салқын сабат есіп, тоқтаусыз гулеп келеді. Елсіз өлке. Иен түз. Еңкейген күннің күміс сәулесі көкжиекке жебедей шаншылып, аспанның батыс етегін қызылкүрең нұрға бояған. Әредік ат тұяғының дүбірінен орғи

жөнелген ор қоян, пыр етіп ұшқан бұлдырық зәуеде бір көзге шалынып қалады. Қауымбек бастаған қарақшы топ құс қона Қарасор маңына іліге бере тізгін тартты. Осы арада ат белін суытып, тынығып алуды көздеген ұрылар торсықтарының түбін сарықты. Сәлден соң Қауымбек жігіттеріне бұрылып:

– Әй, менің, өліспей беріспейтін қандыбалақ достарым, осы жерден жолымыз айырылады. Қаражан, сендер Қаратау асындар, көзге түсіп күдік туғызбаңдар. Дәруіш болып кетсеңдер де дыбыс шығармай су түбіне батыңдар. Бұл оқиғаны тіріде тістеріңнен шығармаңдар. Осы жерден былай қарай із жоғалады, аттарыңа киіз байпак кигізіңдер. Екі үш айдан соң хабар өзімнен болады. Болмаса қайыр-кош, тірі жүрсек кездесерміз. Біз Қилықан, Сүйеу үшеуміз келген ізімізбен кері кетеміз. Енді бөгелмейік, қазірден бастап бытыраңдар, – деді. Қолына жүзі жарқылдаған мүйіз сапты қанжарын ұстап отырып сөйледі, өмірі олай етпейтін, түрі де, гүрілдеген даусы да суық естілген. «Қылыш үстінде серт жүрмейді» деуші еді неге олай еткенін басқалар түсіне алмады.

Аттанар алдында ұрылар бір-бірімен құшақтасып, қоштасты. Қаражан Қауымбекті құшақтап: «Қама (Қауымбекті солай атайтын) көріскенше күн жақсы болсын», деп құшақтап тұрып құлағына: «Аналардың бір ноктасын Қилықан қоржынына жымқырды, айғақ болып жүрмесін ертең,» деп соңғы сөзін тез-тез сыбырлады. Сонсоң «Амандықпен кездесейік» деп даусын көтере сөйлеп шегініп кеткен. Қауымбектің сұсты жүзі сұрланып, не айтқысы келгені белгісіз басын изеген болды. «Түсіндім, білдім»

деді ме, о жағын Қаражан пайымдай алмады. Ең бастысы «сақтандырдым» деп ойлады.

Сол күні ай қараңғысымен ұрылар жан-жаққа тарап жоқ болды. Қаражан өзінің қасынан қалмай жүретін, өздері «Түйе» атап кеткен шын аты Түйекелді деген өңкиген қара сұр жігітті ертіп, теріскейге бет бұрды.

## 2. Қаралы ауыл

Қуғыншылар таң сібірлеп келе жатқанда ауылға эзер ілікті. Ескожа мен Нұрқожаны, Өмір-серіктің үлкен ұлы Әдиолланы аттылы адамдар екі жағынан сүйемелдеп отырды. Мерт болғандардың денесін өзен бойындағы қалың теректен қиып жасаған зембілге сап әкелген. Бұлай болады деп кім ойлаған?! Тіпті сол екі қос жылқыны түгел алып кетсе де бес бірдей азаматтың өміріне тұра ма?! Құдай-ау, бұл не сұмдық?– деп естіген ел аңырап, жыламаған жан қалмады.

Ескожалар аңырап келіп аттан түскен бетте белдеуіне қара тігілген Шағыр мырзаның үлкен үйіне кірді. Төрде басына қара желек жамылған Шағыр мырзаның бәйбішесі Ұлмекен отыр, оның оң жағынан төмен қарай қос бүйірлерін таянған келіндері тізіле жайғасқан. Дауыс қойып кіргендер:

- Әкем-ай, асқар туым-ай!
- Бауырларым-ай!
- Қанаттарым-ай!
- Қыршын-да кеткен, жампоздарым-ай!
- Әкетайым-ай!– деп баурымдап келіп табалдырық аттаған Ескожа мен Нұрқожа бірден



төрде отырған шешелері Ұлмекенді құшақтап көрісіп, егіліп жылады. Одан соң жеңгелері: Жұмакүл, Нәсихан, Күлзикен және басқа да отырған әйелдермен жағалай көрісіп аңыраған дауыстар көпке дейін басылмай, «жесір қатын жетім баланы кімге тастап кеттіңдер», «қаракшыларға қайдан тап болдыңдар», «арманда кеткен асылдарым-ай», «асқар тауым-ай» деп ұбақ-шұбақ жылау бәсеңдеп барып, саябыр тартқандай болды. Үсті-үстіне жылап келіп көңіл айтып жатқан адамдар легі сәл толастағанда Ғаділсеріктің әйелі Күлзикен екі бүйірін таянып, ұзақ жоқтау айтып-айтып кеп:

– Бәйтерегім құлады,  
Өзегімді өрт шалды,  
Қанаттарым қырқылды,  
Қалай қиып кеттіңдер,  
Қара ормандай жұртыңды,  
Қабырғамыз сөгілді,  
Көздің жасы төгілді,  
Арыстарым айдынды,  
Көтере алар ма екенбіз,

Мына сұмдық қайғыны,– деп елді жылатты. Үлкендер жағы басу айтып, қаза болғандардың туғандарына, әйелдеріне қазаның арты қайырлы болсын десіп сабырға шақырып, басу айтысқан.

Бұл үйден шыққандар Нұрқастың әйеліне көңіл айтуға бұрылып жатты. Оның әйелі соңғы кездері науқасқа шалдығып, әлжуаз тартқан. Күйеуінің қазасын естігенде мүлде бас көтере алмай жатып қалды. Зәредей ұлдарының көзі бақырайып, елдің неге жылап жатқанын түсіне алмай дал.

Сол күндері Ескожа ес жия алмай қалды. Өлікті жөнелтудің қамын ауылдың үлкені, әм аталас туысқан Әкімбек ақсақал қолына алған. Ол қаза болғандардың сүйегі ауылға жетісімен қарулы жігіттерінен құрылған оншақты аптал азаматтарды іркітеп ат жетер маңды шолып, күн-түн қатып із кесіп қанпезерлердің, тымқұрмаса кім екенін білуді тапсырып шұғыл топ аттандырды.

– Жердің тесігіне кіріп кетпесе бір кәдігін білерміз,— деп Сейпен бастаған жігіттер іштей ширығып, атқа қонған-ды.

\*\*\*

Көкүйрімде отырған азалы ауыл. Шағыр мырзаның қазасына көңіл айтып келіп, кетіп жатқан адамдарда қисап жоқ. Ескожаның Тоқырауын бойындағы нағашылары көшкіннің Түлкібай атасынан тараған бір нөпір адам, Қусак бойынан келген Байтемірдің Ахметі бастаған құдалары, ағайын-туғандар, ел адамдары ағылуда. Байдың он екі қанағ ақ үзік үйінің алды кіріп-шығып, ошарылған халық. Қазаға арнап бірнеше ондаған үй тігіліп, әр үйге бір-бір қара, екі-үш қой сойылып, қонағасын атқаруға кіріскен. Сойыс малдарын жеткізу Сейтқұл мен Жомартқа жүктеліп, қасапшылар сол күннен бастап әр үйге бөлінген малды шалып, қонағасын тік тұрып жөнелтісті.

Сол бір қаралы күндерде көңіл айта келген көптің алдында Әкімбек ақсақал:

– Уа, жамағат! – деп сөз бастады. – Құлақ естіп көз көрмеген сұмдыққа тап болдық. Сонын қайғысын шегіп, бір әулет қара жамылып отыр.

Халқым-ай! Өзегіміз өртеніп, қабырғамыз сөгілді ғой! Жер дүние тарылып кетті ме, бұл қалай?! Қарақтарым-ай! Қалай ел боласын, іші бок, сырты түк хайуан үшін арыстай азаматтарды жайратып,.. апыр-ау сондай ауыр күнәні аркалап, осы қылмысты жасаған қаскөйлер қалай жер басып жүреді? Он сегіз мың ғаламды жаратқан Алла Тағала оларды қалай кешіреді?! Біз мұсылман емес пе едік?! Біз, Пайғамбарымыз Ғалейк Саламның үмбеті емес пе едік?! Біз неден жаза бастық, біз неден тарылдық?- деп күңірене сөйледі.

– Құран Кәрімде,– деді ол сөзін одан әрі жалғап: «Жулық-сұмдық жолымен жамандық жасағандарды Құдайдың өзі көрге тығып жіберетінін, немесе күтпеген жерден пәлеге ұшырайтынын...» ескертуші еді ғой. Алланың кәріне жолығар, одан басқа не айтамыз, не дейміз! Ендігі мақсатымыз – ел-жұрт болып бауырларымызды ақтық сапарға шығарып салуды дұрыстап атқару, басқа не шара. Келіп, көңіл айтып жатқан ел-жұртқа рақмет! Жолдарыңыз жеңіл болсын,– деп сөзін сарықты.

Аякөз, Семей жағынан келген ел азаматтары: «Қайғыларыңызға ортақпыз, тәубе деңіздер, Алла Тағала жүректеріңізге сабыр берсін, бір ауырлықтың артында, бір жақсылық бар деген, қазаның арты қырсықсыз болсын, Алла Тағала жақсылығын берсін» десті.

\*\*\*

...Жылқышы Сейпен бастаған жігіттер күн-түн қатып ат мойны жетер жерді шарлап келген беттері еді. Неше күннен бері атсоқты болған азаматтар шеткі караша үйде өздеріне арналған асқа бас қойып, біразға дейін үнсіз қауяндап

жатты. Одан соң бір-бір аяқ сорпа ішіп, өңдеріне қан жүгіріп, дабырлап сөйлеп үндері шыға бастаған кезде үстілеріне Әкімбек ақсақал кеп кірді. Жігіттердің бәрі өре тұрып ақсақалға сәлем беріп, төрге оздырған. Қария жігіттердің жүздеріне көз жүгіртіп:

— Бірдеме біле алдыңдар ма? – деді кіртігән көзін Сейпенге қадап.

— Ұрылардың қайдан келгенін, қайда кеткенін біле алмадық. Ат мойыны жетер жерді сүздік. Сонау Ешкіөлмес, Шұбартау, Іленің Көктеңізге құятын сағасына дейінгі аралық, Аякөз, Семейге шығатын ұрымтал маңайды түгелге жуық шолып өттік. Біздің топшылауымыз бойынша ұрылар батысқа бет бұрған. Әу бастағы келістері де со жақтан. Қарасы алты-жеті адам. Мінгендері кілең тағалы аттар. Сонау Қарасор алқабына іліге берістегі бір шилеуіт алаңға ат шалдырып, аялдаған. Сайраған із со жерге алып барды. Бір ғажабы сол жерден бастап, не шыққан із, не қайтқан із көзге ілікпеді. Құданы әмірі, жер жұтқандай жоқ. Сол жерден ізді жоғалттық. Неше қилы айланы игеріп, қолға түспей жүрген кәнігі ұры-қаракшылар ма, кім білген?

— Иә, азаматтар, – деді әңгімені үнсіз тыңдап отырған Әкімбек ақсақал, – Қарасорға дейін ізді кесіп барсаңдар, олар сорға батып кетпеген болар?.. Сол жерден не батысқа, не теріскейге ат басын бұрғаны белгі, тек көздеріңді ағартып із қалдырмай кеткен. Болмаса алты-жеті аттылы адам жерге сіңе ме?.. – деп ойланып отырып: – Енді із кескеннен ештеңе өне қоймас.

– Әш аға, сонда олар қайда ұшып кетуге тиіс?– деді Сейтқұл.

– Мына азаматтардың сөзіне сенсек: ұрылар алты-жеті адам, мінгендері тағалы аттар, ізді Қарасорға дейін қуып барған. Бәрі де бесенеден белгілі боп тұр ғой, сол жерге дейін олар жіктерін жазбаған, із жасырмаған. Себебі, Түндіктің маңынан алыстап кетіп уақыт ұтуға ұмтылған. Дұрыс айтып отырсындар, бұлар өте сақ, жыранды қулар; Бес бірдей арысынан айрылып, аңыраған ел ес жиғанша ол маңнан шығанға шығып кететіндерін жақсы білген. Содан соң, сендердің Қарасорға дейін қуып келетіндеріңді де білген. Ал, одан әрі із қалдырмау керек, сондықтан да аттарының аяғына байпақ байлап, жан-жаққа тарап, бытырап жоқ болған.

Осыны айтқан Әкімбек ақсақал: – Жылқыны түгендедіңдер ме? Қуғыншылардың мініп барған аттары түгел ме, жоғалған ештеңе жоқ па?

– Бәрі түгел, аттар да, ертоқымдар да, тіпті атсоғарларына дейін түгендедік. Ештеңе қолды емес,– деді Сейтқұл.

– Алла-ай, ә! Не деген жауыздар, ә?!– десті отырғандар. Әркім әртүрлі пайымдарын айты: Соңғы кездерде «керуен тонайтын баскесер топтар пайда болған» деді біреулер, енді бірі – Орыс өлкесінен келген қарақшылардың болуы да ықтимал дегенді айтып қалды. Жер жұтқандай ізім-қайым жоқ болған жеті қарақшы туралы да қауесет шар тарапты шарлап, неше құбылып, өршіп құлақтан құлаққа тарап жатты. Жалпақ елдің ортасына жай түскендей жантүршіктірген суыт хабар: Семей губерниясын, Қарқаралы уезін дүр сілкіндірді. Естіген адам жағасын ұстады.

Ат жетер жерден төбе көрсетпеген жан қалмаған. Жесір қатын, жетім бала жер жастанған азаматтарын жоқтап, күн астын күңіретіп айдан аса жоқтау айтты. Нұрқас жылқышының әйелі науқас еді. Азаматының опат болғанын естіген ол мүлде ақыл-естен айырылып, өзіне-өзі келе алмай жатып қалған. Есін бір жинағанда сүйретіліп Күлзикенге келді:

– Айналайын, Күлзикен, сенің қайғын менің қайғым, сен Ғұмырсеріктен мен Нұрқастан айырылып анырап қалдық. Күлзикен, алдыңа келген күнім болған жоқ, сіздерге адал болдық,.. менің дертім ауыр, егер олай-бұлай болсам, мына Нұрқас екеуміздің жалғызымыз – Үркінбай сізге аманат, Есқожа ағасына аманат,.. өлсем алаңсыз болайын, қамқорыңда болсын,..ана дүниеде қолыңнан аламын, – деді.

– Назым-ау, оның не, жамандық шақырып?!.. қайсымыз оңып отырмыз. Ғұмырсеріктен жаным әулие ме!? Өлмеген соң мен де отырмын, Сақыпты құшақтап сорлап қалдым емес пе?!

– Бәйбіше, сіз өйдемеңіз, сіз жалғыз емессіз,.. Ғұмырсеріктің екі бірдей бауыры барда сіз жалғыз емессіз,– деп демі тарылып, еңтігіп барып есінен адасып қалды.

Шынында да Нұрқастың өзі де осы елге кірме, жалғыз атты кедей жігіт. Жалғыз ұлдары Үркінбай мән-жайды түсінетін жаста емес еді. Науқас әйел содан оналмай азаматының қырқына жетпей көз жұмды. Шешесі қайтыс болған соң жанашыры қалмаған Үркінбайды Күлзикен көтеріп үйіне әкелген. Апалап жылаған кішкентай Үркінбайды:

– Жылама, балам, апаң саған көп кәмпит әкеледі, ұзамай келеді, – деп қанша жұбатса да, бала «Әкем,.. әкем қашан келеді? Апама барамын», деп шырылдап, алдап-сулағанға көнбей, ботадай боздады. Оның даусын естіген Сақып:

– Апа, ол неге жылайды? – деп кішкентай Үркінбайды шашынан сипап, жұбатқан болды. Үркінбай болса апалағанын қояр емес. Сонда Күлзикеннің өзінің де жүрегі езіліп, әке-шешеден тұлдыр жетім қалған баланы жұбатарлық өз бойынан күш-қуат таба алмай, көз алдына аяулы азаматы Ғаділсерігі келді. Тура күні кешегідей, бәрі көз алдында: «Күлзикеш!» деп күлімсіреп тұрғандай. Сол сәтте Күлзикеннің тұла бойы дірілдеп, кішкентай Үркінбай мен Сақыпты қатар құшақтап екі көзінен тарам-тарам жас ағып, үнсіз егілді. Ғаділсерігін сағынып жылады, қайғырып жылады, әкеден жетім қалған Сақып пен Үркінді аяп жылады. Көзінің жасы жүзін жуып, екі баланы көкірегіне тас қып басып, шерін тауса алмай ұзақ егіліп: «Апам, апам қайда?» деген Үркінбайдың даусынан ес жинағандай, бойына бір қуат оралғандай болған.

– Апаң да, әкең де келеді, тек сен жылама,.. жыламашы, – деп кемсендеген Күлзикен, Сақып пен Үркінді кезек-кезек беттерінен сүйіп, солармен әуелі өзі жұбанды.

– Сақыпжан, саған қандай қонақ келгенін қарашы,– деді. Сонда Үркінбай жылағанын қойып, Сақыпқа қарады.

– Сақыпжан, көрдің бе? Мен саған қандай дос тауып әкелдім, бұның аты Үркінбай. «Үркен» деп айтамыз. Ол өте ақылды, екеуің бірге ойнайсындар, бұл сенің ағаң, сен Үркіннің қарындасы

боласың, – деп кішкентай Үркінбайды осылай бауырына салды.

Алғашқы кезде Үркінбай «апама барамын, апама» деп жылай бастаса-ақ, Сақыптың оған жаны ашып: «Сен жыламашы», деп кішкентай саусақтарымен оның көз жасын сүртіп, басынан сипап, қолындағысын түгел беріп жұбатуға тырысатын. Үркінбай да оған көп-көрім алданып, бірте-бірте бір-біріне бауыр басып кетті.

Ескожаның ағалары: Өмірсерік, Әділсерік, Ғұмырсерік бәрі де үйлі-жанды азаматтар болатын. Қатын-балалары кара жамылып ай аман, жұрт тынышта күтпеген қасіретке душар болып аңырап қалған. Күн тұтылғандай күңгірт күндер басталды. Адам адамға қасқыр бола бастаған кесапат заманның зілмауыт салмағы жұмыр басты пенденің еңсесін езіп, тынышын алып тығырыққа тіреген.

Үрейлі оқиға ел басқарған егелердің де жанына батқан. Біреулер «содырларды тамырымен құрту керек» деп кіжінді. Шағыр мырзаның бірге жүрген кешегі үзенгілестері бұл жағдайға шын күйзелді. «Кім ұры ұстамайды дейсің. Мұндай оңбаған әдет ауқаттылардың көбіне тән. Бұлар қайдан келді, бұл кімнің ісі?» – деген сұрақ әркімнің көкейін ақбас құрттай кемірді. «Сен анауыңды тый, сен мынауыңды тый» деген әңгіме де болмай қалған жоқ. Ел жақсылары да елмен бірге күніреніп, ұрлықты тыюға білек сыбанды. Губерния басшылығы осы аймақтағы екі үш болыстың тақымына қылбұрау салып, абақтыға тоқытып алды. Бірақ қарақшылардың кім екенін тірі жан тіс жарып айта алмады. «Күдікті-ау» дегеннің көбінен күмәнді айғақ таппай діңкеледі.



«Апырай, атаңа нәлет-ай!», деп ызбар шашқаннан басқа қаял қалмаған.

### 3. Қосағашта

24

Шағыр әулетін қырына алғандай биылғы жылдың қысы да, қыңыр мінез таныта келді. Аптаға жуық азынаған ақ түтек боран құтырына ұйтқып, мал мен жанның апшысын қуырып тұр. Есқожа үілдеген боранның тыстағы аласұрған дыбысына құлақ түріп, ұйықысы қашып, дөңбекшіп жатты. Ішін тартып ышқынған боран кейде ұлыған ит сияқты, бірде жақындап, бірде алыстап, түннің бір қауымына дейін басылмады.

Әкесі мен ағалары пәниден озған соң бүкіл бір әулеттің салмағы Есқожаның иығына түсті. Сол жылдан бастап Есқожа әкесінің Қосағаштағы қыстауын мекендеді. Жесір қатын, жетім бала далада қалғандай болмасын деп Ғаділсеріктің малжанын, үй-ішімен қоса осында көшіріп алған.

Ақпанда соққан ақ түтек боран басылмай, қолдағы малдың қоңы тайып, тебіндегі жылқының шашасын мұз қиып, малдың шығыны да арқаға аяздай батуда. Есқожа қыс бойы шаруаның жайын ойлап, аттан түспеді. Шешесі Ұлмекен де балаларының қайғысын көтере алмай жатып қалған. Өмірсерік пен Әділсеріктің қыстаулары бөлек еді, біреуі Әйтім қыстағында болса, Өмірсеріктің балалары Көктеректі қыстаған олар да ілдалдап отыр. Нұрқожа қыс бойы солардың қолында-тын. Өмірсеріктің балаларының алды Әдиолла жирмаға аяқ басқан отау иесі, Мәдиола-ласы да оның өкшесін басып тұр олар өз шаруаларын дөңгелетіп әкетеді. Ал, Әділсерік

ағасының жалғыз ұлы Әскен оқуда болатын, жеңгесі Нәсихан жалғыз қызымен шошайып, тақа жетімсіреп қалған-ды. Қоңыр күздің басында Ескожаға келіп жолыққан Нәсихан жеңгесі:

– Нұрқожаны бізге жібер, биылша біздің қолымызда болсын. Жағдай осындай болды ғой, құдай мұны ешкімнің басына бермесін. Алда қыс келе жатыр, жетім бала, жесір қатын біздің қолымыздан не келеді? Әскен болса оқуда, «оқуын үзбесін» деген өзің, енді бізге қарайлас, – деп салмақ артқан. Отызға енді іліккенде азаматынан айрылып, жесір қалған жеңгесінің өңі Ескожаға жүдеу көрінді. Нәсихан өте ширақ әйел-тін, жөн-жобаға жетік; келер кетерді білетін адам, әйтсе де, уайым оны да қажытқан секілді.

Ескожа сөзге келген жоқ, сол күні-ақ Нұрқожаны шақырып, мән жайды түсіндіріп, інісін Әділсеріктің қыстауына барсаң қалай болады, мал жанына иелік ет, – деді. Еншісі бөлінбеген Нұрқожа оған бірден келісе қоймады, оның үстіне атастырған қалыңдығын алға тартып, ертең өсек тарап кетсе не дейміз, – деп бірден рай бермеген.

Ескожа інісінің жүзіне аялай қарап: – Нұрқожа, айналайын-ау, оның дұрыс, дұрыс, әрине. Саған айтпағанда енді кімге айтамын, – деп қинала сөйледі. – Нұрқожа, – деді сонсоң, – Мен саған біржола сонда бар демеймін. Мына қысты өткерейік, әкей мен ағаларымыздың жылын берейік. Содан соң, амандық болса, сенің қалыңдығыңды әкелудің қамына кірісеміз. Өмірсерік ағамыздың балалары ер жеткен, олар үшін алаң жоқ. Ал, Әділсеріктің балалары да, әйелі де жас, үш қыстақтағы мал, табында жүрген

қалың жылқы бар. Біз ие болмасақ ол көрінгенінің қолында кетеді ғой. Әскен келгенде не бітіреді, әзірге ол мал қадірін білетіндей емес. Үлкен үйден сенің еншің бөлінбеген, оны да білемін. Оған да талас жоқ. Бес ағайындыдан қарайып екеуміз қалдық, енді кімге сенеміз?.. Солай, Нұрқожа, айналайын! Жесір де біздікі, жетім де біздікі, мал жанға ие болу да біздің міндетіміз, –деп салмақ артып, күрсініп сөйлеген-ді. Отау үйде онаша отырған екеуі көп жайды әңгіме етті.

Нұрқожа қыстаққа жүрер алдында анасы Ұлмекенге келіп ағасымен болған арадағы әңгімені бүкпесіз айтып берген. Ұлмекен бәйбіше ауыр қайғыдан жүнжіп, әрі науқастанып қалған еді, – болмаса мінезі адуан адам болатын. Шағыр аксақалдың бар кезінде Нұрқожаны «баланың кенжесі, қарашаныраққа осы ие болады» деп жүретін. Сонысы ойына түсті ме, қайдам, ол қатын не бір жылға шыдамай ма, байсырап бара ма? –деп өзі ауырып отырса да «Есқожа сені неге жібереді онда» деп біраз булықты.

– Апа, мен олардың мал-жанына бас көз боламын. Басқадай ойым жоқ. Ауылға келіп тұрамын, – деп шешесін, сабырға шақырған Нұрқожа сол әңгімеден соң Әділсеріктің ауылына аттанып кетті. Содан бері ауылға екі-ақ рет келді. Жол ауыр, ауыл арасына қатынаудың өзі қиындап, ұсақ мал қолға қарап, мал шығыны көбейіп тұрған. Ақпан туысымен апталап соққан ақ түтек боран ес жиғызбады.

\*\*\*

Күн ұясына қона құтырынған боран, түн қатқан бейсауат жолаушы құсап, біресе терезені

ұрып, енді бірде есікті соғып гуілдеп, ысқырып толас таппады.

Енесі Ұлмекен бәйбішені бағып, ертелі-кеш науқастың қасынан аттап шықпаған Күлзикен даладағы боранның дыбысына тын-тыңдағандай, құлақ түріп жатып ұйықтап кеткен екен: «Күлзикен, Күлзикен» деген енесінің даусынан оянып кетті. Науқас әже ауруы жанына батып мазасызданып жатыр екен:

– Апа, кәліңіз қалай? Шөлдедіңіз бе?– деп қасына тез келді.

– Басым сынып барады, орамалмен маңдайымнан қатты тартып байлашы,– деді.

– Қазір, қазір, апа деп Күлзикен енесінің маңдайын сипап кимешегінің сыртынан байлап берді.

– Күлзикен, карағым, аяғым қоңырлап жатқаны қалай? Сыртынан тағы бір көрпе жабасың ба? Күлзикен енесінің аяғын ұстап көріп: – Апа, аяғыңызды уқалайын, салқындап қалған екен, – деп науқас әженің аяғын уқалай бастады.

– Ей, айналайын, әуре болмашы.

– Апа, оның несі әуре,– деп Күлзикен көрпенің астына қолын сүңгітіп, енесінің аяғын табанынан бастап балтырына дейін уқалай бастады.

Ұлмекен бәйбіше осы келінінің өзіне деген риясыз пейіліне разы болғандай:– «Өркенің өссін, бала-шағанның қызығын көр» деп ақ батасын беріп жатты. Сөйтіп жатып:

«Бес ұл таптым, ақсақалым екеуміз біреуі қыз болса деуші едік. Алланың рақымы. Қыз бермесе де қызымдай болған Ғаділшамның қосағы

Күлзикенді жолықтырған Жаратқанға шүкіршілік етемін. Тәубә! Ғаділшамның қосағы ғой»,– деп күбірлеп сөйлеп, көзінен тарам-тарам жас ағып, қыршын кеткен балаларын ойлап, өзегі өртені «ах» ұрып жатты.

Күлзикен науқас әженің аяғын ұзақ укалап болып, үстіне қалыңдатып көрпе жауып қымтай бастағанда: – Бара ғой, айналайын,.. аяғым көпкөрім жылыды. Ғұмырлы бол!– деді.

\*\*\*

Түнімен соққан ақ түтек боранның арты таң ата алақаншықтап барып ашылды. Шақырайып шыққан қысқы күннің көзі ызғар шашып, аяз әлі сынбаған. Неше күннен бері апшыны қуырған ақ түтек боран тау мен даланы ақ ұлпаға бөлеп, тыныштыққа ұйып тұр. Көз ұшына дейінгі көсілген бұдырсыз кең өлке қар жамылып, ақ теңіздей шалқып, күн нұрымен шағылысып көз қариды. Үйдің маңы мен есік алдына жал-жал қар қыраттары үйіліп қалған. Күн көтерілген сайын аяздың зәрі қайта бастағандай. Боранды күндер үйден шықпаған Сақып пен Үркінбай іштері пысып күн ашылған соң, далаға шығып қармен алысып, сырғанақ теуіп жүрді. Ойнап жүріп естеріне Ғұмырсеріктің қасқыр алатын дәу сары иті болатын, екі бала соны іздеді.

– Құтпан, Құтпан!– деп үйді айнала жарыса айғайлап, итті таба алмады. Сонсоң үйге кірген балалар:

– Апа, көкемнің Құтпаны жоқ. Қайда кеткен?– деді Сақып.

– Күн суықта қорада тоңып жатқан шығар.

– Ешқай жерде жоқ,– деді екеуі.

Ғұмырсерік қайтқаннан кейін, әсіресе, күзден бері Құтпан ауылға тұрақтамайтын болған. Бірнеше күн жоқ болып кетіп, ақыры ашығып, қос бүйірі ішіне кіріп бұралып келетін. «Мына боранды күндері ол қайда кетіп қалды екен? Аңсақ неме аң қуып кетті ме?» деп ойлаған Күлзикен.

29

...Иесі өлгеннен кейін Құтпан жетімсіреп, дала кезіп қаңғып кеткен-ді шығарған. Әсіресе, биылғы жылдың алғашқы қансонарында аңсақ иттің табаны қызғандай бойын белгісіз желік буды. Жаңа жауған ақ ұлпаны қауып-қауып алып, ақ қарға алпауыт денесін қыз-қыз аунатып, іле ұшып тұрған ит дүр-дүр сілкінді. Артынша қыңсылап үрді. Бір мезет қар жамылған ақбөкен жоталармен жосыла жүйткіп, әлденені іздегендей ішін тартып ұлығаны бар. Сол мезет алдынан сылаң еткен тұз тағысы – қызыл түлкіні көзі шалған ит әлгінің соңынан атқып жөнелді. Түлкінің ұзын құйрығы көз алдында көлбеңдеп түбіттей ақ ұлпа қарды кешіп, тұтып келеді. Мұндайда қу түлкі құйрығын бұлаң еткізіп, жалт бұрылып, жер қаптырып кететіні болады. Бірақ Құтпан оны жалт бұрылуға үлгертпей бірден іліп түсті. Алған олжасын иесі келгенше бағып тұратын Құтпан бұ жолы, әуелі арсылдап үрді. Содан соң, өлген түлкіні иесінің бейітіне дейін сүйреп әкелді. Алайда, иесінен еш белгі жоқ еді. Мұндайда ит арсылдап үріп, артынша иен түзге үн қатқандай ұлып-ұлып алатын.

Ақпанның сол бір боранды күндері, иесін іздеп қыңсылаған Құтпан Қосағаштың күнгеінде жатқан Ғұмырсеріктің бейітіне келіп кірді. Сонсоң арсылдап үрді. Қар басып қалған қабірінің аяқ

жағын тырмалап қардан тазартып, тон болып катып қалған саркідір топырақты қыңсылап ұзақ иіскеді. Одан соң әлгі жерге бауырын төсеп жата кетті. Құдды Ғұмырсеріктің алдына еркелеп аунағандай; көзін жұмып соны көріп жатқандай күй кешті. Анда-санда топырақты иіскеп, иесінің исін іздегендей болады. Сыртта ақпанның абалаған ақ түтек бораны, ұйтқи соғып, түнге қарай құтырына ышқынып жер-дүние тұтасып жүре берген. Жатаған тас бейіттің іргесіне келіп иірілген қар бірте-бірте тас бейіттің ішін де қарға толтырып жатты.

Құтпан иесі Ғұмырсеріктің топырағына бауырын төсеніп, тұмсығын қолтығына тығып ұйқы құшағына енген. Бір оянғанда үстін қалың қар басып жатқанын сезді, бірақ тұрғысы келмеді. Иесі Ғұмырсерік өзінің дәл жанында жатқандай:

– Құтпан, сен мұнда қайдан жүрсің?– дейтін секілді. Бұл болса оған әдеттегідей алдыңғы аяқтарын сермеп, оның етегіне аяғын тигізіп, «сен неге шықпайсың бұл жерден» дегісі келетіндей.

Иесі болса «Құтпан келгенің дұрыс болда, боран басылған соң қансонарға шығамыз» дейтіндей. Құтпан со жатқаннан тұрмады, тұрғысы келмеген. Иесінің қасынан кеткісі жоқ. Бірте-бірте ит талықсып ұйқы құшағына бата берді.

\*\*\*

Қыстың жаманы өтер, уайымның жаманы өзіңмен бірге кетеді екен. Ауыр қыстың да ақырған ызбары қайтып, наурыз туып жер аяғы кеңіген кез. Есқожа ағалары Өмірсерік пен Әділсеріктің ауылына барып, амандықтарын біліп, «қыстан аман-есен шықтық келіп үлкен үйден

наурыз көже ішіндер» деп шақыра келген. Үлкен жеңгесі Жұмакүл Ескожаны салқын қарсы алған.

– Қыстай ат ізіңді салмадың ғой,— деді.

– Қантарда келдім ғой. Одан соң өзім келмесем де, кісі жіберіп, хабарласып отырдым,— деп ақталғандай болып жеңгесіне жүзін бұрған Ескожа.

– Ешкімді көрмедім,— деп Жұмакүл тағы бірдене айтқалы октала бергенде, сырттан Әдиолла мен Мәдиолла кіріп келді.

– Ассалаумағалейкум, көке! — деп екеуі жарыса амандасты.

– Уағалейкум!— деп орнынан жеңіл көтерілген Ескожа бірінші Әдиолланы одан соң Мәдиолланы құшақтап беттерінен сүйіп, емен-жарқын сөйлесіп, малдың жайын сөз қылды.

– Өлмеген құлға бұл қыстан да шықтық,— деді Әдиолла одан әрі шаруа жайын айтып, ауыр қыс болды, малшыларға да оңай болған жоқ,—деп орнықты азамат болғанын танытқандай қалып байқатқан. Соны сезген Ескожа да Әдиолланың жүзіне сүйсіне карап, шаруа жайын тәттіштеп, мал шығынын сұрап білген.

\*\*\*

Наурыз туысымен қыстың көбесі сөгіліп, аз күнде сай-саланың қары ебіл-дебіл ери жөнелген. Қосағаштың басы мен Шалғымбай жазығы одан әрі Көкүйірімдегі ұшы-қиыры жоқ кең өлке күн санап қар құрсауынан арылып, даланың жүзі теңбіл-теңбіл дегди бастаған шақ. Жылдың осы бір мезгілі мал баққан ел үшін айырықша кез. Қыстан жүдеп-жадаған төрт түліктің аузы көкке тиісімен



түлеп сала беретін. Көктемнің басы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен ұласып, елдің жүзі нұрланып, ұлан қыстың бейнеті де ұмыт болғандай.

Наурыз мейрамында Шағыр әулетінің үлкен-кішісі тайлы-таяғы қалмай қара шаңыраққа түгел жиналған. Бәрінің жүздері жайнап, қыстай көріспеген туыскандар құшақтасып, төс қағысып, амандық-саулықтарын сұрасып мәре-сәре. Есқожалар ауылдың үлкендері Әкімбек ақсақал мен Тоқтаубай қарияны келіп қалар деп сыртта қарайлап тұрған. Қонақтар көп күттірген жоқ, аттылы адамдардың төбесі алыстан қылтылдап көрініп, әне-міне дегенше Әкімбек ақсақал бастаған төрт-бес аттылы адам ауылға жетіп аттан түскен. Бұл келгендер – Әкімбек ақсақал мен Тоқтаубай қария және Әкімбек ақсақалдың азамат болған баласы Ерубай мен Сейтқұл, Құрымбай деген азаматтар еді.

Қонақтар бір-бірімен емен-жарқын амандасып, «Наурыз құтты болсын!» десіп, мал-жанның амандығын сұрасты.

– Қыстан аман-сау шықтыңдар ма, Есқожа? Ұлмекен бәйбішенің ақуалы қалай, күйлі-қуатты ма?– деп Әкімбек ақсақал Шағыр ақсақалдың бала-шағасының аттарын атап амандығын сұрады. Есқожа, ақсақалдың сәлеміне ризашылық білдіріп, «шүкір, аманбыз» деп қонақтардың есен-саулықтарын тәтпіштеп сұраған-ды.

– Биыл ит-құс қалың болды,–деді Әкімбек ақсақал. – Онымен алысуға ешкімнің шамасы келмей қалған. Жарықтық, Ғұмырсерік қыста саятқа шығып, айлап аң қағушы еді,.. Биыл оның да орны үңірейіп, жоғы бірден білінді-ау!

– Иә. Оныңыз рас,—деді Есқожа, ағасының саятшылығын есіне алып. Айтпақшы Ғұмырсеріктің қасқыр алатын төбеті бар еді ғой, сол жоғалып кетті,— деді Есқожа.

– Қой! Қашан жоғалды?

– Қыс басында бартын. Тамақ беріп жүретін едік. Қашан, дері бар ма, әйтеуір, ұшты-күйлі жоқ болды.

– Әттеген-ай, ә! Қасқыр алғанын талай көрдік, өзі де тайыншадай дәу еді,.. біреу ұрлап жетпесе, қайда кетеді?—деді Сейтқұл.

– Иттің де бір қасиеті бар ғой. Марқұм Ғұмырсерік оны баптап, тамағын әспеттеп, соған ерекше көңіл бөлетін. Ол аңшы-саятшы болғаннан соң итінің қадірін түсінген шығар. Көзі кеткеннен кейін ит екеш итте жетімсірген де.

– Апырай, ә! Соны білмеген екенбіз,— деді Есқожа. Сонсоң бірден қонақтарды дастарқанға шақырып:

– Ал, ағайындар енді үйге кіріңіздер. Бүгін Наурыз мейрамы, біздің үйдің Наурыз көжесінен дәм татыңыздар,— деді. Іле-шала жиналғандардың бәрі қотарыла үйге кірді.

Қыс бойы науқас меңдеген Ұлмекен бәйбіше сол күні басын көтеріп балалары мен немерелерінің ортасында науқасынан айыққандай масайрап отырды. Үлкен келіні Жұмакүлді: – Апырай! Шешен неге келмеді?,— деп қайта-қайта Әдиолладан сұраған.

Әкімбек ақсақал мен Тоқтаубай молда бастаған үлкендер наурыздың дастарқанына жайғасып:

– Жарықтық, баяғыда үлкендер айтушы еді: Самарканның көк тасын жібіткен, қасиетті Наурыз айы,—деп сол осы күн мен түн тенелген күн. Өлмеген құлға ол да алыс емес екен,—десіп қауқылдасып отырды. Мол дастарқанға зерен толы наурыз көже келіп, бата жасалып қасиетті астан үлкеннен кішіге дейін дәм татты. Күлзика далада ойнап жүрген Үркінбай мен Сақышты шақырып екеуіне наурыз көже беріп жатқан, Әкімбек ақсақал соны байқап қалып:

– Күлзика, шырағым, мынау әлгі Үркінбай ма?

– Иә, атасы, бұл менің Үркінбай деген балам. Үркінжан, атана сәлем берші барып, — деді. Бала көжесін ішпестен: — Ассалау,.. — деп ақсақалдарға сәлем берді. Одан қалмай Сақыш та жүгірді: «мен де сәлем беремін» деп. Балалардың сәлемін алған Әкімбек ақсақал:

– Ей, айналайындар, тіл көзім тасқа, азамат болды деген осы ғой. Әне, «көрінген таудың алыстығы жоқ» деген осы. Сендерге бір Жаратқан өзі жар болсын. Күлзика, шырағым, ғұмырлы бол. Екі дүниенің жақсылығын көр, қарағым!—деді.

– Әумин! Айтқаныңыз келсін,— деді Күлзика.

Наурыз көжеден соң қыстан қалған сүр етпен жаңа сойылған қойдың жас еті араласа піскен нән астау ет ортаға қонды. Осы кезде Әкімбек ақсақал тамағын кенеп:

– Мына Наурыз көже де, қыстан қалған сүр де былбырап піскен екен, «Ақ мол болсын, пейілдерің кең болсын, сапарларың оң болсын! Ұлысымыз құтты, қуанышты болып, береке-бірлігіміз тозбасын!»— деп бата берген.

Ұлан қыстан қажып шыққан Шағыр әулеті үшін биылғы наурыздың әсері ерекше болды. Жердүние түлеп, қажыған көңіл жасарып қалғандай. Бір сәт Ескожаның қапалы көңілі орнығып, еңсесін басқан ауыр тұман сейіле түскендей-тін.

35

Наурыздан соң жер аяғы кеңіп, даланың дидары дегдіп, аяқты малдың өрісі молайған кез. Наурыздың мерекелі күн толастасымен екі келіні – Күлзикен мен Балкен – екі жақтап қыстай күткен Ұлмекен кейуана дүниеден көшті. Бес құрсак көтерген Ұлмекен кейуана да Қосағаштын күнгейіндегі, ақсакалы Шағыр мырза мен балалары жатқан қорымға жерленді.

Сол күні адам айтса сенгісіз бір ғажап оқиға болды. Ұлмекен ананың қабірін қазуға алты-жеті азаматты ерткен Ескожа қыстай қатынамаған әкесі Шағыр мен ағалары жатқан қорымға келеді. Ұлан қыс қар құрсауында болған бейіттің төңірегі ашылып, жер кеберсіп қалған екен. Аттан түскен Ескожа төрт құлақты бейіттің ішіне кіргенде байқады, төртінші қатардағы қабірдің шетінде ағараңдап әлдене жатты. «Мынау не нәрсе екен?» деп жақындап келген Ескожа алдақашан өліп қалған иттің өлексесін көріп қайран қалды. Танырқағаны сонша – өлекседен көз алмай ойы пышырап «апырмай» деп басын шайқай берді.

Бұл – қыстан бері жоғалып кеткен Ғәділсеріктің әлгі иті Құтпан. Соның өлексесі. Иесінің қабірін сағалап өліп қалған. Өзі қыстай қар астында жатқанға ұқсайды, жүні енді-енді жиди бастаған екен. Иттің өлексесіне қараған сайын, Ескожаның тұла бойы шымырлап, айтарға сөз

таппай мелшиді. Осы кезде дабырлаған адамдар бейттің аядай есігіне бас сұғып:

– Есаға,– деді.

Бейіттің ішінен көзі жасаурап шыққан Есқожа сырттағы адамдарға қарап:

– Ғаділсеріктің әлгі жоғалып кеткен иті, осында келіп қабірінің қасында жатып өліп қалыпты. Сыртқа шығарып оны бөлектеу жерге көміңдерші,– деді.

Осы оқиға ауыл арасына тез тарады. «Ит деген жеті қазынаның бірі ғой» десті біреулер. Бас шайқап таңырқағандар да көп болды. Ит туралы болған осы оқиғаны естігенде Күлзикеннің өңі сұрланып, қатты күйзелді. Артыншы бота көздерінен мөлтілдеп төгілген жас жүзін жуып:

– Итіңе де қамкор бола алмадым-ау, – деп күнірене күйінді. – Құдайым-ай! – деп «ah» ұрды. Көз алдына Ғаділсеріктің әлгі қарақшылардан қаза боларда атына мініп жатып: «Күлзикен, ана Құтпанды ұстап қалшы. Ол менен қалмайды. Жылқыларды үркітеді» деген сөзі; Күлзикен жүгіріп барып Құтпанды мойнынан құшақтап, тезек жинаған жаппаның ішіне кіргізіп, итіне «отыр, ешқайда кетпе» деп есігін жауып қойғаны; Сонда ит қыңсылап, қыстыға ұлығаны; Күлзикен жаппаның есігін ашып оған «оның не, жамадық шақырып»,– деп ұрысқаны күні кешегідей көз алдына келді.

Сонда ақылды хайуан қыңсылап Күлзикеннің қолын қайта-қайта жалап, бұған мөлие қарап жатты. Күлзикен оның итаяғын толтыртып тамақ бергізді. Құтпан со жатқанынан тұрмай, жаппадан шықпай, алдына қойған асты да ішпей жатып алған.

Ол шақта итті ойлайтындай ес бар ма? Бес бірдей арыстың ауыр қазасынан есеңгіреп қалды емес пе?! Сол кезде Ғаділсеріктің иті ауылдағы көп иттің біріне айналып, көзден таса, көңілден оқшау қалған. Өзі де дәу еді. Аттылы адамды ер үстінен жұлып алатындай бұзаудай нән төбеттін. Кейде ат үстінде отырған Ғаділсерікке еркелей алдыңғы екі аяғын ердің қасына қойып, иесінің қолын жалайтын кездері болатын. Ондайда оны сыртынан көріп тұрған адам мынау ит емес нағыз жолбарыс дер еді. Сол Құтпан иесі Ғаділсерік қайтқаннан кейін жетімсіреп жүріп, ақыры оның моласына түнеп өлген. Итінің иесіз қалғанына Күлзикен өзін кінәлады. Күшігінен асыраған төрт аяқтыға қалай қарамадым деп қиналды.

Сол жылы Ұлмекен бәйбішені қыстай Күлзикен бағып шықты. Енесі сондай адуын адам болатын, бірақ еш уақытта Күлзикенге қатты сөз айтқан емес. Күлзикен осы әулетке келін боп түсіп, он аяғымен табалдырық аттағанда жас келіннің бетін ашып маңдайынан сүйіп: «Ғаділіме адал жар бол, отының тұнығы, отауының құты бол» деп батасын берген де осы енесі Ұлмекен кейуана болатын. Күлзикен де енесін қатты сыйлады, алдын кескен емес. Енесі сырқаттанғаннан бастап, қасынан шықпай ас-суын беріп, төсегін жаңартып, кір-қоңын жуып, етегіне оралған екі балаға карамай шама-шарқынша науқасты бағып қакты. Кей күндері үш бірдей ұлы мен ақсақалынан айрылып қайғы құшқан кәрі әже опат болған арыстары ойына түсіп талыксып, өксіп үнсіз жылар еді, ондайда Күлзикеннің де жүрегі егіліп, көзіне ерік бретін. Сөйтіп екі мұңлық бірін-

бірі жұбатып, бір-біріне басу айтып сабырға келетін.

Енесі қайтыс болардан бірер күн бұрын Күлзикенді қасына отырғызып оңаша сөйлесті. Сонда ақ кіреукеленген самай шашын кимешегінің астына жасырып, әжімді жүзін келініне бұрып:

— Күлзикен, карағым, ақ тілегім сендердің үстілерінде еді. Білмеймін, көз тиді ме, сұқ өтті ме, әйтеуір, әулетіміздің шаңырағы шайқалды. Қалғандарыңды Алла Тағала жамандықтан сақтағай. Ендігі арқа сүйерлерің Есқожа мен Нұрқожа. Ғаділсеріктің артында бір баламен жесір қалдың. Менің жағдайым мынау, күн санап отырмын. Өлсем алаңсыз болайын, әрі қарай не ойың бар?— деді.

— Апа, мен осы әулеттің адамымын, жесір қалдым деп екі баланы құшақтап төркін аспаспын. Тек Нұрқожа емес, оның ойы басқада. Садағаныз кетейін, апатай, сіз қалай десеңіз соған тоқтармын,— деді.

Ұлмекен бәйбіше Күлзикеннің сөзіне разы болғандай:

— Жарығым-ай! Солай дейтінінді білгем,.. білгем. Есқожа балам сабырлы да, ақылды. Өзі жаннан асқан мырза. Ана Балкен қатын қысыр шыққан байтал құсап, пұшпағы қанамады, сен Есқожама ұл тауып бер, қыз тауып бер. Ғұмырсеріктен кем көрме. Азаматым, деп құрметте, сыйла. Құдай бақтарыңды ашсын деп батасын берген-ді. Осы сөз байлам болды. Аналарының осы сөзі Есқожа мен Күлзикеннің тағдырын бір арнаға қосқандай еді.

Ұлмекен бәйбіше дүниеден озарда, Есқожа мен Күлзикен аналарының соңғы демі үзілгенше

қасында отырды. Таң алдында Токтаубай молда келіп дем салып, дұға оқыды.

Ауыр қыстың артын ала жарыса келген Ұлмекен бәйбішенің қайғысы Ескожаны тағы да сансыратып кеткен-ді. Содан да болар, үнемі көзі кіртііп, жағы сопайып жүдеп жүрді. Ішінен тәубесін айтса да қабырғасын сөккен қайғы жүрегін тілімдеп, еңсесін көтертпей қойған. Жаз шыға ел жайлауға конған кезде әкесі мен ағаларына арнап ас берді. Алыс жақыннан Шағыр мырзаны білетін ел азаматтары көп жиналды. Бәрі де жамандық осымен бітсін, деп тарқаған-ды.

\*\*\*

...Желкілдеп жаз шықты. Көсілген ұлан дала жасыл жібекке оранып, тотыдай құлпыраған шақ. Күміс бұлақтың көмейінен төгілген тылсым үн, маңайын күйге бөлеп, елтітіп, еркелетіп тұрғандай. Табиғаттың осы бір керімсал көрінісі Ескожаның пәс көңіліне бәсіре сыйлап, ертеңгі күнге еліктіріп әкеткен.

«Тірі адам тіршілігін істейді» екен. Ескожа да тіршілік қарекетіне ден қойды. Еңсені езген ауыр ойдан арылған ол ауылды әкесінің Шалғынбайдағы ен жайлауына алқа-қотан қондырып, төрт-бес ақ боз үйді қатар-қатар тіккізіп, әкесі бар кезіндегідей Шағыр әулетінің ежелгі салтанатынан жаңылмауға тырысқан. Онысы туғандарының жетім көңілін жұбатып, қайғысын жеңілдетсе деген болмашы ой еді. Жайлауға көшер алдында Сейпен мен Жомарт бастаған біраз үйді қыстақ басында қалдырды.



– Сендер биылша осында болындар. Нұрқожа Семейден келген соң не істейтіндерінді айтамын, оғанша бие байлап қымыз әзірлендер. Су құятын мес дайындаңдар,– деп біраз шаруа тапсырған-ды.

Көп ұзамай Нұрқожаны басшы етіп Семейге мал айдатты. Көңілге алған маңызды шаруасын інісі аттанып кеткенше пысықтап, қайта-қайта тапсырумен болған.

Олар кеткеннен соң ертеңгілік ауылдың үлкені, әкесі Шағыр ақсақалдың замандасы, әрі аталас туысы Әкімбек қария мен молда Токтаубай ақсақалды алдырды. Шай үстінде екі ақсақал малдың жайын, жердің жағдайын сөз қылып:

– Шалғынбайдың шөбі биыл шүйгін. Тіпті тау сілемдері мен сай-саласы, қойын-қолаты шөпке тұнып тұр. Берекесін берсін. Қыстан жүдеп шыққан мал тойынатын болды,– десті.

Есқожа ақсақалдардың әңгімесіне құлақ түріп, көкейіндегі ойды айтуға асықпады. Шай құйып отырған Есқожаның бәйбішесі Балкен үлкендердің алдына жана піскен балқаймақты жақындатып, қызылкүрен шайды демдеп беруде. Әкімбек ақсақал сұңғыла адам, Есқожаның неге шақырғанын білмесе де «Шақанның осы баласы басқа балаларындай емес, не істеседе бәрін әріден ойлайды әкесінен оза туған», деп отызға жаңа іліккен Есқожаның жүзіне ауық-ауық көз жүгіртіп, іштей разы ниетпен сөз бастаған.

– Есқожа, қарағым, адам пақыр мынау жарық дүниеде Алла Тағала маңдайына не бұйырса, соны көріп өтеді. Бәрі бір жаратушының қолында. «Болған іске болаттай» деген жетім бала, жесір

анаға қамзау болып, жасап жатқан ісіңе Алланың нұры жауғай. Шахит болғандардың жылын бердің, бәрін өткердің, ел-жұртың риза шырағым. Дәл бүгін айтатын шаруа емес шығар, дегенмен құлаққағыс жасау менің парызым секілді,—деп үй иесіне көз қиығын тастады. Есқожада қозғалақтап ақсақалдың не айтқалы отырғанын әңгіме ауанынан сезе қойып:

— Өз аға, сіздің көкейіңізді түсіндім, мен басқа мәселе бойынша сіздермен ақылдаспақ едім.

— Е, балам, дұрыс, дұрыс,..оны түсінгеніңе рақмет! Уақыт деген желдей еседі, қарағым, әйтеуір, кәденде жүрсе болды. Ал, енді бізге не айтпақ едің, соныңды тыңдайық.

— Дұрыс айтасыз, уақыт катал. Өткен оралмайды. Кеше туған балалардың өзі тұлымшағы желкілдеп өсіп келеді. Орталық өңірден алыс бір қиыр, шалғайда жатырмыз. Соны ойлап-ойлап, аулымызға бір медресе ашсақ деймін. Бала оқыттарлық сауаты бар біреуді алдырсам, соған арнап медресе дейсіздер ме, мектеп дейсіздер ме, әйтеуір, балалар оқитын үй салдырып берсем,.. деген мақсат,.. соған көңілім кетіп отыр. Сіздер, осыны құптасаңыздар.

— Бәрекелді, өркенің өскір!— деп Әкімбек ақсақалдың жүзі жаркылдап, қарағым-ау, бұдан артық қандай сауапты іс болуға тиіс,— деп қуана қоштаған. Токтаубай ақсақалдың аузы аңырайып:

— Сонда балаларға не оқытасыңдар?— деді ол таңырқағанын жасыра алмай.

— Беу, кәрия,— деді Әкімбек ақсақал оның сөзіне көңілі қомысынғандай,— Не оқысада мейлі, әйтеуір, әліпбиді танып өссе оның несі зиян.

Шырағым, Ескожа, қазір қазақтың оқыған азаматтары аз емес, қолың ұзын, соларға жолық, олар қандай ақыл айтады, соны біл. Біз, мына Тоқаң екеуміз, ақыл көмегімізді аямаспыз. Айналайынау, осы ауылда жиырмаға жуық бала бар. Бәрі де оқуға іліккені. Ана Жомарттың Самыраты сықылда соқталдайларды қоспағанды.

– Ол он төрт-он беске келіп қалған шығар, Самыратты айтам,—деді Тоқаң.

– Оқып үйренем дегенге қарсылық жоқ, қайта олар мектеп құрылысына көмектесіп, пайдасын тигізсін. Сонсоң оқуға қатысады. Сауаттанса несі жаман. Ең басты мәселе – мектеп үйін осы жазда салып бітіруіміз керек,—деді Ескожа.

– Өркенің өссін, Ескожа! Бұған көмектеспегенде не бітіреді, біздің Ерубайды да қосып ал, ана Есмұраттың балалары бар бәрі жүрсін ішінде,—деп үлкендер ризашылығын білдірген.

Қариялардың сөзінен кейін Ескожа біртүрлі қанаттанып, көңілі орнығып, ойға алған іске шұғыл кірісіп кеткен-ді.

\*\*\*

Шілденің биылғы ыстығы алабөтен, жерді қуырып тұр. Жаңбыр да жылдағыдай емес, сирексіп кеткен. Шөп басы қаудырап кетпесе игі—деп киіз үйдің іргесінен соққан салқын самалға кеудесін тосқан Ескожа шаруа жайын ойлап отырған-ды. Осы кезде күні бойы көленкеге тығылып, тілдері салақтап, «ырс-ырс» демалған ауылдың маң төбеттері арсылдап үріп, өре тұрды. Біреу келе жатыр. Ескожа қолына ұстап отырған «Айкап» журналын үстелдің шетіне қойып, «бұл кім болды екен?» деп елеңдеп киіз үйдің ашық

есігінен сыртқа көз жүгіртіп. Иттер арсылдап, үйден ұзап кеткен. Ескожа «бұл кім болды екен?» деп елендеп отырған. Осы кезде «Көке, Нұрқожа ағам келе жатыр,— деп Сақып пен Үркінбай үйге жүгіре кірді. Үркінбай бұл кезде Күлзикенге бауыр басып, көп-көрім үйренісіп қалған.

— Ассалау,.. деп кішкентай ұл Ескожаға сәлем берді.

— Уағалейкумассалам! — деді Ескожа жарқын дауыспен баланың сәлемін алып:

— Үлкен азамат бол, айналайын!— деп ықылас білдірген ол Күлзикеннің осы баланы қолына алып, оған қамқор болғаны қандай дұрыс болған. Білі білсек: бұның әкесі Нұрқас біздің әулеттің жылқысын жаудан қорғаймын деп қапияда ажал құшты, сол қалың жылқыда оның жалғыз тайы да жоқ еді-ау. Құдай алдында біз оның баласына қарыздармыз,—деп күрсініп, бір сәт ойға берілген. «Өркенің өскір, Күлзикен соны менен бұрын сезген екен-ау,—деп бір түрлі іші жылып, Үркінбайдың басынан сипап, Сақып екеуін қолдарынан жетектеген қалпы:

— Ал айтыңдаршы, мына келе жатқандардың Нұрқожалар екенін, сендер қайдан білдіңдер?— деді.

— Апам айтты.

— Апаң біліп айтқан екен, онда! —деп Ескожа дыбыс шыққан жаққа көз тігіп тұрды.

Расында да, бұ келе жатқандар Нұрқожалар еді. Айға жуық жол жүріп, айдап барған малын пұл қылып, Ескожаның тапсырмасын бітіріп ауылға оралған беті-тін. Өзімен бірге екі татар жігітін ала келіпті. Құрылысқа керекті құрал-

жабдықтарын арбаға артып алған. Онысы: қайла, күрек, балға, ағаш кесетін ара, темір шегеге дейін түгендеген.

Ертеңінде Қосағаштың басындағылар жұмысқа кірісті. Ең әуелі балшық айдап, шикі кірпіш құю басталды. Семейден келген Рашит деген татар жігіті жұмыстың ығын білетін құрылысшы адам екен, қосағаштықтарға балшық айдап, кірпіш құюды үйретіп, аз күнде жұмысты үйіріп әкетті. Су таситын мес жетпей, бары жыртылып біраз қиындық туғызды.

– Мұны білгенде қыстай оншақты биенің терісінен мес тікізетін едік,– деп қиялдады Нұрқожа. Дегенмен «көп түкірсе көл» деген. Күннің салқынымен, кейде күн қайта жұмыла қимылдаған үлкенді-кішілі ауыл адамдары аз күнде кірпіш құюды еңсеріп алды.

Біреулер үш жүз, енді бірі бес жүз кірпіш құйып, ортақ істен шет қалмай атсалысып бақты. Бір Сейпеннің өзі бала-шағасымен жабылып үш жүз кірпіш құйыш жұмысқа ұйтқы болды. Есқожа құрылыс басына ас үй тікізіп, күніне бір қой сойғызып, сусынын жеткіздіріп, жұмысқа қатысқан үлкендерден бастап бала-шағаға дейін ертелі кеш тамақтандырды. Жаз бойы жайлаудағылар қайта-қайта қыстаққа келіп ерсілі-қарсылы шапқылап жүрді. Сөйтіп бүкіл ауыл асарға қатысып Қосағаштың басына болашақ мектептің іргетасы қаланды. Қолдан құйылған шикі кірпіштен салынған екі бөлмелі мектептің төбесі шілікпен жабылды. Жаңбыр суы өтпейтіндей етіп үстіне күл төгіліп, лай құйып әбден қымтады. Іші сыртын ақ топырақпен сылап, ағартып көз тартарлықтай етіп салып бітті. Мектеп үйі Қосағаштықтар үшін

ерекше бір салтанатты орынға айналды. Кейін талай жылдарға дейін қосағаштықтар «біз мектеп салғанда», «біз мектеп салған жылы бәленшекең келін түсірген», деп әр оқиғаны со жылмен өлшеп, тамсанып әңгіме қылып жүрді. Тіпті сол жылы туған балаларды «баяғы да Қосағашта біз мектеп салған жылы туған бала ғой» деп талай жылдар бойы тамсана сөз қылатын.

Әсіресе, мектептің ашылған күні ерекше мереке болды. Қосағаштықтар мұндай салтанатты шақты көрген-көрмегендері естерінде жоқ. Әйелдер жағы «Беу, қандай тамаша! Мына арада оқыған балада арман жоқ шығар» десті. Күлзикен Сақып пен Үркінбайды шыт жаңадан киіндіріп, өзі үстіне жұп-жұқа судырлаған қызыл-қоңыр биқасап шапанын киіп, басына ақ жібек шашақты орамал байлап, екі баласын екі жағына алып жетектеп келді. Қабидолла мұғалім бұларды көріп:

– Тәте, қош келдіңіздер! Балаларыңыздың басқан қадамы құтты болсын!– деп ыстық лебізін білдірген. Жаздай құрылыс жұмысына қатысқан Сейпеннің Есқара мен Бекшора деген екі ұлы Үркінбай мен Сақыптың қатарында тұрған. Ол екеуінің де киімдері су жаңа еді Күлзикен олардың да бойларына шақтап киім тіктіріп берген болатын.

Сонда Есқожа мырза айтты:

– Жамағат, мектебіміз бәрімізге құтты болғай! Осы жұмысқа қатысқан үлкендерге де, балаларға да сансыз рақмет! Игілігін көріндер! Ал енді, балалар, бұны сендерге арнап жасадық, сендер оқысын дедік. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген, аталарымыз. Олай болса

оқуға ниет білдірген балалар, қадамдарыңды Алла оңғарсын! Мына Қабидолла баурымыз сендердің мұғалімдерің. Оқыңдар, білім алыңдар, жақсы азамат болыңдар!– деп ақ батасын берді. Одан соң Балкен бәйбіше шашу шашты.

Сақып пен Үркімбай осы мектептің алғашқы оқушылары болып, қол ұстасып табалдырығын аттап екі жыл осында оқып, хат таныды. Ескожа мырза Қарқаралыға барып, ат-түйедей қалап ауылға алып келген Қабидолла мұғалім, осы ауылға бірнеше жыл тұрақтап, ауыл балаларына хат танытты.

#### 4. Көп жылдан соң

Көп жылдар өтті. Ұрылар тапқызбады. Шағырдың Ескожасы ағалары мен әкесінің кімдердің қолынан мерт болғанын өмірбойы іздеді. Көңілге күдік келтірер бір түйткіл болсашы. Жоқ. Сыр алдырмады. Одан бері зырқырап қаншама жыл өтті. Кешегі уыздай жас Ескожаның өзі қырықты қусырған бауырларының қайғы-қасіреті жан жарасына айналып, жасына жетпей көмірдей шашын қырау шалған. Бірде ел ішінің жұмысымен жүріп, баяғы Түндікті өзенінің бойында отырған Құбылақымет дегеннің үйіне келді. Қасына ерген Сейтқұл мен Сейпен бар. Шаруасы бітіп енді қайтқалы тұрғанда кермеде тұрған тобылғы торы аттың басындағы ноқтаға көзі түскені. Мәселе тіпті ноқтада емес-ті, ноқтаның өрнегі мен шашағына қарап қалғаны. Өрмелі қайыс ноқтаның жиек-жиегі мен тамақ бауына моншақ секілді баданадай ірі мөлдір тастар тізілген екен. Көзіне жылыұшыраған әлгі затқа қадалған Ескожа «мына

ат кімдікі?» деп сұрауға оқталып, райынан тез тайқыды.

Бұл – Жайлықан деген баланыкі, әкесі Қилықан біраз жыл бұрын опат болған. Шауып жүрген адам еді неден өлгенін белгісіз,—деді ауыл иесі Құбылақмет Ескожаны шығарып салып тұрып. Сөйткенше болған жоқ ат иесі де келе қалғаны.

– Жайлықан, карағым, сенің ноктана қызығып тұрмын, әсіресе ноктаның сағағындағы тастарға көңілім құлағаны. Осыны маған бір жылқыға берсең қайтеді. Мен өзіміздің ұстаға көрсетіп дәл осындай нокта жасатып алсам,.. кимасаң кейін ноктанды қайтарып берейін. Ноктаның иесі сәл жымыып, күле сөйледі:

– Мырза, бір жылқы берсеңіз қайтару қажет емес, алыңыз. Бірақ бұл бір жылқы тұрмайды ғой, өзі ескі, тастары да түгел емес-ау, сірә. Қаласаңыз былай да алыңыз.

– Өзің мұны жәрменкеден алып па едің?

– Жоқ, әкейдің ат-әбзелдерінен қалған нәрсе ғой. Алыңыз, оқасы жоқ.

– Жылқыны ертең, ауылыңа мына кісілер жеткізіп тастайды,—деп бала жігітке Ескожа барлай қарады.

– Дұрыс-ақ, игілігіңізге ұстаныз,— деп жас жігіт ноктаны аттың басынан шешіп Ескожаға ұстата берді. Сол жолы Ескожаны шығарып салып тұрып, Құбылақмет:

– Еске, мен сізді түсінемін, әлденеден күдігіңіз бар. Қилықан өлгенде оның қасында біреу болған, сірә, бұл өлкенің адамы емес, аныққанығын бір білсе марқұмның қатыны біледі.



Мына баланың кәперінде ештеңе жоқ. Меніңше, бұл ол оқиғадан хабарсыз, және ол кезде бұ бала бір мүшелге толмаған,—деді.

— Бұның әкесі бұрын біреуге жалданған ба? Кімнің малын баққан адам?

— Жоқ. Ондай жалданған-малданған дәнене жоқ. Аздаған ұсақ малы бар, жатақ. Ұрлық-қарлығы болуы да ықтимал, құдай өзі кешірсін, көзіміз көрмеген соң нақты ештеңе дей алмаймыз,— деп келте қайырған.

Жолаушы үнсіз қоштасып жүріп кетті. Былай шыққаннан соң да, әлгі ойынан айыға алмаған Есқожа ердің қасына ілген өрмелі ноктаның шашақты әшекейіне қадала қарап:

— Осындай нокта сендерің көздеріңе түспеді ме?—деді қасына ерген азаматтарға бұрылып.

— Марқұм Ғұмырсерікте осындай, әшекейлі өрмелер болушы еді,—деді Сейтқұл атын тебініп, мырзаға қатарласы жүріп.

Есқожаның өзіне тетелес ағасы Ғұмырсерік, жарықтық, сері кісі еді. Ат-әбзелдерін неше түрге құбылтып, өрнектеп, әшекейлеп тағып жүргенді ұнататын. Мынау сол ана жылы шахит болған Ғұмырсерік ағасының ертұрманынан қалған жұқана болуы кәдік. Қара жамылған аласапыран күндері бұлар ештеңені түгендей алмаған. Мұны білсе ағасының сол кездегі жары Күлзикен білуге тиіс. Есқожа көзіне оттай басылғаны ноктаны біртүрлі жылыұшыратып, дәу де болса осы ағасы Ғұмырсеріктікі болар, не болса да Күлзикенге көрсетуді жөн көрген.

Есқожа Қосағаштағы ауылға күн кештете келді. Шикі кірпіштен салған бәкене там үйдің табалдырығын аттағанда, жылы леп жүзін

шарпыған. Сыртағы күздің қара суығынан тоңазыған денесі жылы үйге кірген соң манаурап жатып демалғысы келді. Күйеуі қайтыс болғанда бір қызбен қалған Күлзикен, екі жылдан кейін елдің үлкендерінің тілегіне орай әмеңгерлік жолмен Ескожаға қосылған-ды. Әм анасы Ұлмекеннің де айтып кеткен аманаты солай-ды. Күлзикен отағасының әлденеге торығып келгенін жазбай танып, киімін шешіндіріп, тамақ піскенше жатып дем алсын, деп жамбасына қалындап көрпе салдырған. Жылы жерге жатып бойын жазғанымен мазаң ой жанына тыныштық бермей, жамбасына тас батқандай дөңбекшіген Ескожа, басын жастықтан қайта көтеріп алды.

Осы кезде бөлмеге кірген Күлзикен:

– Отағасы, неге мазасыздандыңыз? Сусын ішесіз бе?

– Бәйбіше, сәл тізенді бүкші,— деді. Артынша бас жағында тұрған қоржынан манағы ноқтаны алып Күлзикеннің қолына ұстата берді. Өрмелі ноқта оның да көзіне оттай басылған; әйелдің қарашығы дірілдеп, жанары жасаурап:

– Отағасы-ау, мұны қайдан әкелдіңіз? Бұл Ғұмырсеріктікі ғой,— деді. Қабағы қабарып, өңі сұрланған Ескожа, «өзім де солай ойлап едім» деп іштей толқып; Баяғы қанды оқиға көз алдына келіп, бойын ыза мен кек билесе де ашуын сабырға жеңдіріп:

– Түндіктінің бойында тұратын әлдебір кісіден алдым. Әуелі саған көрсетейін, күмәніміз анық болса әріқарай індетіп қарақшылардың кім екенін табамын,— деді. Көкірегіне өксік тығылған Күлзикен сол бір қарақшыларға лағнет айтса да күйеуі-

нің соңғы сөзінен секем алып, бойын қорқыныш биледі.

– Отағасы, ол оңбағандарды құдайдың қақарына тапсыр, кек қуам деп өзіңіз бірденге ұрынсаңыз,– деп жанары жасаураған Күлзикен, шынымен уайым шеге бастаған.

Ескожа бәйбішенің жүзіне бұрылып:

– Уайымдама, қаншама жыл өтті одан бері. Аллаһтың қаһарына ендігі ұшыраса ұшыраған шығар, одан аман болса жаратқанның жазасын әлі тартар. Ертең барып оларды өлтірейін деген ешкім жоқ. Ол үшін тіпті де уайым шекпе,– деді. Әйеліне солай десе де көңілі өрекіп, белгісіз күдікке бой алдырған. Осы кезде үйге Үркінбай кірді. Әкесі Нұрқас қарақшылардың қолынан мерт болғанда Үркінбай бес жасар бала болатын. Ескожа мен Күлзикен панасыз қалған баланы қамқорлығына алып, жетімдік көрсетпей туғанындай бағып өсірді. Ауылдағы Қабидолла мұғалімнен сауатын ашқан Үркінбайды Қарқаралыда екі жылдық орыс-қазақ мектебінде оқуға берген жылы әйелі Күлзикеннің аяғы ауыр еді, құдай оңғарып, наурыздың басында Күлзикені босанып дүниеге Жолдыбегі келген. Сөйтіп атұстары өмір есігін ашып, көңілі марқайып еңсе тіктей бастаған. Одан бері де бірқауым жылдар із тастады. Кеше туған Жолдыбегі де оқуға ілігіп қалған. Үркінбай қазіргі шақта қаладағы техникалық училищеде оқып жүр. Тіршілік болса Жолдыбегін де сонда жіберіп екеуін бірге оқытпақ. Бүгінде бойы өсіп, есейіп қалған Үркінбайға көз токтата қараған Ескожа:

– Балам, Сейтқұлға айт, керек-жарағыңды дайындасын. Арғы күні Қарқаралыға жол жүреді, сені апарып орналастырып қайтады,– деді.

Ештеңеден таршылық көріп, жетімдік кешпесе де Үркінбайдың жүрегінде әке-шешесіне деген әлдебір сағыныш па, аңсау ма, әйтеуір, түсініп болмайтын түйін байланған. Бетінен ешкім қақпаса да, былайғы таныс адамдардың мүсіркеуін сезіп тұратындай; кейде содан қамығатындай. Күні бүгінге дейін әкесі мен анасынан қалай көз жазып қалғанын түсіне алар емес. Әкесінің жүзі есінде жоқ, анасының бейнесі бұлдырап көз алдына келетін, бірақ ол да анық емес-ті. Бір ғажабы, Күлзикен апасының алдына алып отырғаны, «әкен мен апан ертең келеді» деген жылы сөздері есіне мықтап орнаған. Өзі соған сенді, сол үмітпен есейді. Кейін әке-шешесінің қалай қайтыс болғанын ауылдағы ересек балалардан естіді. Содан бастап жүрегі суыды. Алғашында Күлзикен апасына да «алдады» деп өкпелеп жүрді. Ақылы толысып, есейген сайын екінші анасына айналған Күлзикенді «Апа» деп оны риясыз жақсы көріп кетті. Ескожа көкесінің шынайы қамқорлығын сезіп, кейде өзін соған қарыздар сезінетін. Бірде Ескожа соны білгендей:

– Үркінбай, карағым, сен маған да, басқаға да қарыздар емессің. Сен еліңе қарыздарсың, боздақ кеткен әкенің аруағына қарыздарсың. Сол үшін оқы, үлкен азамат бол. Мен сенен соны ғана сұраймын, айналайын. Осы сөзімді ұмытпа,—деген. Содан кейін иығынан ауыр жүк түскендей болған.

## 5. Қарақат тере барғанда

Ескожа мырза Қарқаралыда оқып жүрген Үркінбайды алып қайтуға жылдағыдай биыл да

Сейтқұл мен Сейпенді жіберген. Сейпен деген балуан денелі, шегір көзді аққұба адам еді. Өзі қалжақбас, үнемі көңілді жүретін самбырлаған адам. Жол бойы қысыр әңгіме айтып Сейтқұл мен Үркінбайдың шегін қатырып отырды.

– Әй, азаматтар! Жол қысқарсын, мен сендерге бір қызық әңгіме айтып берейін,– деді Сейпен, ерге бір жамбастай отырып.

– Айтыңыз, айтыңыз,– деді жолсеріктері қосарлана сөйлеп.

– Ертеде, мына біздің өлкеде, қулығына құрық бойламайтын Текебай деген адам болыпты. Өзі де малды-жанды екен. Бірақ ұры екен. Соны білетіндер одан аулақ жүретін болған. Бір жылы, ол уақытта ел жайлауға шығандап алысқа көшетін болса керек, соны білетін әлгі Текебай ерте көктемде елдің көші өтеді-ау деген тұсқа қонып алады екен. Жылдағы қадеті солай болса керек.

Содан не керек, жыл сайын жайлауға көшкен ел Текебайдың аулының тұсынан өтеді, өткен сайын мал жоғалады. Алланың әмірі, жасанып келген ұры-қара жоқ, әйтеуір, Текебай отырған тұсқа келгенде бірді-екілі мал қолды боп кетеді. Не сұмдық екенін біліп болмайды. Көші-қонның алдында байдың шабармандары келіп малшыларға «екі шоқып бір қараңдар, малға сақ болыңдар, түнде кезектесіп күзетіңдер» деп шаруа жайын ескертіп, құлақтарына құйып бағады. Бір жылы Текебай отырған ауылдың күн шығысын қиыстап, жазиралы өлкемен жылжыған көш малдан озып кетсе керек. Бұлардың айдап келе жатқаны кілек мүйізді ірі қара. Мал айдаған бақташылар, көк қуалай жүгірген табынды иіре жайып өндіре жылжиды. Бірін-бірі сүзіп ойнақтап кететін

тайынша-торпақ болмаса желіні салақтаған сауын сиырлар самарқау қозғалып, бастарын жерден алмай, кейде көк құрақты жаңа көргендей тастабандап жүрмей қалады. Жердің оты қаулап, көктемнің түлеп түрлене бастаған шағы. Тобылғы біткен гүлдеген кез. Бұлардан қойшылар кейіндеп келе жатты. Алғашқы күні өндіре жүрген малшылар күн еңкейе үшінші күні жолсоқты болып қажып қалған секілді. Текебайдың тұсынан әрі өтіп, барып қоналқыға бір сайлауыт жерге малды қоғап, сол жерге түнемек болады. Әнеукүнгі «малға сақ болыңдар» деген сөзді естеріне алған малшылар қазан-ошақтарын түсіріп, біреу ас-су әзірлеуге кіріскен, қалған екеуі табынды қоғап сай табанына иіріп байыздатып жүреді.

Сәлден кейін бақташылар кешкі ас-суларын ішіп, малды күндегідей екеуі демалып, біреуі ай туғанша күзететін болды. «Әлгі Текебайдан сақ болайық» десіп, күзетке жігіттердің мосқалдауы Жәмшібай кетті.

– Текебай, Текебай, деп қайдағы біреуді ертелі-кеш «бақылдата» бересіндер, келсінші өзі мықты болса, сойылмен сұлатып салайын,– деп Жәмшібай атқа қонды. Көзге түртсе көргісіз тас қараңғы түн.

Бұлардың Текебай дегені шынымен баукеспе болатын. Алайда, оның ұрлығы бөлек. Ол тартып әкетпейді, көзінді бақырайтып қойып, айдап әкетеді.

– Апырай-ә!– деді Сейткүл әңгіменің осы жеріне келгенде таңырқай түсіп.

Текебай алды дегенше «қолды малдан күдеріңді үзе бер» деген сөз. Сол күні ауыл іргесіне қонып жатқан мал айдаушылардың келгенін Текебай әзелден білген. Сонсоң түн жамылып айдың қараңғысында, мал айдаушылар жатқан сайға сүнгиді ғой. Бұл уақытта Жәмшібай күзетші аттан түсіп, беткейде жантайып, көктегі самсаған жұлдыздарға қарап жатса керек. Төніректе тырс еткен дыбыс жоқ. Сиырлар ыңқылдап күйіс қайырып, тым-тырыс түн құшағына мол сіңген.

Дәл осы кезде түн қараңғысын жамылып, баспалап келген Текебай ыңыранып күйіс қайырып жатқан қалың табынның арасына енеді. Жайымен малжаңдап жатқан үлкен бір бұқашықты мойнын қайырып байлап тастайды. Келесі сәтте әлгінің борбайының арасындағы салбыраған енін ішіне қарай кіргізіп түбінен қылмен тартып байлады. Осыдан кейін бұқашық, енді тартылған өгізше болды да қалды. Онымен де қоймай құйрығының үстіне өзімен бірге ала келген, сиырдың қоймалжың қиын бұқашықтың сауыры мен бір жақ мүйізінің үстіне баттитып жағады. Шаруасын бітірген соң өгізшенің басын босатып қоя берді. Қараңғыда бұқашықтың түр-түсін анық көрмесе де, үш жасар бұқа екенін білді. Шаруасын түгендесімен табынның ішінен табанын жалтыратады.

— Сонсоң не болды?— деді Үркінбай шыдай алмай тыпыршып.

— Е, шырағым, қудан кулық құтылған ба?! Текебай ұрының не бір кереметтері бар. Ешкім қолынан ұстамаған соң оны ұрысын деп айтуға

кімнің дәті барсын. Оның үстіне ол ерекше сыпайы, ашық-жарқын адам болған.

Сонымен құланиектеп таң атады. Көктемгі дала дидары кешегіден де құлпыра түскендей. Бақташылардың алды табынды таң бозынан қозғап жылжып жөнелген.

– Құдай сақтап, ит-құстан, ұры-қарадан аман шықтық, – деп жазық даламен жылжып жөнеледі ғой, мал айдағандар. Екі бақташы өрген табынның бағытын түзеп, ілгері озады. Күн көкжиектен құлаш бойы көтерілгенде арттарынан қуа жеткен ұзын бойлы өні күнге тотыққан қарасұр адам жоқ іздеуші екен. Жүзі жылы көрінген әлгі кісі бақташылармен емен-жарқын амандасып, жолдарын болсын, – деді. Содан соң айтқаны:

– Жоқ іздеп жүр едім, бір өгізшем бар еді үш жасар, ауылда жоқ сіздердің малға қосылып кеткен жоқ па?

– Жоқ, ақсақал, ондай ештеңені байқамадық. Айдап келе жатқан малымыз осы ғой, көріңіз. Бөтен мал көзге түспеді.

– Енді оқасы жоқ қосылмаса болды сіздерге, – деді. Бұл екі арада Садық деген бақташы сөзге араласып:

– Көріңіз, көріңіз, – деп елпеңдеді. Жоқ іздеуші табынды аралалмай-ақ, ат үстінен мойнын соза қарап келе жатты. Бақташылар да оған жалпақтап, «түр-түсі қандай еді» деді. Бұл уақытта Текебай түндегі өзі белгі салған өгізшені көріп келе жатқан.

– Бір, кез аяқ! Ой, бір тұрмайды ғой, тұрмайды, – деп. – Не дедіңіз, түрін айтасыз ба?



– Қызыл өгізше, тартылған мал ғой. Басқадай ен-таңбасы жоқ. Кісі алдап кәніккен кәзаптығына салып, «мәлік келгір» деп атының басын тартып: – Жолдарың болсын жігіттер, мұнда жоқ сияқты, – деп бұра беріп:

– Әй,.. анау, сол емес пе?– деп қалт тұра қалған ол суырдың ініндей үңірейген екі танауы делдиіп, қалың табынға сүзіле қарады. Екі бақташы да «Қайда, қайда? Қайсын айтасыз?» деп оларда табынға тесілді.

Текебай екі бақташыға бұрыла беріп:

– Бұл – мәліктің жүрмейтін жері жоқ қой. – Қарашы, әне бір құйымшағы былғаныш қызыл өгізше, –деді.

Садық бақташы Текебай айтқан өгізшені бірден көрді. Көрді де:

– Жоқ, ағасы, ол өгізше емес, бұқашық қой. Өзіміздікі, – деді.

– Қой, – деді Текебай. – Малға мал ұқсай береді екен-ау!– деп әуелгі ойынан тайқығандай болды. Сонсоң қызыл бұқашықтың артына сұғанақ көзін өткізе қарап:

– Әй, бауырым. Анаған дұрыстап қарашы, анау менің өгізшем, –деді.

Садық бақташы өз көзіне өзі сене алмай аңырайып қалды. Бұқашық емес өгізше, ені жоқ. “Қалай малға мал ұқсас болады, ә!” деп айран-асыр болды да қалды. Бұл уақытта Текебай бұқашықты табыннан бөліп айдап шыққан. Екі бақташы қызыл өгізшенің басына бір қарады, одан бұтының арасына қарады, күйектей дорбасы жоқ, өгіз.

– Ой, ғажап-ай! Өк, әй, қайт,– деп ұзап кеткен табынның соңынан желе жортып бара жатты.

Кейін барып білді оның өзінде үлкен бақташы малды түгендеген кезде қызыл бұқашықтың жоқ екенін, не келседе Текебайдан келгенін білді. Бірақ қалай!? Ол кәззаптың көз арбайтын бірдеңесі бар ма!? Екі бірдей бақташының көзін буып қоятындай сиқыршы ма?– деп таңырқап жүрді. Сөйтсе ол ұмыттырып, ұмытырып адамның басына келмейтін сұмдықты жасайтын нағыз баукеспе, айлакер екен. Тіпті сиырыңыздың мүйізін, жылқының түгін де өзгертіп жібереді-мыс.

Сейткұл мен Үркінбай Сейпеннің әңгімесіне таңдай қағып талайға дейін таңырқасты. Үркінбай атын тебіне түсіп:– Сейпен аға, айтыңызшы, әлгі әңгіменізде бір мән бар-ау, тегі,– деді.

– Ой, не мән дейсің әншейін ұрлық-та, – деді Сейткұл астындағы тор атты сипай қамшылап, бұларға жанаса жүріп.

– Бар. Бар болғанда қандай,–деді Сейпен, – бала дұрыс аңғарып келеді. Біреудің ақ адал дүниесін көзін бақырайтып қойып, аударып алудың басы бұл,.. түнде сенікі-тін, таңертең сенікі емес, сұмдық, ә!–деді.

Сәлден кейін жолаушылар аттарына қамшы басып, желе жортып қатты жүріп кетті. Ұзақ жолдың көбін артқа тастаған Сейткұлдар бүгін түс ауа ауылға жетіп жығылмақ.

Екі тәулік жол жүрген жолаушылар күн екіндіге құлағанда ауылға жетіп аттан түсіп жатты. Мырзаның тапсырған басқа да жұмыстарының

басын қайырып, базарға соғып Күлзикеннің тізімдеп берген керек-жарағын, қант-шай, кездеме сықылды бұйымтайларын алып, оралған беттері еді. Жолаушыларды тосқан ауыл адамдары әсіресе балалар жиналып қалған. Бәрі де жік-жапар аман-дасып жатты. Үркінбайды көрген ауылдастары:

– Үркінжан, ат көлігін аман ба? «Көрінген таудың алыстығы жоқ», демекші міне сен де азамат болдың,— деп оны құшақтап аркасынан қағуда. Үлкен үйдің алдында тұрған Күлзикен Үркінбайды мейірлене құшақтап, маңдайынан сүйіп:

– Аман-есен келдің бе, балам?—деді Үркінбайдың бас-аяғына көз жүгіртіп.

– Тәубе, апа, бәрі жақсы. Өздеріңіз аман-сыздар ма?

– Шүкір, карағым, дін аманбыз.

– Көкем ауылда ма?

– Ауыл арасында шаруамен жүр, келіп қалады.

– Үйге кір, жолдан шаршаған боларсың, шөлдедің бе?— деп баласының жағдайын тәттіштеп сұрап, – Мен дастарқан жасатайын, әуелі сусын ішіп ал, деп өзі үйге кірді. Осы кезде отау үй жақтан сыңғырлап күлген дауыс естілді Үркінбай солай қарай бұрыла бергенде, Сақып кішкентай Жолдыбекті жетектеп қарсы шықты. Былтырғыдай емес Сақыптың бойы сұңғақ тартып, белі қиылып, аялы жанары, алқоныр жүзі көз тартып, сымбаттана түскен. Кішкентайынан бірге өскен Үркінбайды көрген ол:

– О, Үркін, аманбысың?—деп бала жігітті жүгіре басып құшақтай алды. Үркінбай оның ағасы секілді болып өскенімен, ішкі жан дүниесінде Сақыпқа деген басқа бір сезімнің бүршік

жара бастағанын сезеді. Оқуда жүргенде де ол оны жиі ойлайтын. Санасында қыздың сұлу бейнесі ұдайы елес беріп ұмыттырған емес. Қазіргі сәтте де Сақып өзін құшақтай алғанда сырт көзден қысылып, абдырап қалған. Оның үстіне қыздың ыстық демі тұла бойын өрттей шарпып өткенде жүрегі кеудесіне симай өреки соғып, тұтығып, аузына сөз түспей қарадай киналды. Екеуі осылай кездесті.

– Қалай, жолдан шаршаған боларсың? Көкем айтқан «бүгін келіп қалар» деп. Оқуыңды тәмамдадың ба?– деп жарқылдап сұрап жатыр. Үркінбайда сөз жоқ.

– Не болған саған, көп оқып қойдың ба? Сөйлесейші, – деді қыз күлімсірей қарап.

– Жолдан аса шаршағам жоқ. Оқуды Алланың көмегімен аяқтадым. Сақып мұның үлкендер құсап, маңыздана сөйлеген сөзіне, қызыға қарап:

– Өзің есейіп кетіпсің ғой,– деді. Іле-шала ол да жүзін томсыратып, қабағын түйінкіреп:

– Ілім-білімнен молырақ үйренген шығарсыз, мырза,– деп артынша екеуі де қосыла күліп, мәресәре болған.

– Жолкен,– деді ол іле-шала, манадан бері екеуінен көз алмай қарап тұрған кішкентай ұлдың алдына тізесін бүгіп:

– Қалың жақсы ма?– деп Жолдыбекті құшақтап бетінен сүйіп: – Сен үлкен жігіт болыпсың ғой, оқу оқып жүрсің бе?– деп сұрады. Артынша оны жерден көтеріп алған Үркінбай бір қолымен Сақыпты иығынан тарта құшақтап үшеуі үлкен үйге кірді.

Сақып Күлзикеннен туған, Есқожаның ағасы Ғұмырсеріктің қызы. Екеуінің де әкелері ана жылғы қанды оқиғада шәйт болып кеткенде: біреуі үште, біреуі бес жаста еді. Содан бастап олар бір шаңырақтың астында сырлас, мұндас болып, ағайынды жандардай ойнап күліп қатар өсті. Сақып кішкентайынан Үркінбайға еркелеп айтқанын істететін. Үркінбай да оны бетінен қаққан емес. Әлі есінде, бірде ауыл осы Қосқұдыққа көшті, Үркінбайдың мінгені қаракер бесті, Сақыптың мінгені тор құнан өзі су төгілмейтін жорға. Тайпалап жөнелгенде шапқан атқа жеткізбейтін. Былайғы ел ол кезде де, қазір де Үркінбаймен Сақыпты қызбен жігіт демейтін, тіпті қазірдің өзінде ағалы-қарындастай көретін. Екеуі жарысып Қосқұдықа көштен бұрын келді. Қыстаудағы қоржын үйдің есік-терезесі жабық болатын, қашанда Үркінбайдың алдында жүретін Сақып сыртқы есікті ашып ішке кіре бергені сол еді әлде бір мақұлық алдынан зу ете түсіп, қораның түпкі жағына қашып кірді. Жаздай есіз тұрған қыстау ішінде не жүргенін кім білсін. Зәресі ұшқан Сақып Үркінбайдың артына тығылды. Үркінбай болса атсоғарын көтере ұстап, табалдырықтан аттай бергені сол еді Сақып:

– Барма, барма, қауып алса қайтесің. Барма! – деп безектеп етегінен тартып жіберетін емес.

– Көрейік, не нәрсе екенін. Мүмкін тышқан, мысық, күзен сондай болымсыз бірдеңе шығар. Әйтеуір, қасқыр емес, – деп Үркінбай иесіз үйге кірмекке бұрыла бергені сол еді, Сақып одан әрі безектеп, «бармашы керегі жоқ, қоркам», – деп үйдің есігін қайта жауып тастаған.

– Онда не істейміз, көш келгенше тығылыспақ ойнайық.

Бота көздерін төңкере қараған Сақып, «шын айтып тұрсың ба?» дегендей бұрылып кетті.

– Жүр одан да гүл терейік, деп қыстақтың сыртындағы төбеге шығып бара жатты. Бұл уақытта көштің алды Қосағаштың сыртындағы кең алқапқа жетіп тоқтаған еді.

Со жолы Үркінбай жүрегінің түпкірінде Сақыпқа деген бір қимас сезімнің барын аңғарды, бірақ оны қалай айтар – бірі аға, бірі қанындас сияқты өсті емес пе!? Есқожа көкесі мен Күлзикен апасы не дейді бұған. Үркінбай бұдан бұрын да жүрегін тулатқан осы бір ғажайып сезімнің жетегіне еріп талай рет мұңға батқан. Ойын билеп, жүрегін баураған Сақыпқа деген сағынышы бір сәтте басылмады. Бірде тәтті қиялға ерсе, енді бірде уайымға шөгіп қапалы күй кешетін.

Сол жылы Үркінбай жаздай ауылда болып, алаңсыз демалды. Өзімен бірге ала келген кітаптарын оқып, оқығандарын Сақып пен кішкентай Жолдыбекке әңгімелеп айтып беріп, кітап қызығына батып жүрді. Бір күні үйге келген Қабидолла мұғалім дастарқан басында отырып:

– Үркін, оқуың бітсе, осы ауылдың балаларына сабақты өзің берсейші,–деді.

– Мұғалім аға, менің оқуым әлі біткен жоқ. Сізге нақты көмекші мұғалім керек болса біздің Сақыпты алыңыз. Ол кітапты еркін оқиды, жазуы да жақсы. Балалардың сауатын ашуға қабілеті молынан жетеді,–деді. Үркінбайдың мына сөзін естіген Сақыптың көзі бақырайып:

– Үркі...інн, менің қолымнан келмейді,– ғой деп саскалақтап қалған.

– Неге келмейді, келеді. Жолдыбекке үйреткендей оларға да соны үйретесің,– деді ол сенімді түрде. Мына сөзді естіген Қабидолла мұғалім:

– Несі бар, жаны бар сөз. Тіпті табылған ақыл. Тәтем қарсы болмаса, Есаған келіссе... Менің қасымда жүріп, өзің де үйренесің, кішкентай балаларға да үйретесің. Табылған ақыл,– деп көтермелеп әкетті.

Сақып апасына қарап, көзі күлімдеп, бір жағынан күтпеген ұсынысқа ұялып, басын шайқады. Күлзикен қызының жүзіне сабырмен қарап: – Ұялма, жаным. Мұғалім ағаң да құптап отыр. Білмейтініңді үйренесің. Біз қарсы емеспіз, көкең қуанбаса ренжімейді,– деді.

Сол күннен бастап, Сақып сентябрьден бастап ауыл балаларына сабақ беретін болып, ертелі-кеш соған дайындалумен болды. Көзі жаутаңдап:–Үркін, ұятқа қалып жүрмеймін бе?– деп соған кәдімгідей алаңдай бастаған. Үркінбай қайтқанша Сақыпқа білгенін үйретумен болды.

Тамыздың соңында ауылдағы жасөспірімдер жиналып қарақат теруге барды. Оларға Үркінбай мен Сақып та ерді, сегіз-тоғызға келіп қалған Жолдыбек те бұлардан қалмады. Бәрі бір-бір құнанға мініп, ұбақ-шұбақ созылып, Кеңасудың шатқалын шарлап қарақатты сайға келді. Үркінбай мен Сақып елден бұрын келіп құнандарын тобылғының түбіне байлап, қарақат теруге кіріскен. Жыңғылдының сайы қарақатқа тұнып тұр екен, қалың қарақаттың қызығына кірген Үркінбай мен Сақып өзгені ұмытып, қарақат жеуге кіріскен.

– Үркінбай, қара, мына жақта қалың екен, бержакқа кел.

– Қай жерде?– деп Үркінбай солай қарай ұмтылды. Расында да, Сақыптың тұрған жеріндегі қарақат баданадай болып пісіп мөлдіреп көз тұндырады. Қарақаттың қызығына кіріске бұлар сайды жарып ағатын күміс бұлақтан су ішіп, қарақат теріп ұзақ жүрді. Улап-шулаған балалардың дыбысы шықпайды, бәрі бір-бір түп қарақаттың бауырына кіріп тергенін теріп, жегенін жеп, өзді-өзі әлек болуда. Бір кезде Үркінбай сабағын әзер көтеріп иіліп тұрған қалың қарақатты көріп:

– Сақыпжан, мынаны қарашы, керемет қалың, мөлдіреп тұр!– деді.

– Қане?– деп жүгіріп келген Сақып Үркінбай көрсеткен қарақатты сабағынан тістеп алмаққа мойнын созып, шиедей қызыл еріндерімен аузына түсіріп жатты. Сол сәт Үркінбайдың тұла бойы шымыр ете қалғаны. Сақыптың өрік жиектенген бота көздері, азырақ күн қақтаған аққұба өңі, қалың ағаштан сығалап төгілген күннің үт сәулесімен алкүрең нұрға малынып тұрғандай. Үркінбай Сақыпты тұңғыш рет көргендей әлдебір асау құштарлық бойын билеп: қызға тесіле, еміне қарап қалғаны. Сақып та соны сезді ме, жоқ, әлде басқаша ойда болды ма, ақсүйрек саусақтарымен қарақаттың бұтағын меңзеп: «Тағы да бері қарай еңкейтші» деді. Оған қарақатты қолымен үзіп алғаннан көрі аузымен алып жеген ұнаған секілді. Үркінбай қарақаттың сабағын оның ерніне жақындатып тағы бірнеше рет қайталап тұрды да, бір кезде қызды құшақтап ернінен құшырлана



сүйіп алды. Сол мезет Сақыптың өңі қып-қызыл болып, мұны күтпегендіктен аңтарылып қалған. Қандай күш кернегенін кім білсін, келесі сәтте өзін-өзі ұстай алмаған Үркінбай Сақыпты қапсыра құшақтап ұзақ сүйді. Сақып та оған қарсылық жасай алмай еркіне иіле берген. Сол күннен бастап екеуінің арасы алыстап кеткендей болды. Сақып Үркінбайды бұрыннан жақсы көретін, бірақ ол басқа сезім еді, енді бұл бұрынғы Сақып, ол бұрынғы Үркінбай болмай қалды. Қыз оны жеккөрейін десе жеккөре алмады, ал жақсы көру,.. ол қалай болады?.. Бұлар бір шаңырақтың астында өсті ғой. Қыз Үркінбайдың бұл үйге қалай келгенін біледі, солай болған күннің өзінде оны өзінің туғанындай көріп өсті. Сақып бойын билеген түсініксіз сезіммен ұзақ арпалысты. Өзінің ақыл-санасына көнбейтін асау сезім бойын билеп ерік-жігеріне ырық бермей жүрді. Біраз күннен соң Үркінбай оқуға кетті. Бұл күз түсіп келе жатқан кез еді.

Сол күні Сақып түнімен жылап шықты. Үркінбайдың ашаң жүзі, қара торы өңі, қалың қабағы түйіліп бұған: «Сақыпжан, кешірші мені» деп тұрған секілді. Сол күні құнандарына мініп қарақаттан қайтып келе жатқанда Үркінбай Сақыпқа жанаса беріп «Сақыпжан, кешірші мені, бұдан бұлай ондай болмайды» дегені есінде. Қазір де Үркінбайдың айтқан соңғы сөзі, қиналған жүзі, бәрі-бәрі көз алдынан кетер емес. Сақып сол күні өзі үшін емес, Үркінбай үшін жылады. Кетерінде оған бір ауыз жылы сөз айтпағанына өкініп жылады. Мүмкін бұл тағдыр шығар, мүмкін бұл екеуіміздің талайымызға жазған жазу шығар, деп ойлаған. Осындай ауыр оймен жағаласып жылдар

өтті. Үркінбайды ойламайын десе де ақыл-санасын билеп алған белгісіз күш оны ұмыттырар емес, қайта күн озған сайын жүрегін тербеген сағыныш оты күшейе түскендей. Жанары мұнға тұнып кішкентай Гүлшекерді жетектеп, үйден аулаққа ұзаққырап кетіп, үнемі ой үстінде жүретін кездері көп. Сол күндерден бастап Сақып қатты есейді. Қабидолла мұғалімнің қасында жүріп, балаларға сабақ оқытып, өзі де көп нәрсені үйреніп, ысыла түсті.

## 6. Қарақшының оралуы

Ұзамай алаңсыз күндер артта қалып, ел ішінде дүрбелең басталды. Ақпан төңкерісінен кейін ақ патша тақтан құлап, уақытша үкімет келді, кешікпей оның да күні тозып, үкімет тізгіні большевиктер қолына өткен соң, азамат соғысының аласапыраны басталып жүре берді. Соның салдарынан әкесі мен ағаларының өліміне кінәлі деген Қилықанның баласын іздеуге Ескожаның мұршасы келмеді. Сабылған әскер: бір күні ақ, бір күні қызыл келіп, ел іші әбігерге ұласты. Сондай күндердің бірінде Ескожаның аулына қару асынған солдат киімді топ сау ете қалды. Ескожаның ақ үзік үйіне баса көктей кірген ұзын бойлы қарабұжыр кісі төрге шығып, кеудесін кере шіреніп отырып:

– Мырза, әуелі сусын алдыр, содан соң шаруа жайын сөз қыламыз,– деді. Үні өктем, бұйыра сөйледі.

Ескожа өз адамдарына белгі берісімен, мейманға жүзін бұрып:

– Иә, жолдарыңыз болсын, қайдан жүрген адамсыздар?—деді.

– Біз, балшебектер партиясының маңызды тапсырмасымен жүрген шұғыл топпыз,— деп жан-жағына көз жүгіртіп алған қарабұжыр кісі, менің атым – Қаражан болады деді. Ескожа бұл адамды онша жақтырмаса да, бұлардың не ойлағаны барын білмекке сөздің ақырын тосты.

– Е,.. мынау баяғы Шағыр мырзаның аулы ма?—деді Қаражан алдына қойған тостақан толы сары қымызды еңсере ішіп, ауызын алақанымен сүртіп жатып. Ойына не түскенін қайдам, әйтеуір, маңғазданып, марқайып «Шағыр мырза» деп даусын құбылтып, астамсып сөйлеген.

– Иә, мырза, сол ауыл. Біздің әкейді біледі екенсіз ғой.

– Мен «мырза» емеспін, мені жолдас деңіз. Біз, партияның сарбазымыз. «Мырза» дегеннің күні өткен, ол сендерсіңдер,— деді көсемсіп кесілген қонақ.

Ескожа Қаражанның өктемдігін елемеген болып:

– Әкемізді қайдан білетін едіңіз?— деді көкейіне келген сұрақты ірке алмай.

– «Ел құлағы – елу» деген. Жаманат жерде жата ма? Марқұмдардың топырағы торқа болсын. Естідік қой, естідік. Бұдан көп жылдар бұрын болған оқиға еді. Бүткіл уезді шулатқан жайсыз жағдай-тын,— деп Қаражан өзіне тән әбжілдікпен іркілмей, бірде қиналған болып, бірде ойланған пішін беріп құбылып сөйлеген. Сондағы айтқаны: – Ол кезде үстем тап өкілдері өзін-өзі қорғай алмаушы еді. Ал, балшабектердің жөні басқа. Біздің партия, ондайға ешқашан жол бермейді,

халықтың мүддесін қорғайды, әрине, ең бірінші кедей таптың мүддесі қорғалады,— деп өзінше түйіп айтты.

— Е, шырағым, жолдас, не деуге болады,— деді Ескожа сабырлы сөйлеп, даусын соза түсіп: — Сол ұрылар таптырмады. Адамның қарғысынан құтылса да, құдайдың қарғысынан құтылмас: Құтылмайды да. Көп жылдар бойы соларды індетіп іздедім, еш белгі болмады,— деді тостаған толы қымызды қонақтарға алып беріп жатып, көз қиығымен Қаражанға сынай қарап, — Айтқандай, біреуін таптым. Ол — Қилықан деген жауыз, қулығына құрық бойламайтын кәзап,.. өкінішке орай, кездесе алмадық. Құдайдың қақары деген сол — шауып жүрген, жексұрын кенеттен жер құшқан екен. Неден болғаны белгісіз,— деп жайсыз жағдайды Ескожа зілсіз айтса да өзегін өртеген ыза-кек сыртқа теуіп тұрды.

Мына сөзді естігенде Қаражанның жаурынынан жылан жорғалағандай, өне бойы мұздап, денесі шымыр ете қалды. Аузына апара берген боз қымыз бір сәт қып-қызыл қанға айналып кеткендей, тостағанға түйіле қарап қалғаны. Сол сәт көз алдына баяғы Түндікті өзенінің бойындағы қанды оқиға елес беріп, біреу ұрлығын ашқандай іші-бауры қалтырап кетті. «Қилықан, өлген екен ғой. Қолға түспей өліп тынғаны да дұрыс болған. Енді кімнің кезегі екен? Қауымбектен қауіп жоқ,.. ол — кісі етін жеген қорқау, кәзап, Омбыға өтіп кеткен болар. Бәлкім,.. кім біледі, ол да топыраққа айналды ма?.. Қас қағым сәтте Қаражанның іші алай-түлей құйынға айналып, көз алдына Шағыр байды бауыздап өлтірген әлгі жантүршігерлік

оқиғаның елесі жарқ етіп: Шағырдың ақырған даусы мен қорқыраған дыбысы құлағына қатар келгендей болды. Тағыда денесі қалтырап бойын үрей буған Қаражан ізінше есін тез жиып:

– Сонымен, Есеке не болды, Қилықан жалғыз емес шығар, қасында кімдер болғанын айтпады ма? Сұрауын сұрағанымен қауіптеніп, үй иесіне ұрлана қарады.

– Қайдан айтады, мен ізін суыртпақтап тапқан кезде ол тіріде жоқ. Бірақ білемін, оның қасында үнемі бірге жүрген Қауымбек деген құзғын болған. Оны да жазықсыз жандардың обалы жібермес, тұқымы тұздай құрыр, жауыздар өңкей,– деді.

– Сол екеуі екен ғой. Оңбағандар!– деп жорта сайқалси сөйлеген Қаражан «тағы не айтар екен» деп Есқожаға сұқтана суық қарады.

– Жоқ,– деді Есқожа,– қонағының зәлімсіп отырғанын сезіп,– Екеу емес,.. олар, екеу емес,– деді басын шайқап.

– Енді нешеу?– деді Қаражан шыдамсызданғандай, көзі сығырайып, өңіне күлкіден көрі сайқалсыған түсініксіз кейіп жүгіріп, әлденеден қуыстанған секілді ме, әлде басқадай ойы болды ма, әйтеуір, Есқожаға тесірейе қарады.

– Олар жетеу, жеті қарақшы,– деді Есқожа қонағының жүзіне шегір көзін қадап, енді не айтар екен дегендей.

– А, солай ма?!..– деп басын шайқап, маңайындағы кісілерге көз қыдыртқан болды Қаражан.

– Иә, солай, іштерінде тағы да: Түйе, Сүйеу дегендері бар екен, оларды да іздеп жүрміз деді. Мына сөзді естіген Қаражанның маңдайынан

шыпшып тер шықты. Қолын тостақанға созған еді, кісі бауыздағанда былқ етпейтін қолы дірілдеп, тостақанға жетпей кері қайтты. Қасқағым сәтте Қаражанның қаны қашып, ес жинай алмай қалды.

Ескожа қонағынын бозарып-сасарған өңі мен дірілдеген қолын жіті аңғарып:

– Қымыз алыңыздар, жолдастар. Жалғанды жалпағынан басып жүрген хан да, қара да, қандықол қаракшы да, құдайдың жазықсыз пендесін жылатқаны үшін жазасын тартары қақ. Ерте ме, кеш пе, олар да біз секілді сорлайды. Ренжіменіздер, бұл әңгімені бастайын деген ниетім жоқ еді. Сіз сұраған соң айтқаным ғой, ғафу өтінем.

– Қымыз алыңыздар, қымыз алыңыздар,– деп сөздің ауанын басқа арнаға аударды. Қаражан Ескожаның аулынан күдіктеніп аттанды. «Бұл найсап, бірденені сезген... Түйе мен Сүйеудің де атын айтты. Сонда бұл не біледі? Бірденені бүгіп отыр ма?» деп іштей күдік қылды Қаражан. «Кәпірдің қарғысы не деген жаман» деп көпке дейін Ескожаның әлгіде айтқан: «Адамның қарғысынан құтылса да, құдайдың қарғысынан құтылмас, тұқымы тұздай құрысын!» деген сөз құлағында, төске ұрған балғадай, шыңылдап тұрып алды. Содан құтылғысы келгендей атына қамшы басып, соңына ерген сарбаздарына жеткізбей оқ бойы озып кетті. Қалғандары оны қуып жетеміз деп аттарына қамшы басып далақтап шауып бара жатты.

Алды-артына карамай, астындағы күрең қасқа аттың бар пәрменімен жүйткіп келе жатқан

Қаражан, сол бір қарақшы топқа қайдан қосылғанын есіне алып, алғаш рет соған іштей өкінгендей болды. «Бекер болды-ау?» деген бір пұшайман ой санасында жылт етті.

Сол-ақ екен: – Бекер ме, бекер емес пе? Енді оған бас қатырудың қажеті қанша? – деді ішіндегі қатыгез Қаражан бас көтеріп.

Сол сәтте көз алдына Қауымбек баяғы «Қау» ағасы каскиып тұра қалды. Бәрі содан басталып еді-ау. Ол мұны «Қара дейтін. Жаужүрек батыр» дейтін, қолпаштап, әрине.

Ол кезде Қаражан жас еді. Семинарияда оқып жүрген жасөспірім кезі. Бір күні көлденеңнен кездесіп қалған төртбақ шымыр денелі жігіт мұнымен шүйіркелесіп амандасты. Өзін Қауымбек деп таныстырған ол сол күннен бастап, Қаражанды жақын тартып, туысындай араласып кетті.

Сол күннен бастап Қауымбек мұнымен жиі кездесіп жүрді. Тіпті іздеп келетін. Келе-келе қасына ертіп, бірге тамақтанып, әңгіме-дүкен құратын. Кейде Қаражанға көмектескен болып қалтасына аздаған тиын-тебен беріп жүрді. Сөйтіп жүрген де Қаражан өзінің ұрлыққа қалай кіріп кеткенін, білмей де қалған. Қау ағасы мұны қасынан қалмайтын достарымен таныстырды. Олар әлгі: Түйе, Сүйеу, Жиман деген аламандар еді. Елігіп алған аламан топ жаз шыға жол торып, сауда-саттық жасайтын керуен тонап, ең дүниеге кенелетін болды. Осылайша, мысқалдап кірген мыстан ұрлық қарақшылыққа, қарақшылық қаныпезерлікке Қаражанды алып барды.

Қаражан өзінің өткен өмірін ойласа уайым шегердей өкініш жоқ сықылды. Кісі өлтіргенін

ерлікке балайтын. Қауымбек, (Қау ағасы) айтатын: «жауды аяуға болмайды, жауды аяған ажал құшады» дейтін. Сондықтан ұрлық жолында аяушылық болмауға тиіс деген сөз бұлардың санасына әбден сіңген.

Ол кезінде Қаражан да өткір, ер еді. Тіпті Шағыр байды бауыздап тастағанда кірпік қаққан жоқ-тын. Ең алғашқы жорықтан оралғанда Қау ағасы Қаражанға мүйіз сапты қайқы қанжарды сыйға беріп, енді сен «жаужүрек Қара» боласың деді. Содан бері мүйіз сапты қанжар оның бас қаруына айналған. Со мүйіз сапты қанжармен талайды жер қаптырғанын ерлік санаған-ды. Шынында да солай ма, әлде мұныкі қате ме, Қаражан оған ой тоқтатқан емес.

Осы мелісаға жұмысқа тұрғаннан бері, өзіне қанат пайда болды. Құдды бұрынғы машығына қайта оралғандай. Мұнда да ешкімді аяуға болмайды екен. Жауға қаталдық, темірдей тәртіп, жоғарыға сөзсіз бағыну, тапсырманы бұлжытпай орындау мүлтіксіз міндет. Содан бері асығы алшысынан түсті. Өткенде жоғарыдан келген бастық айтты: партияның жауларымен ымырасыз күрес жүргіземіз, нұсқау тосып отырмыз, соған сақадай сай болыңдар, деп қауашағына құйып кеткен.

«Со кезде көреміз, Есқожа мырза сені қандай құдай қорғап қалар екен, қарғысың кімге жетер екен»,— деп манадан бері жүйкесі жүнжіген Қаражан енді ғана ес жиып, сонынан ерген жасағын тосып, артына қарайлады.



## 7. Кәмпеске

72

«Ірі байларды құлаққа тартады екен, мал-мүлкі тәркіге түсіп, кәмпеске болады», деген гу-гу сөз шыққалы Есқожаның көңілі алаң. «Алдағы күніміз қалай болады?»– деген қауіп пен күдік жанына тыншу бермеді. Әлдебір жамандықты ішкі жан дүниесі сезетіндей ме, әйтеуір, мазан күй кешуде. Ол тіпті өзі үшін де емес, шиеттей балашағасы үшін қорқады. Сол күні таң елең-алаңнан тұрды. Жатып барқадар таппаған соң, кішкентай Гүлшекердің маңдайынан иіскеп, орнынан ақырын тұрып киіне бастаған. Күлзикен отағасының әлденеге алаң екенін сезіп, басын жастықтан көтеріп алды. Есқожа оған әлі ерте жата тұр, деп тысқа шығып кеткен.

Ауыл үсті таңғы тәтті ұйқыға бөгіп маужырап тұрғандай. Шығыс көкжиек бозамық нұрға боялып, сахараның тағы бір шуакты таңы сібірлеп келе жатты. Есқожа ауылының осы бір момақан, беймарал қалпына сүйсініп ұзақ қарады. Өзі ес біліп, етек жапқалы ауылының осыншалық сұлу монтана сыйпатын көрмеген секілді. Таңғы барқыт леп есіп, даланың жұпар исі тынысын кеңейтіп, еңсесін басқан ауыр ойдан арылтқандай болды. Көсілген Көкүйірімнің кеңдігіне сүйсініп көз алмай көп тұрды.

Есқожаның күдігі бекер болмады, күн көтеріле Қаражан бастаған меліса адамдары сау ете қалды. Келе ауылдағы елді иіріп алған Қаражан Есқожа байдың бар мүлкі совет үкіметінің меншігі, яғни кедейлердің дәулеті,— деп өкіметтің қаулысын жария етті. Сол сәттен бастап, байдың

мыңғырған малы: үйір-үйір жылқы, отар-отар қой ауылдың үстін ала шаңға орап ауданға қарай жосыла айдалды; мөңіреген, кісінеген төрт түліктің азан-қазан даусы тыныш өмірдің салтын бұзып, Сақара төсінде бұрын сонды болмаған жаңа дәуірдің дүрбелеңін алып келді.

Байдың бар малы тәркіленіп біткен соң, кезек Ескожа мырзаның жиған-терген мүлкіне түсті. Баяғы Шағыр ақсақал отыратын байдың ақ үзік үйінің ішіндегі мүліктер: алтын, күміс, бағалы заттарын Қаражанның өзі жеке тәркілеп, кедейдің үлесіне ұсақ-түйекті қалдырды. Тіпті он екі канат киіз үйдің өзі де туырлығы, түндігі, үзігі керегесі мен уығына дейін эп сәтте жоқ болды. Одан соң Күлзикеннің отауына ордандап кірген Қаражан, оны да түгендеуге кірісті. Ең әуелі төрде тұрған үкілі құндыз бөрікке көзі түскен ол мынау кімдікі деп сұрады. Маржан моншақтары көз қаритын үкілі бөрікті қолына алған Қаражан бөріктің тылсым сұлулығын түсіне алмай «мынау кімдікі деймін?» деп аулынайға шүйілді.

Осы үйдің бойжеткені Сақып қыздың бөркі екенін айтты ол. Әдемі бөріктің иесі кім екенін білгісі келген Қаражан, бөрікті қолына алып: – Қайда ол қыз?– деді.

– Мен, мындамын,– деді Ескожаның қасында тұрған Сақып ұяндау үн қатып.

Қаражан жендет қыздан бір мезет көзін ала аламай қалды. Қыздың сәукелесін жеке қапқа салғызды. Күн екіндіге құлағанда у-шуға малынған ауыл үсті саябырлып, сәл басыла бергенде жендеттер Ескожа мен Нұрқожаны және Ескожаның бәйбішесі Балкенді тұтқындап, айдап

әкетті. Артына қарайлаған Ескожа: «Тірі болсақ көрісерміз, болмаса қайыр-қош болыңдар» деп жылап қоштасқан-ды. Әйелдері: Балкен мен Күлзикен зарлап дауыс айтты. Сонда Ескожа:

– Күлзикен, жылама, сабыр сақта; балалар жас қой, солардың жаныда бол, Жолдыбегіне, Сақып пен Гүлшекерге ие бол; Үркінбаймен хабарласып тұрыңдар, бәріңді бір құдайға тапсырдым. Қандай уақыт болады, бәрі Алланың қолында. Артық-кем ренжіткен күнім болса кеш. Екі дүниеде саған ризамын»,– деп егіліп қоштасты.

...Қолдары қайырып байланған тұтқындар ұзақ жүрді. Ай туып жұлдыздар жамыраған шақ. Таңдайлары кеуіп, тілдері ауыздарына сыймай қаталаған тұтқындар таң алдында баяғы Түндікті өзенінің маңына жақындады. Ауыр азапты көтере алмаған Балкеннің аяғы-аяғына шалынып, эзер-эзер сүйретіліп келеді. Көп уақытқа дейін Ескожа мен Нұрқожа шаршаған әйелді қолтығынан демеп отырған. Мылтық кезенген айдауыл анда-санда бишігін ысқыртып, ақырып «Тез жүріңдер, аяқтарыңды басыңдар!» деп зіркілдеп, үрейлерін алуда.

Күн көтеріле жүруден қалған Балкенді Ескожа арқалап алмақшы еді айдауыл деген ақырып, қамшы үйіріп:

– Таста! Әйелде нең бар!– деп аттың баурына алардай зіркілдеді. Бірақ Ескожа оның айтқанына көне қоймады: «Өлтірсең екеумізді осы арада бірге өлтіріп кет, өйтпейді екенсің бөгет болма», деп өзегі талып, қалжыраған әйелін арқалап отырды. Балкен оған сыбырлап: – Мырза, әуре болмашы,.. мені осында қалдыр,.. тәңір жарылқасын, сізді,– деп әлсіз күбірлеп, өтінген.

– Жок,– деді Ескожа, – Не көрсек те құдайдың жазғанын бірге көреміз,– деп әйелін жолға тастамай еңкейіп алға ілби берді.

Олар күн сәскеге тырмысканда шаршап-шалдығып Түндікті өзенінің бойына жетіп құлады. Өзеннің сылдырлап аққан дыбысы қол созым жерден естіліп тұр. Аттан түскен айдауыр, Ескожа мен Нұрқожаның қолдарын қайырып байлап жатты. Сол сәтте Ескожа бар әлін жинап:

– Әй, мұсылмансың ғой, ана өзеннен бір жұтым су ішкіз, адамның баласы болсаң,– деді. Айдауылда үн жоқ.

Дәл осы кезде өзен қабағынан Қаражан шықты. Басына киген қызыл жұлдызшасы бар қалпағын түзеп, үстінің шанын жүре қағып, бұларға жақындап келе жатты. Оны көрген Ескожаның бойы мұздап сала берді. Бұл ит қайдан шықты? Мынаның жүрісі не деген суық,.. сұмдық-ай! Мына ара баяғы әкесі Шағыр мырза қарақшылардың қолынан қаза табатын ойпаң,.. Апыр-ай, ә! Тура сол ара. Тегін емес, не ойлағаны бар,.. бұ сұмның?.. Сөйткенше болған жоқ қарсы алдарына келіп талтайып тұрған Қаражан:

– Ескожа мырза, сіз екеуміз кездестік қой ақыры. Ескожа Қаражанның жүзіне тесіле қарап:

– Кездескені қалай? Кеше ауылда болдың емес пе? Менің бар байлығымды талан-таражға салдың. Енді өзімнің жанымды алайын деп тұрмысың? Шамасы солай ғой.

– Сен ақылды адамсың, Ескожа. Не істейтінімді біліп тұрсың, өйткені сен совет үкіметінің жауысың. Ал бізге, өкіметке жау керек емес. Айдауыл, мынаның қатынын алып кет,– деді.

– Қайда апарасың? Нең бар о да,.. тиіспе,– деп Есқожа ара түсерге шамасы келмей, қанша жұлқынса да, қол-аяғын қыл арқаннан босата алмады. Балкенді айдауыл дырылдатып аулаққа сүйреп әкетті.

– Мырза, қорықпаңыз. Енді сізге қатын керек болмас,– деп мысқылдап, тапаншасымен Есқожаның кеудесін түрткіледі Қаражан. Осы кезде мылтық даусы гүрс ете қалды.

– Балкен!– деп жанұшыра, айғай салды Есқожа.

Мына сұмдыққа шыдай алмаған Нұрқожа жұлқынып:

– Ей, сен, не деген қанішер, құзғынсың! Әкеңнің,– деп Қаражанды тілдеп, боқтап, оған кіжініп, –Көзіңді құртамын сенің,– деп жұлқынды. Балкеннің шаруасын жайғап келген айдауыл, «енді не бұйырасыз» дегендей бастығына қарады. Соны сезгендей Қаражан:

– Көрдің бе? Естідің ғой, айтқан сөзін. Совет үкіметіне бағынбай, қарсылық танытқаны үшін бұл оңбағанды қарауылға алыңыз. Атыңыз!– деді. Мылтық даусы гүрс ете қалды Нұрқожаның балғын денесі кескен теректей сылқ етіп құлап түсті.

Мына сұмдыққа шыдай алмаған Есқожаның басы айналып, іші-бауыры мұздап кетті. Өңі сұп-сұр болып, көзі қанталдап, Қаражанға қадала қараған ол аузына сөз түспей қалды. – Адамның өмірі бұған ойыншық болғаны ма!? Не сұмдық мынау?!– деп шыңғыра айғайлады. Артынша тұла бойын діріл билеп өзін эзер игерген ол:

– Саған айтатын бір ауыз сөзім бар, соны тыңда,– деді.

– Айт, айт, тыңдайық. Бірақ сенің жаныңды қалдырады деп ойлама.

– Жаныма сауға сұрамаймың,– деді Ескожа өні сұп-сұр болып. – Бұдан он алты жыл бұрын дәл осы арада, менің әкем Шағыр ақсақалды, ағаларымды бауыздап өлтірген сенсің. Сен со кезде де қарақшы едің, кәзір де қарақшысың: Совет өкіметі сенің ненді алған, қанды қол қанішерсің. Қанішер. Құдай жазанды берсін сенің, қанішер, қанішер,– деп айғайлады. Ізінше тарс етіп тапанша атылды. Ескожаның даусы тына қалды.

Құлап барып қос тізесімен шөкелей отырған Ескожа:

– Қанішер, қарақшы, құдай жа,..зза,..– деп әлгі сөзін қайталай берді. Мылтық даусы тағы да іркес-тіркес атылып, Ескожа да қарақшының қолынан мәңгіге көз жұмды.

Ескожаның әлгідегі айтқан сөзін естіген айдауыл Қаражанға қарап көз алмай қалғаны. Соны сезген Қаражан: – Мыналардың қол-аяқтарының байлауын шеш,– деп бұйырды. Айдауыл жігіт бастығының бұйрығын орындап бола берген де Қаражан оны да атып тастады. Сөйтті де, айдауылдың қаруын алып, атын жетектеп қанды қырғын болған жерден желе жортып, алыстап бара жағты.

\*\*\*

...Өзен қабағындағы шашырай өскен шіліктің тасасына Балкенді сүйрелеп әкелген айдауыл, әуелі әйелдің қолын шешіп, ағаштың түбіне итеріп тастаған. Онсыз да болдырып, аяғынан эзер тұрған әйел шіліктің түбіне құлай кеткені сол еді, дәп

кұлағының түбінен гүрс етіп атылған мылтық даусынан шошынып, көзі шарасынан шыға айғай салды.

– Жап аузыңды,–деп қарулы жігіт оны мылтықтың дүмімен гүрс еткізіп ұрып түсірген. Ауыр сокқыдан әйелдің есі ауып, қимылсыз қалды. Айдауыл Балкенді атып тастаған секілді-тін, бірақ атпаған еді. Бәлкім аяды ма, әлде, осы соқыдан да аман қалмас деп ойлады ма,.. о жағы белгісіз,.. Балкен көзін ашып, есін жиғанда өзінің тірі екенін білді. Әйтсе де, басын көтере алмай, денесі ауырлап ұзақ жатты. Мұнда неге жатқанын да көпке дейін ойына түсіре алмай, көзінің қарашығын жан-жаққа қыдыртып маңайды шолған болды. Мысқалдап бойына әл жиып, сәлден соң, кеудесін көтеріп:

– Апырмау, мен осы қайда жатырмын? Мұнда қашан келгенмін?– деп есіне ештеңе түсіре алмай қиналды. Ақыры орнынан сүйретіле тұрған әйел, шіліктің тасасынан әуелі басын шығарып төңірекке көз жүгіртті. Дыбысын шығаруға жасқанып, жан-жағын тінте қарады. Қорқатын ештеңе жоқ, тәрізді. Өзінен желі бойы жерде бірдененің қарауытқан сұлбасын көріп солай қарай сүйретілді. Басы зеніп, көзі қарауытып, бұлдыраған нәрсенің анық не екенін бажайлай алмады.

Жақындап келгенде байқады, манағы өзін маңдайынан ұрып құлатқан айдауыл. Балкен одан қатты сескеніп, екі қолы ербендеп «ойбай, ойбай» деп шегіншектеп кеткен. Сөйтсе, әлгі айдауыл шөкесінен түсіп, Есқожаның кеудесін басып жатыр. Күйеуімді «өлтіргелі жатыр» деп ұққан Балкен «Есқожа, Есқожа!»– деп жүгіріп келіп, айдауылды Есқожаның үстінен тартқылап аударып

тастады. Ескожаның өңі көгілдір тартып, көзі аларып, аулаққа қарап қалған. Оның қасында Нұрқожа ұзынынан сұлап жатыр, оның да көзі әлдеқайда тесіліп, кірпігі қозғалмай бадырайып тұр. Бұларға не болған?—деп әуелгіде түсіне алмай қалған әйел күйеуінің түріне қарап мөлііп отырды. Кенет баж етіп айғайлап жіберді.

— Ескожа, Ескожа, саған не болды, мырзам-ау?!—деп өкіріп жылады. Ескожа мен Нұрқожаның өлі денесін құшақтап иесіз өлкені басына көтеріп зарлаған Балкен әлден уақытта есеңгіреп қалған.

Қатігез күн ұясына қонып, төңірек мылқау түннің құшағына енген. Әйел күйеуінің жансыз денесін құшақтап, сұлық жатты. Анда-санда күбірлеп, «мырзам-ау, тұрсаңызшы»,— деп бірде ыңырсып, бірде «ухлеп» сандырақтай берді.

Ол келесі күні таң ата оянды. Басын көтергенде өңі сұрланып, еріндері кезеріп, екі көзі аларып, маңайына шатынай қарады. — Қарасан келгірлер,— деді тұра сала,— осы ауылдың сиырлары-ақ жапалап, үйдің маңын былғап бітті. Әрі қарай, аулаққа айдап тастандар, мәліккелгірлерді,— деп екі қолын бүйіріне таянып, иесіз өлкеде жападан-жалғыз айғайлап тұрды.

— Мырза, мен шай қояйын, сіз тұрып жуыныңыз,— деді. Соны айтты да өзі өзеннің қабағына қарай, қайқандап, тез-тез жүрді. Басы қалтақтап, әлдекімге ұрсып бара жатқандай. Сылдырлап ағып жатқан өзеннің жайпақтау қабағына келіп, аяғын шешіп суды жалдады.

— Ту, адырақалғыр, қайнап тұр екен-ау... әй, оңбағырлар-ай,...құдай жазаларыңды берсін!— деп басы қалтақтап, суды кешіп келіп бетін жуып, су



ішті. Сонсоң «қой, мен мырзама сусын апарып берейін» деп өзенді жалдап, ағысқа қарсы жүре берді. Өзен суы бірте-бірте тереңдеп, әйелдің кіндігінен жоғарылап судың ағысы күшейе түскен. Сәлден кейін бишараның орамалы ған су бетінде калқып, ағысқа ілесіп бара жатты.

Түндіктің бойы тағы бір қанды оқиғаның сырын ішке бүгіп, ескен желмен егіліп тұрды.

## 8. Қой жылы, Қосағашта

Қой жылы. Қосағаштағы, баяғы Есқожа байдың аулы. Күн желтең еді. Құтырынған құйын жердің шаңын көкке көтеріп, ақ тозаңды боратып тыншыр емес. Ызыңдаған мазасыз еспе жел сазарған даланың бетін тырнап, бірде басылып, бірде құтырып бебеу қағады. Қосағаштың басында Есқожа байдың заманында өз қолымен шикі кірпіштен тұрғызған баяғы үлкен үй қалқып тұр. Заманында еңсесі биік, айбарлы көрінетін байдың үйі қазір жұпыны тартып, тіпті аласарып кеткендей. Есағанның үйінен әріректе, анау жылдары Сақып пен Үркінбай оқыған мектептің нобайы қарауытады, ол заманда мектептің де еңсесі асқақтап, салтанаты көз қарып тұратын. Уақыт желі оны да мүжіп шөктіріп жібергендей ме, қалай? Ескі мектеп те жетімсіреп тұрған секілді.

Үркінбайдың көңілі алабұртып ауылдына жақындаған сайын ойына Сақыбы орала береді. Жанын жай таптырмай мазаң күйге бөлеген – сүйікті Сақыбы еді. Осы жолы оны өзіммен бірге алып кетсем деп ер-тұрманын сайлап, арнайы жетек ат ала шыққан. Бірақ жігіттің бұл тілегін қыз құптар ма, апам не дейді, ризашылығын бере

ме? «Одан бұрын, әуелі осының бәрін апама қалай түсіндірем?» деген қаумалаған сауалдар тығырыққа тіреген. Үркінбай бұл жөнінде талай ойлаған, қанша ойласада таразының басы Сақыпқа ауа береді. Тағдырына балаған сүйіктісінен бастартқысы жоқ. «Апам рұқсатын беретін болар» деген желком үмітке сүйенеді. Кішкентай кездерінде Күлзикен апасы Сақып екеуін екі жағына отырғызып, ертегі айтып беретін; екеуін бірге жетектеп мейіріміне бөлеп жүретін, ол бір алаңсыз, бақытты күндер еді. Сол қамсыз-мұнсыз күндері көз алдына келсе болды Үркінбайдың жүрегі жылап, «анашым, апатайым, бізді кешір» деп күдікке көміліп, іші егіліп жүре береді.

Үркінбай үй іргесіне келгенде байқады, ауыл маңында тырс еткен дыбыс жоқ; Қыбыр еткен мал тұрмақ, үрерге ит көрінбеді. Ертеде Қосағаштын сыртындағы Көкүйірімде байдың аулы жазда жайлауда отыратын. Бие байланып, желіні керген құлындардың даусы мен дүркіреп өрген төрт түліктің азан-қазан дабыры, тіршіліктің қан тамырындай маң даланы маздатып көрік беріп жататын. Соның бәрі сап тиылып, даланы кезген соқыр құйын ғана ерсілі қарсылы ебелек қуып, жүдеген өңірде жүген ұстап, жөңкіліп жүргендей.

Көркі қашып, еркі тұсалып, салтанаты сап тиылған аулына Үркінбай келді. Бұл оның Омбыдағы оқуын бітіріп, Семейге қызметке кірген кезі еді. Аулының сыйқын көріп, жүрегі сыздаған Үркінбай ауыр күрсінді. Жалғыз бұның ауылы емес, Семейден шыққалы көріп келеді; жол бойы, жадап-жүдеген ел. Кешегі мал бағып, мамыражай тірлік кешкен көшпелі қазақтың көбі малдан

айырылып құрық ұстап қалған. Көркі тайған аулына жақындаған сайын Үркінбайдың көңілі құлазып:

– Құдай-ау, өзі үйдің іші аман болса екен?! – деп аттан түсіп жатты. Осы кезде үйден жүгіре шыққан Жолдыбек:

– Үркінбай!–деп қуана айғайлап ағасын қапсыра құшақтады. Жолдыбектің Үркінбай деген даусын естіп үйдегілер де елеңдеп қалған. Күлзика шешесі:

– О, жасаған ием, өзің жар бола көр! Құлыным, аман есен келді ме?!– деп жүрегі елжіреп, баласын көргенше асықты. Сақып та шыдай алмай үйден жылдам шықты:

Осы күнде ерекше тосқан жанның бірі – Сақып еді. Үркінбайдың атын естігенде Сақыптың жүрегі өрекіп үйден қалай атып шыққанын білмей қалған. Әуелі ойына келгені: «Қандай болды екен, маған не дер екен?!..» деп көңілі алып ұшып, алабұртып Үркінбайдың аттан түскенін, жетегіндегі ерттеулі атты қазыққа байлағанын, Жолдыбек екеуінің құшақтасып амандасқанын – бар, бар қимылын калт жібермей есік көзінде қадала қарап тұрды. Баяғы бала күнгідей тұра жүгіруді ыңғайсыз көрді. Ана жылдағыдай емес, Үркінбайдың бойы өсіп, кемел жігіт болған. Үстіндегі киімі де өзіне құйып қойғандай жарасып тұр. Жолдыбек екеуі құшақтасып бері жүрді. Үркінбай Сақыпты көргенде жүрегі тулап, бойын билеген қуанышын да жасыра алмай, аксия күліп қызға жақындай берді. Сақыптың жүзі бал-бұл жанып, құшақтай алғысы келіп өзін-өзі әзер тежеп:

– Ат-көлігің аман ба?– деді.

– Рақмет! Туған үйіміздің босағасын сағынып, жеткен бетіміз осы. Ауыл аман ба? Апамның қал-жағдайы жақсы ма?– деп қыздың қолын алып, маңдайынан сүйді. Сол сәтте Сақыптың көзі мөлдіреп, жүрегі бір түрлі елжіреп кеткендей; Жанарынан ыршып ыстық жас шықты. Соның бәрін Үркінбай қапысыз аңғарды. Қыз жүрегіндегі сағыныштың қаншалықты аяулы екенін сезіп, жанарымен аймалап Сақыпқа мөлдіреп қарап қалған. Сол сәтте Сақып:

– Апам, үйде,– деп көзіндегі жасты саусағымен іліп тастап, есік ашып Үркінбайды ішке өткізді. Жолдыбек жетек атқа артқан үлкен қоржынды аркалап үйге кіргізген. «Үркінбай, мынаған не теңдеп алғансың өзі» деп қояды. Қоржынға бірінші жүгірген Гүлшекер «аузын аш» деп тырмалап жатты. Әкелген базарлығы: май, шай, қант, кәмпіт, ұн, қысқасы тамақ екен. Ел іші ас судан тықырлап отырғанын білген ол «Қосағаштағылар да оңып тұрмаған болар» деп жетек атқа қоржынның екі басын толтырып азық-түлік салып алған.

Сол күні олар мәре-сәре болып, бір жасады. Бауырсақ пен шелпек пісіріп, әруақтарға бағыштап құран оқып, жүздеріне нұр жүгірген. Әкелері ұсталып кеткеннен соң, бастарынан не бір ауыр күндер өтіп жатқан қайғылы кез еді. Үркінбайды көріп, жоғы толып, көңілдері орныққандай жадырап қалған. Кешкі астан соң Күлзикен апа «Гүлшекерді ұйықтатайын» деп жатып қалған. Үркінбай, Сақып, Жолдыбек – үшеуі көп сөйлесті. Өмірсерік пен Әділсерік ағаларының балаларының қайда екенін сұрастырды. «Балапан басында,

тұрымтай тұсында» демекші олар да жан-жаққа шашырап кеткен. Әділсеріктің үлкен ұлы Әскен Қонырат деген жерде жұмыс істейді, жағдайы жаман емес екен. Бұлар соны естіп қуанды. Соны сағалап, Қоңыратқа қарай көшіп кетсек деген ой Жолдыбекті елең еткізген. Үркінбайға соны айтып еді ол қарсы болған жоқ. Қайта ол бұл жақтан, уақытша болса да, өндірісті өңірге қоныс аудырғанды құп көрді. «Келешекте мен де солай қарай жылжымын, бәріміз бір жерде болайық» деген. Бұған қатты қуанған Жолдыбек «мұны апама айтайын» деді. Үркінбай: – Оны қоя тұр, одан да маңызды шаруа бар, оны ертен айтамын, – деп Сақыпқа бұрылған. Оның не айтқысы келгенін Жолдыбектің іші сезді, «Сақып екеуі туралы шығар, басқа не болуы мүмкін?.. «Апам қалай қабылдар екен, не дер екен? Қарсы болмаса екен»,– деп көпке дейін соларды ойлады.

Үркінбайдың басы жастыққа тигенсоң да талайға дейін жүрегі алып-ұшып, дөңбекшіп жатты. Сақыптың салып берген төсегінен аса бір жылылықты, өзгеше мейірім мен сүйіспеншілікті сезіп жаны ерек жадыраған; Дастарқан басында отырғанда көздері түйіскен сайын оның өзіне деген сарғайған сағынышын көріп жүрегі елжіреген-ді. Қазір де соны ойлап ұзақ таңды көзбен атыратындай қараңғы үйде кірпігі айқаспай жатқаны мынау. Бағана өскен үйінің табалдырығын бірінші аттағанда даңғарадай үйдің бар мүлкінен ада боп, бөлмелерінің қаңырап қалғанын көріп көңілі құлазыды. Тіпті мына өздері жатқан төр бөлменің еденінде жалғыз текеметтен басқа дүние қалмаған екен, баяғы сықаған: торғын көрпе, құс жастық, әшекейлі абдыра, жүк аяқ,

масаты кілем, өрнекті түскиіз, оюлы сырмақ, қасқыр ішік, бұлғын ішік секілді неше түрлі бұйымдар жып-жылмағай жоқ. Соның бәрі Сақыпжаны еденге салып берген төсегінің қасында түкке тұрғысыз көрінген. Соны сезген сайын көңілі кәдімгідей масайрап, жүрегі алып ұшып, қараңғы бөлмеге симай басын жастықтан көтеріп алды. Тұрып далаға шыққысы келді, Жолдыбек қалың ұйқыға кеткен.

Ақырын орнынан тұрған Үркінбай жеңіл киініп далаға шықты. Жұлдыздар самсаған түнгі аспан. Көк күмбезінің шырқау төрінде толық ай нұрын төгіп, жер бетін сүт сәулеге шомылып тұрғандай. Түн тыныштығына маужыраған ауыл үсті. Осы кезде ағаш үйдің сыртқы есігі ақырын сықырлағандай болған. Артына бұрылғанда ай сәулесімен ағараңдап өзіне қарай келе жатқан Сақыпты көріп жүрегі атқақтап, бойын билеген дірілді әзер басып, қызды құшақтай берді. Айқасқан ыстық құшақтар ай сәулесінің асқабы нұрымен астасып, тұтасып кеткендей талайға дейін ажырамады. Сақыптың көзінен аққан жас Үркінбайдың да жүзін жуып, әлдебір ғажайып сезім екеуін бірге әлдилеп әкеткен. Сәлден кейін олар құшақтары ажырамаған қалпы үйдің сыртына қарай беттеді. Құсмұрын дөңнің өріне дейін барып құшақтары айқасқан қалпы аймаласып, сүйісіп ай астында ұзақ отырды. Ұзақ уақыттан бергі жүректегі аңсар мен көңілдегі құштарлыққа ерік берген Үркінбай Сақыпты құшағына алып оның үлбіреген ернінен, барқыттай тілінен құмарлана сүйіп жан сезімінің тіл жетпес әсеріне бөленген-ді.

Аспан сарайының шырқау төріндегі самсаған жұлдыздар да сағынып табысқан екі жүректің інкәр сезімін қуана құптап, жарқырап, маздап күміс сәулесін төгіп, сұқ көзден қорғап тұрғандай. Зеңгір көкті жамылып, бетегелі белді жастанған екеуі бір сәт зерлі аспанға көз тастап, жүректерінің лүпілін тыңдағандай болды.

– Үркін, қарашы, жұлдыздарды қарашы. Жап-жақын тұрған секілді,– деді Сақып жігіттің қолтығына тығыла түсіп.

– Иә, көріп жатырмын. Анау бір көмескілеу жұлдыз Үркердің қызы.

– Кімнің, кімнің, қызы?!– деп Сақып Үркінбай әзілдеп жатыр екен деп таңырқай сұрады.

– Үркінбайдың емес, әрине, – деді жігіт езу тарта әзілдеген болып,– Үркердің қызы. Аңызда былай: Анау Жетіқаракшының соңына тіркесіп тұрған үш жұлдызды көріп тұрсың ба?

– Қай жақта?

– Міне, міне, мына тұста,– деп Үркінбай зеңгір көктегі самсаған жұлдыздарды қолымен көрсетіп, – Сол үш жұлдыздың әнебір,.. әнебір көмескілеуін көрдің бе? Үркердің қызы, сол.

– Қай жақта тұр, Үркеш, қолыңмен ұстап көрсетші,– деп қыз күліп жіберді.

– Қазір қолыңа алып берейін, сонсоң жақсылап көр,– деп құшақтаған қалпы еріндері бір-бірін іздеп тауып, тағыда ұзақ аймаласты. Сәлден кейін қобыраған шашын түзеген Сақып: – Үркеш, сонымен Үркердің қызы не болды?

Оны жеті қаракшының басшысы алып қашқан, оны ешкім құтқара алмаған, соған орай айтылған аңызда былай дейді:

– Аспанда ана тұрған Үркер жұлдыз,

Түйесін көш-көш қылып тіркер жұлдыз.  
Үркердің жалғыз қызын алып қашып,  
Қарақшы мына тұрған жеті жұлдыз, – дейді,  
көрдің бе?

– Сол ана, Жетіқарақшы Үркердің қызын  
алып қашып, содан жеті қарақшы атанған ба?

– Дәп солай, ақылдым менің.

– Иә,.. ойнап айтасың ғой.

– Жоқ. Шын айтамын,– деді ол қызды қайта-  
дан құшағына алып.

– Қарақшы деген жаман,– деді Сақып, ойына  
баяғыдағы әкелерін өлтірген қарақшылар түсіп: –  
Үркін, айтшы, олар да жетеу еді ғой.

Сақыптың не туралы айтқанын бірден  
түсінген Үркінбай: «Қарақшысы түскірді қайдан  
айттым» деп ойлап:

– Сақыпжан, менің айтқаным әншейін аңыз  
ғой. Сені ренжітейін деген ойым жоқ,– деп  
сүйіктісін иығынан аялай құшақтап, сонау бір  
кездегі балалық базарлы күндерін: осы ауылда,  
осы жерде асыр салып өткен сәулелі кездерін еске  
түсіріп, бірде күліп, бірде мұнайып, мұнайған  
сайын бір-бірін аймалап тәтті бір тылсым сезімнің  
шуағына шомылған.

Екеуінің осы уақытқа дейінгі өмірлері екі  
кезеңге бөлінетін секілді, біріншісі, бір-біріне  
ғашық болғанға дейінгі алаңсыз бала күндер  
болса; екіншісі, бір-біріне ғашық болған жылдар.  
Бір-біріне ғашық болған жылдардың мұны басым,  
сағынышы көп еді. Екеуі де жүректерін баураған  
асау сезімді бір-біріне еркін айта алмай өздерін  
тежеп келгені. Көп уақытқа дейін екеуі де «біз  
доспыз» деді, соған өздерін риясыз сендірді.



Соның бәрінің күрт өзгеруі ана жылы ауыл балаларымен бірге қарақат тере барғанда, Үркінбайдың кенеттен Сақыпты қалың қарақат ағашының арасында тұрып, қатты құшақтап сүйіп алғаны. Сол күннен бастап бұрыннан баяу от ала бастаған асау сезім, екеуінің бойында бұрк-сарқтаси жөнелген-ді. Сақыптың екі көзі жәудіреп жылдар бойы Үркінді ойлаумен өтті. Бұлардың үйінде Үркінді еске салатын заттар өте көп тұғын, ең аяғы оның кішірейіп қалған киімдері, ұстаған заттары, мінген ертоқымы, тіпті камшысына дейін Сақып, жоғалтпай сақтап келді. Ана жылғы тәркілеу кезінде, одан соңғы уақытта да байдың мүлкі ұстағанның қолында кетті, сол аласапыранда Сақып Үркіннің заттарын ешкімге тигізбей алып қалған. Жылдар өте келе кешегі көзқарас та өзгерді. Кім көрінген басынып «бұрынғы байдың қызы» деп Сақыпқа сөз салғандар да аз болмады. Біразға дейін Жомарттың Самұраты бұған қырындап бақты, қызыл отауға шақырып, жастар ұйымына өт, комсомол бол, жаңа заманның талабы солай,— деп келгіштеп, үгіттеп жүрді. Тіпті алып қашпақ та болған.

Сақып өзінің өткен күндерін ойласа келер күннен қызық күтпейтіндей көңілі жабырқап, бойын мұң басатын. Бұл өмірде бір ғана үміті, бір ғана тірегі – Үркіні, оған деген өлшеусіз махаббаты, кіршіксіз сезімін аялап соның етегінен ұстауға пейіл еді. Алайда, қыз жүрегін тағы бір белгісіздік мазалайтын, ол – осының бәрін анасы қалай қабылдар екен? Не дер екен ол? Соны ойласа-ақ, көңілі алай-түлей болып мазасы кететін. Қазіргі сәтте де Үркіннің ыстық құшағында тұрып, соны ойлады. «Анамыз рұқсат етпесе қалай

болады?» деген ойдан шошығандай денесі дірілдеп, ауыр күрсінді. Соны сезген Үркінбай:

– Сақыпжан,– деді майда даусымен,– менің өмірлік жарым бол, менімен бірге жүр, Семейге алып кетейін. Екеуіміз ұзақ-ұзақ бақытты өмір сүреміз, біздің алдымызда бақытты жылдар бар. Қалай ойлайсың? Қыз үндемей қалған. Бірақ көзі боталап Үркінбайдың иығына басын қойып, жүрегі лүпілдей соғып үнсіз отырды. Сақыптың жауап қатпағанына абыржыған Үркінбай:

– Сақыпжан, ренжіп қалдың ба?– деп қыздың жүзіне үңілді. Маңдайынан сүйді. Сонда ғана ажары ай нұрымен арайланған Сақып, сәл ғана жымысып «Иә» деді. Қыз аузынан шыққан бір ауыз сөз, Үркінбайдың атқақтаған жүрегіне ұшан теңіз қуаныштың нұрын алып жеткендей, жігіттің тұла бойы асау сезімнің тылсым күшіне беріліп: Ай сәулесімен пәк жүзі нұрланған асыл аруын жаңа көргендей құшырлана сүйді. «Ақылдым, жангүлім, алтыным!» деп Сақыпты аймалай берді.

Жаздың қысқа таңы құланиектеп атып келеді. Сақып пен Үркінбай да құсмұрын төбеден төмен түсіп үйге беттеген.

– Апама таңертең айтамыз, сен қасымда отырасың,– деді.

– Үркін, қалай болады? Апам, қиналады-ау,– деді көзі боталаған Сақып жігіттің қолтығына тығыла түсіп.

– Уайымдама. Бәрі жақсы болады,– деді ол.

Сол бір айлы түн, ақжәуміт нұр оларды мәңгі табыстырған-ды. Бұл олар үшін бірге өткізетін кедір-бұдыры мол ұзақ ғұмырларының қасиетті бастауы сықылды. Олар бақытты болғысы келді.

Алайда, қуанышы мен қайғысы мол, сору қалың, содырлы сокпақтар әлі алда еді.

\*\*\*

90

Келесі күні Үркінбай бет алған шаруасын айтуға жүрексініп көп қиналды. Қаршадайынан бағып-қағып, шеше орнына шеше болған Күлзикен апасын «ренжітіп аламын ба, қабылдамай қойса қайтем, көрмей кетеді-ау,» деп уайым шекті. Үркінбай бұндай ойды бұрын да талай ойлаған, жанын жегідей жеген бұл сұраққа жауап таппаған. Оның бір ғана жауабы бар, ол – Сақыпқа деген сезімнен бас тарту. Үркінбайдың оған жүрегі дауаламайды. «Қалай бас тартам, өмірден бас тартқанмен парапар» деп ойынан шошыр еді. Үркінбайдың әлденеге қиналып, бірденені айта алмай отырғанын сезген Күлзикен, баласының жүзіне қарағыштап:

– Үркін -жан, ойынды мазалаған не шаруа? Аманшылық па?! Қайтуың қашан еді?– деп оның жағдайын өзі жеңілдетіп бергендей болды. Үркінбай үй ішіндегілерге қарап тамағын кенеді:

– Апа,– деді даусы сәл толқып, енді шегінетін жер жоқ екенін сезіп, әуелі Сақыпқа сонсоң бұлардан төменірек отырған Жолдыбекке қарап:

– Апа,– деді. – Сіз, абыржымаңыз, аманшылық. Мені туғаныңыздай көріп, бауырыңызға басып өсірдіңіз,.. сізге, көкеме мәңгі қарыздармын,– деп үні дірілдеп толқып сөйлеген. Сонсоң тамағын қайта-қайта кенеп: – Мен өзімнің әкешемді еміс-еміс білемін, түрлерін де соншалықты есіме сақтадым деп айта алмаймын, бірақ олардан ерте айырылғанымды ерте сезініп өстім. Сіз маған ана болдыңыз, жел жағыма пана

болдыңыз, жетімдік көрсетпедіңіз басым жерге жеткенше Сіз маған анасыз,—деп сәл бөгеліп, сөздің ең шешуші сәтін қалай жеткізерін ойлағандай:

— Анашым!— деді аузына сөз түспегендей. Күлзика болса Үркінбайдың не айтқысы келгенін түсіне алмай, оның жүзіне тесіле қарап қалған. Бір жағынан Үркіннің ер жетіп салықалы азамат болғанына сүйсініп, «айта ғой, жарығым» деді.

— Апа, Сақып екеуміз, бүтін бір үй болсақ деп отырмыз,.. Яғни, үйленсек дейміз, сіздің рұқсатыңызды, батаңызды сұраймыз,..— деп көмейдегі сөзді жүрегіне-жүрегіне әзер суыртпақтады.

Мұны естігенде Күлзика әуелгіде абдырап қалды. Сөздің төркінін түсінбеді ме, «не дедің, қарағым?» деп Үркінбайға жүзін бұрды. Күлзика апасы балаларға өмірі ұрсып, зекіген жан емес, Үркінбай о кісінің ашуланғанын көрмепті. Тіпті осы үйдің шаруасын жасап есік көзінде, ошақ қасында жүрген адамдарға да ұрсып, ренжіп жатқанын көрмеген екен. Ішкі жан дүниесі кең, жүрегі шуаққа толы жан, дәл қазіргі сәтте де Үркінбайдың сөзіне таңырқаған кейіпте қарап қалғаны.

— Апа, Сақып екеуміз басқұрап бір отбасы болсақ, деп келісіп отырмыз, соған сіздің рұқсатыңызбен, батаңызды сұраймыз, — деді, әуелгі сөзін бұ жолы толықтырып айтқандай болды. Бастапқыда өз құлағына сенбеген Күлзикаеннің енді күмәні қалмады. Өні қуарып үнсіз қапаланып қалған.

— Балам-ау, бұл қалай болғаны?!— деді. Соны айтқан кезде жанары жасқа шыланып, иегі

кемсеңдеп, дыбысын шығармай, тамағына өксік тығылғандай болған. Қай-қайдағы ойына түсіп, кешегі ел жұртына қамзау болған Ескожасы ойына оралып, жанын шабақтап, уайымын ауырлатып жібергендей. Балалардың ешқайсы ештеңе дей алмай, жаны қиналып олар да үнсіз ойға батқан. Сәлден кейін шешелері «уһ» деп ауыр күрсінді. Әкелері тірі болса, кім біледі қалай болатынын? Ана шіркін, соны ойлады ма, әйтеуір, бірден ештеңе айта алмады. Сақып та шешесін құшақтап, «апатай кешір» деп ол да анасының босаған көңілін одан сайын елжіретіп жіберген-ді. Сәлден соң Күлзикен:

— Қарағым ай!—деді күйзеле сөйлеп. Ойнап-күліп жасыңнан бірге өстің ғой,.. Балам едің ғой,.. Заман мынандай болып тұр ғой,.. не дейін?—деді жыламсырап. Тағы да күрсінді. Алдында тұрған шыны аяқты біресе әрі, біресе бері қойып, беймаза күй кешті. Артынша:

— Ой жалған-ай!— деп күйзеле күрсінді. Жаулығының шетімен көзінің жасын сүртіп, бір тоқтамға келе алмай көп толқыды. Ақыры Үркінбай мен Сақыпты қасына отырғызып, екеуінің жүзіне көз тоқтата қарады. Жанарының маңайын ұсақ әжімдер торлап, аққұба өңі жүдеп, балаларының тағдырына алаң көңілмен:

— Қарағым, Үркінжан, анаң Нұргүлдің маған тапсырған аманаты едің, тұмсықтыға шоктырмай Сақыпжанмен бірге бауырыма салып өсірдім. Ержеттің, азамат болдың. Ендігі өмірің, әуелі Алланың, сонсоң өз қолыңда,—деді ойлы, мұңлы жанарын екеуіне кезек аударып:

— Ендігі тілегіңе де тосқауыл болмайын, құлындарым, өздерің келісіп отырсаңдар, бұл

қадамдарың дұрыс та шығар, бір-біріңе сүйеу болып, аман жүрсеңдер болды. Қаршадайларыңнан екеуің бауырдай болып өстіңдер, бір-біріңе жанашыр болыңдар. Басқа не дейін. Құдай алдарыңнан жарылқасын!— деп ақ батасын бергенді. Сақып анасын құшақтап:

— Апатай, кешір. Ақсүтінді кеш,— деп, кемсендеп шешесінің тізесіне басын қойып иығы бүлкілдеп үнсіз жылады.

...Үркінбай мен Сақып Қосағаштағы үйге тағы бір түнеп, аналарының ризашылығын алып аттанып кетті. Шешесі Күлзикен көп уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмай, «Балаларының қадамын құдай оңдаса екен» деп жатпай-тұрмай Жаратқанға жалбарынды. Күнәсі болса кешу сұрады. Баяғыда Үркінбайдың шешесі Нұргүл қайтыс болғанда тұлдыр жетім қалған бес жасар баланы көтеріп үйіне алып келді, сонда кішкентай Үркінбай «Апама барам» деп көзі бұлаудай болып шырылдап жылағанда, Күлзикеннің өзінің де жүрегі езіліп:

— Ботақаным, қоя ғой! Апаң саған көп кәмпит әкелуге кетті, ол келгенше менің қасымда бола-сың. Мен саған апа боламын,—деп айналып-толғанып баланы жұбатып, кішкентай Сақыпты қасына шақырды:

— Міне, Сақыпты көрдің бе?— деді. — Ол сенің қарындасың болады, екеуің бірге ойнаңдар,—деп баланы сол күннен бастап бауырына салып, қызы Сақыппен бірге өсірді. Араға үш жыл салып барып Сақып пен Үркіннің артынан Жолдыбегі ерді. Алланың бергені, құдайға шүкір. Содан да болар кішкентайынан қолында өскен Үркінбайдың

Сақыпка үйленгені әуелгі де бір түрлі ынғайсыз көрінді, тіпті ақылына сыймады. Сол күндері Күлзикен не ойламады дейсің, бәрін ойлады,.. кішкентай Үркін мұның бауырында өскенімен мұның емшегін емген жоқ, сондықтан оларды шариғат қосатын болар, деп Алладан кешу сұрап, дұға оқыды.

Қалай десе де баласындай болған Үркін енді күйеубала болып, өзінен алыстап кеткендей көрінген, соған киналды. Келісім бермесем екеуі ренжиді-ау, ренжісе олардың мұң басқан жүзіне қалай караймын, бұларға тірек болатын әке де, аға да жоқ— деп әрі-сәрі ой кешті. Егер Есқожа тірі болса ол бұл жағдайды қалай қабылдар еді,—деп бір мезет соған басын қатырды. Келе-келе көңілі орнығып, бұған да үйренер, әйтеуір, екі баланың жарасып жүретініне кәміл сенгендей болды. Үркінбай жасынан салмақты, біртоға, байсалды болып өсті. Қулық-сұмдықтан жан дүниесі таза, Сақып екеуі қаршадайынан тату-тәтті ойнап күліп бірге жүрді. Күлзикен де оны туған ұлындай әлпештеді, «кешегі жылқышының баласы» деп мал шетін қайыртпады. Үркінбай да Күлзикенді “апа” деп кетті. Содан да болар күндердің күнінде Сақып екеуі үйленеді деу үш ұйықтаса түсіне кірмеген жағдай. Кішкентай кезінде Сақып, қыз бала ғой, Үркінбайдың аңқаулығын пайдаланып кейде оны алдап, ыза қылатын. Үркінбай оған ренжуді білмейтін, қайта оның өзімен қоса күліп жүретін.

Сөйткен Үркінбай, көрсе көз тоятындай мінезі жайсаң азамат болып өсті. Менің бауырым-да өскенімен оның атасы басқа ғой «атасы басқаны құдай қосады» деген, екеуін құдай қосқан шығар.

Аллаға шүкір, өздері мына алақұйын заманда аман жүрсе болды деп соған іштей тәубе қылды.

## 9. Басқарма Жомарт

95

Үркінбай мен Сақып кеткен соң Күлзикеннің көңілі тіпті құлазып, жұртта қалғандай сезінген. Алды-артында қарманары жоқ жетім мен жесірдің, ертеңгі күнін ойласа-ақ, өзегін уайым шалып, сен сокқан балықтай есеңгіреп кетеді. Мына базары тарқаған даңғарадай үйде аштан өлсе, бұларды іздейтін тірі пенде қалмаған-ау, шамасы. «Балапан басында-тұрымтай тұсында» деген, ағайын туғандардың бәрі де өздері секілді: аштан кеуіп, битін сығып отыр. Кешегі байдың да, кедейдің де алдында аша тұяқ қалмаған. Жанбағарынан айырылған ел басы ауған жаққа босуға бет алған. Өткенде Жолдыбек Өмірсерік ағасының балалары: Әдиолла мен Мәдиолланы іздеп таппай келді. Олардың қайда кеткендерін ешкім білмеді. Содан бері Күлзикенде маза жоқ.

– Қайран, Қосағаш! Рулы елге құт болған, атажұрт, кара қоныс сенен де қасиет көшті ме!?– деп күйзеле ой кешкен ол жан-жағына жалтақтап, тал қармағандай көңілі елегізи береді.

Бұл уақытта байдың бұрынғы атарман-шабармандары болған Жомарт пен Сейтқұл бастаған кедейлер ауыл билігін қолдарына алып, бірі басқарма, бірі ауылнай болып дүрілдеп, жаңа заманның қызыл туы желбіреген шақ. Мектеп ашамыз деп ала жаздай алашапқын. Түнеу күні Күлзикенге жолығуға Жомарт келді. Күлзикен Жомартты танымай қалды. Кешегі Ескожа мырза-



ның атшабары болған, кәдімгі өзіміздің Жомарт,.. шіренгенде сұмдық, екі шабының арасына ет өскен бе, талтандап жер басудан қалған дерсін.

Бұл – Жомарт Ескожамен аталас болмаса да, рулас жақындығы бар, былайша айтқанда, туысқан болып жүретін. Ескожа мырза тіршілігінде Жомартты қасынан тастамай, анда-мұнда жұмсап, ел ісіне араластырып, қал-қадірінше жақсыға жетелеп бақты. Бала-шағасын ішіп-жемнен тарықтырмады. Обалы қане, Жомартта мырзаның айтқанын екі етпей «Есаға» деп елпідеп тұратын. Сол баяғы Жомарт, Күлзикен отырған үйге сөйлей кірді:

– Беу, шіркін! Лұқсатсыз ит үрмейтін, кісі кірмейтін, Ескожа мырзаның хан сарайындай ағаш үй осы екен ғой,– деп бірден төрге озды. Тура осы үйге бірінші рет келіп; бірінші рет көріп тұрғандай. Босағадан төрге озып көрмеген басы Есағаң отыратын төрдің төбесіне бірақ шықты. Шіренді, үй ішіне көз жүгіртіп, сәні кетіп, салтанаты сынған бай үйінің жұпыны кейпіне көңілі толғандай масайраған. Күлзикен Жомарттың сөзіне таңырқаған жоқ, алақанымен көзін көлегейлеп:

– Бейшара-ау, Жомартпысың?! – деді даусында бір жағы таңырқау, бір жағы мүсіркеу бар.

– Иә, иә, бәйбіше, Қосағаш колхозының басқармасы Жомарт боламын,– деді. Күлзикеннің атын атады, тіпті мұнымен иық теңестіріп бәйбіше деді ғой, ой тозақы, тәтелеп жүретін күндерін ұмытқан екен. Ұмытсын, ұмытсын,– деп іштей өзін өзі жұбатқан Күлзикен:

– Жай жүрмісің?

– Қайдан жай болсын. Жай емес, үкіметтің тапсырмасы: бұрынғы «Қосағаш», «Шалғынбай»,

«Киров» серіктестіктері қосылып қазір «Қосағаш» деген үлкен колхоз құрылған. Бұрынғы бастауыш мектепті кеңейтіп орталау мектепке айналдыруға нұсқау алғанбыз, бала оқытамыз, егін салып, мал өсіру деген қауырт жұмыс. Менің келген шаруам, бәйбіше, жаңа мектепке қажетті бұйымдар керек, соны іздестіріп, шаруамен жүрмін. Не көмек бересіз?— деді әр сөзін салмақтап, әсіресе «үкіметтің тапсырмасы», «нұсқау алғанбыз» деген сөздерді сағызша созып, шіреніп айтты. Күлзикен Жомарттың кісімсінген келбетіне таңырқаған жоқ:

— Е, Жомарт, қарағым, біздің үйде соған жарайтын бірдеңе болса ала ғой. О мектепті онысызда Ескожа мырза салдырып еді ғой. Оны ұмытпаған боларсың.

— Ой, бәйбіше,— деді Жомарт, қабағын тыржитып,— Сіз де қырық жылғыны айтады екенсіз. Білеміз ғой бәрін, білеміз!— деп даусын құбылтып, жактырмаған рай танытты.

— Әншейін, сөздің ретіне қарай айтқаным ғой, болмаса бірдеңе даулар деймісің. Бізде не қауқар. Байдың мал-мүлкін, жиған-тергенін хаттап-шоттап өздерің алдыңдар; Өзін жер аудардыңдар, енді мырзамнан қалған не бар?.. Мына, жана өзің айтқан, хан сарайындай үй ме? Хан сарайындай болса мырзаның өзі барда сондай-тын, қазір бұ да бір, атқора да бір. Көздегендерің осы болса, адыра қалсын, мұны да босатып берем! Керегінді ала бер, шырағым!— деді баяу дауыспен.

Ана жылы Ескожа салдырып, мұғалім алдырып, ауыл балаларын оқытқан шағын мектеп үйі аласапыран заманда қаңырап қалған, біраздан бері соның іші-сыртын жөндеп жатыр деп естіген.

Тәрізі бала оқытпақшы. Өтіп бара жатқан өмір -ай десейші! «Кешегі күн бүгінгіге ұмыт» деген осы. Ескожа марқұм сол мектепті салғаннан кейін оның бірінші оқушысы болып Сақып пен Үркінбай оқыды. Екеуі қол ұстасып барып қалам ұстап, хат таныған еді. Қол ұстасып кетті ғой, қарақтарым! Аллаһ өзі жар болсын, аман жүріндерші, деп іштей болса да балаларына тілекші болуда.

Жомарт бастық үйден шығып бара жатып, қайта бұрылды:

– Айтпашқы, Сақып қайды? Көрінбейді ғой...

– Үркінбай келіп алып кетті.

– Алып кеткені қалай?

– Жомарт шырағым, сенен ұлықсат сұрамайтын шығар. Қайда барса да ерікті емес пе?! Қалалы жерге кетті. Жұмыс жасайды, оқу оқиды, мына алақұйын заманда тігерге тұяғы қалмаған бізді кім асырайды.

– Күлзикен, бәйбіше, сіз не айтып отырсыз? Рұқсат сұрамағаны қалай, мен ауданға не деймін? Жергілікті үкіметтің рұқсатынсыз неге кетеді?—деп тепсінді Жомарт.

– Жомарт, сен білесің ғой, Үркінбай оқыған адам, әрі өзі де үкіметтің адамы, қызметте жүр. Асығыс келіп алып кетті, оған бола бүлінбе.

– Әә...—деді Жомарт, басын кекжите көтеріп: – Знашт, қалаға кеткен,— деп үйден шыға беріп тоқтай қалған ол: –Женеше, енді, өзіңіз осылай сопайып отыра бересіз бе?

– Енді маған не қыл дейсің? Сопайып отырғанымды көпсінесің бе?

– Жоок. Көпсінбейміз, енді, бір елміз, қазақтың салты бар дегенім ғой.

– Шырағым ау, о салт-малтыңның бізге қандай қатысы бар?

– Бар ғой, жеңеше,..өзіңіз жассыз, сопайып жалғыз отырмай біреудің етегінен ұстаңыз дегенім... әмеңгерлік жолмен болсада.

Күлзикен баскасын күтсе де дәл мынадай сұмдықты күтпеген еді. Көк айыл әйелдер құсап басы-көзін түгендеп үйден қуып шығуға болар еді, бірақ оған намысы жібермеді. Кешегі есік көзінде жүрген мырзаның шабарманымен салғыласуды бойына шақ көрмеді. Әйтседе, «сөз сүйектен өтеді» деген мынаның аузынан шыққан құсығы жанын былғағандай, жүрегіне шаншудай қадалғаны.

«Басынған екен»,– деді ішінен.– Іріген ауыздан шіріген сөз шығады деген... Жомарт, жөніңді біл, бізден аулақ жүр, – деді жанары ұшқындап, Жомартқа тесіле қараған ол.

– Жарайды, бәйбіше кетейін. Менікі, әншейін айтқан, жанашыр сөз ғой,– деп үйден зып беріп шыға жөнелген. Жай кетпеді, қасақана айтса да, Күлзикеннің намысына тиіп, жанын тырнап кетті. Жомарт шығып кеткеннен соң да Күлзикен әлгінің сөзіне қарадай күйінді: «Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнар» деген осы. Басынуын көрдің бе!?! Албасты! Сенің сөзің кім, өзі кім,.. алақанымнан адал ас ішіп едің, жазанды құдайдан тарт,– деп біразға дейін ашуын баса алмай, іштей булықты.

Осы кезде алдына қисайып, мұрны пышылдап ұйықтап жатқан Гүлшекер оянды.

– Өй, ботам-ау! Көп ұйықтадың ғой, тұра ғой. Әкесі Есқожа жер ауып кеткенде Гүлшекер не

бәрі екі жарым жаста еді, өзі тым нәзік. Түр келбеті ептеп өзіне де, әкесіне де келінкіреді. Бір ерекшелігі миығына біткен тарыдай қоңыр мені бар, онысы әкесі Есқожада бар еді. «Осы балам өзіме тартқан екен, апасы, қарашы, қарашы!» деп қызын қолына алған сайын масайрап отыратыны көз алдына келгендей.

– Ей, арыстарым-ай!– деп күрсінді ол. Құдай қосқан алғашқы жары Ғұмырсерікпен де ұзағырақ бақытты ғұмыр кешуді талайына жазбаған екен, Жаратқанның жазуы солай шығар. Одан кейінгі отағасы Есқожа асыл текті бекзат адам еді, ол да маңдайға симай кете барды,.. «Арыстарым –ай!» деп өзегі өртені күрсінді.

## 10. Босқын

Қосағаштың Қарашоқысы жылдағыдай емес, өңкиіп көрер көзге қарауытып, сұсты көрінеді. Мал тұяғынан ада болған қасиетті өңір, қансып қалған астаудай бос жатыр. Ұжымдастырудың ұйтқыған дауылы кешегі кеңпейіл елдің жүріс-тұрысын тұсап, ішкен-жегеніне салық салып, кең дүниені тарылтқан шақ. Содан да болар, аса бір жайсыз қатер ел ішіне кеулеп келе жатқандай.

Сондай күндердің бірінде Жолдыбек алқын-жұлқын үйге жүгіре кірді. Өңі қабарып, еңтігін баса алмай үрейлене сөйледі:

– Азық-түлік салығын жинап ауылда белсенділер жүр. Таңата бізге де келеді. Біздің қолымызда қалған жалғыз ат, енді одан да айырыламыз. Түнделетіп бұл жерден кетейік. Бізді «байдың тұқымы» деп жер аударуы да мүмкін, – деп қорқынышын жасыра алмаған. Шешесінің өңі

бозарып, енді қалған екі балапанынан айырылатындай зәресі ұшты. Соңғы кезде ел ішін үкіметтің салық жинаушыларының өзі ақ: мал салығы, ет салығы, жүн салығы, май салығы, сүйек салығы деймісің, әйтеуір, жоқтан өзгені тауып елді тонап біткен. Алда қақарлы қыс келе жатыр. Күлзикен не дерге сөз таппай «қашқанда қайда барамыз, ажал құдайдан» деп отыра бергісі бар, бірақ Жолдыбек пен кішкентай Гүлшекерді қайтпек. Сол екеуін ойласа-ақ жүрегі қан жылайды. Басы қатқан Күлзикен көп ойланды. Әлгі Әскенді сағалап солай сырғыған жөн бе? Қайтпек керек?— деп бір шешімге келе алмай көп қиналды. Барар жер, басар тау жоқ сықылды. Ел ішінде отыра берейін десе елдің түрі анау, кешегі арамзанын сыйқын көрдің, енді қимайтын не қалды!?!—деп амалы қалмаған Күлзикен баласының айтқанына көніп; жолға қажетті азықты қоржынға салып, аздаған киім кешегін өңгеріп, түн ауа болашағы бұлдыр ауыр жолға аттанды.

Әуелгіде олар үнемі түнделетіп жүрді. Күн шыға елсіз өңірге, сай табыны, тау аңғары секілді көзден таса жерге тоқтап, аяқ суытып, ас қаузап, құс қона қозғалса; келе-келе иен тұз, елсіз өңірлерді күннің жарығында кешіп өтуге тырысты. Көз ұшында мұнартқан дала, көкжиекке дейін көсіліп жеткізсе қане? Сағым арбаған сары бел сазарып берісетін емес. Шаған өзенін қабақтаған жолаушылар түстікке маңдай беріп ұзақ жол шекті. Жолдыбек шешесі мен кішкентай қарындасы Гүлшекерді атқа мінгізіп өзі атты үнемі жетектеп отырды. Аяғына киген қыжым етіктің де өкшесі мыжылып енді-енді тесілуге жақында-

ғандай. Оған караған Жолдыбек жоқ, түн баласында тоқтаусыз жүре берді. Кейде баласын аяған Күлзикен: –Жолкен, айналайын, бір ауық атқа сен отыршы, аяғың тесіліп қалған шығар, мен жаяу жүрейін, әрі тақымым ұйып қалды, белімді жазайын,—деп қояр да қоймай біразға дейін жаяулап отырды. Жаяу жүріп келе жатып Күлзикеннің ойына баяғы өткен күндер оралады. Адамның ойы түпсіз тұңғыық, сол тұңғыық ойға Күлзикен де шым батып, қайда келе жатқанын да ұмытып кеткендей.

Баяғыда марқұм Ғұмырсерік айтатын «бұл өмірде мәңгілік бір-ақ нәрсе бар: ол— өнер» дейтін. Жарықтық өзі де дүниенің бетіне караған жан емес-ті. Бірде саят құрып, бірде той қуып, домбырасын аркалап үйге тұрмаушы еді.

Беу, дүние-ай, десейші! Осы Үркінбайдың әкесі Нұрқасты қасынан тастамайтын. Оған кедей деп караған емес. Нұрқас та әнші еді, әрі қолы шебер, керемет ұста болатын; неше түрлі ат әбзелдерін жасағанда көздің жауын алатын. Содан да шығар, екеуінің жұбы жазылмаушы еді.

Сол қарғыс атқыр жылқы ұрланатын күні, әншейінде ұстатпайтын екеуі үйде болатын. «Көп жылқы қолды болды» дегенде атам марқұм «атқа қонындар» деп айғай салды. Сол-ақ екен, үйде отырған Ғұмырсерік: «Нұрқас, кеттік, бізде барайық!» деп атып шыққаны. Құды бір «тойға барайық» деген секілді. Құр қол, атқа мініп жатып: «Күлзикеш, ана Құтпанды ұстап қалшы, маған ермесін, жылқыны үркітеді» деді соны айтты да шаба жөнелді. Қайта барымта дегеннің шет жағасын білетін Нұрқас, оған да, өзіне де сойыл алып арттарынан сатырлатып қуып бара жатқаны

әлі күнге көз алдында. Сол күні Есқожа мен Нұрқожа күзектен құдық қаздырамыз деп соған кеткен. Суыт хабарды ести сала елді жинап жіберіп, артарынан олар да қуа шықты.

Ой, тағдырдың жазуы-ай, десейші! Бәрін қырып кетеді деген кімнің ойына келген?! Арманда кеткен ақкөңіл, арысым-ай! Қайтейін!— деп жаны күйзеліп қажып қалғаны. Анасының шаршап қалғанын сезген Жолдыбек аттан түсіп, сәл тынығып алайық, деп тізе бүкті.

\*\*\*

Шыққалы аптадан асқан. Жүре жүре жердің бедері де құмдауыт, көкпекті алқапқа айналып, алдарынан шеті-шегі жоқ кезерген дала көрінді. Жолаушылар сол безерген даланы бетке алып, кеністікке сіңіп бара жатты. Күн көкжиектен арқан бойы көтерілген шақ. Ауа салқындап, күн райы да бұзыла бастаған. Күрең ат жиі-жиі басын жерге салып, көкпектің басына ернін тигізгені болмаса, от шалғысы жоқ. Атына жаны ашыған Жолдыбек:

— Апа көлге жанаса жүріп атты суарып алайықшы, жануар шөлдеп келеді,—деді. Сөйтті де бұрыла жүріп, көкше көлдің жайпақтау қабағына жақындап аттан түсіп, күреңді қанғанынша суғарып алған жолаушылар, белдерін жазып біршама аял қылды. Гүлшекер суды жағалап, құмды кешіп, бойы сергіген ол:

— Апа мынау не деген көп су, қайдан келген?— деп апасынан сұрап жатты. Жолаушылардың азық-түлігі азайып, шаршап-шалдығып, әлде бір елді-күнді жерге жетіп табан тіреді. Шағын ауыл екен. Бұлар да «мұсылман баласы



ғой» деп шеткі бір үйге тоқтап жөн сұрасқан. Есік алдында тұрған бадырақ көз тапал адам:

– Барындар-барындар, аулақ кетіндер,—деп етегіне отырғызбай безек қақты.

Күлзикен сөзге келген жоқ, бұрылып жүре берді. «Көңілі тарылып, пейілі жұтаған жанға не деуге болады» деп қадау-қадау отырған ауылды артқа тастап өтіп кетпекші болған. Осы кезде сол қапталындағы тоқал тамның қасында тұрған мосқал адамды көзі шалып, «түрі игіден түңілме» деп соған бұрылған. Ол кісі де бұларға үрке қарап:

– Қайдан жүрген жансындар?— деп әлденеден қауіп қылғандай кадала сұрады.

– Жолаушы едік, қарағым, осы жақта бір баламыз бар еді, соны сағалап келеміз. Мұсылмансың ғой, үйіңнің бір бұрышына бүгіндікке түнеп шығуға рұқсат ет, Алланың ырзалығы үшін, жас баламен келе жатырмыз,— деп Күлзикен шынын айтқан.

– Бәйбіше, құдай дегенің жақсы ғой, қазір құдайды аузына алмайтын арамзалар көп,.. Құдай үшін десеңіз, рұқсат, рұқсат,— деп қабағы ашылып жадырап сала берді.

– Балаңыздың аты кім, ол қайда істейтін адам?

– Әскен деген, бәлкім, естуіңіз бар шығар? Мосқал адам ойланып тұрып:

– Естімедім ондай адамды. Алыстан келе жатқан жолаушы екенсіздер, ас-су ішіп тынығып алыңыздар. Күн де кешкіріп қалды,—деді.

Шешесі мен Гүлшекерді аттан түсірген Жолдыбек, мосқал адамға бұрылып:

– Аға, бұл қандай жер өзі?— деді.

– Майқамыс деген жер. Малмен жан бағып отырған аз ауыл. Үкімет «малды ортаға салыңдар» деп қолдағы аша тұяқты түгескен. Ендігі күніміз көлге қарап қалды, нәпаканы судан теріп отырмыз. Жағдайымыз солай, қарағым,– деп Жолдыбекке көзін сығырайта қараған әлгі ақсақал: – Әйтпесе, аулымыз жақсы-ақ еді. Бұл жерді атақты Байқұда балуанның ауылы деуші еді. Естуің бар ма ондай адамды?

– Білмедім. Ол кім екен?

– Е, қарағым, жассың ғой, біле қоймассың. Ол кісі атақты Құнанбай қажының Абай деген ақын баласының қасында көп жүрген, талай балуандар белдесуіне қатысып, жауырыны жер искемеген түйе балуан атанған адам. О кісінің ұрпақтары осында тұрады.

– Әне бір тақия төбені көріп тұрсың ба?– деді ақсақал көзін сығырайтып, ауылдың шығыс жағын көрсетіп: – Сол жерде балуан атаның көтерген тасы әлі күнге сақтаулы тұр. Жолдың жиегінде тұрған тайыншадай үлкен қара тас, әрі өткен, бері өткен арбаның күпшегін соғады деп, соны төбенің басына көтеріп шығарған екен. Бұрынғы үлкендер айтып отыратын соны.

– Ал, шырағым, іздеп келе жатқаның ағаң ба, қайда жұмыс істейтін адам?

– Иә, ағай еді. Қоңырат деген жерде болуы керек. Нақты не жұмыс істейтінін білмедік. Оқыған адам еді,.. мына аласапыран заманда жан сауғалаған бетіміз.

– Е, шырақ, Қоңырат дейсің бе? Ол осы арадан көп жер. Араға бір–екі қонып жетесіздер. Енді оған асықпандар. Бүгін осында болып,

балықтың сорпасын ішіп, таңертең ерте қозғалындар. Дұрысы таң қараңғысынан кеткендерің жөн, жаман айтпай жақсы жоқ, қазір жол торыған қарақшы көп, ындыны бұзылған. Аттарыңды тартып алуы бек мүмкін. Жолда ел бар, теңізді қабақтап барасыздар. Ел дегенмен олардын да оңып отырғаны шамалы, сақ болғандарың жөн,—деп шығарып салған.

\*\*\*

1931 жылдың қазан айы. Ұзақ жол жүріп, жақтары суалып, көздері шүңірейіп азып тозған Күлзикен екі баласын ертіп, көл жағасындағы қарауытқан қалың ауылға келіп жетті. Майда шоқылардың етегін ала орын тепкен, жыпырлаған жұпыны киіз үйлерді көрген ол бір сәт таңырқап: бұл кімнің аулы болды екен, шамасы жатақтар шығар деп ойлаған. Сол-ақ екен көз алдына баяғы жайлауда отыратын өз ауылы келді. Қанаттаса бой түзеген ақ боз үйлер алқа қотан ауыл болып, салтанат құрып отыратын. Самалдай жарық, көрсең көзің тойып, еңсең өсетін еді. Мынадай жыпырлаған құрым үйлерді қайдан көргені есінде жоқ. Әйтеуір, жыпырлаған ауылдың сырт келбетінен бір салкындықты сезгендей болды. Бойы тоназып, құшағындағы Гүлшекерді шидем шапанмен қымтап, қарауытқан ауылға еніп келе жатты.

Әнеу күні Майқамыста жолығып үйіне паналатқан балықшы Байбақты ақсақал айтқан еді: «Не керемет келгенін білмеймін, адамның пейіл тарылып, азып тұр» деген болатын, сонысы тура келгендей. Арыған жолаушылар ауыл шетіне іліккенде әлдебір зыпылдаған жалдаптар аттарына

жармасып, үш қанатты жолым үйге айырбастандар деп жандарын қоймай күрең атқа таласты. Бермесе бәрібір тартып алатын түрі бар, «бастан құлак садаға, осы жерге жеткізгеніне рақмет» деп күрен атты беріп қояберді. Содан әлгі құрымүйде қона жатып Әскенді іздеуге көшкен. Айналада түгел бейтаныс адамдар, біреуге біреу қарайтын емес. Оның үстіне ашыққан шұбырынды адамдардың қарасы қалын ба деп қалды Күлзикен.

Жолдыбек Әскенді іздеп, анадан-мынадан сұрап жүргенде шешесі – Гүлшекерден көз жазып қалды. Үйде ұйықтап жатқан бала ұшты-күйлі жоқ. Бұдан кейін Әскенді іздеу жайына қалып, уайымның үлкені Гүлшекер болды. «Біреу ұрлап әкетті» дейін десе «тамақ таба алмай жүрген ел баланы қайтеді» деп ойлайды. Қайдан іздеп, кімнен сұрарын да білмей дал болды Күлзикен.

«Жығылғанға жұдырық» демекші өздері туған жерінен ауып, тентіреп жат өлкеге келгенде зәредей Гүлшекерге ие бола алмағанына қайғырған анасының жүрегі удай ашып, біреу жетектеп әкелер деп жан-жағына жауғанда екі көзі төрт болды.

## 11. Балалар үйінде

Кішкентай Гүлшекер ұйқыдан оянғанда үйде ешкім жоқ еді. «Апа, Апа, қайдасың? Апа...» деп анасын іздеген бала орнынан тұрып далаға беттеді. Шешесі үйдің маңында да болмаған соң жан-жағына жалтақтап, анасын іздеп кете барды. Аяғында тоқыма шұлық, кеудесінде қой жүнінен тоқыған қалың жемпір, жалаңбас күздің ызғарлы

кешінде анасын іздеген Гүлшекер, өткен-кеткенге жалтақтап үй іргесінен ұзап кетті. Қытымыр күздің суығы күн еңкейген сайын қатайып, аспанның жүзі бұлыңғыр тартқан. Суық өтіп тоңа бастағанын сезген де кішкентай қыз үйіне қайтқысы келген. «Мүмкін апам үйге келген шығар», деп ойлаған Гүлшекер кері жүрді, бірақ үйін қайта таба алмады. Күн кешкіріп, төнірек қараңғылық құшағына батқанда кішкентай қыз бүрісіп; иегі иегіне тимей дірілдеп; енді қайда барарын білмей өксіп, жол жиегінде жылап отырды. Күздің кара суығы түнге қарай үдеп, ызғырық бірте-бірте күшейіп, торғайдай бүріскен кішкентай қыздың денесін мұздай құшағына қыса түскен.

Суықта қалған баланы бейтаныс жүргінші тауып алып, жолай балалар үйіне өткізгенде қыздың өкпесіне суық өтіп, денесі от болып өртеніп жатқан. Бірнеше күннен кейін есін жиған Гүлшекер: «Апалап» анасын іздеп, жан-жағына шошына қарады. Көзі жиі бұлдырап, қасында тұрған ақ киімді адамды әзер ажыратып:

– Апам, апам қайда? – деді.

– Сенің атым кім, балақан?– деді әлгі ақ киімді әйел. Кішкентай қыз әуелгі сөзінен жаңылмай:

– Апам қайда, апам қайда?– дей берді, көзі жасаураған бала солқылдап жылап, анасын іздеумен болды. Әйел адам Гүлшекердің қасына жақындап, басынан сипап:

– Қызым, жылама. Апаң қазір келеді, әуелі сенің атың кім? Кімнің баласысың, соны айтшы?– деп қыздың кім екенін біле алмай әуреге түскен.

– Әуелі атыңды айтшы, сен жақсы қызсың ғой, атыңды айта ғой,– деп баламен жылы сөйлесіп, алдап-сулаған болды.

– Гүлше... Гүлшек...ер,– деді ол. Гүлшекер дегенді қайта, қайта тәтпіштеп сұрап баланың атын Гүлшекер деп жазды. Жетімдер үйінің қызметкері сәбидің тегінің кім екенін біле алмады, тауып алған адам:

– Қарақтарым, даладан тауып алдық, үсіп өледі ғой. Әйтеуір, өлмей тірі жүрсін деп осында әкелдік,– деді. Онда тегін Улмесо́ва деп жазайық,– деді қабылдаушы әйел.

Сөйтіп баланың есімі – Гүлшекер, тегі – Өлмесо́ва (кейін орысша Улмесо́ва) болып жазылып, тұлдыр жетім Гүлшекер Улмесо́ва осылайша өмір есігін ашты. Мұндай күйге қалай түскенін кішкентай Гүлшекер түсіне алмады – апасын іздеп ұйықтады, апасын іздеп оянды. «Апам бар, апам келеді», деп анасын сағынумен уақыт өте берді.

Арада жылға жуық уақыт өтті ме, өтпеді ме, белгісіз, сол уақытта мұндағы балаларды басқа бір балалар үйіне жөнелтті. Кейін білді ол Атбасардағы балалар үйіне түскенін. Ол жылдары, яғни ашаршалық жылдары, балалар үйіндегі жағдай өте ауыр еді. Түскі асқа бір тілім нан, тары көже, одан соң аздаған тары ботқа, ыстық қара шай ертелі -кешкі беретін тамақтың түрі осындай. Әйтеуір, өлместің күні.

Балалардың дені арып-титықтап, көздері шүңірейіп, әбден жүдегендер. Тамақтан тарығып әлсіреген балаларға ауру килігіп көбі шетінеп жатты. Гүлшекер де бір күні мұрттай ұшты. Қанша жатқаны белгісіз, есін жинағанда мұңкіген күлімсі

иісті сезді. Өзінің қайда жатқанын есіне түсіре алмай, жан-жағына алақтап көз жүгіртті. Алакөлеңке жерде ештеңені айыра алмады. Суық шалған денесі қалтақтап орнынан тұрды, жатқан жері өзінің орны емес, тақтайдың үсті. Астында төсеніш, үстінде жамылғысы жоқ, жалаң аяқ, жалаң бас, жаурап қалғанын сезді. Сәлден соң ала көлеңкеге көзі үйреніп маңайында тұрған «не нәрсе» деп соған назар салып ұзақ үңілді. Сөйтсе қатар қатар үйіліп тұрғандар кішкентай балалар, бәрі қатып қалған. Гүлшекер қорыққанынан шынғырып жіберді, іле-шала қалтақтап жарық түсіп тұрған жаққа жүгіре жөнелмек еді, аяғы-аяғына шалынып құлап түсті, тағы да шынғыра айғайлады.

Ізінше, сырттан күбірлеген дауыстар естіліп, артынша әлгі жарық түсіп тұрған, есіктің көзі болса керек, жарық етіп есік жаппасы айқара ашылып ішке кірген – екі адам, қосарланып:

– О, Құдай! Мынау, тірі ғой! – десті. Табалдырықтан аттаған дәу сары қатын өліктердің ортасында тұрған Гүлшекерді көтеріп дәрігерге алып келді. Дірдектеген баланы медбике әйел қалың көрпемен орап, ағаш тақтаның үстіне жатқызып, «ыстық шай, немесе ыстық сүт әкеліндер», – деп баланың кеудесін тыңдап, тамырын ұстап, әрі-бері тексерген соң:

– Көп жасайсың, қарағым, – деп басын шайқап ішінен күбірлеп, балаға жаны ашып, «Ей, жалған – ай!» – деп күрсінді.

Медбике кішкентай қызға ыстық шай ішкізіп, ептеп тамақ берген соң, баланың бойына әл біткендей болған. Содан көпке дейін Гүлшекер әлгі медбиінің қарауында болып, көп-көрім

тыңайды. Өліп-тіріліп, көрмегенді көрген Гүлшекердің алдында әлі талай ауыр жылдар жатты.

## 12. Дүрбелең

111

Үркінбайдың «Еңбекшілер» аудандық партия комитетіне қызметке ауысқан шағы. Алғаш рет ел ішін жайлаған аштық қасіретін көргенде оның төбе шашы тік тұрды. «Мынау не сұмдық, қисапсыз қырғын?! Бұны үкімет біле ме?»– деп сан түрлі сауалға маңдайын ұрды. Көшелерде теңкиіп өліп жатқан адамдар, шокпытын сүйретіп, қайыршыға айналған қазақтар,.. соларды көріп, тіпті қарсы келіп қалған кездерде жүрегі сыздап, жаны түршікті. Бұ жағдайды жергілік басшылар білмей отыр ма, неге бұлай?.. Олар неге үнсіз? Осыдан біраз бұрын мына Тоқырауын бойыны келген Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров: «Халық әбден байып кеткен екен азайтпаса болмайды екен» деп елдің байығанынан үріксе керек. Үкімет басшысының осы сөзі қандай мағанада айтылғанын Үркінбай түсіне алмай дал. Байыған ел осылай шыбынша қырыла ма?–деп іштей ашынууда.

– Апырай, ә!– деді ол кинала қынжылып, қалай ара түсудің есебін таппай. Сол-ақ екен: «хат жазса қайтер еді?» – деген тосын ой миына сақ ете қалды. Шынында да хат жазу керек. Сол күні Үркінбай әрі ойлап, бері ойлап, ақыры Мәскеуге, тура Сталин жолдастың өзіне «үшбу» хат жөнелтті. Көрген-білгенін моншақтай тізіп, бүкпесіз жайып салды. Содан бір жақсылық болар деп



сенді. Үмітін арқалап Мәскеуге кеткен «үкілі» хаттан «қандай да бір жауап болар, онда да жақсы жауап келер» деп Үркінбай ұзақ тосты. Жүйткіген жүйрік уақыт тоқтасын ба, араға апталап айлар түсті, бірақ жауап болмады. Неге екенін Үркінбай көп жыл өткен соң білді. Ол кезде жүрегі қан жылап, ел жағдайын айтып жоғарыға зарлап хат жазған қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу ұлтжанды азаматтары аз болмаған екен. Оны да Үркінбай кейінен, тым кейін, кебенек ішінде жүріп білді.

Әке-шешеден ерте қалып, жоқтық көрмесе де, жетім екенін сезініп өскен Үркінбай үшін кеңес үкіметінің қадір-қасиеті, айтары жоқ, бөлек-ті. Ол кеңес үкіметіне, Сталин жолдастың «даналығына» шексіз сенген екі аяқты бір пенде болса: ол – Үркінбай-тын. Содан да болар ол әуелі партияға, одан соң елге жан-тәнімен қызмет етуге кіріскен. Баяғыда Есқожа көкесі «Үркінжан, сен әуелі елін үшін, арманда кеткен әкеңнің аруағы үшін оқы, еңбек ет, үлкен азамат бол» деп аманат арқалатып еді. Сол сөз – Үркінбайдың өмірлік темірказығына айналған-ды.

Қазақты аштық аранына тастаған теке сақал кетіп, оның орнына Мирзоян келген кез. Дәл осы уақытта Үркінбайдың да қызметі өсіп, ауткомға жауыпты лауазымға тұрды. Отызға толмаған жалындаған шағы; жұмысқа жан-тәнімен кірісті, өзі де еңбекке құштар, ерекше алғыр, білімдар болатын. Дәл осы кезде тағы бір күдік пен үрейдің шайтан құлағы қылтиып, әр жер-әр жер де жауапты қызметте жүрген, есімдері тұтас елге мәшһүр аптал азаматтар «халық жауы» деген айыпқа ұрынып, ұсталып жатты. «Бұл, сонда қалай болғаны?» деген сұрақ Үркінбайдың жүрегіне

инедей қадалды. Сәкен, Ілияс, Бейімбет, секілді исі қазақтың маркасқа перзенттері «халық жауы» дегенді естігенде есеңгіреп қалған. Мүмкін емес!— деді ол. Бұ да бір гәп бар, деп талай күндер соған жауап таппай ойсоқты болды.

Апырмай, тіпті әліпті таяқ деп білмейтін шаруа адамдарының жапон тыңшысы болғаны қалай!? Сенбейін десе партия айтып тұр, сенейін десе қисыны жоқ. Ең сұмдығы «халық жауы» атанғандар өз «кінәларын» қалтқысыз мойындауда. Үркінбай кімді тыңдарын білмеді. Партия мұндай әділетсіздікке бармайды. Онда бұл не сұмдық?— деп сан-сапалақ сұраққа жауап іздеді.

Осындай қарбалас күндердің бірінде ол енбекшілерінің шаруа жағдайын білмекке Қосағаштағы елді аралады. Бұл уақытта ауыл адамдары көктемгі егіске қам қылып, қарбалас жұмыста жүрген. Ауданнан келген Үркінбай ауыл адамдарымен кездесіп енді қайтқалы тұрғанда, Жыңғылдының қоңыр белінен құлайтын ирелеңдеген жалғыз аяқ жолмен қос ат жеккен тарантәшке құйғытып келе жатты. Пәрмені қатты. Тарантәшкенің екі қапталында шолақ құйрық ат мінген аттылы адамдар, арбадан озбай да, қалмай да қатарласы жортып ауылға қарай заулап келеді. Жау жеткілеп жүретін кепеудің сықпыты солай еді. Бұларды ауыл іргесінде ойнап жүрген балалар көрген бетте үйлеріне қарай тырым-тырақай тұтып жөнелген. Тіпті үндері шығар емес, үйлеріне жанұшыра жеткен балалар: «Кепеу... кепеу, келе жатыр, кепеу келе жатыр!» — деп асыға-аптыға хабарлады. Кепеуден бала тұрмақ ит екеш, иттің де зәре-құты қалмайды екен. Қазіргі сәтте де

сыкпыты суық жолаушылардың алдарынан арсылдап өре тұрған маң төбеттер сайтанның сұсын көргендей, құйрықтарын борбайларына тығып жым болған.

Ауылға ат қойып, азынатып жеткен аты шулы Қаражан деген қарашұбар кепеу екен. Оның есімін естісе бесіктегі бала уанатын. Шыр еткен торғай, ыз еткен шыбын жым болатын. Ол ауылға кіргенде екі аяқты пенде біткен үйден шыға алмай жабықтан сығалап, бәленің бетін бағар еді. Қазіргі сәтте де ауылға еңтігіп жеткен жендет тарантәшкеден, аяғы жер баса алмай шырт түкіріп, шірене түсті; маңайға сүзе қараған Қаражан, кедей ауылға ызбарлана көз тікті. Қараша үйлерді тәкәппарлана шолып, «ұсқындарын» деп, үркіп тұр. Өзімен жағаласа, жарыса жеткен салт атты жендеттердің біріне дереу жарлық берді:

– Адамдары қайда мыналардың? Жер жұтып кеткен бе? Басқармасы қайда, тез жинандар?!– деп бұйырды. Тапсырма алған жендет атты борбайға бір салып, қатар-қатар отырған ауылды шарлап, шапқылап кетті. Сәлден соң жұмыс басындағысы бар, басқасы бар жүздері жүдеген оншақты адам төбе көрсетті.

Мұны көрген Үркінбайдың іші қылп ете қалды. Оның қасында Жомарт басқарма, арқасына ер батқан қойторы құсап, Үркінбайға қарауға да шамасы келмей, қайқандап солай қарай емпеңдей жөнелді. Мына Қаражан деген бір сойқан болса керек. Әйтеуір, жүрісі сұйық, дойыр. Әсіресе түрмеге бір сүнгіп шыққандар бұдан өлердей ығады екен. Соны сезген Үркінбай «бұл әсте тегін жүрген жоқ-ау, қызыл көз, сайтан» деп іштей күдікке бой алдырған. Ол қателескен жоқ еді,

жендеттер келе сала ауыл адамдарын иіріп алды. Үркінбайға «сіз жолыңыздан қалмаңыз, жүре беріңіз, бізде шұғыл тапсырма бар, жұмыс қой», – деп Қаражан мұны шығарып салған. Шыны ма, өтірігі ме, кім білсін, әйтеуір, ол Үркінбайдан бірдеңе жасырып, тұспалдап тұрғандай көрінді. Кімге көр қазып жатқаны өзіне мәлім, тегін емес. '

Сол жолы олар тіршілігін күйттеп еңбек етіп жатқан аз ауылдың адамдарын тік тұрғызып, жеке-жеке жауап алып, жоқ нәрсені қазбалап, тергеп, тексеріп қыспаққа алды. Жиынның соңында колхозшылардың бәрін қызыл отаудан шығарып жіберіп Жомартқа бұрылды. Ұртындағы темекісін екі езуіне кезек сырғытып, көк түтінді мұрнынан да, аузынан да бұрық-бұрық бүркіп:

– Сен не бітіріп жүрсің?–деді шүйіле сөйлеп.

– Жұмыс жасап..., көктемгі егіске дайындалып..., дегендей,– деп Жомарт басқарма күмілжіп, Қаражанның алдында қалтырап қоя берген. Соны сезген жендет қызыл отаудың ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, Жомарттың алдына келіп тұра қалып:

– Ана Нұрқасов Үркінбай неге келді? Сенін сыбайласың ба?

– Жо...о...оқ, ол райкомның адамы, егіс алқабында болып, жұмыс жағдайын қадағалап,.. Жомарттың сөзін бөлген Қаражан оны одан әрі сөйлетпей тастады.

– Сен оны қорғаштама, сыбайласың болмаса нең бар о да?–деп сыртта тұрған жендеттерін шақырып алып, әлгі Әкімбеков Ерубай деген қайда? Оны алып жүріңдер,– деп бұйырды. Ал, сен

ертең өз аяғыңмен келетін бол,— деп Жомартты сұқ саусағымен кеудесінен нұқып ескертіп кетті.

Содан бастап Қаражан дегеннің атын ел, бұрынғыдан бетер айта алмай қалған. Ол туралы сөз болса «анау» дейтін болды. «Анау келе жатыр» десе қалғанын ел бірден түсінетін.

Кенес үкіметі кедейді жарылқап, мұның қолына шексіз биліктің шекпенін кигізіп, бишігін ұстатқан. Со күннен бастап жұлдызы оңынан туған Қаражан елдің басына қамшы үйіріп, халық жауларын індете іздеді. Ұйқы-күлкіден қалып, құтырған қасқырдай күндіз-түні шапқылап, жінігіп жүргені сол. Аудан бойынша осы айда отызға тарта халық жауын табуы керек екен. «Мен жаумын?» – деп кім келеді дейсін. Астыртын тыншы болып тығылып жүрген қараниеттер қаншама, кейбіреулері қой терісін жамылып, көптің арасында бет пердесін байқатпайтын секілді. Қаражанның басындағы ой осы, қалай да қырағылық танытып, пиғылы теріс жауларды су бетіне шығарып көзін жою. Ақыры іздегенін тапты, күн кешкіре колхозшы Ерубайды «күдікті» деп екі қолын матап ала жөнелгенде, алты-жетілердегі баласы шырылдап әкесінің соңынан жүгірді. Әкесі артына бұрылып, «Нұрымбек, балам, жылама, ақылды бол, апана көмектес!» деп айғайлауға ғана шамасы келді. Ауыл үсті тұнжырап, әйелдер тұншығып жылап, көпшілік үрпиіп қала берді.

\*\*\*

Үркінбай сапардан келісімен аудандық партия комитетінің екінші хатшысымен сөйлесті.

Әңгіме ашық болды. Көз алдында болған жағдайды бүкпесіз баяндаған ол:

– Неге бұлай? Қарапайым диканшы Ерубайды халық жауы деуге аузың бармайды. Олар қалай жау болады, күндерін әзер көріп отырған кедей-кепшік пақырлар,– деп ара түсті. Ақтап алғысы келді.

Хатшы байсалды адам еді, іштей қиналып: – Үркінбай, сен әлі жассың, мұндай әңгімеге кіріспегенін жөн,– деді. Сонын өзін жан-жағына жалтақтап, бірденеден сескенгендей жеткізген. Ерубай жөніндегі сөз сонымен тамам болып, үлкен бастық әңгіме ауанын күнделікті жұмысқа бұрып: елдің әлеуметтік жағдайының ілгері басқанын, социалистік қоғам құрып жатқанымызды желпіне айтып кетті. Көңілі толқып келген Үркінбай бастықтың «батагөй» сөзінен ештеңе түсіне алмай дағдарып шықты. Қалың орманда адасып кеткен жан сықылды, «өмірде не болып жатыр өзі» деп ойға батуда. Ұнжырғасы түсіп кешкілік үйге келгені сол-ды, кішкентай ұлы Еркін алдынан шықты. Кешкі астың қамымен жүрген келіншегі Сақып ас үйден жүзін көрсетіп, Үркінбайдың өңіне барлай қарап:

– Аманшылық па, отағасы?– деді ерінің абыржыған жүзіне алаңдап.

Үркінбай Сақыпты жаңа көргендей, көмірдей қара шашынан искеп, баласы екеуін қапсыра құшақтап, біраз уақыт үндемей отырды.

– Жандарым,–деді сонсоң, – жандарым, ештеңені, уайымдамаңдар,– деп баласын көтеріп алған Үркінбай: «Еркінжан, сенің қалың қалай?» деп кішкентай ұлымен сөйлескен болды, бірақ

көңілі алабұртып өзін жайсыз сезіне бастаған. Сақып та күйеуінің жүзінен әлдебір жайсыздықты ұғып, жүрегі өзінен өзі атқақтап:

– Үркін, жаным-ау, тамақ ішпедің ғой. Не болды, жұмыста бірдеңе болды ма?– деп көзі боталап азаматының жүзіне жалтақтай берді.

– Сақыпжан, айналдым, сен уайымдама, кеше бір жайсыз жағдай болған. Біздің ауылдағы Әкімбек атаның баласы Ерубайды ұстап әкетті. О кісінің жазығы жоқ, босатады, дегенмен сол ойымнан кетпей тұр,–деді.

– А...ойбу!– деді Сақып қорыққаны ма, таңырқағаны ма даусы қатты шығып, – Ерубай аға! О кісі не істеген? – деп Үркінбайға қарап қалған-ды. Үркінбай бұл әңгімені одан әрі созғысы келмей «Ештенесін білмеймін, райкомға барып араша түсіп көрдім, тыңдамады» деді де қойды.

Сол күні Үркінбай тым мазан күйде болды. Басы жастыққа тигенімен, кірпігі айқаспады. Үш әріптің құрығына іліккен Қосағаштың адамдарын ойлады. «Ерубайды неге ұстады?», «Ара түсейік, әділдігін айтайық» – деп көмек күткен басшының түрі анау. Енді қалай болады?» – деп түпсіз ойға шомған. Сақып та «ухілеп» дөңбекшіп, көз ілмей, қай-қайдағы ойына келіп, ақырында ерін тас қып құшақтап жатқан.

Түн ортасы ауған шақ. Сыртқы есік тарс-тарс қағылды. «Бейуақытта бұл кім болды екен?» – деп Үркінбай үстіне жеңіл киім іліп есікке беттеген. Жүрегі бір жамандықтан секем алғандай. Сақып та орнынан ұшып тұрып, үстіне халатын жамылып есік көзіне тесіле қарады.

Аржақтан ер адамның жуан даусы естілді. Үркінбай есік ашқанда Қаражанды көрді.

– Кешіріңіз, Нұрқасов жолдас, мазаңызды алсақ. Қасында қару асынған екі милициясы бар талтаңдаған Қаражан ішке өтті. Сонсоң үйдің ішін тінте қарап:

– Киініңіз, бізбен бірге жүресіз, тығыз шаруа бар,—деді.

Үркінбай қарсы сұрақ қоймады. Сақыпты қорқытқысы келмеген. Әйелінің бетінен сүйіп, ұйықтап жатқан ұлының маңдайынан искеп:

– Сақыпжан, қорықпа, Еркінді сақта, шешеймен хабарласып тұр,— деп үйден шыға берді. Көз жасын тыя алмай еңіреп жылаған Сақып таңды көзімен атырды. Кімге, қайда барады? Зар мұның кімге шағады? Ескексіз қайық секілді барар бағдарын жоғалтып қиян түзде адасып қалғандай. Жылай-жылай екі көзі ісініп, ертесінде аудан басшысына барып шағымын айтты. Сақыптың арызын тыңдап болған ол ойға батып:

– Біліп отырмын, уақыт осындай болып тұр, бәрібір әділдік жеңеді, Үркінбайдың адал коммунист екені бәрімізге белгілі,—деп жұбатқан болды. Бірақ одан Сақыптың қайғысы жеңілдеген жоқ; жанына батқан азабы азайып, уайымы кеміген жоқ. Басына түскен сорды арқалап түрмені жағалады. Тас қабырға мен темір есікті сығалап саңылау таппады, соны айналып жүріп, қызыл жағалының бірімен тілдесіп мән жайды айтқан болды. Мардымды жауап жоқ. Кешке дейін әр есікке телміріп, ақыры салы суға кетіп, енді қайтқалы тұрғанда, аты жаман кеңсеге қарай, елпеңдеп келе жатқан таныс адамның сұлбасын көзі шалып қалғаны. «Бұл кім болды екен?» Аузын жиып болғанша, әлгі кісі еңкейдеп, тез-тез жүріп



жақындап қалғаны. Сақып өз көзіне өзі сенбей: «Сол ма, сол емес пе?» деп ойлап үлгергенше әлгі адам мұның тұсынан өте берді. Сөйтсе, бұл кәдімгі Жомарт. Иә, иә, Жомарттың дәп өзі, қуанып кеткен Сақып:

– Жомарт аға, Жомарт аға!– деп, емпендеп бара жатқан кісінің соңынан жүгіріп оны эзер тоқтатты. Артынан қуа жеткен әйелдің даусына окшырайып, шошына қараған Жомарт, Сақыпты бірден таныды.

– Сақып, сен мұнда қайдан жүрсін!?– деді көзі жыпықтап.

Сақып жанарына жас алып, басына түскен жағдайды шет-пұшпақтап айта бастағаны сол еді:

– Ааа, ол қалай,.. ә! Естімедім,– деді басын шайқап. Сасып-абдыраған Жомарт Сақыптың не айтып тұрғанын ұғып болатын жағдайда емес-ті. Бар түсінгені «Үркінбай ұсталыпты», «Апыр-ай, оны ұстаса, мені де оңдыра қоймас, баяғы да Есқожа байдың атшабары болған, байдың құйыршығы» деп менің де көзімді құрта ма?– деген ой миына зырк ете қалған. «Қаражанды танысаңыз, Үркінбайдың жағдайын біліп бересіз бе?» деген Сақыптың сөзінің бірін естіп, бір сөзін шала ұғып:

– Үркінбайды ұстады дейсің бе?! А,..а,..а, – деді басын изеп:– Сөйлесеміз,.. М,..мені бұл жерде тоспай-ақ қой, жақсылық болып жатса өзім айтамын, – деп жалт бұрылып жүріп кетті. Сақып Жомартты көргеніне біржағынан қуанып қалды. Дегенмен, көзкөрген адам ғой деп ойлаған. Сөйтсе де Жомарттың танымастай өзгеріп, әлденеден сасып-абдырап тұрған пошымынан сескенді. Елпеңдеп бара жатқан Жомарттың соңынан қарап,

бұл өзі баяғы Ескожа көкесіне атшабар болған, дорба ауыз Жомарт. Ой Алла! –деп Сақып іштей таңырқаса да, жамандық ойламады.

Сақып дорба ауыз Жомартты ұзақ тосты, бірақ оның қарасы көрінбеді.

121

### 13. Тұлып

Жүрегі шайлығып қалған Жомарт Қаражанның кабинетіне тізесі дірілдеп, зәресі зәр түбіне кетіп зорға кірді. Темекісін екі ұртына кезек сырғытып, буы бұркырап қайнаған қара шәйнек сықылды, көк түтінді аузы-мұрнынан бұрк-сарқ шығарып тұрған Қаражан-жендет, Жомартты көргенде жараған бурадай зіркілдеді.

– Сен,–деді ол, Жомарттың кеудесін сұқ саусағымен нұқып:– тергеуге көмектесетін болсаң, сөздің шыны керек, сені ұстамаймын. Болмайды екен өз обалың өзіңе. Келісесің бе соған? Мына сөзді естіген Жомарттың көзі жыпылықтап, басын изеп:

– Келісем, Қареке, келісемін. Сізге көмектеспегенде кімге көмектесем, – деп дорба ауызы қомпылдап, қақалып-шашалып сөйлеген.

– Біріншіден, мен саған Қареке емеспін, Қаражан Қаубековыш боламын; екіншіден, жауабың жаңа оңала бастады. Осы бетіңнен тайма, мен өзім де ойлағам, бұл – Жомарт дұрыс адам деп, знашыл қателеспегем.

– Рақмет, Қаражан Қаубекш, дұрыс адаммын, қателескен жоқсыз,– деп Жомарттың да жаны мұрнының ұшына келгендей, қыт-қыттап жендет-

тің алдына түсіп томпаңдауға пейіл екенін білдіріп дегбірі қалмады.

Соны сезген Қаражан:

– Олай болса, әңгіме мынау, знашты: әлгі Нұрқасов Үркінбай сендердің ауылға не үшін келді? Ол кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп жүр дейді ғой. Өзі жапонияның тыңшысы, солай ма?– деді.

– Қаражан Қаубекыш, о жағын білмедім,–дей бергені сол екен, Қаражан үстелді бір қойып: – Сенің басың орнында ма?– деп айғай салды. Артынша карағай есік кайкайып ашылып еңгезердей айдауыл ентелеп кіріп келді.

– Қаражан Қаубекш, кешіріңіз,.. Мен түсінбей қалдым, айтқаныңызды орындайын,– деп жыларман болған Жомарттың сөзін келеу тыңдамады.

– Мынаны апарып жабыңдар, есі кірсін,– деп арс ете қалды Қаражан. Зәресі қалмаған Жомарт не болғанын түсінбей орнынан сүйретіліп әзер тұрды; іші-бауыры сұп-суық болып, үрейі ұшып, жаны алқымына тығылды. Буын-буынынан әл кетіп бара жатқандай. Камераның темір есігі сарт-сұрт ашылғанда жаны қысылып, бұтына жіберіп қойды. Соны сезген айдауыл: – Өй, найсап! Бар енді, борбайың кепкенше саған шығу жоқ,– деп аяғымен артынан бір теуіп ішке кіргізіп жіберген.

Қалшылдап, дірілдеп келесі күнгі сәскеге дейін қамауда отырған Жомарт тура бір тәуліктен соң, тағы да Қаражанның алдына келді. Бұл жолы Қаражан оны кешегідей кабинетінде емес, жалғыз үстел, жалғыз орындық тұрған ұсқынсыз алакөлеңке бөлмеде қабылдады. Ішке кіргізген айдауыл тұтқынды иығынан басып карағай

орындыққа қалқитып отырғызды. Кеудесінде жыбырлаған қу жаны бар, бейшара Жомарт демін эзер алып, көзінің қиығымен алдында қиғаштай тұрған адамға жасқана көз тастады. Қаражан екен. Бөлменің ішін құлаққа ұрған танадай үнсіздік жайлаған. Қаражан кепеу ойланып тұр ма, әлде бұған тесіле қарап тұр ма, ол жағын Жомарт айыра алмады. Басын көтеруге жүрегі дауаламай, дыбысын шығармай үнсіз қатып қалған. Темекісін құныға тартып, әлдебір ноқатқа телміре қараған Қаражан Жомартты әдейі ықтырып алғысы келгендей біразға дейін үнсіз отырды. Онсыз да жүні жығылып, жігері құм болған Жомартқа мына үнсіздік лақатқа түскендей еңсесін езіп, ес жиғызбады.

– Так,— деді Қаражан, дауысы санқ етіп: – Жаксылап ойланған боларсың, Жомарт? Ойланып болсаң, жауап бер. Сонымен Үркінбай неге барыпты сенің аулыңа? Үгіт жасап жүр ме, не істеп жүр?—деді жендеттің қаткыл даусы, өктем сөзі тұтқынды одан әрі тұқыра түскен. Сасқалақтаған Жомарт кепеудің не дегенін жөпелдемде түсіне алмай, аузы аңырайып Қаражанға қарады.

– Айтсаңшы, ей! Тілің бар ма? Сұраққа жауап бер. Үркінбай неге барыпты сенің аулыңа. Үгіт жасап жүр ме, не істеп жүр?— деп әуелгі сөзін қайталап, Жомартқа төніп келді.

– Үгіт жасап жүр, үкіметке қарсы. Жапонияны сатамыз деп жүр,— деді ол қақалып-шашалып.

– Жапонияны сатқаны қалай, Қазақстанды Жапонияға сатамыз деп жүрген шығар.

– Иә, иә, солай, Жапонияға сатамыз дейді,– деп жендеттің ығытына құлай берді.

– Осы жерден бастап жөндеп айт,– деп дорба ауыздан шыққан әр сөзді қақшып алып; толықтырып, акыры көлдей қағазға қолын қондырып, аулына қайтуға рұқсат берді.

Күн кешкіре Жомарт босап шықты, әйкәпір тозақтан құтылғанына қуанды. Әйтсе де жүрегін ұстарамен тілгендей бір жайсыздық жанына батып, қуанса толық қуана алмай, күлсе шындап күле алмай, жолда келе жатып ат жалын құшақтап еңкілдеп жылады; өзінің имансыздығына, ынжықтығына налыды; кешегі Нұрқастың жалғыз, көз алдында өскен өрімдей Үркінбайға жасаған онбағандығына күйінумен болды.

Ойынан Үркінбай шығатын емес,.. Алла-ай! деп жаны қинала налыды. Сол сәт басына бір киямпұрыс ой келді: мына басқармалықтан да, кепеудің де құрығынан құтылудың бір жолы – мертігіп, мүгедек болып іске жарамай қалу керек. Солай, сонда бұны ешкім мазаламайды. Ат үстінде өмірден баз кешіп келе жатқан Жомарт осы ойға ақи-тақи табан тіреді.

– Мен мүгедекпін, мүгедекпін!– деп бар дауысымен иен түзге жар салды. Артынша басын тоқпақтап, аттан түсе сала шаңға аунап; бет-аузын ақ тозаңға малып, көзінен сорасы ағып егіліп жылады. Жан дүниесі белгісіз дертке ұрынғандай азапқа түсіп, есіз далада еңсесі езіліп, ұзақ жатты.

Күн екіндіден ауғанда қалтақтап атына мінген Жомарт, әлдебір қимасынан, қымбатынан айырылған жандай сүлдерін сүйреп, ит мүжіп тастаған кәрі жілік сықылды, мүжіліп, мүлігіп

ауылына келе жатты. Ауыл шетіне іліккенде оны кейбіреулері танымай қалды:

– Құдай-ау! Мынау, әлгі, басқарма Жомарт па? – деді біреулер.

– Қой. Ол емес, шығар. Оған не көрініпті, соншама... – деді екінші біреу.

Со беті үйіне жете бере аттан сыпырылып түскен Жомарт, ыңырсып жатты. Қатын-баласы «бұған не болды?» деп Жомарттың басын сүйеп, естері шығып: «аттан құлаған екен, Алла сақтасын», деп абыр-дабыр болды да қалды. Бұлардың дауысын естіп көрші отыратын ауылдық кеңес төрағасы Сейтқұл келді.

– Басқармаға не болды? – деп абдырап, қорқып қалған ол Жомарттың жүзіне тесілген. Басқармада тіл жоқ. Бәрі жабылып жүріп Жомартты үйге әуірімдеп кіргізді.

– Бүгінше демалсын, ертесін келіп жағдайын білермін, – деп Сейтқұл үйіне кетті. Олар кеткен соң Жомарт әйеліне: «Мен мүгедек болып қалдым, аттан құладым, екі аяғым бастырмайды», – деді. Әйелі онша сене алмады. «Аяғың ауыра ма?» десе: «Ауырмайды, жаны қашып тұр» – дейді. Қысқасы Жомарт бір күн жатты, екі күн, үш күн, тағы да солай күндер өте берді. Ауылдағылар Жомарт басқарма аттан құлап мертігіп қалыпты десті.

Жомарттың жұмбақ жағдайы талайға дейін ел аузындағы алып қашты әңгімеге тұздық болды.

Жомарт, шіркінің, со жатқаннан мол жатты. Жылдан асып кетті, елдің де көзі мен құлағы «мүгедек Жомартқа» үйренді. Қуғын-сүргін де басылды. Соғыс басталды. Ер-азаматтар майданға кетті. Бұл кезде Жомарт сау адамдардың

қатарынан шығып, басы бүтін тұлыпқа айналған. Кейін соғыс біткеннен соң бертін келе, біреулер оны «өзінің шөп қорасында түрегеп жүргенін көріп қалдық» деп айтып жүретін, алайда оған көпшілік онша сенбеді. «Не бопты осынша жыл өзін-өзі тұлыпқа салып, мүмкін емес» дейтін. Өмір бойы соның анығына ешкімнің көзі жетпей кетті.

#### 14. Тамұқ

Жендеттердің құрығына іліккен Үркінбайдың өмірі ойран, көрген күні тозаққа айналды. Баяғы асқақ арман, «елге қызмет етсем» деген биік мақсат көзден бұлбұл ұшты. Баяғыда әке орнына әке болған Ескожа көкесі оқуға шығарып салып тұрып айтып еді: «Үркінжан, қайда жүрсең де аман бол, адал бол, ешкімге қиянат жасама, өміріміздің алды тұман ғой, оқып-тоқыған адам білмесе біз секілділердің заманды болжарлық қауқары қалмады. Ендігі үміт сендерде. Мен олай-бұлай болып кетсем бауырыңдай болған Жолдыбегіңе қарайлас,— деп еді. Беу, заман-ай! Ертеңгі күнді кім болжаған? Ескожа көкемнің сол аманаты да мойнымда өтелмей кетіп барады!— деп іштей күрсінген.

Ерубайдың босаған, босамағанын Үркінбай біле алмады. «Балапан басында, тұрымтай тұсында» демекші өзіне төнген қатердің мәнін түсінбей дал. Тар бөлме. Қуықтай терезеден болар-болмас шам жарығы сыздықтап төгіледі. Түн ортасы ауғанда айдауыл келіп, Үркінбайдың қолына кісен салып жауапқа әкелді. Мұны тергейтін Қаражаның өзі екен. Ол бөлмеге кірген Үркінбайға назар аудармаған қалпы біраз үнсіз

отырды. Өзінше ойға шомған. Қарақошқыл өңі түнеріп, бетінің түгі үрпиіп, бұны үнсіз ықтырып алғысы келгендей көпке дейін сазарып отырды.

– Нұрқасов, саған жаным ашиды. Соры қалың жігіт екенсің. Жөніңе жүрмедің бе?! Жарайды оның керегі жоқ енді. Сен астыртын ұйымның мүшесі екенсің. Өзің Жапонияның тыңшысы көрінесің. Мына сөзді естіген Үркінбай шыдай алмай:

– Сандырақ! Не айтып отырсын өзің?– деді.

– Нұрқасов жолдас, ашуыңды артыңа сақта. Саған ауыр айып тағылғалы тұр, одан да сөзді бөлмей әбден тыңда, ойлан. Ең дұрысы қылмысыңды мойында. Осыны айтқан тергеуші мысқылдаған болып, сұрқияланып күлді. Үні қорқау қасқырдың қыңсылағаны секілді.

– Мойындайсың ба?– деді тағы да.

– Сіз не айтып отырсыз? Қайдағы Жапония? Тыңшыңыз не? Айтып отырған сөзіңе өзің сенесің бе?

– Күдікті, Нұрқасов Үркінбай, мен айғаққа сенем, қылмысыңа көзім жетпесе сені мұнда сүйреп неміз бар? Сенің астыртын ұйымға мүше болғаның, үкіметке қарсы жасап жүрген құпия жұмыстарың дәлелденген, тек сенің мойындауың керек және сыбайластырың кім? Соны айтып бер, сонда тірі қаласың. Ана қатын-балаңды ойла. Әлде оларды бірге ала кетерсің? Айтпақшы сенің әйелің баяғы Ескожа байдың қызы екен ғой. Ол өзі сенің өкіл әкең болған дейді, оның бәрін сен партиядан жасырып келгенсің. Әйтпесе, сен сияқты жетім бала, Омбыдан қалай оқиды. Біз соның бәрін



білдік, сен барып тұрған қой терісін жамылған контра екенсің. Бұған не дейсің?

– Соның бәріне көзің жетсе, айнамайтын айғағың болса, менен неге сұрайсың?

– Әрине, көзіміз жетіп отыр, өткенде сен Қосағашқа не үшін бардың? Үкіметке қарсы үгіт жасап жүрсің. Ерубай Әкімбеков сенің сыбайласың көрінеді. Ол мойындады.

– Райкомның тапсырмасымен бардым, басшылардың сұра, сенбесең.

– Ол енді керек бола қоймас. Олардың өздері сенің үстіннен шағым жасап, астыртын сатқындық жұмыспен айналысатыныңды, ел ішіне ірткі салуға құштар екеніңді көрсетіп берген.

– Мұның, енді, жалған. Сендер мені заңсыз ұстап отырсыңдар, мен райком мүшесі, коммунистпін. Мені тұтқындау үшін бірінші райком мүшелігінен шығаруы керек.

– Күдікті, Нұрқасов, сөзді доғар да іске көш, қылмысыңды өзің мойындайсың ба, әлде көмектесейік пе? Соны айт. Сенің жаныңды енді ешкім де, алып қала алмайды. Ол менің қолымда. Ендігі құдайың – мен,– деп жұдырығын түйіп үстелді тоқпақтады.

Сол мезет есік айқара ашылып ішке енген екі жеңдет Ерубайды сүйемелдеп кіргізді. Оның басы-көзінде тамтық жоқ; қан соқтасы шығып, бір көзі жұмылып кеткен. Үркінбай орнынан ұшып тұрып:– Ереке саған не болған?– деп ұмтылғаны сол еді жеңдеттің бірі мұны кері итеріп тастады. Үркінбайдың жүрегі солқ ете қалды.

– Оңбағандар! Жауыздар!– деп ышқына ақырды Үркінбай.

Екі жеңдет Ерубайды кері алып кетті. Бұған әдейі көрсетіп, зәресін алу үшін жасаған зымыяндықтары екенін Үркінбай бірден түсінді. Олар шығып кеткеннен соң:

– Қалай сыбайласыңды таныдың ба?– деді Қаражан. Үркінбай жауап қайтармады. Көз алдында болған оқиғаға жүрегі алқынып, Ерубайға жаны ашыды. Саясаттан хабары жоқ, жуас, қараңғы адам еді. Сол-ақ екен, есіктен өңкиген дәу кіріп келді. Ол келісімен Қаражан:

– Мына кісіге көмектес, ұмытып қалғанын есіне түсір,– деп шығып кетті. Ізінше кешегі ауылға барған дәу қара мұны маңдайдан гүріс еткізіп сұлатып салды. Қаперсіз отырған Үркінбай орындығымен қоса еденді құшты. Жалма-жан атып тұрмақ еді әлгі дәу басқа көзге тепкілеп, тұрғызатын емес; ызаға булыққан Үркінбай ұшып тұрып әлгімен жағаласа кетпек. Сол оймен еңсесін көтере берсе-ақ әлгі жеңдет, тышқан аңдыған мысық секілді, мұны не іштен, не бөкседен көстите теуіп ұшырып түсіреді. Бір кезде тұрғызбай тепкіледі. Өкшесі мен маңдайына темір нәл қаққан қара етік, жалт-жұлт етіп аяусыз соққылады. Тепкіден көз аша алмаған Үркінбайдың есі ауып кетті. Тұщы етіне тиіген арам таяқтан алғасып қалғандай, жаны қорланып суық қарңерде сұлап жатты.

Таң атқан болса керек. Түрме дәлізінде аяқтардың тыпырлаған дыбысы естіледі. Баз-базда ыңырысқан дауыстар құлаққа талып жетеді. Тағы да көзі ілініп кеткен екен, қанша уақыт өткені белгісіз қарңердің темір есігі сартылдап ашылып,

мұның атын атады. «Сыртқа шық» дегені. Үркінбай орнынан төрттағандап әзер көтерілді.

Кешегі тергеу бөлмесіне тағы кірді. Қаражан бұ жолы да үстелдің қасында терең ойға кеткен кейіпте қабағы түксиіп, қарашұбар өңі түнеріп отыр екен. Аяғында жалт-жұлт еткен былғары қара етік, бұтында бура сан шалбар, белінде жалпак белдік, жамбасында салбыраған тапанша. Үркінбай бұлардың мінезіне кәнігіп қалған. Дәл осының кеуек басына қандай ой сыятынын білмесе де кісімсуді қапысыз меңгерген, жауыз деп ойлады. Айдауыл жендет мұны әкеліп орындыққа отырғызғанда:

– Оһо,– деді Қаражан, Үркінбайды жаңа көргендей жәдігөйлене сөйлеп,– Тұрпатыңыз жаңа келісіпті. Көрім болған екен. Қылмысыңызды «қылша мойным талша» деп мойындауға бір табан жақындапсыз. Басқа амалыңыз таусылған. Бізде мойындамау деген болмайды. Мойындатуға арналған түрлі-түрлі амал-айла бар. Сіздің табаныңыз соның алғашқы басқышына тиді. Қылмысыңызды мойындамасаныз жаңа жаттығулар жасаймыз. Амалдарымыз күнде өзгеріп, жаңарып, күрделене береді.

– Сіз түсініңіз, мен кедейдің баласымын. Совет үкіметіне мен қалай жау боламын, әкем қанды қол қарақшылардың қолынан өлді, шешем қайғыдан қайтты. Рас, мені Есқожа мырза бес жасымнан бастап асырап-сақтап оқытты, азамат қылып тәрбиеледі,..

– Міне, міне, көрдіңіз бе. Сені кедейдің баласы, жоқ-жітіктен шыққан деп оқытты, не үшін? Келешекте астыртын ұйымға мүше қылып, өздерінің сойылын соқтыру үшін, көрдіңіз ғой, гәп

қайда. Ал, сен түк білмегенсіп, Қазақстанды Жапонға сатуға әзірлеп жүрсің. Өкінішті-ақ! Өкінішті-ақ!— деп басын шайқаған Қаражан,— бұныңыз енді кешірілмейді,—деп шұбар беті тыжырынып жеркенген болды.

131

Мына сөзді естіген Үркінбай ызадан жарыла жаздап, айғай салды:

— Оттама! Хайуан! Қазақстанды мен емес, сендер кұртып жатырсыңдар. Қазақтың болашағына балта шауып жатқан сендер. Жазықсыз адамдарды заңсыз айыптап, соккыға жығып, қорлап,.. хайуандар. Мал екеш малды да бұлай кинамайды, сендерді құдайдың қарғыс атады әлі. Мен, жоғарыға Сталин жолдастың өзіне хат жазамын.

— Әне көрдің бе,.. совет үкіметіне жау екенінді өзің мойындадың. Құдайға сиынып отырсың, сол сөзің үшін көзіңе көк шыбын ұялатамын. Астыңа казык қағамыз. Қара мұны, көсемнің атына хат жазбақ екен,.. Сен бір рет жазғансың, Қазақстанда аштықтан адамдар қырылып жатыр деп. Қырылып жатқандар кімдер екенін білесің ғой, олар тап жаулары, жаңа өмірге мойынұсынбаған жалқаулар болатын. Сен соларға ара түспек болдың.

— Токта, тоқта, сонда үкімет олардың қырылып жатқанын білді деп айтпақпысың?

— Тұтқын, Нұрқасов, қайтесің көп сөзді. Үкімет бәрін біледі, одан да қылмысыңды мойындайсың ба, соны айт. Айтпасаң өз обалың өзіне. Артынша бұлардың үстіне екі жендет сау ете қалды. Қасында кешегі өңкиген дәу бар. Одан арғысы,.. одан арғысы есінде жоқ, әйтеуір, ауыр

соққының астында қалғанын біледі. Есін еміс-еміс жиғанда тас еденде жатқанын сезді. Көрдей қараңғы жер. Түн екені, күндіз екені белгісіз. Денесі ұйып қозғалтар емес. Құр сүлдері қалған секілді, есеңгіреп ұзақ жатты. Бір кезде салдыр-күлдір есік ашылып, ішке кірген жендеттің бірі «әлі есін жиған жоқ» деді.

– Мүмкін өліп қалған болар?

– Жоооқ, бұлар ит жанды ғой,– деп аяғымен нұқып-нұқып, – Ей тірімісің? Тірі болсаң тұр кәні!– деді.

– Әлі есін жиған жоқ, жата тұрсын. Келесісін көрейік,– деп жендеттер камерадан шығып кетті.

Бұл шақта Үркінбайдың кірпігі ғана қозғалып жатты.

Үстіндегі киімінің өрім-өрімі шыққан. Жейдесінің жыртылған шалғайы жаралы денесіне жабысып, тырысып ауыратын секілді. Бірақ жанының қорлануы одан да ауыр еді. Түннің бір мезгілінде, есік салдыр-күлдір ашылып, ішке кірген жалмауыз жендеттер мұны орнынан тулақша сүйреп Қаражанның алдына әкелді. Сөйтті де орындыққа сүйеп отырғызды:

– Жағдайыңыз қалай, тұтқын Нұрқасов?– деді Қаражан.

Үркінбай «жақсы» дегісі келді бірақ аузы сөйлеуге илігер емес. Қасқа тістері сынып қалса керек, жағын әзер қозғады. Жау алдында босандық танытпауға бекініп ышқынып: «Жа...а...ксы» деді.

– Мен сізді түнде тосып едім, келмедіңіз ғой?

– Шұғыл жұмыстар болып қалды, сізден де маңызды адамдармен кездестім, –деді әр сөзі шашырап, қырсыға сөйлеген Үркінбай.

– Қасарысқаныңа қарағанда, нағыз халық жауы екенің көрініп тұр.

– Оны уақыт көрсетеді.

– Нені көрсетеді? Жұмбақтамай анығын айт.

– Жұмбақта, жұмбақтама бәрібір сенің кеуек басында қайбір сөз ұғарлық ми бар.— деді Үркінбай жендетке қарақошкылданып көгерген бетін бұрып. Мына сөзді естіген Қаражан құтырған иттей арсылдап, Үркінбайды құлақ шекесінен сылқита ұрып сұлатып түсірді. Ізінше жендеттерін шақырып тұтқынды қабырғаға теріс қаратып, тікесіне тік тұрғызып қойды. Үркінбай тізесін бүкпей сағаттап, сөткелеп қаздырып тұрды; бір заматта есі танып, кескен теректей сұлады. Аяғы күп болып ісіп кеткен мұны қайтадан камераға сүйретіп тастады. Келесі күні тырнақтарын қопарып, тістерін сындырды. Бет жүзі адам танымастай өзгерді. Осылайша үш ай бойы тозақтың отына қақтап тірі аруаққа айналдырды. Одан соң Алматыға әкелді, мұнда екі тергеуші кезекпен кезек жауап алып, сілікпесін шығарып ақыра екі ай бойы ыстық қарцерге жауып, жанын қинады. Ыстығы бет шарпыған тамұқтың оттығында жатқан тұтқынды сыртынан келіп «қалайсың, демалысың қалай өтіп жатыр?» дем мазақ қылып жүрді. Айтып жүрген тозақтың оты осындай-ақ болар. Бұл азапқа шыдамай небір есіл азаматтар жантәсілім болған. Терісі қызылшақа болып үлдіреп, есінен адасқан Үркінбайды сүйемелдеген жендеттер керекті қағаздарына қолының сыртынан ұстап қол қойғызды. Одан соң Мәскеудің атақты Бутырь түрмесіне жөнелтті.

Аты шулы капастың ауласына кіргенде Үркінбайдың денесі тіксініп, небір қиянат пен қасіреті бойына жиып, түнере түксиген тозақ апаны оның еңсесін езіп, мысын басқандай еді. Сол-ақ екен құлағына әлдібір ауыр сарын келгендей болды, алыстан жеткен үн, бәлкім, бағзыдағы Емельян Пугачевтың қол-аяғына түскен темір шынжырдың дыбысы ма?! Түсініп болмайтын түнек дүниенің шынырауынан жеткен тозақтың сарыны дерсің. Үркінбайдың мұндағы өмірі де оңай болған жоқ, азапты күндер жалғасып, бұл өмірден күтер үміттің жібек жібі үзіле бастаған. Одан соң қайтадан Алматыға әкелді. Ақыры жиырма жылға сотталып, Воркутаға айдады. Енді кім бар, кім жоқ?! Өмірден біржола түнілген Үркінбай тұтқындар аралында адам айтқысыз азапты кешіп жатты.

### 15. Күтумен өткен жылдар

Ел ішін ауыр кесапат жайлаған. Кешегі ашаршылықтан әуірімдеп ес жиған елді Қаражан секілді кепеудің қарғылы иттері аңдып, жар астынан жау іздеп, елдің зәресін алған үрейлі заман туды. Олар тіпті бәрін кешірсе де, тірі жүргеніңді кешірмейтіндей. Үркінбай ұсталып кеткен соң Сақып көпке дейін ес жия алмай, ауыр қайғыдан есеңгіреп қалды. Әуелгіде “Бір жақсылық болар” деп ертеңгі күнге үміт артты. «Ешкімнің ала жібін аттамаған, ары таза жан еді,.. Апырмай, неге бұлай болды?» – деп күндіз-түні зар қақты.

– Үркешім-ай, жаным-ай! Әке-шешеден жастай жетім қалып едің, тағдырың неден ауыр

болды? Неге бұлай болды?– деп қасқырдай талаған сұм заманға лағынет айтып, күйеуін іздеуге бел буды. Сөйтіп ұлы Еркінді шешесі Күлзикенге апарды. Сақып Үркінбайдың бар кезінде анасы мен Жолдыбекке бір-екі рет келіп кеткен. Ол кезде Жолдыбек үйленген болатын. Содан кейінгі ат ізін салып тұрғандары осы. Үркінбай ылғи айтып жүретін «осылай қарай ауыссам» деп соның реті келмей жүрді. Сақып та оны асықтырған емес.

Қыс өтіп көктем шыққан кез. Жылаумен өткен бір жыл Сақыпты мүлде есеңгіретіп, аздырып, тоздырып жіберген.

Баласын жетектеген Сақып кеніште тұратын анасының үйіне келгенде Күлзикен апа қызын танымай қалды:

– Сақыпжан, жарығым-ау, сенбісің?! – деп қызының жадаған күйінен шошынып:

– Қарғам ау!– деп орнынан ұмтыла берді. Анасы Үркінбайдың ұсталып кеткенін тіпті естімеген еді. Сақып шешесін көргенде көңілі босап, анасын құшақтауы мұң екен еңіреп жылады. Жүгіріп Жолдыбек келді.

– Сақып, қорқытпай айтсаңшы, не болды? Үркінбай аман ба?– деді. Сонда ғана есін жиған Сақып көзінің жасын сүртіп отырып мән-жайды баян қылды. Анасы суық хабарды естігенде біреу төбесінен ұрғандай сілейіп қалды. Ізінше өңі сұрланып, еріндері дірілдеп, екі алақанын жайып, бірдеңе айтқысы келіп сөйлей алмай тұтығып көзі жыпықтай бергені. Күйеуі Ескожадан тірідей айырылып, енді қалған бала-шағасына жамандық жоламаса деп, солардың тілеуін тілеп отырғанда: «Жарығым, Үркешім-ай, соры беселі болған,



балам-ай!» – деп қабырғасы сөгіліп, қатты күйзелді. Жолдыбек тез есін жиып: «апа, апа» деп шешесін құшақтап, «сабыр етіңіз, тәубе қылыңыз, азамат қой, басы аман болса келеді» деп жұбатып, анасының өзі ауырып қалар деп қорқып қалған. Сонда ғана Күлзикен апа дауысы шығып зарлап жылады. Оған қосылып Сақып егілді. Үйдің іші азан-қазан болды. Әйтеуір, Жолдыбек бәрін сабырға шақырып:

– Мына Еркіннің жүрегін ұшырасыздар. Құдайға тәубе қылайық,– деп әйелдерді эзер тоқтатқан. Үркінбайдың «халық жауы» деген айыпты арқалап кетуі бәрінің қабырғасын қайыстырды.

\*\*\*

Еркінді анасына апарып тастаған Сақып күйеуін іздеп Воркута деген жердің шетіне сапар шекті. Ол шынында да, жердің шеті екен, күн көрмейтін, мұз құрсауында қалған солтүстік поляр өсіндегі жер дейді. Көрмеген, білмеген қияндағы өлке қай жақта оған қалай баруға болатынын сұрастырған Сақыпқа: «біреулер жердің шетінде» деді, енді бірі «әуре болма, жолда босқа өліп қаласың» дегенді айтты. Бірақ әйел алған бетінен қайтпады. Тіпті со жолда өлуге пейіл еді. Воркутаға қалай бару керектігін Үркінбайдың бір кездегі танысы Ақбай Әділов деген көзі ашық мұғалім жігіт қағазға жазып, мұқият түсіндіріп берген. Сөйтіп қазан айының басында құрт, майын арқалап көрмеген, білмеген жаққа бет алды. Сол күні көңілі біршама орнығып, Үркешіне ертең-ақ жолығатын секілді жүрегі алып-ұшып, толқып тұрды. Пойызға мінген соң да көңілі өреклүмен

болды. Бірақ, бұл асыққанмен отарба асығатын емес, ырғалып-жырғалып, көрінген бекетке аялдап, сайын сахараны қимағандай жүргенінен бөгелгені көп болып ұзақ малтыды. Күн бата изеңдеген жүрістен шаршаған Сақып ұйықтап кетті. Отарба да түнгі жүрісті өндіріп алғысы келгендей шапшаң жүріп кетті.

Күйеуін іздеп, ұзақ жол шегіп Воркутаға келген Сақып асыл жарын әзер таныды. Тек көзқарасы ғана – қоламтаның астынан жылтыраған сексеуілдің шоғындай болып, – оның Үркінбай екенін айтып тұрды. Алпамсадай денесі қушиып, сырықтай бойы еңкіш тартқан. Көзі шүңірейіп, жағы суалып, қараторы өні сұр топырақ тәрізді ме, әлде онып кеткен бөз сықылды ма, әйтеуір, көз тоқтатып қараудың өзі өте ауыр еді. Сақып азаматын құшақтап «Асылым-ай!» деп көкірегі қарс айрыла егіліп үнсіз жылады. Күйеуін мұқалтқысы келмеді, сөйтсе де жан күйзелісін жасыра алмай көз жасына ерік берген.

Мұнда бір қуықтай бөлмеде төрт бес адам, кей жерде одан да көп тұтқындар тұрады екен. Үй деген аты болмаса көпшілігі ит күрке секілді, ішінде темір пеш соған ептеп от жығып үсіп қалмастың қамын жасайды. Ішетіндері ботқа, саңырау құлақтың сорпасы, екі жүз грам нан, қысқасы, аштан өлместің күні. Он екі сағат жұмысқа жегіліп, аяқтарын сүйретіп, жұлдыз жамырағанда оралады. Аптаға жуық күйеуінің қасында болған Сақып рұқсат етілген күн аяқталған соң қоштасып елге қайтты. Қоштасарда екеуі бір біріне ұзақ қарады. Екеуінің де көзінде бітпейтін тұңғық мұң, таусылмас шер бар еді.

Сақып Үркінбайдың селдіреген шашы мен еті қашып арып кеткен жақ сүйектерін сипап, көзінің жасын көрсетпей ішінен «арысым» деп егіліп көп отырды. Ақыры: «Қайыр кош, Үркешім, басым жерге жеткенше сені тосумен, сенің тілеуіңді тілеумен боламын,—деп Үркінбайдың тер мен күн сіңіп, арып-тозған асыл денесін құшақтап тұрып:— Кеудемде жаным болса келер жылы тағы келемін» деп қимай-қимай аттанған-ды.

Үркінбайға барып келгеннен соң да Сақыптың көңілі орныкпады, қайта оның басынан өткеріп жатқан азапты күндерін ойлаған сайын жанын шүберекке түйгендей қал кешетін. Ұзақ түндерді ұйқысыз өткізетін болды. Сондай кездерде Үркінбайдың үйде тұрған киімдерін шығарып қағып-сілкіп, күннің көзіне жайып, оларды аса бір ыждағатпен киім ілгішке қайтадан іліп: «Үркіннің тілеуін тілеп тұрсын» деп азаматының ұстаған қағаз-қаламын, оқыған кітаптарын бір-бір ұстап шығатын болды. Ол үшін Үркінбайдың қолы тиген заттың бәрі ыстық, соның бәрі Үркін туралы бір сағынышқа толы сыр шертіп көңілін жұбататын. Төрде ілулі тұратын Үркіннің бала кезде қолына ұстаған атсоғары,.. оның жөні тіпті бөлек,— Сақып осы қамшыны сонау Қосағаштан алып келген. Ана жылы Үркінбай өзін Семейге ең алғаш алып барғанда қоржыннан осы атсоғарды көргенде қайран қалып:

— Сақыпжан, сен мұны қайдан алдың!? Бұл қайдан жүр?— деп қатты таңырқаған. Сақып оған жауап бергеннің орнына ботадай көздерін төңкере жымыып, қоржынның түбін ақтарып, тағы бір ораулы затты алып шығып:

– Мынаны танысын ба?– деп көнетоз шибарқыттан тігілген кішкентай желеткені алдына қойды. Үркінбай өзінің бала кезінде киген кеудеше желеткесін қолына алып жаңағыдан бетер айран-асыр болып:

– Керемет! Бұл менің, кішкентай кездегі желеткем! О, ғажап!–деп таң-тамаша болып, Сақыпты құшақтап, жүрегі тебіреніп, көзі жасаурап:

– Сен менің періштем екенсің ғой!– деп құшырлана сүйіп, жартылай ашылып-шашылған бір коржын киім-кешектің ортасында екеуі құшақтары айкасып тәтті сезімге бой алдырған. Сол бір алақұйын заманда да олар қайғыдан аулақ, уайымнан ада өздерін бақытты сезінетін.

Сақып Үркінбайды іздеп Воркутаға келер жылы да, одан соңғы жылдарда да жол азабын шегіп талай іздеп барды. Барған сайын қолындағы бар тиын-тебеніне тамақ алып, артынып-тартынып жететін. Барған сайын лагерьдегі ауыр көрністің жан төзгісіз азабын жүрегіне түйіп, уайым арқалап қайтатын. Жаны шырқырап құдайға жалбарынғаннан басқа амалы қалмайтын. Ондай кезде бір тіреніші – бауыры Жолдыбек еді. Сол ғана Сақыптың қайғысын түсініп, біраз күн қасында болып көңілін аулайтын. Сақып жол жүремін, Үркінге барамын десе болды Жолдыбек ести сала, керек-жарағын арқалап, ұзақ сапарға әпкесін шығарып салып жүрді. Сақыптың бар тілеуі жалғыз Үркеші: «Үркешім аман-есен келсе болды» деп құдайдан күндіз-түні тілек тіледі. Содан қайрат алып, жігері жасымай Үркінге деген сағынышымен өмір сүрді. Келер күнге деген

сенімін жоғалтпады. Алайда, әлі алда талай-талай сүреңсіз күндер, сұрықсыз ауыр жылдар бар еді.

## 16. Гүлшекер, Мағира, Әйбат апа

140

Сынаптай сырғып жылдар өтті. Есейген сайын Гүлшекер «Балалар үйіне қайдан келдім, мен кіммін?» деген сұраққа жауап іздеп, талай таңды көзбен атырды. Ондайда уақыт табандап тұрып алатындай,.. «Әкем кім, шешем қандай адам?» деген жауапсыз сұрақтар жанына маза бермей, қысыр таңды көзбен атырса, кейде талықсып ұйықтап кететін. Кірпігіне мұң қонақтап, жанарына уайым тұнған кішкентай қыз баз-базда түс көретін: түсі бұлдыр, кейде жақындап, кейде алыстап бөтен өлкеде жүретін; енді бірде шеті мен шегі жоқ дарияның жағасында тұратын. Өткенде тәрбиешілерден жөнсіз сөз естіп қатты жылады, күйінді «мен не деген сорлымын, түгім жоқ, мен қайдан шықтым: анам, әкем, туғандарым бар ма?»— деп солқылдап жылады. Жылап жатып ұйықтады. Сол күні түсінде өзінен едәуір үлкен жігіт мұны көтеріп әкеліп, әлде бір ақ жаулықты әйелдің алдына отырғызып жатты. Гүлшекер оны анам екен деп «апалап» жылап оянды. Көзін ашқанда терезеден ай сәулесі төгіліп тұр екен. Бөлмедегі өзінен басқа қыздар ұйқы құшағында. Гүлшекер оянып кеткеніне өкінді. «Ол кім екен, менің анам шығар? Ол бар болса қайда, мен неге мұндамын?» Тағы да баяғы жауапсыз сұрақтар мазалап, ұйқысы шайдай ашылды.

Гүлшекер өзінің кім екенін, қайдан келгенін біле алмады. Біреулер оны сен Семей, немесе

Аяғөз маңынан келгенсін деді. Бірақ нақты ешкім ештеңе айта алмайтын.

Кішірек кезінде Гүлшекердің басында бір тал шаш жоқ еді. Үнемі тып-тықыр, жалтырап жүретін. Есейген сайын басына неге шаш шықпайтынын түсіне алмады. Сөйтсе жетімдер үйінің қызметкерлері «баланың басы битгеп кетеді»,– деп дәрі жағып, тоққа салып қыздың шашы тұрмақ күйқасына дейін күйдіріп тастағанын кейін білді. Бір күні бұлардың бөлмесіне тағы бір қазақ қыз келді. Ол әжептеуір ересек көрінді. Әбден ұйысып кеткен көмірдей қара шашы иығына түсіп, қыздың онсыз да жүдеу жүзін көлеңкелеп тұрғандайтын. Гүлшекер оның шашына қатты қызықты. Жанары жәудіреп, бөлмедегілерге жапақтап қараған қыз тәрбиеші көрсеткен орынға тізе бүкті. Сол қыз алғаш келген күннен бастап Гүлшекерді жақын тартып, мұны сіңілім деп жүрді. Аты Мағира болатын. Басында тосырқағаны болмаса ол өте ширақ, әрі ашық, ақылды қыз еді, келе-келе ол кішкентайларды ойнатып тәрбиешілердің көмекшісі болды. Мағира балалар үйінде көп тұрақтаған жоқ, әрі кетсе екі жылдың көлемі, кетерінде Гүлшекерді құшақтап, мен Балқашта боламын есінде болсын деген-ді.

Соғыс басталған жылы жасы он үшке аяқ басқанда Гүлшекер өзі құралыптас екі-үш қыз жиналып, балалар үйінің бастығына жолығып, «біз елге, туысқандарымызға барайық» деп рұқсат сұрап, балалар үйімен біржола қоштасты. Кетерінде балалар үйінің директоры Гүлшекерге: «Сен қайда барасың?» деді. Бұл ойланбастан Балқашқа баратынын айтты.

– Онда кімің бар?

– Туғандарым болуға тиіс,– деді, мүмкін құдай аузына салған болар.

– Олай болса, сен мені тыңда: Сенің Улмесо́ва деген тегің нақты емес, ол ойдан шығарылған. Ол үшін балалар үйін кінәламассың деп ойлаймын. Сенің ата-анаңның аты-жөні басқа болуы, әбден ықтимал. Ал «Гүлшекер» деген есімің өзіндікі болуға тиіс, себебі – атыңды өз аузыңнан жазыпты. Жолың болсын. Туғандарыңды табуыңа, шын көңілден тілектеспін,– деп тартпасын ашып:– Ол жаққа барып орналасқанша мына акша жетіп қалар,– деп аздаған тиын-тебен берді.

– Қызым, тағы бір өтінішім бар,– деді ол: – Балқашта ет комбинатында қызмет істейтін Мағира Макина деген қыз бар, сен оны білетін шығарсың, есінде ме?

– Мағира! – деп Гүлшар қуанғанынан дауыстап жіберген.

– Білесің ғой?

– Білем, әпкем ғой, ол маған «Балқашқа кел» деген,– деп қуанышын жасыра алмады.

– Тіпті жақсы. Мынау соның адресі, мына хатты соған бер. Енді бара бер, жолың болсын!– деді.

\*\*\*

Балқашқа жеткенше Гүлшекердің жүрегі алып ұшты, әсіресе Мағираның осында екенін естігенде қуаныштан өңі бал-бұл жанып: «Мағира әпке» – деп жаны жадырағандай болған. «Бәлкім туғандарымен де қауышармын, анамды көрсем, шіркін, тірі болса екен!» деп біресе шаттанып,

біресе мұнға малынып келе жатты. Ара-тұра «анам қандай адам екен? Ол өте мейірімді жан болуға тиіс, бәлкім, әлгі бір қарғысатқыр ашаршылықта өліп қалды ма?»— деген ой басына келсе-ақ есі шыға қорқады. Ізінше әзірдегі ойынан тез қайтып, «ондай болмайды, менің анам тірі» деп өзін жігерлендіре бастайды. Әйтсе де арада тоғыз жыл өтті ғой, олар осы уақыттар ішінде мені неге іздемеді, неге? Осындай сан түрлі сауалға бас қатырып шетсіз-шексіз даламен ұзақ жүрді. Алыс жол жалықтырып кейде қалғып кетсе, енді бірде ұшы-қиырсыз кең даладан көз алмай, соны қызықтаумен болды. Атбасардан Қарағандыға, одан Балқашқа жеткенше, көліктен көлікке ауысып мінген Гүлшекер үш сәткедей жол шегіп, Балқашқа да келіп жеткен еді.

Көліктен түскен бетте кездескен адамнан: «Ет комбинаты қай жақта?» — деп сұрады ол. Бейтаныс адам қыздың бас аяғына бір қарап алды да, іздеген мекемесінің қай жақта екенін айтып, бағыттап жіберді.

Гүлшекер әлгі орыс әйелі түсіндірген жакка аяғы-аяғына тимей зыр қағып жетті. Тіпті қатты жүремін деп еңтігіп қалған, қаланың шет жағы екен. Кәсіпорынға келген бетте: «Мағира деген кісінің қайда екенін айтпайсыз ба?»— деді кездесе кеткен қазақ адамынан орысша сұрады.

— Жүр қарағым,— деді әлгі кісі, сөйтті де өзі алға түсіп кеңсенің ішіне кірді. Гүлшекер болса жан-жағына жалтақтап, бейтаныс азаматтың соңынан еріп, ұзын дәлізді жалдап келіп бір кабинеттің есігін ашты.



– Мағира,– деді ол, есіктен ішке үңіліп: – Мына бала саған келген екен, шаруасы бар болса керек. Сонсоң Гүлшекерге бұрылып:

– Қызым, іздеген Мағира әпкең мына кісі деді. Соны айтып ол кабинеттен шығып кетті.

– Мағира, әпке! – деді Гүлшекер ішке кірген бетте.

Мағира Гүлшекердің бетіне тосырқай қарап:

– Тоқта, тоқта,.. сен, Гуля, Гуличка, сенсін бе? Ей, жаным-ау! Амансың ба?!– деп орнынан атып тұрған Мағира қызға құшағын жая ұмтылды. Екеуінің құшақтары біразға дейін жазылмай:

– Қалайсың, кішкентай қыз? Аман-есен келдің бе? Түу, өзің сұлу қыз болып өсіпсің! – деп Гүлшекерді тағы да құшақтап бетінен сүйді. Екеуі бір-бірінің жағдайын сұрасып, өткен-кеткенді әңгіме етіп шүйіркелесіп отырды.

– Сенің келген бетің ғой?

– Иә, жаңа түстім.

– Жүр онда, тамақ ішейік, қарның ашып шаршаған боларсың,– деп Гүлшекерді алып сыртқа шықты. Екеуі барып асханадан тамақ ішті. Кешкілік Мағираның үйінде болды. Гүлшекер сол күнен бастап Мағираның үйінде тұрып, кешкі мектепте оқыды. Бағына қарай, Мағираны жолықтырғанына қуанып, жаңа ортаға біртін-біртін бауыр басты. Бір күні ертеңгілік дастарқан басында отырып Мағира:

– Гүлшекер, мен бүгін іс-сапармен жол жүремін бір аптадай болмаймын, сені Әйбат апамен таныстырамын, танысасың ба?

Қыз басын изеді:

– Ол менің анамды біле ме?

– Қайдам, бірақ сен оған абыржыма, сендей сұлу қыздың анасы міндетті түрде табылады, уайымдама, жарайма?– деп Гүлшекердің маңдайынан сипады.

– Ол кісіні елдің бәрі Әйбат апа дейді, сен де солай ата. Ол өте мейрімді, жақсы адам,– деп келесі күні Гүлшекерді Әйбат апаның үйіне ертіп әкелді. Бұларды арықша келген, аласа бойлы, ақсары әйел қарсы алып:

– Мағиращ, айналайын-ау! Көрінбей кеттің ғой, аманбысың, жұмысың орынша ма?– деп Мағираның бетінен сүйіп: – Мына бала кім? – деді көзі күлімдеп Гүлшекерге қарады.

– Бұ бала Гүлшекер деген қызыңыз, менің сіңлім болады, Әйбат тәте көрдіңіз бе, қандай сұлу қыз.

– Әй, жарығым-ау!– деді Әйбат апа, Гүлшекерді бірінші рет көріп тұрса да, еміреніп қыздың маңдайынан иіскеді. Сонсоң состиып тұрған Гүлшекерді иығынан қапсыра құшақтап:

– Жүре ғой, төрге шық, Мағиращтың сіңілісі болсаң менің де қызым болғаның,– деп пештің түбіне отырғызды.

– Мағира, айналайын-ау, сен де отырсашы, тамақ салайын.

– Әйбат тәте, маған әуре болмаңыз. Гүлшекер сіңлім, Әйбат апамен бірге бола тұр, уайымдама. Бәрі жақсы болады, – деп қыздың бетінен сүйіп кетуге айналған.

– Тамаққа қарамадың ғой, айтпақшы, кеше Валия келген, күйеуі «күтәп» дейме бір жерге жұмысқа тұрған екен, маған әкеген алты әшмүшке

қағаз шайы бар. Менің шайқор екенімді біледі ғой. Соның жартсын салып берейін, асықпа,— деді.

— Әйбат тәте, маған әуре болмаңыз, біз қай бір жарытып шай ішетін адамбыз. Қайта өзім құр қол келдім, жол жүріп барамын келесі келгенде, қант, шайыңызды ала келермін. Сау болындар,— деп үйден шығып кетті.

Сол күннен бастап Гүлшекер Әйбат апаның үйінде тұрып қалды. Мағираның үйіне де барып тұрды, әйтсе де, көбіне Әйбат апасының үйінде болды. Оның басты себебі — Әйбат апаның Гүлшекерге деген пейілі риясыз. Сабакка, жұмысқа баратын мезгілін қалт жібермей тамағын даярлап, тура туған қызындай әлпештеп, үйден шықса «Қашан келесің?» деп күтіп отырғаны. Өзіне деген мұншалықты мейірі көлдей төгілген жанды бірінші көрген Гүлшекер Әйбат апаның үйінде тұрақтап қалған-ды.

Бірде Әйбат апа Гүлшекерден туғандары туралы тәптіштеп ұзақ сұрады, бейшара қыз көп нәрсені еміс-еміс қана біледі. Ең бастысы анасы бар, бірақ қалай көз жазып қалғаны есінде емес. Әйбат апа Гүлшекердің тағдырына алаңдап, әркім-әркімнен сұрастырып та жүрді.

## 17. Воркута лагерінде

Үркінбай өзін толғандырған талай сұрақтың жауабын осы Воркута лагерінде тапты. Себебі, мұнда үкіметке «зиянды» деген не бір зиялы жандар жиналған. Бәрі «халық жауы». Солардың ішінде жиырмаға жуық обком хатшысы, отыздан астам республикалық, облыстық деңгейдегі депутаттар бар; ғалымдар, үлкен оқу орындарының

ректорлары, олардың ел жағдайы туралы айтатын әңгімелерін естігенде Үркінбайдың бар күдігі сейілді. Сонда ғана ол Сталиндік фашизм лагерінің бет-бейнесін айқын көре бастады. «Халықтар көсемінің» жасап отырған фашистік диктаторлық режимін лагерьде жүріп түсінді. Ол кенестер одағы секілді алып елді қорқыныш пен үрейдің уысында ұстау үшін осындай жазалау әдісін ойлап шығарған. Оған есеп емес, сен қылмыскерсің бе, ел үшін еніреген ерсің бе, бәрібір жоспарлы лимит бойынша әр елді мекеннен халық жаулары ұсталуы керек. Болмаса болдыру керек. Сол кездерде бір ғана Воркута лагерінде отыз жеті мың тұтқын отырғанын білді. Оларды арзан жұмыс күші ретінде шахталарға жұмысқа салып, тәулігіне он екі-он төрт сағаттан жұмыс күші ретінде пайдаланғанын білді. Адам құқын аяққа басқан кеңестік жүйенің қатыгез сыйпаты бұнымен де шектелмеген: соғыс жылдары тұтас кеңестік империяның лагерьлерінде отырған тұтқындар саны екі жарым миллион адамға жеткен. Солардың көбі саяси тұтқындар, яғни Үркінбай сияқты миллиондаған адамның өмірі ойран болып нақаттан азап шеккен.

Қаражан секілді мыңдаған қарғылы шибөрілер жетім мен жесірдің көз жасын кешіп жүріп социализм мен коммунизм туралы небір адам сенгісіз «пәлсапалар» айтып, елді жалған үміт пен өтіріктің тұтқыны қылған. Өзіндік оқыған, тоқығаны мол азаматтарға ОГП-ның «қарғылы иттерін» айтақтап елге үрей шашып, бұқараны қорқыныштың құрсауына алған. Сонда ешкім бас көтермейді. Үркінбай мұндағы зиялы жандармен

пікір алысқан сайын, «көсемнің» сұрқия саясатынан жаны түршіге бастады.

Сонда әлгі қапаста отырған зиялы адамдардың аузынан естігені бар, олар айтатын: «Сталиндік зұлмат жеке адамның қолына шексіз билік берудің адамзат баласына қаншалықты қауіпті екенін әлем алдында дәлелдеді» дейтін. Шынында да адам еш уақытта періште болған емес, Алла Тағала Адам Атаны жұмақтан жерге қуғанда оған деген сенімнің жоғалғанын, адам пақырдың нәпсіге жақындығын айтатын еді ғой.

Лагерьде ату жазасына кесілгендер де бар еді. Оны естігенде Үркінбайдың денесі дір ете қалды. «Ату жазасы» деді ішінен қайталап. Жоғары жаққа қайта-қайта хат жазғаны үшін мұның өзіне де сондай жаза кеспек болғаны ойына оралды. Тас қабырғаға арқасын тіреп ойға шомған қалпы ұзақ отырды. Көз алдынан өткен өмірінің үзік-жұлық елесі оралған сайын өмірінің тіпті де түкке тұрғысыз, мағынасыздығын сезіп, жүрегі езіліп, көңілі босады. «Адам өмірге не үшін келеді?» дейді өзіне өзі, сонсоң әлгі сауалға жауап іздеп санасы қаңғырып, қажып бітеді. «Өлу үшін» дейді ақыры әлгі жұмбақтың шешуін тапқандай. «Алдану үшін бе, зорлық-зомбылық жасау үшін бе, әлде өзгенің еншісін тартып алып, адам біткенге қиянат жасау үшін бе? Жо,.. жоқ, соның бәрімен күресу үшін деп неге айтпайсың», деп тағы бір ой кимелейді.

Адам үмітпен ғұмыр кешеді. «Үмітсіз шайтан» деген. Ату жазасына кесілген адамда қандай үміт болады. Тіпті өлім аузында жатқан адамның да, өмірден үзіліп кеткенше «Ғайыптан аман қалам ба?» деген үміті болады екен. Адамды

өлім жазасына кесу деген ол да өзінше қылмыс болуы кәдік.

Неге десеңіз, адамның жаны құдайдың аманаты. Оны алу тек жаратқанға тиесілі. Мейлі, адам қандай қылмыс жасаса да оны бәлен күні, бәлен сағатта атып өлтіру жөнінде үкім шығару да қылмыстың бір түрі. Тіпті қылмысты заңдастыру секілді көрінеді Үркінбайға.

Жақсылық пен жамандық та, ақ пен қара секілді. Ағартсаң ағарады, қарайтсаң қараяды. «Ақ – аққа құдай жақ» деген тәмсіл неге айтылған. Ол рас та. Бірақ ақтың жолы қашанда ауыр. Сол ауыр жолда жан азабын шекті, тәніне батқан қорлықты көрді, бірақ ар азабын тартқан жоқ. Өйткені, оның ары адам алдында да, қоғам алдында да, құдай алдында да кіршіксіз еді. Сондықтан да оның өкінері жоқ. Қайта қаныпезер билік пен жәлеқор жендеттер ұяттың азабын шексін. Бірақ олар да ондай қасиет қайдан болсын... Санасы ауыр ойдан қажып қатты ұйықтап кеткен Үркінбай, айдауылдардың айқайы мен иттердің арсылдаған даусынан оянды. Құлқын сәріден тағы бір азапты күн басталған-ды.

## 18. Гүлшекердің анасымен қауышуы

Зәредейінен өзге жұрттың тәрбиесі мен тәртібінде өскен қыздың өз бетімен өмір сүруі; жаңа ортаға үйреніп, адамдармен тіл табысуы; тіпті қиынның қиыны болды. «Сен де ел қатарлы тұрмысқа шығасың, бала табасың, ана боласың» дегенді құлағына ілмей өскен жас қыз балалар үйінен шыққанда қайдағы бір жабайы өлкеге кіріп

кеткендей үрейі ұшып, келген жағына қайта кетпекші болған.

Сондай қиын күндері анасын тапқанша оған Әйбат апа мен Мағира әпкесі тірек болды, жетім көңілге дем берді. Гүлшекер үшін Әйбат апаның жөні тіптен бөлек-ті. Ол кісіні кеніштегі елдің бәрі «Әйбат апа» дейтін. Ол өте мейрімді жан. Үйінен кісі үзілмейтін. Әуелгіде жас қыз ойлайтын «мына қазақтар бірін-бірі жана көргендей шүйіркелеседі де жатады. Осы елдің бәрі Әйбат апаның туысы ма, осы үйге келмейтін адам жоқ-ау, сірә. Апыр-топыр шұбаған адамдар, есік бір жабылмайды; қонақ келген сайын дастарқан жаяды, ас қаузайды, тыным жоқ» деп тосын өмірге көндіге алмай іштей тынып жүрді. Үйге қонақ келгенде Гүлшекер кейде дастарқанның шетіне тізе бүгеді, кейде пештің жанында серейген қалпы қаздыып тұратын. Сол үйдің келіні сияқты.

Соны сезген Мағира Гүлшекерді тігін ңехына жұмысқа тұрғызып, жетім қыздың ел мен жерге бауыр басып үйренісіп кетуіне көп септігі тиді. Өзі де жетімдіктің тақсіретін тартқан адам ғой. Содан да болар, жас қызға қарайласудан жалықпады. Өзіңе деген біреудің қамқорлығын сезінудің қандай ғанибет екенін Гүлшекер осы Мағира әпкесінен көрді. Аңада іс-сапардан келген күні Әйбат апаның үйіне соғып, қағазға оралған бір затты қапшығынан шығарып:

– Гүлшекер, мынаны киіп көрші,– деп тоқыма жемпірді қолына ұстатты. Гүлшекер оны бірден үстіне іліп, айнаның алдына барды. Өзіне құйып қойғандай қыздың көркін ашып, жараса кетті.

– Ұнай ма?– деді Мағира.

– Иә, ұнағанда қандай, өте жақсы екен!–деп шеше бастаған.

– Шешпе. Бұл енді сенікі, менің саған жасаған сыйлығым.

– Жоқ, әпке, болмайды. Алмаймын,–деп қыз жемпірді шешіп, қайтып берді.

Бұрын-соңды бұндай сыйлық алып көрмеген Гүлшекердің мінезін Мағира түсініп, оны еркелете құшақтап бетінен сүйіп:

– Сен менің сіңілімсің, ал әпкесі сіңілісіне сыйлық жасауға міндетті ғой. Немесе сіңілісі әпкесіне,.. сыйлық жасай ма, жасайды. Сондықтан менің ұсынғанымды алмасаң өкпелеймін,– деді Гүлшекердің жүзіне күлімсірей қарап. Сөйтті де жемпірді қайтадан Гүлшекерге кигізді. Шынында, алмаса ренжитінін сезген Гүлшекер өңіне күлкі ойнап Мағираны құшақтап:

– Әпкетайым, көп-көп рақмет!– деп жемпірді киіп Әйбат апаның көнетоз, кейбір тұсы жемірілген айнасының алдына барды. Осы кезде бөлмеге кірген Әйбат апа Гүлшекерге қарап сүйсініп тұрған.

– Қалай жараса ма? Әйбат апа, қараңызшы?– деді Гүлшекер

– Қызым-ау, саған не кесеңде жарасайын деп тұр. Ал, Мағира әпкеңнің сыйлығы,.. енді керемет, саған құйып қойғандай! Құтты болсын! Өзің киіп, өзің тоздыр!– деп, ақ тілегін аямауда. Гүлшекердің жаңа өмірінің жарқын күндері осылайша өтіп жатты. Сұрапыл соғыс та бітіп, елге майдангерлер оралып бір үйде ересен қуаныш болса, келесі бір үйде соғыста опат болған азаматтарын аза тұтып жатқан шақ.



Бірде бұлардың үйіне майданнан қайтқан жауынгер келді. Әйбат апаның ақсақалы Сәт бұрынғы жылдары Тоқырауын бойында тұрған, үйші кісі болатын, былайша айтқанда, ағаштан түйме түйетін. Заманында киіз үйдің сүйегін жасаған, қашауа шана, төрт донғалақты арба деймісің, ертоқым, ат әбзелдерінің неше алуан түрін құлпыртып жасайтын он саусағынан мөрі тамған шебер ұста кісі. Қазір жасы еңкейіп, қайраты қайтып, бұрынғы кәсіптің жұқанасы қалған секілді. Ол кісіні ел-жұрт Сәт аға деп кеткен. Заманында Сәт ағаның алдынан кісі үзілмейтін. Солардың көбінің бұйымтайы: ат шана мен ертоқым, ара-тұра арба жасататындар да кездесетін. Бір ғажабы Сәт ағаның ренжіп, немесе асығып-үсігіп жүргенін көрмейсің: үнемі бір қалыпта үлкенмен де, кішімен де әзілдесіп жүргені. Гүлшекерді бірінші көргенде Сәт аға:

– Өй, айналайын! Тура өзімнің балам ғой! Баяғыда мына апаң жоғалтып алып таба алмай ана Валәні асырады, одан соң Светаны жеткізді, содан кейін әлгі Мағираны асырады,.. ақыры өзінді тапты,—деп шайын сораптап Гүлшекерге кәдімгідей әңгіме айтып отырды. Өзі әзілқой адам, бір қызығы Әйбат апа ақсақалының сөзін бөлмейді және олай емес деп те айтпайды екен.

Гүлшекер кейінірек білді Әйбат апа Гүлшекерге дейін Валия, Света деген неміс қыздарын бірнеше жыл тәрбиелеп, панасыз балаларға қамқор болыпты. Кейін олар тұрмысқа шығып өзді-өзі үй болып кетсе де, Әйбат апаларын ұмытпай баз-базда келіп тұрады екен. Ал, Мағира балалар үйінен келген соң осында тұрып, мектепте оқыған,

кейін тихникум бітіріп қазір ет комбинатында есепші болып қызмет істейді.

– Ассалаумағалейкум! – деп үйге кірген солдат киімді жігіт бірінші Сәт ағамен амандасты. Бейтаныс қонақты алғаш көрген Гүлшекер Әйбат ападан: «Бұл кім, туыскандарың ба?», деп сұрады. Әлі де қазақшаға тілі сынбай орысша-қазақша, араластырып.

– Бұл Байтұл ғой, – деді Әйбат апа сабырлы қалпында.

– Маған бай керегі жоқ,– деді Гүлшекер шіміркене сөйлеп.

– Жоқ, айналайын. «Байтұл» деген оның есімі, – деді қыздың қағыс түсінгенін сезген Әйбат апа. Қазақтың салты ғой түнеукүні ол соғыстан оралғанда бәріміз барып, әке-шешесіне құтты болсын айтып шыққанбыз.

– Енді сендер барып көріп келсеңдер ол бүгін мұнда неменеге келді? Түсінбеймін, – деп қыз кейіді. Сөйтсе де, әскери киім киген, аккұба көркем жігіттің дидарынан нұрлы шуақ сезгендей, жанары жалт еткен Гүлшекер оған басын изеп амандасып, жоғары шығыңыз, деп құрмет көрсетті. Адамға бүйтіп карамаушы едім, маған не болды дегендей өңіне лып етіп қызғылт шырай жүгірді.

Амандасып ішке өткен жігіт:

– Сіз осы үйдің келінісіз бе?

– Жоқ! Мен келін емеспін, – деді Гүлшекер жұлып алғандай. Осы кезде Әйбат апаның өзі келіп:

– Ә, Байтұл, айналайын, жоғары шық. Бұл менің қызым – Гүлшекер. Таныс болындар екеуің,

– деп Гүлшекерге Байтүлді таныстырып мәңжайды өзі түсіндірген.

Гүлшекердің Байтүлмен таныстығы осылай басталған-ды. Бірақ Байтүл дегеннің аузынан бір ауыз сөз шықпайтын, өте тұйық адам. Құдды мылқау дерсің. Оның қасында Гүлшекер орысша, қазақша сөйлегенде «жаяуға» ілестірмейді. Байтүл Гүлшекерді көргеннен бастап Әйбат апаның үйіне жиі келетін болды. Кейде Әйбат апа екеуін оңаша қалдырып кетіп қалатынды шығарды. Сөйтіп екеуі күзге дейін бірін-бірі іздеп жүріп карашаның ортасында үйленбекші болған. Әйбат апа: – Қызымды даладан алып кеткендей болма, Байтүл, карағым. Әке-шешене айт қазақтың салтымен, жол-жоралғының ырымын жасап алыңдар. Жетім екенін білдірмеңдер, – деп сөздің тоқ етерін айтқан.

Сөйтіп молда атаның үйі тойға дайындалып, Әйбат апа қызының жасауын әзірлеуге кіріскен. Гүлшекер болса «қоя тұрамыз ба, қайтеміз» деп, әрі Байтүлдің көңілін қимай әрі-сәрі күйде жүргенде бір ғажап оқиға жарқ ете қалды.

Алла Тағаланың құдіреті шексіз деген сол шығар. Жолдыбек соғыстан оралған Байтүлмен жақында ғана танысқан; оның Гүлшекер деген қызға үйленгелі жүргенін, ол туралы жаңалықтың бәрін сол күні, соның аузынан естіген. Естіген бетте үйге жүгірді. Асығып келе-сала анасына:

– Апа, бір хабар естідім! Мына Шығыс Қоңыратта Әйбат апа деген кісі бар, ақсақалының аты Сәт. Со кісілердің қолында балалар үйінен келген бір қыз тұрып жатыр дейді, есімі – Гүлшекер екен. Со баланы барып көрейікші, апа,..

мүмкін біздің Гүлшекер шығар, барайық, – деді көзі жасаурап, алқына, аптыға сөйлеп.

Мұны естігенде Күлзикеннің денесі дір ете қалды, өңі бозарып-қуарып, көзі жасқа толып, камзолының ілгегін біресе ағытып, біресе түймелеп, не істеп, не қойғанын білмей абдырады. Содан кейін кемсеңдеп жылады:

– Жарығым-ай! – деді орнынан ұмтылып әзер тұрып киіне бастаған ол.

Күлзикен баласы Жолдыбек екеуі Сәт ақсақалдың үйіне сағатында жетті. Жүрегі лүпілдеп, үйге кіріп келе жатып кішкентай Гүлшекерінің баяғы жас күніндегі бейнесі көз алдына келіп, қатты толқығаннан ба кеудесі қағып, тоқтап демін басты.

– Апа, сіз уайымдамаңыз, кім болса да тәубе деп сабыр сақтаңыз,– деп анасын тыныштандырған болда Жолдыбек. Өзінің де дегбірі кетіп, жүрегі атқақтап тұрған. Сөйтіп бұлар Ұлы Жаратушыға сыйынып Әйбат апаның табалдырығын аттаған.

Күлзикен шынашақтай ғана кішкентай қызды көргенде. Көз алдына он бес жыл бұрын жоғалтып алған Гүлшекері келді. Қолы дірілдеп, жас қыздың бетіне қараған қалпы еріні жыбырлап, жүрегі лүпілдеп аузына тығылып; Гүлшекердің миығындағы тарыдай менге, қыздың түр сипатынан көз тайдыра алмай состиып тұрып қалғаны. Одан соң шыдай алмай қызды құшақтап маңдайынан сүйді, қолынан сүйді. Тұла бойы иісініп өзінің кішкентай Гүлшекерінің иісін танығандай, жүрегі шымырлап қоя бергені. «Құдай сездіріп тұр, бұл менің қызым, менің Гүлшекерім», деді ішінен.

– Құлыным-ау, сен атын кім!?

– Гүлшекер, – деді қыз ақ жаулықты әйелден көзін алмай, жүрегі біртүрлі шымырлап кеткен.

– Менің Гүлшекерімбісің, жарығым-ау! Бар екенсің ғой, тірі екенсің ғой!– деп еңкілеп жылады.

– Жолдыбек, карашы сен таныдың ба? – деп қыздың назарын ағасына аударғандай болған Күлзикен.

Гүлшекер болса бейтаныс әйел Әйбат апасы секілді мейірімі төгілген, жаны ізгі қаймана біреу шығар деп ойлаған. Бірақ олай емес, ол екінші рет «менің Гүлшекерім ғой» деп емірене құшақтап, маңдайынан, қолынан сүйгенде өзінің де тұла бойы дір ете қалды. Санасының түбінен әлдібір әзиз бейне елес бергендей; Бейтаныс әйелдің иісі, құшағы жүрегін шымырлата баурап, «менің анам» деп оның түріне бұл да тесіле қараған. Өзіне ұқсайтын секілді, әсіресе маңдайы, мұрыны, көзінің қиығы, түр әлпеті қалай ұқсайды, ғажап. «Менің анам»,–деді ішінен, сол-ақ екен әлгі ойынан тез тайқап, кеудесін кернеген әлдебір өксік пен ыза бұрк ете қалып, артынша:

– Жок! Бұл менің анам емес. Сен, менің анам емессің, менің анам болсаң осыншама жыл бойы мені неге іздемедің? Неге мен жетімдіктің тақсіретін тартып, балалар үйінде жүрдім? – деп орысша-қазақша араластырып айтып-айтып тасаған.

Күлзикеннің қол-аяғы дірілдеп, аузына сөз түспей, созған қолы ауа қармап қалды. Көз жасы сорғалаған Күлзикен апа Гүлшекерге қарап:

– Құлыным ау! Қайтейін...– деп бойынан әл кеткендей теңселіп кеткен. Жолдыбек шешесін қолтығынан сүйеп орындыққа отырғызып:

– Апа, уайымдама, оған ойлануға уақыт бер. Оған да онай деймісіз, осыншама жылдан соң «мен сенің анаңмын» дегенді қабылдай қоюы қиын шығар,– деп анасын сабырға шақырған болды.

–Жоқ,– деді Гүлшекер, – сен менің анам емессің,–деп бұрылып кетті.

Бұларға Әйбат апа да ештеңе дей алмады. Ол кісінің бар айтқаны: «Бір білсе Мағира біледі» дегені. Күлзикен мен Жолдыбекті сыртқы шарбаққа дейін шығарып салған Әйбат апа: – Уайымдамаңыздар, мен де сөйлесіп көрейін, қаладағы ет комбинатында істейтін Мағира деген қызым бар, Гүлшекер екеуі балалар үйінде бірге болған, оған да айтайын. Екі жақтап сөйлесеміз,– деп Гүлшекердің әкесінің, аға-апаларының аты-жөндерін сұрап алған соң қоштасып қала берді.

Әйбат апа ол күні Гүлшекерге анасы туралы ештеңе айтпады. Келесі күні жұмыстан тұнжырап келген Гүлшекерге:

– Сенің анаң, Күлзикен деген кісі өте иманды, қасиетті адам екен, о кісілердің бастарынан неше түрлі ауыр қасіретті күндер өткен. Олар сені балалар үйіне тастамаған, ашаршылықта жоғалтып алған. Қапияда көз жазып қалған. Қаршадай қыз сонау Атбасарға өтіп кетеді деп кім ойлаған. Сені жоғалтып зарлап жүргенде бір ағаң соғысқа кеткен, бір ағаң ұсталып кеткен. Солардың қасіреті анаң байғұсты тұралатып тастаған емес пе?!

– Айналайын, кешірімді бол, анаңа өкпелеме. Алланың көмегімен қайта қауышып жатырсың бұ, сірә, бақыттың үлкені емес пе?!– деді. Ол сенің анаң, түрің де, затың да айтып тұр. Анаң сондай

бәденді адам екен, көрдің бе? Гүлшекер сәл мұнайып отырып, «жарайды, барайын» деді. Соны айтқанда көзі мөлдіреп жасқа толып, онысын көрсеткісі келмегендей теріс айналды.

Әйбат апа сол күні Гүлшекерді ертіп қалада тұратын Күлзикендікіне келді, бұларға есік ашқан Тоты:

– Жоғары шығыңыздар,–деп қарсы алып киімдерін іліп жік-жаппар болды. Кәзір апамды шақырайын, кешеден бері аздап сырқаттанып қалды,– деп төргі бөлмеге өтті. Сәлден соң Күлзикен апа шықты. Үстіндегі қызылқоңыр шұғадан тігілген көйлектің сыртынан пүліштен сырылған оюлы бешпет киіп, басында ақ жібек орамал байлаған аққұба кейуана шығып қонақтармен амандасты. Күлзикен апа Гүлшекерді құшақтап:

– Балапаным-ай! – деп өксіп жылады.

Сол мезет үйдің ішіне сілтідей тыныштық орнап: Тоты, Әлкен мен Өркен тіпті Әйбат апаның өзінің де назары Гүлшекерге ауған. Ол болса кешегідей емес, бода-бода болып жылап:

– Анашым! Анашым!– деді. Сол сәт Гүлшекердің тұла бойынан әл кетіп, құлап бара жатты. Көз алдынан жылдар бойғы уайым-қайғы мен сағынышты күндердің елесі жөңкіле көшкелей. Апалап жылаған есепсіз күндер тізбектеліп: «Апатай! Анашым, анашым! Сен келдің бе?» деп ерні дірілдеп, жүрегі қысылып қалғаны. Үйдегілер абыр-сабыр жүгіріп, бетіне су бүркіп, әлек болды.

Қорқып қалған Күлзикен мен Әйбат апа Гүлшекер басын көтергенше қасында отырған. Қыз көзін ашып анасына жымыып қарады, сонсоң миығындағы тарыдай меңді көрсеті. Қызының нені

мензегенін Күлзика әуелі түсіне алмай қалып, Гүлшекер екінші қайталағанда ғана:

– Е, сондай мең әкең Есқожада бар еді, сен ептеп соған тартқансың,– деді. Содан соң Гүлшекер басын көтеріп Күлзикаменді құшақтап:

– Анашым, мен сені қалай сағынғанымда білесің бе?..

– Білем, құлыным, білем!.. Неге білмейін! Мен де сені, сағынып уайыммен жылдар өткіздім; ботақаным, сені жоғалтып боздаумен өмірім өтті ғой,.. тәубе! Бір Жаратқанның көмегімен құшағыма оралдың, алтыным!– деп қызымен екеуі жылап қауышты.

– Апа, сен айтшы, менің ағаларым, әпкелерім бар ма?– деді шешесіне тесіле қарап.

– Сенің, Сақып деген әпкең бар, Үркінбай, Жолдыбек деген ағаларың бар. Олардың бәрі де Алла жазса келеді. Тәңіртең Жолдыбек ағаң Сақып әпкеңе тілеграм саламын деген,– деді. Оғанша мына кішкентай бауырларыңмен, жеңген Тотымен таныс, мынау отырғандар Әлкен мен Өркен деген бауырларың.

– Ей, құлындарым келіндер, Гүлшекер әпкелеріңді құшақтап бетінен сүйіндер,– деді. Кейіндеу ести жатар, деп Үркінбай туралы ашып ештеңе айтпады.

– Тоты, айналайын-ау, тамақ сал, Гүлшекерімді алып келген Әйбат апаң күнде келмейді ғой! Бәйбіше жайланып отырыңыз, – деді.

– Тамақ пісіп жатыр апа. Қазір дастарқан жасайын, сіздер әңгімелесе тұрыңыздар, – деп келіні Тоты ас үйге шықты. Сол күні Әйбат апа



Күлзикеннің дастарқанынан дәм татып, кештетіп қайтты, Күлзикен қонағын шығарып саларда:

– Жасымыз құралыптас екен, Алла сыйластығымыздан айрмасын, сіз де Гүшекерімнің бір анасы болдыңыз, жақсылығыңызды ешуақытта ұмытпаспын, Жаратқан сізге екі дүниенің қызығын берсін. Мынау сізге арнаған сыйымыз болсын, көптей көріңіз,– деп иығына оюлы пүліш бешпет пен шашағы төгілген жібек орамал жапты.

– Сіз бен біз енді туысқанбыз, – деп риясыз көңілмен тарқасқан.

Осылайша 1946 жылы қазан айында Гүлшекер туған үйіне оралып, анасымен, бауырларымен қауышты.

## 19. Сақыптың түсі

Үркінбай ұсталып кеткеннен кейін Сақып зар еңіреп жүріп, баласы Еркін екеуі Қарағандыға қоныс аударған. Содан бері олар осында тұрақтап орын тепті. Еркін ержетіп, оқу бітіріп, қалалық автобазаға жұмысқа тұрған. Сақып та сол кәсіпорынның кадр бөлімінде қызмет істейтін. Баласы екеуі жұмыстан келісімен кешкі тамақтарын ішкен соң Сақып ерте жатып қалған. Күндегісі солай, бүгін жұмыстан шаршағаннан болар қатты ұйықтап кеткен екен, түс көрді. Түсінде осы Михайловкадағы үйде тұратын болса керек. Баласы екеуі бір жаққа кетіп барады екен, жол бойында әлденеге топырлып тұрған көп адамдарды байқады. «Бұлар неге үймелеп тұр?» деп ойлаған Сақып әлгі қаптаған адамдарды кимелеп, көпшіліктің ортасына өтсе, елдің бәрі бір үлкен темір жәшікке үңіліп тұр. Көптің көзін

үйірген, әлгі жәшіктің ішінде не жоқ дейсін: кілен ат әбзелдері екен. Солардың арасында Үркінбайдың үйде ілулі тұратын қамшысы жатыр. Көзіне оттай басылған Үркіннің атсоғарын көрген Сақып:

– Әй, мынау, Үркінбайдың қамшысы ғой!– деп анталаған елді жарып өтіп, темір жәшікте жатқан атсоғарды суырып алады. Ешкім таласпасын деді ме, қамшыны бірден қойнына тығып, әлгі жерден алыстап бара жатады.

Ұйқыдан оянып кеткен Сақып өзі жататын төсектің тұсына жалт қарады. Үркіннің тобылғы сапты атсоғары, күндегідей орнында ілулі тұр екен. Төсегінен тез тұрған келіншек қамшыны қолына алып, оны ақ сүйрік саусақтарымен аялай сипап, одан соң кеудесіне басып, біршама толғанып отырды. Көрген түсін қайтадан есіне алды. Осы қамшыда да бір қасиет бар-ау, түсіме бекер кірмеген шығар: «Үркінім аман-есен келеді екен» деп көзіне мөлтілдеп жас тұнды. Әлгі темір жәшіктің ішінен «Әй, мынау, Үркінбайдың атсоғары ғой» деп суырып алғаны тура өңіндегідей көз алдына оралып: «Үркінім аман-есен келеді екен» деген сөзді құранның аятындай, қайталай берді, қайталай берді.

Сол-ақ екен, есіне тағы бір қызық нәрсе түсті, қызық дейміз-ау, қазір ғой қызық болып тұрғаны ол кезде бұл қызық емес, нағыз сұмдықтың өзі-тін.

...Баяғыда әкесінің мал-мүлкі тәркіленіп жатқан. Ауыл үсті у-шу. Қым-қиғаш айғай. Байдың малын бағып, отын жағып, сабасын пісіп тырбынып жүрген ағайын адамдардың бәрі табан

астында ен байлықтан үлес алатын болып, соны алып тынғанша дегбір таппай, бірі ананы айтып, бірі мынаны айтып шуласты. Сол күні әкесі Есқожаның бар малы үлеске түсіп түгесілді. Келесі кезек байдың жиған-терген дүние-мүлкіне түсті. Үйдегі дүние, жиһаздар хатталып-шотталып, үптеліп жатқанда Сақып Үркіннің заттарын тығып әлек болып жүрді. Сол шақта әлдебір киім-кешектің арасынан осы қамшының сопаң етіп түсе қалғаны. Сақып оны жүгіріп барып, қолына алып, белсенділердің біреуі қамшыны тартып ала ма, деп қорқып дәл осы түсіндегідей қойнына тыға қойды. Абырой болғанда, ешкім көрмеген сықылды. Сол атсоғар осы еді. Жылдар бойы Сақыптың жанына медеу болып, сағынышын басқан осы үйдегі бағалы жәдігер, киелі зат – Үркіннің атсоғары.

Сақыптың өзі бұл атсоғардың қайдан келгенін көп жылдар өткеннен кейін анасы Күлзикеннен естіген. Үркіннің әкесі Нұрқас қолы шебер, өнерлі адам болған дейтін көзкөргендер. Ол кісі құранды ер жасаған, ат әбзелдерінің некилы түрін келістірген десетін. Мына тобылғы сапты қамшыны Үркінге өзі жасаған екен. Қызыл күрең тобылғы сапты, жез мойнақ, сегіз өрмелі атсоғар, бүлдіргесінің шашағы төгілтіліп, талай жылдан бері осы үйдің тұмары секілді төрден түскен емес.

Сақып үнемі қорқынышты түс көретін, түсінде жылап жатып оянатын. Кейде Үркін екеуі дарияның екі жағында тұратын, арада өткел бермес асау толқын буырқанып бір-біріне жақындатар емес. Сол асау ағыстан жүзіп өтіп:

«Үркіміме жетемін» деген Сақып оған жете алмай өкпесі өшіп, жылап жатып ояматын.

Кейде ол аласапыран соғыстың ішінде асыл жарын іздеп: Үркінбай! Үркін, Үркін! деп даусы сембей айғайлап жатып ояматын. Ондайда өзегі удай ашып, өзінің шарасыз халіне қайғырып ұзақ таңды көзімен атыратын.

Осы жылдар ішінде, ол бір күн де тыныш ұйықтамаған шығар: күндіз жанын жегідей жеп уайым қажады, түнде түсінен шошып тұңғиық ойға қамалды. Асыл жарының амандығын тілеп өмір өткерді. Ылғи қорқынышты түс көріп Үркінді іздеп, таба алмай дінкесі құрып, талықсып жатып ояматын.

Ал, бүгінгі түсі бөлек. Түсі тура өңіндегідей:

«Әй, мынау, Үркінбайдың қамшысы ғой!— деп анталаған елді жарып өтіп темір жәшікте жатқан атсоғарды суырып алады. Біреу таласпасын дей ме, атсоғарды дереу қойнына тығып, аяғын тез-тез басып, әлгі жерден алыстап бара жатты.

Ұйқыдан оянған Сақып әлгі түсінен әлде бір жақсылықтың нышанын сезгендей, көңіліне үміт сәулесі ұялап, жан дүниесі кеңіп сала берген-ді.

Көрген түсін жақсылыққа балаған ол қазіргі сәтте де, Үркіннің алақанының дабы сіңген қамшыны иіскеп, бүлдіргесіне ернін тигізіп, «Үркінім аман есен келеді екен»,..деп көзінің жасы мөлдіреп барып үзіліп түскен.

## 20. Тамұқтан оралған адам

Жылан жылының көктемі кешеуілдеп шықты. Март айы. Кәрі қыстың қақары сынғанымен, ызғары қайтпаған шақ. Таулы өңірдің сай-саласы мен қойын-қолатында қыстан қалған қалың қардың ағараңдаған үзік-жұлық сұлбасы көзге ұрады. Қалай дегенмен биылғы март ерекше басталды. Ақпанның ақырғы күніне дейін қақарынан таймаған қыңыр қыстың етегі март туысымен ебіл-дебіл сөгіле жөнелген. Нар даланы шеңгелдей жапқан шемен қыстың күні өтіп, алтын күннің шуағы кәрі шөңгені тактан тайдырып жатқандай. Табиғат ана исінген секілді, тура марттың бесі күні әдеттегідей таң жарқырап атты. Күн ару таң шапағына шомылғандай көкжиектен арайлап шығып; жер дүниені қасиетті нұрға малып; жаңа дәуірдің жарығын шашып келе жатты. Шығыстан батысқа дейінгі ұлан-байтақ кең өлке күн нұрына шомылып, өзгеше қуаныш құшағына енген.

Жарты әлемді билеп тұрған қызыл империяның көсемі, қараша елді қан-қақсатып фашистік диктатура орнатқан Сталин өлген күн еді бұл. «Көсем» өлген күні аңқау ел «ендігі күніміз не болады» деп ағыл-тегіл жылаған. Сонау қиянда жатқан Қосағаштың Жіңішкесай қыстағында бір отар қой бағып отырған Сейтқұлдың Ыбыш деген қойшы баласы көсемнің өлгенін радиодан естіп ол да, әкесі өлгендей еңкілдеп жылады. «Ендігі күніміз не болады? Бізді кім басқарады», деп егілді. Қайтсін, жаның ашиды...

«Көсем» өлгеннен кейін іле-шала, яғни март айының 27-сі күні амнистия жарияланып, кеңестер одағының лагерлерінде жазықсыз жапа шегіп отырған бір миллионнан астам адам басына еркіндік алып, туған үйлеріне оралды. Қапаста отырып қажыған, қайғыдан қайрат-жігері кеміген, жаны жаралы жазықсыз жандар бостандыққа шықты. Сол көптің арасында нақақтан жапа шегіп, жиырма жылдан аса өмірін өксікпен өткізіп, сұлдерін сүйреп Үркінбай да отбасына оралды.

\*\*\*

Басына бостандық алып шыққан Үркінбай көз жасы сорғалап, еңкілдеп жылады. Қуаныштан ба, өкініштен бе, бойын билеген қасіреттің зардабы ма, белгісіз, әйтеуір, көз жасына ерік берді. Дәті берік жан еді, әділетсіз өмір оны да мұжыған секілді. Қуанайын десе қуана алмады, көкірегі сыздап, иығы дірілдеп, әйелімен ержеткен баласының алдында тірі міскін болып отырды. Ақ жүрегінен ақтарылған арманы, зар мұңы көзден аққан ащы жаспен төгіліп жатты. Төгіліп жатты... Көз алдына баяғы Қосағаштағы Құсмұрын төбенің басына шығып айлы түнде Сақып екеуінің ұзақ сырласқан кезі келді. Қыз біткеннің хас сұлуы Сақыбы: «Үркешім, сенімен жердің түбіне баруға пейілмін» деп еді. Саған көп азап шектірдім-ау, жас ғұмырың жарынды тосумен, қайғы жұтумен өтті-ау! Бақытты болсақ деп едік, қу тағдыр, бізді неге сонша қәріне алды екен?!—деп көз жасын тыя алмады. Көз алдынан өткен өмірінің сынық-үзік елестері сырғып өтіп, сонау Қосағаштағы сәби

күнінен қалған бір белгі жалт етіп есіне орала берді:

– Сақыжаным, періштем-ай! – деді. Қаршадай кезінде анасын сағынып жылаған кездері аз болмаған секілді, сондай уақытта кішкентай Сақып:

– Үркін, жылама, жыламашы, сен!,– деп мұның көз жасын кішкентай алақанымен сүртіп, жаны қалмай жұбатушы еді. Құдды періштем секілді, бүкіл ұзына өмірімде мені жұбатудан жалықпаған Сақыпжаным, саған не жақсылық көрсеттім?!–деп көз жасы сорғалап, іштей егілді.

Кешегі өрімдей жігітті енді өлмелі шал қалпында көру әйелі үшін де оңай болған жоқ. Жүрегі езіліп, арыған, тозған арысын құшақтап, құдайға жалбарынған Сақып:

– Үркінім,.. Үркінім, арысым, ақ тілегім!..– деп ерін құшақтап, егіліп жылап: – Құдайға мын да бір шүкір! Арысым, аман келгеніңе, аман көргеніме тәубе қыламын!– деп көз жасы жүзін жуып, көпке дейін солығын баса алмай азаматын құшақтап отырды.

Сол күні Сақып Үркінбайды үлкен легенге отырғызып бұлақтың суына шомылдырды. Әуелі жез легенге құйылған жылы суға аяғын салып отыра бергенде күйеуінің денесіне түскен айғыздалған тыртықтарды көргенде Сақыптың жүрегі аузына тығылып, кемесендеп жылап жіберді. Жылағанда дыбысын шығармай, иығы дірілдеп, көзінен аққан ыстық жас Үркінбайдың жалаңаш тәніне тамып жатты.

– Сақыпжан, қорықсаң бара бер, өзім жуынайын,– деді Үркінбай әйелінің жылап тұрғанын сезіп даусы қамыға.

– Жоо... жоқ,— деді ол, – қорқа, қорқа болғам,.. аман көргеніме, осы күнге жеткеніме қуанбасам, енді несіне қорқам,.. несіне қо..р..қам,— деп даусы кемсеңдеп, жанарынан аққан тарам-тарам жасты сұртуге қолы босамай сүйектері ырсыып, азып кеткен күйеуін шомылдыра берді... Бейне көз жасына шомылдырып жатқандай еді.

Сақыптың көз жасы араласқан арқаның кәусарына шомылған Үркінбай шыт жаңа киім киді. Тамұқтан киіп келген Үркінбайдың ескі киімдерін жинап-теріп далаға шығартқан Сақып оны түгел өртетіп жіберді. Ең кереметі, Үркіннің баяғыда қызмет істеп жүрген кездегі киген киімдерінің бірі де оған дәл келмеді. Бәрі үлкен. Костюмдарының иығы салбырап, жеңдері сөлеңдеп тұрса, шалбарларының балағы жер сұртіп, мықыны сыпырылып жатты.

Бірақ, Сақып оны елеген жоқ, Үркінбайды шыт жаңадан киіндірді; ертелі-кеш жүрегінің бар шуағын соған арнады. Содан да болар азып-тозып келген азаматтың өңіне аз күнде қан жүгіріп, көңілі марқайып едәуір диланып қалған.

## 21. Күтпеген кездесу

1985 жыл. Толассыз төккен ақ жауын тас жолдың шаңын жуып, жылға-жылғаға түсіп сарқырап ағуда. Ойпаң жерге іркілген жаңбыр суы жол таппай көлшікке айналып, көшедегі көлік қозғалысына да кедергі келтіре бастаған. Жаңбар басыла ма деп ұзақ қарайлады. Бірақ күннің ашылар түрі байқалар емес. Ақыры шыдамы



таусылған ол төпеп жауған жауынға қарамай-ақ жаяу кетті.

«Аспанның түбі тесілген шығар, соншама көлдеткені несі, жарықтықтың?!», деп іштей жаңбырға жабырқап, Ленин мен Гайдар көшесінің қилысындағы көп қабатты үйге малмандай су болып әзер ілікті. Есік түймесін басканда ар жақтан ер адамның даусы естіліп, іле-шала, орта бойлы, толық денелі, жасы алпысты еңсерген ақсақал адам есік ашты. Есік көзінде тұрған бойы сырықтай бейтаныс кісі:

– Бұл Жолдыбек ағаның үйі ме?– деді.

– Иә, қарағым қателескен жоқсың, үйге кіріңіз.

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп екі қолын қатар созды бейтаныс адам.

– Уағалайкумассалам, – деп қарсы алған үй иесі, – жоғары шығыңыз.

Қонақ адам төрге озып жайланып отыра бергенде:

– Өзіңіз, жаңбырға қалып қойғансыз-ау? Сырт киміңізді шешіп қойыңыз,– деп қонақтың жеңіл бешпетін шештіріп орындықтың арқалығына ілді. Артынша қонағына қайта бұрылған ол:

– Иә, жаңбырлатып жүрген қай туғансыз? «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» деген есіміңізді айта отырыңыз,– деді өзі шеткі креслоға жайғасып жатып. Сұрағына жауап күткен Жолдыбек жүзін қонағына қайта бұрды.

– Мен, негізі Қосағаш деген жерденмін, сіздің жерлесіңізбін.

– Бәрекелді! Өзіміздің Қосағашты айтасыз ба? Онда кім боласыз?– деп таңырқаған Жолдыбек қонақтың жүзіне күлімдей қарады.

– Естуіңіз бар шығар, әкем Ерубай деген кісі, менің ныспым – Нұрымбек. Әкем Ерубай 37-ші жылғы қуғын-сүргінде ұсталып кеткенде мен жеті жасармын. Сіздің ағаңыз Үркінбай да сол жылы ұсталған. Шешейдің арқасында ел қатарлы адам болдық.

– Ерубай дедің бе? Біздің Қосағаштағы Әкімбек атаның баласы Ерубайды айтасың ба?

– Дәп өзі.

– Бәрекелді! Қонақтың үлкені болдыңыз! Осыншама жылда елден бізді бірде біреу іздеп келмеп еді,.. Ой айналайын, Нұрымбек!–деді ол мейірлене сөйлеп:

– Түреғелші, құшақтап, жөндеп туысқан адамдарша амандасайық,– деп орнынан тұрып, Нұрымбекті қапсыра құшақтап:

– Айналайын, көп жаса!– деді. Орнына отырғаннан кейін де толқыған көңілін баса алмай:

– Апырмай-ә! Біздің мұнда екенімізді қайдан естідіңіз?

– Бір кезде Қосағашта тұрып, кейін заманның ағымына қарай жан-жаққа бытырап кеткен ағайын-туыстарды ертеден іздестіріп жүретін едім, сіздер туралы көлденең біреуден естіп келген бетім осы.

– Рақмет, айналайын!–деп ойланып отырып:

– Иә, көп жыл өтті ғой, көп жылдар өтті, ым,..мм,.. Естуім бойынша әкеңіз Ерубай аға қақсоқта шаруасы жоқ біртоға адам дейтін. Е, ол бір әділетсіз заман еді ғой,.. Біз, ауылдан ерте кетіп

қалдық. «Байдың тұқымы» деп көрінгенге көзтүрткі болмайық дедік. Онымыз дұрыс болды ма, бұрыс болды ма ол жағы бір Жаратқанға аян, әйтеуір, басымыз аман, бауырымыз бүтін болса да, түнек заманның өрті бізді де шарпыды. Аямай шарпыды. Адам қауіптен құтылар, жазмыштан қашып құтылмақ емес, солай бауырым,— деп ойға шомып үнсіз қалды. Сәлден соң:

– Ерубай ағадан одан кейін хабар болды ма?

– Үкімет берген нақты дерек жоқ,—деді ол басын шайқап. – Бір естігенім: айдауда әкеймен бірге болып, кейін елге аман оралған Біләл деген кісі: «Сенің әкең Ерубай Беломор каналының құрылысында опат болды»—деді. Неден, қандай жағдайда қайтыс болғанын айта алмады. Әкей ұсталып кеткеннен соң соғыс басталардың алдында шешей екеуміз Қарағандыға кеттік, анам сонда бір кеңсенің еденін жуды мен мектепте оқыдым. Жасымнан анамның көз жасын көріп өстім. Жарықтық анам сабақты жақсы оқығанымды қалады. «Біз оқи алмадық, сен оқы» деп ылғи да құлағыма құйып отыратын. Содан да болар мектепті ойдағыдай бітіріп, Алматыға барып оқуға түсіп жорналшы деген мамандық алдым. Оқуға түсіп келгенімде анам қатты қуанып:

– Қарашығым-ау, ол оқуды бітіргенде кім боласың деді. Әкем туралы, сіз туралы, Ескожа ата туралы кітап жазамын деймін. Сонда анам марқұм қуанып, маңдайымнан сүйіп, талабына нұр жаусын,— деп құптады. Соны айтты да артынша мұңайып ойға батты. Мен «апа, не болды?» деп сұрадым. Ол күрсінді, бірден тіл қатпай отырып:

– Қарашығым, қайдан білейін дұрыс-бұрысын, оқыған өзің білесің де. Өткен заманның

шындығы кімге керек дейсің, соны айттың деп, соны неге жаздың деп өзіңді жазғырмаса,.. жалғанның жүзі сайтанның сөзі секілді шылбырын ұстата ма?!

– Апа, сен оны уайымдама. Ол кітапті мен бүгін-ертең жазбаймын, жазамын десем де жаза алмаймын. Себебі, менің жасым әлі отызға да толған жоқ ол менің болашақта жасайтын ісім. Оған дейін әлі, өзіңіз айтқандай «сүт көп, көмір аз» деп жұбатқан болдым. Шынын айтсам, Жолдыбек аға, сол уақыттағы озбырлық жайлы кітап жазу менің арманым. Сіз де менің анам құсап «оны қайтесің, өзіңе кесірі тиеді» дей көрмеңіз. Бұйымтайым сол, бірінші – амандық; екінші – сізбен әңгімелесіп, өткен заман туралы бірдемеге қансам деп келдім.

– Ой, шырағым, талабыңа рахмет, әрине. Анаң марқұм өмірдің соққысын көп көрген адам, дұрыс айтып отыр. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» бұны жазамын деп өзіне көлеңке түспесе болды. Ал, егер әлгіндей заман оңалып, бір жылымық кезең орнаған кезде жазамын десең онына көнуге болады. Бұл енді көп әңгіме, оның қайсы бірін айтып тауысасың, ойыма түскенін айтайын. Дегенмен, білетін азаматтармен ақылдас, осында көнекөз кісілер бар, солармен пікірлескенің артық болмас. Жазғаның жөн, шындықты елдің білгені дұрыс. Анаң қалай жақсы айтқан «жалғанның жүзі, сайтанның сөзі секілді» дегенді. Расында, біз сондай сайқал заманды бастан кешірдік. Адамды адамға айдап салған құйтырқы саясаттың құрбаны болдық,.. Әлі де қорқамыз,..

– Дегенмен өткенді еске алып көрейік,— деп Жолдыбек аға әңгімесін бастады.

## 22. Жолдыбектің бірінші әңгімесі

172

Біз, анам Күлзикен, кішкентай қарындасым Гүлшекер – үшеуміз ата қонысымызды, әкеміз салған қарашаңырақты тастап, жалғыз атқа мінгесіп, бір түнде ауылдан кеттік. Бұл 1931 жылдың сінтәбрі тұғын. Қазақ даласын алапат аштықтың ызғары кеулеп, үрейлі уақыт дендеп келе жатқан шақ. Тіпті, айтам-ау, атам мен әкеміздің, әкелеріміздің топырағын сипауға да шамамыз келмей, алды-артымызға қарамай түн жамылып аттандық. Көңілімізде күдік, қайда кетіп барамыз, бізді кім күтіп отыр?.. О да шаруамыз болған жоқ, түнек түннің қараңғысына сіңіп, батысқа маңып жүре бердік.

Менің анам Күлзикен өте сабырлы, парасатты жан еді, мені қорықпасын, уайымдамасын деп «Жолкен, сен анау қақ маңдайда, шақырайып тұрған жұлдызды көріп келесің бе? Ол – темірқазық. Соны маңдайға алып жүре бер, сонда межелі жерге жетіп жығыламыз»,—деп менің бойыма күш беріп отырды. Жүрмеген, көрмеген иен түзде жалғыз-жарым жүрудің өзі ол кезде өте қауіпті еді ғой. Тал түсте, сол кездегі даланың шонжары Шағыр атамды үш баласымен, (төртіншісі Үркінбайдың әкесі) бәрін бауыздап кетті, соны бастан өткерген біз үшін, бұл қадам өте қорқынышты-тын. Анам ауылда қалудан да қорықты. Жалаңдаған өкілдер мен кепеудің жендеттері бір күні болмаса, бір күні мына біздің де мойнымызға қылшылбыр сала ма деп қауіптенді.

Бәрібір «біз құтылды» десек те Үркін ағам ұсталды ғой. Ол енді басқа әңгіме,—деп қария қолжуғышқа барып насыбайын төгіп қайта оралды.

Содан ұзақ жол жүріп, көрмеген азапты көріп, бір дарияның жағасына іліктік. Апыр-ау, сол өзі, көзге тұрткісіз соқыр түн еді. Қараңғыда көлден жарық шығып жата ма, қайдам, түн ішінде жарқыраған бір кереметті көргенде есіміз шыға қорықтық. Ап еткенде оның көл екенін түсіне алмадық. Өмірі ондай кереметті көрмеген бізге бұл бір үрейлі құбылыс болып көрінген. Содан не керек, не алға, не артқа жүре алмай әлгі жерде таң атқанша тұрдық. Тіпті қарай-қарай әлгінің су екенін түсінсек те, жақындауға жүрегіміз дауаламады, «ішіне түсіп кетеміз бе, бірдеме өзімізді жұтып қоя ма?» деген қорқыныш, аяқ бастырмай, танның атуын тапжылмай күттік. Күн көкжиектен көтерілгенде көлдің жағасына жақындадық: жиегі ну қамыс, шулаған құс жыртылып айырылады. Сол осы қасиетіңнен айналайын, айнадай болып аспанға қарап жатқан көк теңіз екен.

Дарияны жағалып батысқа қарай бет түзедік. Әйтеуір, «өлдік-өштік» деп осы жерге жеттік. Мұнда өзіміздің Әділсеріктің баласы Әскен бар деп естігенбіз, соны сағалап жеткен бетіміз. Атымызды келген бетте бір жалдаптар тартып алды. Бермеуге шама да жоқ, талассaq өзімізді жазым ететін түрлері бар, «Орнына анау құрым үйге ие болыңдар» деді жасаған «жақсылықтары». Бірақ апам ертоқым мен жүгенді сыпырып алып: «Сендерге мұның қажеті жоқ!»— деді қатқыл

дауыспен. Сол ертоқым да, өрмелі жүген де әлі күнге үйде тұр. Ертоқымы енді айтуға келмейді, ердің қасы күміспен бедерленген, тоқымы да сондай оюмен өрнектелген. Көздің жауын алады, ғажап ертоқым! Әкем Есқожаның тақымы тиген, содан қалған жәдігер деп, көзіндей көріп әлі күнге сақтап келемін.

Оның бәрі де ештеңе емес-ті, ең қиыны – Гүлшекерді жоғалтып алғанымыз. Мен Әскен ағаны іздеп кеткенде бала үйде ұйықтап жатқан, апам қасында еді. Сол уақытта бір топ жұмыскерлердің көлікке мініп жатқанын көрген апам, әлгілерге жолығып Әскен ағаны сұрайды, «осындай адамды танысыңдар ма, білесіңдер ме, көрсендер айтыңдаршы, бауырлары келіп іздеп жүр» дейді ғой. Сөйтіп біршама кешеуілдеп қалған. Қайтып үйге келсе бала жоқ. «Бастапқыда далаға шығып кеткен болар, келер» деп ойладық. Кеш батты, Гүлшекер жоқ. Шарқ ұрып соны іздедік. Ол кезде жаңа келген бізді де ешкім білмейді, баланы да ешкім танымайды. Қас пен көздің арасында кішкентай Гүлшекерден көз жазып қалғанымыз анама қатты батты, көп күйзелді. Оның үстіне ішетін бір түйір тамағымыз қалмаған, Гүлшекерді жоғалтқаннан кейін, бір-екі күннен соң болса керек:

– Ассалаумағалейкум!– деп үйге біреу кіріп келді. Жалт қарасам, ұзын бойлы ақсары адам, көзі күлімдеп, бізге қарап қалған. Мен танымадым, ойымда Гүлшекер, содан бір жақсылық хабар бар ма?– деп орнымнан ұшып тұрдым.

– Уағалейкумассалам!

– Сен Жолдыбекпісің,– деді ол.

– Иә, сіз кім боласыз?

– Күлзикен апа, сіз таныдыңыз ба мені?– деді ол. Алакөленке тартқан құрым үйдің ішінде отырған апам сырттан келген кісінің жүзін еркін көре алмай, көзін көлегейлеп, бейтаныс адамға қанша үңілгенмен оның жүзін анық байқай алмады.

– Әскенбісің, жарығым, даусың соған келіп тұр ғой,– деді.

Әскен ағам апамды құшақтап:

–Асыл апатайым, бар екенсіздер ғой!– деп бетінен сүйіп, құшақтасып, сағынып қауышқан еді. Содан бастап көпке дейін біз Әскен ағаның үйінде тұрдық. Ағамыздың әйелі Майдаш бойы сұңғақ, жүзі жылы, өңі ашаң адам екен; бізді бірден ашық-жарқын қарсы алып, аузымызға асын тосып құрақ ұшты. Қызымызды жоғалтып алғанымызды естіп, қатты күйінді. Бес-алтылар шамасындағы Құдайберген деген ұлдарымен таныстырды. Сол жылы Әскен ағаның үйінде бәріміз бір отбасы болып бірге тұрдық.

\*\*\*

...Бұл жердің адамдары кенішке қатынап жұмыс істейтін, солардың ішінде Әскен ағай да бар еді. Әскен жарықтық ұзын бойлы шүңірек көз, ақсары кісі болатын.

Е, ол кезде заман басқа еді ғой, қазіргідей ағылған көлік, сайраған техниканың түрі белгілі. Сіз білесіз бе, қайдам?.. сол уақыттың өзінде-ақ қазақ орыстана бастаған екен-ау! Біз кейде бүгінгі жастарға өкпелейміз. Бекер. Әлі есімде бірде жұмыстан қайтып келе жаттық, мен кеніште қопарушының көмекшісі болып істеймін. Жұмыс



ауыр, қылеуетке түсіп алып ертеден қызыл іңірге дейін, ақ тер-көк тер болып жүргенін,—деп әңгімесін әріден саумалаған Жолдасбек қария, жан қалтасын сипалап шақшасын алды. Алақанына көк бурыл насыбайды үймелеп шоқитып, онысын ернінің астына жытырды. Ащы насыбайдың күші бірден миын «солқ» еткізгендей болды да, бірте-бірте сейіліп, үзілген әңгімесін сәлден соң қайта сабақтады.

– Осы насыбайы түскірді сол «қылеуетте» жүріп үйрендім, бұрын темекі ермек еді, «жер астында шылым шегуге болмайды» деген соң насыбайға көшкенбіз, ақыры жаман қадетке айналды. Қазір «насыбайдың пайдасы жоқ, зияны мол» деп жазып жатыр. Менің жеті қат жер асытындағы жұмыстан тапқан қадетім ғой,.. Енді мұны қойдың не, қоймадың не, бәрібір?!

– Сол жылдары шешеміз екеуміз баракта тұрдық. Мен әуелгі жылдары Қоңырат кенішіндегі жұмысқа барып-келіп, қатынап істейтінмін. Бір күні әдеттегідей жүк машинасының қорабында отырып жұмысқа бет алғанбыз. Көлік заулап кенішке тартып келеді. Төбемізде зеңгір көк, төңірек көсілген дала, қапталымызда Жұмағұл қыраттары шаңытып көзге ұрады. Бір кезде Әскен ән бастады. Ән болғанда қандай, ғажап ән! «Ауылың сенің іргелі, шай көйлегің бүрмелі» деп шырқай жөнелгенде, жаның бір желпініп, баяғы Қосағаштағы ауылым есіме түсіп, жүрегім шымыр ете қалды. Марқұм Әскен ақжарқын, сері кісі еді, кашан көрсен де жарқылдап жүретін, аңқылдап сөйлейтін, елдің бәрі оны қатты құрметтейтін. Бізде білгенімізше әнге қосылып: «Айтарыңды айтып қал, отырмын ғой жүргелі» деп шырқай

жөнелдік. Сол-ақ екен осы Мұқсиын: «Әй, Әскен, сен қазақшаңды доғар, біз орысша айтамыз. Керегі жоқ қазақшаңның!» деп орыс тілінде шырқай жөнелгені.

Көліктің үстінде отырған бәріміз мына кереметке антарылып қалдық, жөпөлдемеде ауызға сөз түссе қане? Әрі Мұқсиынды білеміз ғой, барып тұрған қандыбалақ белсенді, ұр да жықтың өзі. Көбіміз одан ығып жүретінбіз. Қазақша әннің бетін қайтарып тастап тайрандап, басы қалтақтап орысша шырқай бастағаны сол еді.

– Қазақшаға тыйым салатын сен кімсің, қайдан шыққан жарғақ құлақсың?– деп Әскен де шап ете қалғаны. Жарықтық, ол өзі өте шапшаң, намысқой болатын. Жүйткіп келе жатқан көліктің үстінде екеуі шартпа-шұрт жанжалдасып қалғаны. Әскеннің оқыс сілтеген жұдырығы Мұқсиынның мұрнын бұзып, өршіген төбелес эзер басылды. Мұрнының қанын сорғалатқан Мұқсиын Әскенге кіжініп: «Көзіңді құртамын, оңбаған, ұлтшыл, тап жауының сілімтігі» деп дүңкілдеп, көзі шатынап, мұрнының қанын машинаның қорабына жағып жатты. Ол кезде біздің қаламыз да Қазақстанның басқа қалалары секілді жаңа бой көтеріп, іргеленіп келе жатқан. Ленин атындағы жалғыз көшеміз бар, басқаларының нобайы әлі қалыптаса қоймаған. Көбіміз барақта тұрамыз.

Үйге келіп анам екеуіміз кешкі ас-суымызды ішіп отырдық, дастарқан үстінде шешей айтты, Гүлшекер тірі болса ендігі бір хабар болса керек еді; бес жасқа ілігіп қалған кезі еді,.. Уа, Жаратқан Ием, өзің кеше гөр! деп өзімен өзі күбірлеп отырды. Анам көптен бері осылай, баяғы кашып-

пысқан заманда жоғалтып алған Гүлшекерді аузынан тастамай отыратын. «Балапаным-ай, желпілдеп өсіп, апалап, ағалап жүруші еді!» деп күйзелетін. Одан қалса Сақып пен Үркінбайды ойлайды: «Ей, құлындарым-ай, не жағдайда жүрсіндер, жандарым-ай!» деп іштей уайым шегіп отырғаны. Күндіз үйдің ұсақ-түйек шаруасымен алданады, түн баласында білдірмей ухілеп шығатын. Әсіресе Гүлшекердің қайғысын айтсайшы?!..

Бірде Әскен аға үйге келіп шешеймен сөйлесіп отырды. – Апа,– деді бір кезде, – мына Жолдыбектің басын құрайық, бүйтіп жүре бергені болмайды,– деді ақырын айтса да құлағым шалып елеңдеп қалдым.

Анам айтады: – Қайдан білейін, өзіңнің көздеген біреуің болмаса, бізден не қайыр. Бала жұмысқа ерте кетеді, кеш келеді. Оған да кінә жоқ,–деп мені мүсіркеп жатыр. Көп ұзамай ағай Балқыбек деген танысының бойжетіп отырған қызы барын айтып, соның әкесімен сөз байласқанын жеткізді. «Жөрмеген, білмеген біреуді маған алып берейін деп жүр» деп әуелгіде әжептеуір ыңғайсызданып жүрдім. Ақыры оған бойым үйренгені сонша, тезірек алып берсе екен деп шыдамсыздана бастағам. Кейде байқамай «ағай хабарласқан жоқ па?» деп қоямын. Сөйтіп жүргенде көктем шыға Тарлаулы деген жерде отырған Балқыбектің қызына құда түсіп бардық. Жол бойы ағай әңгіме айтып отырды, ара тұра «Апа, мына Балқыбек қызын баламызға берсе жақсы болды» деп қояды. Онда анам айтады: «Біздің ұлға бермеген қызын кімге береді, қуана-қуана келіседі» дейді. Ішімнен мені әдейі қажап келе жатқанын сеземін, бірақ не деймін, «Тезірек

алатын әйелді алып тынсақ екен» деп өзімше алаңмын. Сөйтіп Тарлаулыға да келдік, Балқыбекті де көрдік: селдір сақалы бар мыжырайған шал екен, бірақ алып бара жатқан кәрі емес, тұрмыстың ауырлығынан шөгіп кеткен, елпелектеп «үйге кіріңіздер, төрге шығыңыздар» деп барғаннан жік-жаппар болды. Қыздары – Тоты қараторы өңді, талдырмаш келген ажары көп-көрім, – деп әңгіменің осы тұсына келгенде: – Осы үйдегі жөнген, қазір келеді, – деп күліп алды.

Маған солай көрінді болашақ жарым. Өзінде үн жоқ, сөйлемейді, соған қарағанда мылқау шығар деп әуелгіде зәрем қалмаған. Ақыры шыдай алмай, «Мынау өзі сөйлейтін қыз ба?», – дедім шешеме сыбырлап.

Сонда анам шай жасап жатқан қызға:

–Тоты-жан, сенен кейінгі баланың есімі кім?– деді. Қыз шешеме қараған жоқ, төмен қараған қалпы:

–Ыдырыс,– деді. Менің күдігім сейіліп «ух» дегендей болдым. Сөзі жақсы. Түр-түсі де томпиып тұр. Мен сықылды жұмыс басты жігітке, құдай жар болып, торының талдырмашын кездестіргеніне ішімнен құп көргендеймін. Сонымен, қызды алып үйленіп тындым.

Келесі күні жұмысқа келсем мені парткомға шақырып жатыр екен. «Мен партия емеспін, парткомның менде шатағы қанша?» деп амалсыз бардым. Кеніш басқармасының ұзын дәлізі, жіктері ырсиып ескіре бастаған тактай еденін сықырлатып парткомның кабинетін іздеп келемін. Әр есікке бір жаутаңдап, ала көлеңке сенектің орта тұсындағы «партком» деген кабинеттің есігін

кақтым. Әр жақтан дыбыс шықпаған соң, есікті сәл қаттырақ тоқылдаттым. Сонда ғана іштен тірі адамның дыбысы шыққандай болды. Өзгені қайдам өзім партия дегеннен өлердей қорқатын едім. Жасқана басып әуелі басымды сұғып, содан соң «рұқсат па?» деп сұрадым.

– Кіріңіз, кіріңіз,– деген қатқыл дауысты естісімен ішке өттім. Шағын кабинетте қаншырдай қатып қалған тарамыс кісі маған көзінің астымен сүзе қарап:

– Келдің бе, Әйтiмoв? Саған эзер жеттік қой. Сiздiң толық аты-жөнiңiз – Әйтiмoв Жолдыбек. Солай ма?– дедi. Мына сөздi естiгенде әуелгiде сасып қалдым, даусым да бұзылып, эзер дегенде «Иә» дедiм.

– Аңадағы Мұксиын мен Әскеннiң арасында болған жанжалды бiлесiз ғой? Сен де соның iшiнде болдың емес пе? Сонда ғана бұның маған қатысы жоғын сезiп «уһ» дедiм.

– Иә, көрдiм, жоқ көрмедiм,– деп сасқалақтып не айтып, не қойғанымды бiлмей қалғаным. Партком бетiме бағжиып:

– Сонымен: көрдiң бе, көрмедiң бе?

– Жалғыз мен емес, бәрi көрдi.

– Сен бәрi үшiн жауап берме, өзiң көргендi қаз-қалпында айтып бер. Төбелестi кiм бастады? Неге төбелестi олар?

Тосын сұраққа не айтарымды бiлмей дағдарып қалдым, «бұ кiсi оны қайдан бiледi, ол жерде болған жоқ» деп, бұл аңқаулықты қойсашы, ойым сан-саққа жүгiрдi.

– Айтыңыз, айтыңыз,– деп партком менi жан алқымға алып шыдатар емес.

– Еліміз неміс басқыншыларымен соғысып жатқан, осындай қиын-қыстау шақта өзді-өзін қырқысып жатқандарың қалай? Ұят мәселе ғой! Айтыңыз,–деді. Ақыры көрген білгенімді со қалпында жіпке тіздім. Бәріне кінәлі Мұқсиын, төбелесті бастаған сол,– дедім.

– Оны өзіміз анықтаймыз. Бара беріңіз,– деді шамасы менің жауабым оған ұнамады білем.

«Ұрының арты қуыс» демекші бәрінен қорқатын кез. Әкем Ескожа ұсталып кеткеннен соң біз, жағаға шығып қалған салынды құсап, қайда барарымызды білмей сансырап қалдық. Аласапыран уақытта «байдың тұқымы деп жер аударып жіберер» деп қауіп қылып, тегімізді өзгертіп алғанбыз. Әйтiм деген кісі менің төртінші атам екен. Қосағашта «Әйтiм қыстағы» деген жер бар, сол атамыздың от жағып, күл төккен жері дегенді естігенім бар. Со құпиямызды біліп қойды ма деп сасқалақтаған түрім.

Кейін білдік, Мұқсиын сол жанжал туралы жоғарыға шағымданып, «Әскенді ұлтшыл, қазақша ән айтады, орысша сөйлесең тыйым салады» деп арызданған. Салдары белгілі. Әскенді «ұлтшылдығы» үшін партиядан шығарып жіберді, учаске бастығы қызметінен босатып, жай жұмысқа салды.

– Бұл әділетсіздік,– деп Әскен аға қанша жанталасқанымен шешім өзгермеді.

Со кісі содан кейін түзелмеді. Ылғи ішіп жүрді. Ал, Мұқсиынның тасы өрге озып, кенеттен парткомға жауапты қызметке ілікті. Сол мен үйленген жылдың күзінде Әскен аға бірде біздің үйге келді. Мен бұрынғыша қопару бөлімінде

жұмысшымын. Жұмыс ауыр, ерте кетесің кеш келесің, қажып жүресің.

– Жолдыбек,– деді ол маған, – сен жақсы азамат болып өстің. Жұмысыңа абай бол, апан айтып отырады ғой «ешкімге сенбе» деп сол рас, сақ жүр,– деп ағалық ақылын айтты. Сол күні біздің үйден кеткенде қатты қызу еді.

Арада бір апта өткенде ол кісі Мәскеуге кетті. Шыны керек Әскен аға керемет сауатты, әрі орысша-қазақшаға бірдей-тін. Өзінің білімі мен әділдігіне сенгені болар, әйтеуір, Мәскеуге барып, партиялығын қалпына келтіріп партбилетін алып келді. Содан кейін өзі тіленіп соғысқа аттанып кетті.

– Қайран, Әскен ағам-ай!– деп Жолдыбек ата тағы да шақшасын қағып жатты.

Сөзімнің басында айтқанымдай, осы насыбайы түскірді әлгі қылеуеттен тапқан ермегім деп. Шахтада алғашқы жылдары қопарушының көмекшісі болдым, байқамаса бұл өзі қауіпті жұмыс. Соғыс жылдарында Шығыс Қоңыраттан молибден кені өндірілді. Мені Қоңыраттан сонда ауыстырды. Майданға керек болғандықтан шығар: жан алып, жан беріп, дегендей жұмыста тоқтау жоқ. Сол шақта, мен сізге айтайын, кен тиелген екі тонналық вогонетканы екі жігіт шамамен елу алпыс қадам жерге жаяу итеріп шығатын. «Ауыр» деген сөз болмайтын, со жылдары қайыспай нардың жүгін көтерген Шотай Нұрқаев, Әтия Тырнақов деген ағаларымыз болды, жарықтықтар бертінде қайтыс болды, жазсаң солар туралы жаз, беу, қандай азаматтар еді.

Менің бір танысым болды, таныс болғанда Әскен ағаның досы, жоғарғы білімді инженер,

ауысым басшысы-тұғын. Со кісі ауысым басшылығын тастап, бұрғышы болып жұмыс істеп жүрген. «Табысы көп» деп соған қызығып барғаны. Мен қопарушының көмекшісімін, кәсібіме көпкөрім төселген кезім. Бір күні жұмысқа келсек шахта басында бірталай адам, көбі кеншілер жиналып тұр. Бәрінің өңдері карауытып, еңселері түсіп кеткен. Сөйтсек шахтада екі адам опат болған дейді. Біреуі Әскен ағаның, әлгі Сәду деген досы екен, оның өлімін естігенде жаным ашып, жүрегім ауырды. Ең алғаш жұмысқа орналасуыма Сәду ағаның көп көмегі тиіп еді. «Қалай болған? Неден болған?» деп жанығып сұрастырсам, оқиға былай болған:

Сәдулер жұмыс істеп жатқанда сол араға қопарушылар келеді. Сөйтсе мына бұрғышы Сәду ағалар айтқан ғой: «Сендердің ататын забойларын көп, дәрілерінді бізге беріңдер дайын болғанды біз өзіміз ата саламыз,»– дейді. Содан дәріні салып, жарылғышты оқтап енді атайын десе «детонатор» дегені бар соған от жеткізетін білте-жібінің шеті су болып, қырсық қылғанда жанбай қояды. Бұрғышылар оған көп ойланбастан жіптің су болған бөлігін кесіп тастайды да от қояды. Ал, әлгі оттықтың тез жанатыны соншалық –минутына алпыс сантиметрі лау ете түседі. Қас-қаққанша алапат жарылыс гүрс ете қалады. Бәрі өлшеулі нәрсе ғой, жіптің жартсын кесіп тастағанның салдарынан екі кенші алысқа қашып үлгермеген, оның үстіне тік забой, жасырынатын қалтарыс-бұлтарыс жоқ, қопарылыстың күші аяулы екі азаматтың өмірін қырқып кеткен. Өте аянышты



оқиға. Көпке дейін Сәду аға ойымнан кетпей жүрді.

Соғыс жылдары шахтадағы шаң талай азаматтардың денсаулығына зардабын тигізді. Ол кезде, естуің бар шығар, бұрғышылардың перфоратор деген бұрғысы болатын, жақсы-ақ нәрсе, кемшілігі сол – бұрғының су шашатын тәсілі қарастырылмаған. Соның салдарынан ақ тозаң шаңда жұмыс жасауға тура келетін. Сұрапыл соғыстың өрті бет қаратпай тұрған кез. Әлгіндей техниканы жетілдіруге шама қайда? Уақыт та тапшы. Қолда бармен қамданып, күндіз-түні жоспарды орындау үшін алаөкпе боламыз. Сөйтіп жүргенде кеншілер жиі ентіге беретін демікпеге шалдықты. Бұның не ауру екенін біле алмай ақыры айнаға түсіп көрсе, кеншілердің өкпесін шаң қауып қалған. Осыдан кейін өндіріс құралын жетілдіруге басшылар мүдделі болып, тиісті орындарға тапсырыс беріліп, кейін оналды.

Несін айтасың, жоқшылық кезді бастан өткердік, ол кезде кеншілер аяқтарына шөңге киіп жүретін. Шөңге деген рәзеңкеден құйған қалың кебіс. Жылдам жүргенде аяқтан түсіп қалмас үшін бұрғышылар оны ортан белінен жіппен байлап алатын. Бізге, қопарушыларға батинка беретін, себебі біздің жұмысымыз қауіпті болатын. Айта берсе көп, қайсы бірін түгендейсің.

Ал, енді өзің шайға кел, жеңген дастарқан жасап қойды,— деді.

## 23. Жендеттің өлімі

Аудан орталығының шет жағында тұрған шатырлы биік үйге адамдар көздерінің қиығымен

жаскана қарайды. Көп жыл өткен. Сталин өлген соң, жылымық заман орнады. Кепеудің де айда-рынан бұрынғыдай жел еспейді. Ана замандағы үрей мен қорқыныш қаншалықты бәсеңдесе де, жүректі шалған суық сыз сейілмеген. Үлкен ағаш үйдің көленке жағында қарт адам отыр. Ол әлдебір нәқатқа тесіле қарап, ауыр ойдың шырмауына шым батқан. Ойына өткен күндердің өктемсіген елесі орала береді.

«Ол кезде заман сондай еді ғой, бізден талап етті. Партияның адал жауынгері болғандықтан тап жауларымен ымырасыз күрес жүргіздік. Сол кезде біз «жау» деп жағасына жармасқандардың көбі кейін ақталып шықты. «Жау» деп ұсталды, «жау» деп атылды. Енді оларды ақтағаны қалай? Ақтайтыны бар неге ұстады? Неге қаралады?» Қаражан соны түсінбейді. Ана жылы, әлгібіреу, есімі тілінің ұшында, дәл қазір ойына түспей тұр: бұған «Сенің кәуек басыңа сөз ұғатын ми бермеген» деп еді-ау. «Сендерді құдай атады» деп еді-ау. Сонда бұл оны өлтіре сабап, үш ай бойы көзіне көк шыбын қонақтатып, аузынан ақ көбігін ағызып еді. Сол өзі сұмдық қайсар адамтын. Етін кесіп, сүйегін сындырсаң да дыбысын шығармайтын қасқыр сықылды кеспір еді. Ақыры есінен адасқан кезде мойындау қағазына қол қойып, жиырма жылға ит жеккенге айдалды. Ату керек еді, атылмай кетті. Ендігі өзі де өлген шығар. Онда кеткендерің тірі келген жоқ. Жүздеген, мыңдаған адамды белден басып, тізеге салып елу сегізді мойындарына оралмастай етіп ілді ғой. «Беу заман-ай!» деп кәрі жендет сол бір сұрапыл жылдарды еске алса, көңілі біртүрлі рақаттанып

қалатыны бар. Өткен түнде түс көрді, аяғына киген, баяғы кара былғары етігі сықыр-сықыр сарнап, түрменің ұзын дәлізімен еденді ойып жіберердей маңғаз басып келе жатса, етігінің табаны қақырап айырылып кеткені, сол-ақ екен қарсы алдындағы темір торда өз баласы тұр. «Балам мұнда неғып тұрсың?» деді бұл.

Баласы үнсіз. «Қанай,..Қанай,..» Сөйтсе аяқ қолы кісендеулі тағы бір екі адам баласының қасында отыр. Әлгілер айтады: «Ей, Қаражан, сенің балаң да халық жауы болды, оны бізбен бірге жібер» деп жамырай сөйлейді.

«Сендер не айтып тұрсыңдар?» деп Қаражан ашумен әлгіні атып тастамақ болып тапаншасын іздеп, даусы шықпай қысылып жатып оянды. Содан бері жаны жай табар емес. Жакында үлкен газеттен бір мақала оқыды: Баяғыда жиырма жылға сотталған Үркінбай деген біреу ақталып шыққан екен, сол лагерьде көрген қорлығын әсіресе Қаражан деген жендеттің түрмеде өзіне жасаған зорлық-зомбылығын жіпке тізіп жалпақ әлемге жариялапты. Мына сұмдықты естігенде Қаражанның есі танып қала жаздады. Ашудан бұрқан-талқан болып, «мұны мен тағыда ит жеккенге айдатамын, маған жәле жауып жатыр, атаңа нәлет» деп үстіне ескі формасын киіп асығып-үсігіп, үйден жұлқына шықты. Кәрі денесі кепеудің ескі кебінін кигеннен кейін тіпті құтырынып кетті. Алдына жан шықпаған аты шулы жендет, аты шулы кеңсеге: «Бұл не сұмдық?» деп айғайлап кіріп келді. Қолында көлдей газет. Күшігін алдырған шибөрі секілді тұла бойын ыза кернеп:

– Мыналарды дереу токтатыңдар. Жауапқа тартыңдар, –деп дүңкілдеген.

Ондағылар карияның сөзін қаперге ілмейтін секілді. Солғын тыңдады, салғырт сөйлесті. Ақсақал қайтесіз оны. Болар іс болды, өткенді қаузамаңыз. «Айта берсін» дегенге саяды. Қаны басына шапқан Қаражан мұнымен де шектелмеді. Алматыға тартты, ондағыларда бірінің аузына бірі түкіргендей әлгілердің сөзін қайталады. Мұны естіген кәрі жендет қатты қапаланды, баяғыда оны атып тастамағанына өкінді. «Оңбаған» деді.

Заман түзеліп, уақыт озған сайын талайды қан-қақсатқан жендеттің аты атала бастаған кезде Қаражан қайда жасырынарын, кімнің артына тығыларын білмеді. Бәрінен де ер жеткен баласының алдында: «Әке бұл рас па?» деген жалғыз сұраққа жауап беру қияметтің қиыны болды. Оның қасында «әңкүр-мәңкүрің» ойыншық тәрізді көрінген. Жендет туралы газет біткен жарыса жазып, бетіне топырақ шашып жатқан кез. Бірде жауапты қызметте жүрген баласы Қантай:

Көзінің жасы мөлтілдеп жылап отыр екен, қолындағы газетті әкесіне ұстатып түрегеп кетті. Сөйтсе газетшілер Үркінбай, Ерубай, секілді мыңдаған адамның обалына қалған қанқұйлы жендеттің қолынан көбі атылды, одан қалғаны итжеккенде өлді, аман келгендері жарымжан болды депті. Мұны «қаражүрек жендет» депті.

Қаражан қатты күйінді. Өмірі өз ісіне өкінбеген жан еді. Сол жолы екі қолына кезек-кезек қарай берді. Мойнына кісі қанын арқалаған жендет болғаны ма? Расымен солай ма? Көзі қарауытып:

— Жоқ, деді ол,— жок, жоқ! Мен өз ықтиярыммен ешкімді жазаламадым. Жоғарыдан келген нұсқау солай болды. Солай болды,.. солай болды, біз тек орындаушы,—деп жанталаса ақталды. «Жоқ!» деді бір дауыс: «Сен Есқожа байдың әкесін үш баласымен қоса Үркінбайдың да әкесін өлтіргенсің, өлтіргенсің, өлтіргенсің. Шағыр байды бауыздап тастаған да сен, Есқожа мен Нұрқожаны да атып өлтіргенсің, сен,..»,— деп айғайлаған дауыс ес жиғызбай қыспаққа алып: «Оқы, амалнаманы!» деп тұрғандай.

Мынау жарық жалғанда, енді оны ақтап алатын күш жоқ еді. Өткен өмірінде адамға жасаған қиянатың күндердің күнінде алдыңнан шығады, қарғысын өзің ғана тартсаң ештеңе етпес, зардабы ұрпағыңды шарпыса жазаның ауыры сол. Ақ пен қара айкасқан қара түнектің мыңнан бір мезеті осылай өрбіді.

Кәрі жендет баласының көзінен мөлтілдеген жасты көргенде, көкірегі удай ашып өмірінде бірінші рет жаны шырқырап қиналып, жарық жалғаннан безіп кеткісі келді. Бірақ Құдай Тағала бұған осындай қорлықты көрсету үшін құзғынның ғұмырын берген секілді. Күйзелді, күніренді, тордағы өлекшіндей үні құмығып, басы салбырап есі ауып кетті. Кәрі жендет ертеңінде көзін ашты. Қайда жатқанын, қашан жатқанын түсіне алмаған ол сандырақтап басын көтерді. Соны тосып тұрғандай:

— Ата, тұрдыңыз ба? Қаліңіз қалай?—деп ішке кірген келіні қарияның аларған көзі мен тозаңданған түр-сықпытынан шошып:

— Ата, бұл мен ғой,.. мен ғой,— деп жасқаншақтап, артына шегіне берді.

– Ә,— деді жендет, екі көзі шамадан тыс шатынап, сұқ саусағын шошайтып:

– Оңбаған, қылмысыңды мойында! Әйтпесе, ату жазасына кесілесің. Ит жеккенге айдатып, иттің боғын жегізем. Контра. Мойында қылмысыңды!— деп орнынан дамбалшаң атып тұрды. Кеудесі жалаңаш, бұтында бауы салақтаған ақ дамбал, келініне тап берді. Онсызда зәресі ұшып, безе жөнелгелі тұрған келіншек бөлмеден атып шықты. Абырой болғанда әр жақтан күйеуі Қантай қарсы кеп қалды:

– Өй, не боп қалды?! – Әйелі айтып үлгергенше соңынан қуа шыққан әкесі, баласын көріп, оған тосырая қарап:

– Әэ, сыбайласын тапқан екен. Өңкей контра. Екеуінді де итжеккенге айдатамын,— деп баласын бас салды. Қантай әкесін қапсыра құшақтап, сабырға шақырып:

– Әке, әке, бұл мен ғой, Қантай! Не болды сізге? Әке,..әке деймін – деп әлек болды. Бірақ Қаражанның көзі тасырайып, ешкімді көретін емес, аузынан көбік шашып, айғайлап:

– Біз сендерді түгел қырып едік, сен пәле қайдан шықтың?.. Ха,..ха..Мен өлтіргем сенің әкеңді де, бауырларыңды да, сенің де көзіңді жоям, жоям! Жоям, дедім, жо...я..м!— деп шал не боса соны көйітіп кетті. Баласы алысып жүріп әкесін бөлмесіне кіргізіп: дәрігер шақырып, ине салып, әупірімдеп сабырға келтірген. Дәрігер «науқасты ауруханаға апару керек, психикасында ауытқу бар» деп еді баласы көнбей «бүгінше үйде болсын», деп алып қалған.

— Елден ұят қой, «әкесін жындыханаға өткізіп жіберген» деген сөзге қаламын, байқастайық, өзіне-өзі келер,—деп әйелін тыныштандырған болды. Содан соң шалды қарайлап, қасында ұзақ отырды. «Бұ кісіге не болды?» деп ойға батты. «Біреудің обалына қалды ма екен, кім біледі, жаман жерде жұмыс жасады ғой, қарғыс атқыр, сол мекемеге қайдан барды екен?»— деп киналды.

Қас қарая әкесі ұйқыдан оянып, қасында отырған баласын танып, «Қарағым, Қантай-жан, бұл сенбісің?» деп басын көтерді. Бөлмесіне әкелген тамақтан ауыз тиіп, ыстық-ыстық шай ішті. «Қатты ұйықтап қалыппын, сағат неше болған өзі?» деп кәдімгідей әңгімелесіп отырды. Сәлден соң дәрігер жазып берген дәрісін ішіп қайтадан ұйқыға кеткен.

Әкесінің жағдайына алаңдаған Қантай: науқастың үстіне көрпе жауып, терезенің пердесін көлегейлеп, бөлмеден шықты. Әйелінің аяғы ауыр еді, оның үстіне көп жылдан бері бала көтермеген келіншек күндізгі оқиғандан соң мүлде беймаза күйге түскен. Қантай әйелін тыныштандырып:

— Қорқатын ештеңе жоқ, жүйкесі сыр берген, дәрі ішіп қайтадан ұйықтап қалды, уайымдама?— деп келіншегін сендірген болды. Ерлі-зайыптылар сол күні көпке дейін ұйықтай алмай күндізгі жағдайды ойлады; тосын оқиғадан қорқып, қартайған әкенің сыр берген денсаулығын уайымдады; мазалары кетіп біразға дейін кірпіктері айқаспай, дөңбекшіп жатты.

Далада маужыраған маусымның мақпал түні. Үп еткен жел жоқ. Іргеде арқырап аққан өзеннің дыбысы естіледі. Әредік жазғы кеште ойнаған

жастардың дауысы, дамбырлаған музыканың үні құлаққа талып-үзіліп жетеді. Аудан үсті айлы түннің сүт сәулесіне малынып, алаңсыз ұйқы құшағына батқан.

Қатты ұйықтап кеткен Қаражан түн жарымында жаман түс көріп, шошып оянды. Түсінде бұны әлдебіреулер қуып, өлтіргелі жүр екен, солардан қашып, жанұшырып келеді. Қуып келе жатқан баяғы Шағыр бай. Қасында төрт адам, балалары болса керек,.. олардың ізін ала тағы бір шоғыр адам – Ескожа мен Нұрқожа секілді. «Ұстандар, ұстандар!» деп өкшелеп жетіп қалғаны. Енді қараса әлгілер мұны өлтіргелі жатыр, қолдарында баяғы өзінің жезмойнақ қайқы селебесі,.. ізінше қанжардың алмас жүзі жарқ етіп, алқымын орып түскелі төне бергенде, дауысы тұншығып «құт...қарындар» деп атып тұрды. Жаны жаман қысылып, денесін тер жуыпты. Шошығаны сонша – екі көзі қанталап үйдің ішіне үрейлене көз жүгіртті. Бөтен ештеңе жоқ. Терезе қымтаулы, есік жабық. Бөлменің бір бұрышында баяғы өзінің көнетоз сандығы тұратын. Неге екенін қайдам, шалдың қанталап шатынаған көзі соған қадалды. Соның ішіне бір пәле жасырынған секілді. Бөлменің ішіне тағы да сақтана көз жүгірткен ол бір басып, екі басып бұрышта тұрған қара жәшіктік қасына келіп, айпарадай абдыраның қақпағын ашып, асығыс ақтарды. Әлденені іздеп, жанығып, абдыраның ішін астан-кестен етті. Кенет қолына жезмойнақ қайқы селебе мен мүйіз сапты қанжар ілікті, іздегені сол екен, екеуінде қолына алып еңсесін тіктеді. Екі қанжарды екі қолына ұстап әлдекімге сес көрсетіп, ауаны оскылап,



бойын билеген үрейден тез арылды. Келесі сәтте ол «бұрынғы қызмет істеген жылдардан ескерткіш болсын» деп сақтап қалған ескі формасын алып мұздай боп киінді. Аяғына сандықта жатып былғарысы шөге бастаған, қонышы ұзын қара етігін киді. Бөлменің ішінде әрі-бері жүріп еді, баяғы күнін сағынған былғары етік «сықыр-сықыр» сарнап қояберді. Дегенмен даусы бұрынғыдай емес, кұмығып, қыңсылайтын сықылды. Артынша, кәрі жендеттің арқасы козып, көзі ұшқындап бураша шабынды. Жезмойнақ қайқы селебені қара етіктің ұзын қоншына тықты. Қанжарды ышқырға ілді. Сол мезет, еден сықырлап осылай қарай біреу келе жатқандай болды.

«Оңбағандар, мені андып өлтіргелі жүр, дереу жасырын!»,- деп өзіне-өзі бұйрық беріп. Сөйтті де, есіктің артына бой тасалаған. Әкесі жатқан бөлмеден «тырсылдаған» түсініксіз дыбысты естіген Қантай алаңдап: «Кәрі әкенің сырқаты тағы ұстап қалды ма?» деп бөлменің есігін жайлап ашты:

– Мәссаған, әкей қайда?! Төсегінде жоқ!–деп бос жатқан көрпе-жастыққа қарады. Сонсоң «бү кісі қайда кетті?» деп ішке кіргені сол еді, кенет көзінің отын жарқ еткізіп, көкірегіне қадалған қайқы қанжар тиген жерін аяусыз осып өтті. Бөлменің ішін қып-қызыл жалын шарпығандай, дүние дөңгелеп бара жатты. Көзі шамадан тыс аларған Қантай өзіне не болғанын, тіпті де түсіне алмай пәниден көшіп жүре берді. Қаражанның онымен ісі болған жоқ, қанжардың жүзіне жұққан қанды шала-шарпы сүртіп, біреу көріп қалмасын деп бөлмесінен мысықтабандап шықты. Бұл уақытта жүрегі әлдебір жамандықты сезіп,

төсегінен жылдам тұрған келіншек тез-тез басып, дәлізде тұрған телөфонның құлағын бұрап жатты.

– Алло, алло,.. тез жетіңіздерші біздің үйге, біздің үйге,– деді. Соны айтып үлгергенше келіншектің: – «А..ааа...ааа..», – деп жанұшыра айғайлаған дауысы шыңылдап барып жоқ болды. Бейкүнә әйел мен жалғанның жүзін көріп үлгермеген құрсағындағы сәбиі де, жендеттің қанды қолынан қапияда көз жұмды.

Сол күні кәрі жендет мұздай киімімен, баяғы өзінің ашса алақанында, жұмса жұдырығында тұрған, оттығы құрғамаған тозақтың түбіне түсті. Сол күні ол өзі қолымен қинаған жазықсыз жандардың даусын естіді ме, естімеді ме, о жағы белгісіз еді. Белгілісі сол – енді ол үшін жарық дүниенің есігі тас болып мәңгі жабалғаны.

Аспанның жүзі шыттай жарқырап таң атты. Жаңа күн туды. Жарық жалғанды былғаған құзғындардың күні өшті.

#### **24. Жолдыбек ақсақалдың екінші әңгімесі**

1943 жыл. Батыста соғыс өрті өршіп тұрған кез. Әскен аға өндіріс маманы ретінде соғыстан броньмен қалғанына қарамастан, әлгі Мұксиынмен шекіскен оқиғадан соң өзі тіленіп, қоярда-қоймай, майданға аттанып кетті дедім ғой. Шағыр атамның кіндігінен тарайтын Өмірсеріктен кейінгі Әділсерік әкемізден қалған жалғыз тұяқ еді. Соңында әйелі мен мектеп жасындағы ұлы Құдайберген қалды. Сол Құдайберген баламыз мектепте жүргенде комсомолға өтіп, оқуды жақсы оқып жүрген. Бір айналдырғанды шыр айналдырады деген, бір

күні Құдайбергеннің еңсесі түсіп, мектептен ренжіп келді.

– Не болды?– деп сұраймыз.

– Мектептен шығарып жіберді,– дейді. Қалайша? Әкесі соғыста жүр, жаумен шайкасып. Бұның жазығы не? Зәреміз ұшып Үркінбайдан кейін, кімге сенерімізді білмей қорқып зәрезап болған кезіміз.

– Құдайберген, құлыным, айтшы не жағдай? Саған нендей кінә артады?–деп мәселенің мәнісін сұрап, тәтпіштеп әлекіін. Бесіктен белі шықпаған балаға қандай кінә қоюға болады.

Құдайберген айтады: – Мектеп бойынша комсомол ұйымының жиналысы болды, оған мектеп директоры катысып, менің мәселемді қарады.

– Сен не істедің, біреумен төбелестің бе?– деп біздің дегбіріміз қалмауда.

– Жок. Ешкіммен төбелеспедім. Сабағым жақсы, төрт пен беске оқимын.

– Онда не болды?

– Сенің есімің неге Құдайберген? Олай деп атыңды кім қойды?– деп сұрады.

– Әкем қойды,– дедім.

– Дұрыс емес,– деді директор. –Партияның саясатына қарсы. Сен өзіннің атыңмен дінді насихаттап тұрсың, сондықтан саған комсомолда да, совет мектебінде де орын жок. Мектептен шығасың, бүгінен бастап мұнда оқымайсың,– деді.

Шынымды айтсам, мына кереметті естігенде төбемнен жай түскендей болды. Тіпті, сенесіз бе, аузыма сөз түспей тамағым құрғап, тура қылқынып қалдым. Бір жағынан, анасы Майқан жеңгем де жылап, жүйкемді шабақтап, баланың жағдайы

жаныма батты. Шыдай алмай іле-шала мектепке келдім. Директор Тубеков Малбағар деген әжеп-теуір салихалы азамат екен, Әскенов Құдайбергеннің есімін естігенде, құдды бір құбыжық көргендей ыршып түсті. Өзі де бір маңдайы тайқы біреу ме дедім: «қызметтен қуылатын жағдайым жоқ» деп азар-безер тулап маңына жолатпады.

– Сөйтіп балаға ат қоя ма? Біз социализм мектебінде коммунизм құратын түлектер тәрбиелеп жатырмыз. Ескілікті тықпалағандарың қалай, мына заманда?– деп өзімді біраз жерге апарып тастады Тубеков. Не істейміз енді, қолымыздан келер не бар?

Үйге келіп Құдайбергенді жұбатып:

– Қайтесің комсомол үшін азан шақырып койған атыңды өзгертесің бе?– дедім.

Құдайберген бетіме жалт қарады, «аға, ондайды ойламаңыз, осы атпен дүние есігін аштым, осы атпен өмірден өтемін» деді. Тура әкесі Әскен секілді, бетінен қайтпайтын қайсарлығын танытып. Не деймін енді, жүрегім езіліп баланы құшақтап бетінен сүйіп:

– Мен де солай ойлаймын, балапаным, оқу табылады, аман жүрсең болды,– деп жұбаттым. Алайда, сол мектепке тіреліп тұрған ештеңе жоқ екен, бала кеніштегі кешкі мектепке барып, орта мектепті содан бітіріп шықты. Одан соң техникумда оқып білім алды, кейін зауытта ауысым шебері, цех басшысы болып еңбек етті.

– Ал, ана Әскен ағадан хабар болды ма?– деді Нұрымбек Құдайбергеннің әкесі туралы білгісі келіп.

– Иә,– деді ол ойға батып, өткен күндердің ауыр елесі көз алдынан жөңкілгендей. Баяғыда Шағыр атам үш баласымен, Үркінбайдың әкесімен бес адам, бір күнде қарақшылардың қолынан шейт болған күннен бастап біздің әулеттің басынан бақ тайып, сор айналған секілді. Жарықтық, анам марқұм солай деп айтып отыратын. Әскен ағадан алғашқы жылы хат-хабар келіп тұрды, кейін біз одан хабарсыз қалдық.

Мидай араласқан сұрапыл соғыс кезінде Әскен ағалардың полкі қоршауда қалады, содан шығамыз деп арпалысып жүріп ауыр жараланған ағамыз жау қолына тұтқынға түседі. Онан кейін адам айтқысыз ауыр азапты бастан кешіріп, үш жыл жаудың концлагерінде болып көрмегенді көрген. Қырық бесінші жылы май айында совет әскері оларды тұтқыннан құтқарған екен. Алайда, Әскен ағаның аты-жөні «Түрікстан легионның» тізімінде болғандықтан сенімсіз адам ретінде Ресейдің Свердлов облысының маңындағы тұтқындар лагеріне әкеліп, сол жердегі рудникте жұмысқа салған. 1945 жылы соғыс біткеннен бастап Сталин өлгенге дейін сол жерде ауыр азапты көріп, жас ғұмырының сегіз жылын өткізді. Тек Сталин өлгеннен кейін басына бостандық алып елге оралды. Бірақ жүдеп келді. Бұрынғы жарқылдап тұратын Әскен ағаның жанарын мұң торлап, жаламен, наламен өткен уақыттарын ойлай ма, көбінесе оқшау үнсіз жүретін.

Үйге бір келгенінде атам айтып отырды:

– Әскен, қарағым, өткенді ойлап өзінді мүжи берме! Мұндай күнді көре алмай кеткен әкелеріңді ойла, сонсоң тәубе қыл, қарағым. Өз кіндігіңнен

туған Құдайбергеннен үш ұл туып, үшеуі үш тарапты ұстап тұрғандай емес пе?! Құдайдың бергені, соған шүкір қыл,— деді. Сонда Әскен аға шешейді қолынан сүйіп: —Асыл анашым! Сіз аман болыңыз, немере-шөберелеріңіздің ортасында ұзақ жасаңыз!— деп қатты тебіренді. Біздің шешейді «жеңеше» дейтін сол жолы анашым деп аса бір риза көңілмен айтқан еді.

Өкініші сол, Әскен аға ұзақ өмір сүрген жоқ. Жылдар бойғы шеккен ауыр азап пен мехнат, оның жан дүниесіне де, денсаулығына да терең із қалдырды. Соның салдарынан елге келген соң екі жылдан соң ауыр науқастан көз жұмды.

## 25. Құйын – ғұмыр

Көктем туса да қыстың ызғары әлі де қайта қоймаған. Аспанның жүзі сұрланып, жалба-жұлба бұлттар ығып барады. Көше бойын көмкеріп, бүрлене бастаған жасыл желектер, кешелі-бергі күннің тосын мінезінен діріл қағып, бүрісіп қалған. Күрт құбылған күн райы Үркінбайдың да көңіл-қошын қашырып, денсаулығы сыр бергендей-тін.

Азаннан бері өңі күреңітіп, көзінің алды ісініп, асқа да тәбеті шаппады. Азаматының денсаулығына алаңдаған Сақып күйеуінің қасынан аттап шықпай, дәрі-дәрмегін беріп, тақыл-тақыл тамағын ішкізіп бәйек болуда.

Шешелері Күлзикенді жөнелтіп келгеннен кейін бірде Үркінбай: «Апам да бұл өмірден барқадарлы қызық көрмеді-ау»,— деді. Сақып көзіне жас алып, «Ей, жаным-ай,— деді іштей

күрсініп, – апамнан бұрын өзін не көрдің, өзін не көрдің жарығым ау! Өксіген өмірің, жаралы жаның,.. өзін не көрдің, арысым ау?!» – деп егіліп жылады. Мұны көрген Үркінбай Сақыпжан сен жыласын дегем жоқ, әншейін апамды ойлағаным ғой.

– Апам не көрсе де, бала-шағасының қасында болды ғой, жаным-ау!, – деп сөзінің соңын айта алмай күйзелген еді.

Сол күндері Үркінбай өткен өмірін жиі еске алып жатты. Бір кезде кеудесін жастықтан көтеріп алып:

– Сақыпжан, сенің есінде ме, бала кезімізде екеуіміз апамның екі жағында домалап ұйықтап жатушы едік, – деп сәл жымыды. – Сонда, апам ерте тұрса түндікті көлегейлеп, «бізді ұйықтасын» деп үй маңынан ешкімді жүргізбеуші еді ғой, – деп көзі күлімдеп, өткен күндерді мейірлене, сағынышпен еске алған. Соны айтқан ол бір қауым үнсіз отырып:

– Сақыпжан мен ештеңеге өкінбеймін, тағдырымыз сондай ауыр болды деп те, әділетсіздіктің құрбаны болдым деп те, енді соған өкінім келмейді. Бір ғана тілегім бар,.. – деді. Сақып оған жүзін бұрып, – «назарым сенде» дегендей күйеуіне мөлдіреп қарап отырды. Құдды бір соңғы сөздерін айтып жатқандай,..

– Бір ғана тілегім бар,.. – деді жастыққа қайтадан басын қойып:

– Ұрпағымыз аман болып, біз көрген зұлматты олар көрмесе екен, құдайдан соны сұраймын. Тілегім сол,.. – деді. Соны айтып шаршап қалды ма қайтадан көзін жұмып, ақырын тыныстап жатты. Сақып Үркінбайдың қолынан, бетінен сүйіп:

– Алла Тағала, сенің тілегінді қабыл етсін,– деп көзіне жас толып асыл арысының күрт төмендеп тұрғанын сезіп, жүрегі езіліп, іштей егіліп отырды. Жарты сағаттай мызғып алған Үркінбай қайтадан көзін ашып, таңдайым кеуіп жатыр деп су сұрап ішті.

– Сақыпжан, – деді сонсоң: – Менің Нұргүл шешем әл үстінде жатқанда апамды шақырып, «мына артымда қалып бара жатқан Нұрқастын жалғызы – Үркінбай сізге аманат, ана дүниеде қолыңнан алам», депті,.. Жер бетінде аманатқа адал болған бір адам болса ол екеуміздің ғазиз анамыз еді. Сен екеуміздің жүрегімізге періштенің гүлін еккен ғазиз анамыздың үмітін ақтай алдық па, қайдам?!.. – Соны айтқан ол біразға дейін тағы да үнсіз қалды.

– Білесің бе?– деді сонсоң, жүзін Сақыпқа бұрып: – Мен анау қиянда, кебенек киіп айдауда жүргенімде кейде түс көретінмін,..бірақ өте сирек. Сонда ылғи да анамыз екеумізді жетектеп күн шығысқа қарай кетіп бара жататын. Кейде екеуміз қол ұстасып жүгіріп, оның алдында жүретінбіз. Ондайда анамыз артымыздан қарайлап тұратын секілді. Мен сол түсімді: «Көретін жарығымыздың әлі бар, әлі аман-сау отбасыммен, апаммен, сенімен қауышады екенмін» деп жоритын едім,– деп енгігіп қалды.

– Енді шаршап қаласың, кішкене көз шырымын алшы.

– Жарайды. Сен ешқайда кетпе, қасымда отыр.

– Кетпеймін. Үркін, кішкене ұйықташы. Қасыңда қолыңнан ұстап отырамын.



Содан кейін Үркінбай көзін жұмып сәл қалғып кетті. Сақыптың жанары жасқа толып, әлде бір суық дүниенің төніп келе жатқанын сезгендей іші мұздап, жүрегі мазасыздана соқты. «Үркешім-ай!» деп іштей егілумен болған.

Сол күні түс ауа – Жолдыбек пен Гүлшекер, Құдайберген үшеуі келді.

– Ағатай, қалыңыз қалай?– деп үшеуі бірдей Үркінбайды құшақтап, көнілін сұрап, үйде қалған бала-шағаларының сәлемін жеткізіп жатты. Жолкен мен Гүлшекерді көріп көңілі марқайып қалған Үркінбай:

– Бауырларым, баяғыда Көкем – (Ескожаны айтады) – «соныңнан ерген бауырларыңа қарайлас», деп еді. Сендерге бәлендей көмегім тимеді. Тигізбейін дегем жоқ, тағдырдың селі қабырғамды сөгіп, жердің шетіне шығарып тастады. Жандарым, бір-біріңе қарайласып, аралас-құралас болып аман жүріңдер. Жолкен, әулеттің ендігі үлкені сенсің,.. Гүлшекер, ботам, қаршадайыңнан қасірет шектің, апамның жасамаған жасын жаса, үбірлі-шүбірлі болып, мақсатыңа жет,– деп үшеуінде қолдарын қысып, маңдайларынан искеп, – бакытты болыңдар,– деді.

Сол күні таң алдында Үркінбай өмірден озды. Зұлмат заманда жалған жаланың құрбаны болған асыл ер тағдырының соңғы сағаты соғылғанда Сақыпты құшақтап: «Сақыпжан, қош бол, асыл жарым» деп жайғана жүріп кетті. Өмірінің алпыс сегізінші көктеміне қараған шағында жалғаннан озды. Қамшының сабындай қысқа ғұмыры қым-қуыт қызыл қырғынның ортасында өткен асыл азаматтың өмірден алары да, берері де мол еді,..

Жаны Жаннатта болғай.

## 26. Жолдыбек қарияның соңғы әңгімесі

201

Үркінбай аман-есен үйіне оралды дегенді естігенде қуанғанымыз сонша – анам Күлзикеннен бастап бәріміз байыз тауып отыра алмадық. Әсіресе анам, «барып келемін» деп дегбір таппады. Гүлшекері аман-сау табылып, үйіріне қосылған соңғы арманы «Үркінбайды аман-есен көрсем, сол күнге жетсем» деп Ұлы Жаратушыға жалбарынып жүруші еді, Құдай тілеуін беріп, «Үркін келді» дегенді естігеннен бастап жолға жиналды. Содан жұмыстан бір-екі күнге сұранып, апамды алып, Гүлшекерді, Тотыны, Құдайберген мен Әлкенді, Өркенді ертіп, отбасымыз болып бардық.

Ей, қарағым қайтесің! Ол бір ауыр көрніс, айтып жеткізе де, тауса да алмайсың. Үркін ағамның тірі келгеніне тәубе дестік, жасына жетпей қатты қартайып, жүдеп кеткен. Жүдеген деген де келмейді, құр салдырлаған сүйегі ғана. «Ат арыса тулақ, ер арыса аруақ» деген ғой. Бір кездегі еңсесі биік, ер тұлғалы қайран ағам азып-арып, «аруақ» болып келді. Қайтесің, азаматтың аман келгеніне тәубе дедік. Анам «біраз уақыт Үркіннің қасында болайын» деп сонда қалды. Со жолы бәріміз жиналып келер жылы Қосағашқа барып әкелеріміздің басына құран оқып қайтайық деп келістік. Жаз шыға шілденің іші болу керек, бәріміз жиналып Қосағашқа жол тарттық. О кезде Үркін аға әжептеуір тынайып қалған. Қалада бір мекемеде қызмет істеп жүрген.

Сонымен талай жылдан кейін басымыз бірігіп, туған жерімізге бардық. Енді соны айтып берейін. Айтқандай, өзің ауыл жаққа барып тұрасың ба?

– Жоо,.. барған емеспін. Ауылда мені кім таниды?—деді Нұрымбек.

– Біз Қосағашқа шілде айында бардық. Үркіннің жалғыз ұлы Еркін каладағы көлік шаруашылығында инженер болып қызмет істейтін. «Бар жақсы» деген емес пе, Алла оңғарып, со баламыз көлік тауып беріп, сонымен бардық. Жол алыс, тоқтап-тоқтап, Қосағашқа жеттік.

Туған-өскен жерінді көп жылдардан соң көру адамды бір қызық әсерге бөлейді екен. Ауыл бізді, біз аулымызды жатырқадық па, бойымызды алай-түлей сезім билеп, бір кездегі Қосағаштың көнерген нобайын ғана көргендей болдық. Баяғы Қосағаштағы біздің үйіміз жоқ, орнын қалың шалғын басыпты, жұрты дөңкиіп жатыр. Біз оқыған мектептің орны да, сондай, қалың шөптен көрінбей қалған. Сақып пен Үркінбай Гүлшекерді орталарына алып құсмұрын төбеге қарап бірденелеріді күлісіп айтып тұрды. Жүздерінен шаттық есіп бала күндерін ойларына түсіріп тұрғанын сездім.

– Апа, Гүлшекердің туған үйі осы емес пе?

– Иә, мына ортаңғы бөлмеде туған.

– Онда Гүлшекерді осы араға аунату керек, «жасы ұзақ, дені сау болсын» деймін. Онда анам айтады:

– Жалғыз оны емес, бәрін де осы араның топырағына аунаңдар. Туған жердің топырағында қасиет бар. Ал келіндер, мына жерге бәріміз отырайықшы,—деді. Сөйтіп бәріміз үйіміздің ескі жұртының шетіне тізе бүгіп, топырағына аунап,

«Алла Тағала бізді пәле-жаладан, кесір-кесапаттан сактай көр!» деп тілеу тіледік. Өткен күннің белгісі ол адам санасында қалған естеліктер шығар. Күні кеше ғана осы арада жүгіріп жүрген бала едік. «Апа, көкем келе жатыр, ағам келе жатыр» деп айғайлаған даусымыз құлағымызға келетіндей. Зулап өткен күндер-ай десейші!

Жаңадан құрылған Қосағаш колхозы, баяғы Шағыр атамның Көкүйірімдегі күзеу бар еді ғой, сол жерге салыныпты. «Жері жазық, суы мол, оты құнарлы» дейді екен әкеміз. Сол ара жаңа колхозға қоныс болыпты. Әжептеуір елді мекен: сегізжылдық мектебі, клубы, наубайханасы, дәрігер пункті бар. Жекеменшік үйлер, көбі мал ұстап, егін салады екен.

Бізді танытын ешкім бола қойған жоқ. Мен кездескен бір азаматтан:

– Осы ауылда Сейтқұл деген кісі бар ма?–деп соны сұрадым. Жомартты сұрайын деп едім «Сақып керегі жоқ оның» деді. Сейтқұл бар екен, біреулер оның үйіне бала жүгіртіп жіберген. Ол келгенше тұрмайық деп, Қосағаштың күнгеіндегі атам Шағыр мен әжем Ұлмекеннің, әкелерім: Өмірсерік, Әділсерік, Ғұмырсеріктің, Үркінбайдың әкесі Нұрқас пен анасы Нағиманың қорғанына келдік. Заманында Қосағаштың қызыл күрең тасынан Есқожа мен Нұрқожа әкелерім қалатқан төрт құлақты бейт со қалпы тұр. Бейт басына келгенде анам Күлзикен дауысын шығарып жылады:

– Ұрпақтарыңды ертіп бастарыңа келіп тұрмын, Алла Тағалам, Сіздерге иман байлығын берсін, арттарыңда қалған ұрпақтарыңа ғұмыр

берсін, деді. Топырақтарын сипадық. Аталарымыздың рухына бағыштап құран оқыдық, мал шалып етін көпшілікке тараттық. Әкем Ескожа мен Нұрғожа ағамыздың рухына арнап арнайы белгі қойып, оларға да құран бағыштадық. Екеуіне туған жерден топырақ бұйырмаса да рухы бауырларының қасында шығар дейміз. Лайым солай болғай.

Сөйтіп жүргенімізде Сейтқұл ақсақал келді. Өңін күн қақтап, жүзін әжім басқан шокша сақалды қарияға айналған екен. Біз оны тани алмадық, апам ғана шырамытып:

– Сейтқұлмысың,– деді.

– Иә, тәте, күйлі-қуаттымысыз! Сізді де көретін күн бар екен ғой, Аллаға шүкір!–деп кемсеңдеп көзінің жасын сүртті. Содан кейін бәрімізді жағалай шолып, шеткері тұрған менің қолымды алып құшақтап:

– Жолдыбексің ғой, түрің Есағана тартқан екен,– деді сонсоң Сақыптың маңдайынан сүйіп, «ананнан аумамай қапсың» деп жүзін Үркінбайға бұрып, жыға танып: «Үркінжан сенбісің, аман келгеніңе тәубе қыламыз, жалғыздан қалған тұяқсың ғой, аман жүр, қарағым» деп еміренді. Кішірек кезінде талай рет Қарқаралыға оқуға апарғанын есіне алды. Сейтқұл ақсақал Гүлшекерді танымады. Апам:

– Бұл кенже қыз, Гүлшекер ғой,– деді.

– Өй, айналайын-ау! Ол кезде кішкентай еді ғой.

– Енді одан бері қанша жыл өтті,– деп жатырмыз.

– Иә, иә солай, екен ғой.

– Кімге тартқанын айтпадыңыз ғой,– дедім. Гүлшекер маған «неге сұрайсыз?» дегендей

бұртиып қарады. Сейтқұл аға менің сөзіме іле жауап беріп:

– Гүлшекер қызым әкесі Есағаңа да, ұқсап тұр, апасын да ренжітпеген. Айналайындар, алтынның сынығындай болған қарақтарым, аткөліктерің аман ба? Келгендерің жақсы болды, елжұртты бір көріп, марқайып қайтасындар. Ал, енді біздің үйге жүріңіздер, мал сойылып жатыр бүгін осында шығарсыздар.

– Рақмет, аға! Жол алыс, ертең ертерек жүріп кетеміз.

– Оларың дұрыс болды, туған жердің топырағына бір-бір аунап, ауасын жұтып, суын ішіп дегендей... сағыныштарыңды басындар,–деді.

Сөйтіп Сейтқұлдың үйіне келіп түстік. Секеннің әйелі Мәруа анамды көре сала құшақтап, даусы кемсеңдеп, амандық-саулығын сұрап жікжаппар болды. Өзі қатты қартайып кеткен екен. Төрге жайғасқаннан кейін:

– Біз білетін адамдардан кім бар? Айтпақшы, Сейпеннің үй-іші бар ма?– деп сұрады анам Сейтқұлмен сөйлесіп отырып.

– Сейпен, дейсіз бе? Жоқ қой олар. Ашаршылықта күйреп қалды. Үркінбаймен жасты Есқара, Бекшора деген балалары бар еді, өзіңіз білесіз,.. бәрі де ашаршылықта көз жұмды,.. Е, ол бір ауыр жылдар еді ғой... Құдай енді оның бетін көрсетпесін!– деп Сейтқұл ақсақал қинала сөйледі.

– Иманы саламат болсын, Сейпеннің өзі аңқылдаған жақсы азамат еді. Балалары да желкілдеп өсіп еді,..Иманды болсын,– деп анам Күлзикен бетін сипады.

Үркін аға жолдан шаршады ма, жантайып дем алып жатқан. Сырттан бір бала кіріп:

–Ата, Жомарт ата келіп тұр, қонақтармен амандасамын дейді. Анам ештеңе деген жоқ. Сақып әпкем жантайып демалып жатқан Үркіннің құлағына сыбырлап бірдеңе деген болды. Бірақ ол кісі қозғалмай со қалпы жата берді. Сейтқұл біздің тарапымыздан қарсылық болмаған соң, «кірсін де», бірақ қонақтар демалып жатқанын айт,— деді.

Сәлден соң екі жігіт, жүзін күн қақтаған, селдір сақалды шалды қолтықтап кіргізіп, босаға жақтағы тік аяқ орындыққа отырғызды. Ақсақал адам:

– Ас-салау-мағалайкум! –деді даусын соза. Сонсоң үй ішіндегілерге жағалай қарап:

– Бәйбіше, аман есенбісіз, бала-шағаныз аман ба?—деді.

– Шүкір, аманбыз, –деді анам. Мен басында түсінбедім. Жомарттың біздің әулетке жасаған бір жамандығы барын. Өйткені, Сақып әпкем мойнын бұрған жоқ. Үркін ағам басын көтермеді де. Соны бағып менде елпеңдей қоймадым.

– Жарымжан адаммын, мүгедек болып қалдым, өздігімнен жүріп-тұруым қиын. Сіздер келді деп естіп, амандасайын деп сүйретіліп келдім,— деді. Со кезде анам Күлзикен:

– Жомарт, келіп амандасқаныңа рақмет,—деп ауыр күрсініп,—саған не дейміз!? Бір Алла Тағала өзі төреші,—деп сәл үнсіз отырып:

– Біз бай болсақ та, кедей болсақ та ұзында өшіміз, қысқада кегіміз болмады; Ешкімге жасаған қылдай қиянатымыз да жоқ еді; оның бәрі Аллаға аян. Сенде де кегіміз жоқ, өкпеміз де болмақ емес. Енді жүре бер, жолыңды өзің білесің,—деді. Біздің

анамыз сондай мейірбан жан еді, бірақ дәл сол күні ана кісіге керемет торығып айтты. Жомарт бейшара не десін, орындықтан сыпырылып түсіп, ешкімнің көмегін күтпей-ақ өзі еңбектеп есіктен шығып бара жатты. Екі аяғы тіреуге келмейді екен. Тура үйге кіріп кеткен жылан секілді жорғалап барады. Маған, тіпті аянышты көрінді. Сол уақытта тыстан үйге кіріп келе жатқан Әлкен мен Құдайберген: «Ата-ата, тоқтаңыз, біз көмектесейік» деп еңбектеп бара жатқан кісіні екі жақтап қолтығынан тік көтеріп, далаға алып шықты.

– Ой, рақмет, балалар! Өркендерің өссін!– деді ол екі жас жігітке көз тастап.

– Шағыр атаның шөберелері екен ғой, рақмет айналайындар! –деп көзін сүртіп, іштей күйзеліп отырды.

Жомарт кеткен соң үйдің ішін ұзақ үнсіздік жайлады. Мен Гүлшекердің құлағына сыбырлап: «Апамның қасына барып отыршы, жүрегінің ауыратыны бар еді»,–дедім, анамның жүзіне жалтақтап. Сол кезде ғана Үркінбай басын көтеріп:

– Апам дұрыс айтты,– деп басқа сөз қоспады, апамнан кейін бірдеңе айтуды артық деген болар. Бірақ қайтып келе жатқан жолда айтты: «Жомарт, жарықтық, мүсәпір, әрі мұнафиқ адам ғой, ол да бір қайбір жетіскенінен айтты дейсіз, айтқызды ғой,.. қорқытып, үркітіп, ұрып-соғып, жанын қинаған шығар,.. бәріне жоғарыдағы оңбағандар кінәлі»,–деп тұнжырап отырды. «Оңбағандар» деп кімдерді мензегенін қайдам, «олар кім?» деп сұрап жанын қинағым келмеді.



Сәлден соң дастарқанға үлкен ас келді. Сейтқұлдың баласы Ыбыш үлкен қойдың басын Үркін ағаның алдына әкеп қойды. Тәрде апам отырды, апамнан кейін Үркін аға, Сақып содан кейін менің әйелім Тоты екеуміз отырдық, Гүлшекер апамның сол жағына жайғасқан, бізден төменірек: Құдайберген, Әлкен мен Өркен деген ұлдарымыз тізіліп отырды.

Үй иесі Сейтқұл ақсақал дастарқанға бата сұрады. Үркін аға «батаны апам жасасын, мен құран оқиын» деді. Сөйтіп, апам бата жасап, ата-бабамыздың рухына бағыштап құран оқылды. Содан кейін алдына келген басқа қарап отырған Үркін ағам: «Жануардың семіргені-ай!» деп бастың тұмығын өзіне қаратып кесіп алып былай қойды сонсоң қасқалдақтап тілген бастың маңдайына қойған екі жапырақ еттің бірін табак тартқан Ыбышқа берді, екіншісін өзі ауыз тиді. Одан соң оң жақ езуін құйқасымен молдау кесіп апама берді, сонсоң өзі ауыз тиіп одан соңғысын Сақыпқа, маған қалғанын бәрімізге жағалай үлестірді, келесі сәтте маңдайының құйқасын ойып алып Гүлшекерге берді, беріп жатып: «Ботаканым, маңдайыңнан бақ кетпесін» деді. Бұдан соң бастың оң құлағын кесіп Сейтқұлдың немересіне «жақсылыққа жақын бол» деп ұсынды; Таңдайын алып жатқанда оған не дер екен деп қарап отырдық, Үркін аға асықпай таңдайын бөлмей сыпырып алып, үй иесінің кішкентай Әмина деген немересін шақырып, «жез таңдай әнші бол, біздің ауылдан да бір әнші шықсыншы» деп соған берді, көзін алып маған берді.

– Бірдеме демедіңіз ғой,– Үркін аға дедім.

– Жолкен, көзімдей бол, дегенім ғой,– деді. «Рақмет!» дедім содан соң бастың тұмсығын үй иесіне қаратып қайтарып берді.

Дастарқан басында бәріміз көңілді отырдық. Апам айтып отырды қазақтың осындай табак тартуға қатысты ырымдарын әкем Есқожаның керемет жетік білгенін, барған жерде жаңағыдай бас ұстаса соны атап-атап үлестірген кезде көпшілік: «Есаға бізге де бірдене берсеңізші» деп ойыншыны бар кәдімгідей дәметіп тұратын дейді. Соның біразы Үркіннің көкейінде қалған екен. Жолкен жастау болды да ондайды ол зерделеп үлгермеді. Кейінгі жылдары Үркін мен Сақыпты екі құнанға мінгізіп қасына ертіп жүретін. Сондай, сондайдан адамның көкейінде қалады екен ғой, деді.

Ертеңінде таңғы салқынмен ауылдан аттанып кеттік. Артымызда туған жеріміз Қосағаш қалып барады. Көңіліміз сәл жабырқағанымен, атам мен әжемнің басына құран оқытып, бір сауапты іс атқарғанымызға шүкіршілік еттік. Жол бойы әрқайсымыз жас кезіміздегі қылықтарымызды айтып мәре-сәре болып отырдық. Бұл апамның Қосағаштан кеткеннен кейін туған аулына бірінші және соңғы барғаны.

Жанны жәнната болғай, ерекше мейірбан, парасатты жан еді. Гүлшекерін құтты орнына қондырып, Үркінбайдың қияметтен елге аман оралғанын, Сақып екеуінің бақытты ғұмырын, немерелерінің ержеткенін көріп өмірден өтті. «Тілеуі дұрыс адам» деп көрші қолаң айтып жүрді.

Анамыз Күлзикен ұзақ ғұмырында басынан нелер қиын кезеңдері өткерсе де өзінің тектілігін жоймай, ізгілік пен мейрімділіктің үлгісі болып

өтті. Әскен ағай соғыстан қайтып келген соң көп жүрмеді, соғыс пен немістің одан кейін кенестің лагерлерінде көрген азабының салдарынан бір жылға жетпей бұ жалғанды тастап кете барды. Баласы Құдайберген жақсы азамат болып өсті, оған да әжесінің көп жақсы қасиеттері жүкқан.

Апам 1979 жылы 85 жасында қайтыс болды. Қайтыс болардан бір күн бұрын Үркін мен Сақып баласы Еркін және азамат болған немерелерін ертіп келіп апамның қолын сипап қасында отырды. Әскен ағаның баласы Құдайберген оның Тәңірберген, Рақымберген, Бибәтима деген балалары, бәрі де апамның немере, шөберелері ғой, ғазиз анамды бір тәулік күзетіп отырды.

Қарап отырсақ тағдырдың қатыгез толқыны бізді жан-жаққа аяусыз лақтырып, сокқыға алған секілді. Шынын да солай ғой. Шын мәнінде біз бастан кешірген қиямпұрыс заманның, біз ғұмыр кешкен опасыз жалғанның жүзі осындайтын. Енді біздің ұрпағымыз рухы биік, жан дүниесі таза болып, біз көрген сорды олар көрмесе екен деп тілеймін.

Айтқандай, Өмірсерік ағамыздың үш ұлы: Әдиолла, Мәдиолла, Сәбиолла және Нұрила деген бір қызы болған. «Балапан басында тұрымтай тұсында» демекші аласапыран кезде біз олардан адасып қалғанбыз. Сөйтсек, олар ашаршылықтың алдында Өзбекстан өтіп кеткен екен. Қай бір жылы Қосағашқа барып әкеміздің басына зиярат етіп, бізді сұрастырыпты. Қайда екенімізді Сейтқұлдан естіп іздеп келді. Онда апам бар. Жылап-еңіреп бауырларымызбен солай табыстық. Жағдайлары жақсы екен, бала-шағалары өскенен

немерелері де бар, өзбек ағайындармен құда-жекжат екен,—деп қария әңгімесін аяқтады.

### **«Жалғанның жүзі» кітабы туралы соңғы сөз**

211

Қайбір жылы жұмысыма Нұрымбек Ерубәев деген кісі іздеп келді. О кісімен бір-екі мәрте жүздескенім болмаса, соншалықты сыралғы болмағам. Көрмегеніме де көп болған, өңі жүдеу, һәм қартайыңқырап қалған екен. Амандық саулықтан соң:

– Жанболат, сенімен бір мәселе жөнінде сөйлеспек едім,— деді.

– Нүреке, тыңдап отырмын, айта беріңіз, қандай шаруа?—деп әңгімесіне ден қойдым.

Сол күні ол өзінің әкесі Ерубайдың «халық жауы» деген жалған жаланың құрбаны болғанын, анау Шағыр ақсақалдан бастап тиіп-қашып біраз сыр тарқатты.

– Осы аталарым туралы бір кітап жазсам деп көптеген деректер жинадым, бірақ жасым жетпістен асты, денсаулығым сыр беріп мұны маған жаздыратын емес. Қарым-қайратым да бұрынғадай болмай тұр. Осы дүниені саған аманат етемін, сен жаз,— деді.

– О, не дегеніңіз, ақсақал? Көптен тірнектеп жинаған дүние болса, денсаулығыңыз оңалғанда өзіңіз іс қыларсыз деп тартыншақтадым. Шыны керек, аса қаламағаным рас. Ол азырақ ойланып отырды да:

– Жанболат, мен бәрін пысықтап, алды-артын ойлап саған келдім, сен бұны қолыңа ал, босқа жоғалып кетеді. Осыған ие бол, саған

аманат, – деді. Соны айтқан ол қолындағы папканы менің алдыма қойып: – Мен енді қайтайын, көп отыруға шама жоқ, – деп қоштасып шығып кетті. Шет-шеті кемірілген ескілеу қағаз папкаға қарап отырып, «бұны не істеуге болады» деп ойға қалдым. Әйтсе де, оны ақтаруға асықпадым, көп уақыт, тіпті жылдар бойы шет-шеті кемірілген ескілеу қағаз папка менің тартпамда ұзақ жатты. Күндердің күнінде соны бәрі бір қолға алдым. Енді Нұрымбек ағаның қағазын ақтармас бұрын оқырманға түсінікті болсын деп, мына бір жағдайға тоқталайын.

Өмір деген сан тарау соқпақтардан, қатпары қалың асулардан тұратын ұзақ-ұзақ жол болса керек. Адамдар сол шытырман жолда: бірі өз жолын тауып, бірі адасып, ғұмыр дарияның бетін шарлап шытырманды кешіп жүре беретіндей. Шеті мен шегі жоқ сол ұзақ сапарда әр жолаушы жеткен жерінде көшін доғарып, ұрпағына ақ жол тілеп қала беретін секілді.

1980 жылдардың басында біздің үлкен үй (әкем Башар ақсақал онда бар) Тоқырауын бойынан Шығыс Қоңыратқа қоныс аударған-тын. Апта сайын балаларым: Мұқтар, Баян, Асқар және жолдасым Зағираны ертіп, (біз онда отбасымызбен қалада тұратынбыз) автобуспен барып әкешеміздің жағдайын біліп қайтатынбыз. Ол кезде мен Балқаш телестудиясында редактор болып жұмыс істеймін.

Бірде Шығыс Қоңыратқа келіп автобустан түсіп жатқанымызда жүзі таныс бір қыз амандасқандай болды. Әлде маған солай көрінді ме, білмеймін, әйтеуір, сол қызды бір жерден көргендей болдым; нақ қайдан көргенімді есіме

түсіре алмадым. Ол да маған бір-екі рет бұрылып қарағандай,.. Бейтаныс бейнені қайдан көрдім? Кім екен?— деп деп кете бардым.

Көп ұзамай әлгі Нұрымбек ақсақалдың тапсырған аманатын аударып-төңкеріп танысуға кірістім, танысқан сайын өте ауыр көрністерге тап болып, жаным күйзелді.

Бір ғажабы, ондағы кейбір адамдарды мен біледі екенмін. Соның ішінде Әйбат апа мен Сәт ақсақал (шын есімі Сәтмағамбет, ел Сәт деп атап кеткен) бұ кісілерді мен бала кезімнен білемін. Әйбат апа бізге әкем жағынан өте жақын туыс, апамыз болатын. Бесінші-алтыншы сыныпта оқитын кезімде, әсіресе, жаз айларында апайдың үйіне жиі барып жүрдім, сол кезде есімде қалғаны: апайдың үйінде мен танымайтын қыздардың жиектемеге салынған суреттері қабырғада ілулі тұратын. Бірде сол суреттерге қарап тұрғанымда, Әйбат апа айтты: «Ол Гүлшекер мен Мағираның суреті ғой» деді. Соны айтты да:

— Кел өзің дастарқанға жақында, тамақ іш,— деді. Осы кезде төрде жантайып жатқан Сәт ата да басын көтеріп дастарқанға жақындады. Әйбат апа балық қуырған екен, иісі мұрын жаратын бір керемет таңсық ас тәбетімді ашып қарным ашқанын білдім. Әйбат апа дастарқан жасап жатып:

— Бәсе, бүгін түнде түс көрдім, сіздің үйдің балалары: Тайкен, Ерболат, Жанболат үшеуің үйге кіріп келіп тура төрде тізіліп отырсыңдар,— деп дастарқанның ортасына буы бұрқыраған табаны әкеп қойды. Қуырған балық екен. Біреуін алып маған ұсынып:

– Кел, айналайын, жақындап отыр, балық же,– деді. Балықты алдыма жақындатып, қылтығын тазалап, ақырындап дәмін тата бастадым. Мен біреуін қаужалап жатқанымда Сәт ата екі-үшеуін бітіріп, төртіншісіне қолын салып жатыр еді, Әйбат апа ақсақалына:

– Мен балаға пісіріп едім, бәрін өзіңіз жеп барасыз,.. болды ғой,– деді.

– Е,– деді ақсақалы оған ,– «Алдына ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым» демекші, балық жемеген ауылдың баласы қақалып қалмасын деп көмектескенім ғой,– деп табаға созған қолын қайтып алып:

– Балдыздармен осындайда таласып тамақ ішкенді жақсы көремін,– деп маған қарап жымыңдап, шайын сораптауға көшті. Сәт ата сондай қалжыңбас адам-тын. Әрі өте балажан кісі еді.

Содан бері айналып айлар, жылжып жылдар озды. Талай жақсы апаларымыз, аталарымыз бақилық болды. Жарықтық Әйбат апа да, Сәт жездем де қазір өмірде жоқ. Мен Нұрымбектің жазбаларын ақтарып отырып сол баяғы Шағыр мырзаның әулетінен бүгінде көзі тірсі Гүлшекер апаның бар екенін білдім. Сақып апамыз азаматы Үркінбай қайтқаннан кейін бір жылдан соң өмірден озған екен. Ең ғажабы, Гүлшекер апа осы Шығыс Қоңыратта тұрады екен. Соны білгенде денем дір ете қалды. Сонау зұлмат жылдырдың азабын бүлдіршін кезінде басынан өткерген қайсар жанды көргім келді. «Бүгін қандай болды екен, ұрпағы бар ма екен?» деген сан түрлі сауалдар алдымды орады.

О кісіні көруге асығып, үйіне іздеп бардым. Мені орта жастағы, кескін келбеті өте әдемі кейуана қарсы алды.

– Жоғары шық, балам,– деді. Төрге шығып жайланып отырған кезімде:

– Қай баласың, қарағым?– деп маған көзін сығырайтып қарады. Мен әкемің атын айтып едім:

– Е...е,– деді, сонсоң басындағы орамалын дүзегендей болып,– бөтен емес екенсің. Сенің анаң Бағдат екеуміз түйдей жастымыз. Білем ғой, әкеңді де, анаңды боса болмаса,..Нағашы атаң Молдақан ақсақалды, тіпті жақсы білемін,.. Айтпақшы ол кісі менің әкем Ескожамен таныс-біліс болған деседі. Молдақан атаң да өмірінің он жылын итжеккенде өткізіп келген, оңай адам емес-ті. Соны айтты да үндемей отырып қалды.

– Ештеңе етпейді, ойыма Үркін ағай түсіп,..– деді даусы тарғылданып. Ештең етпейді,–деді тағы да, өзін-өзі жұбатып. Енді тамақ салып қояйын, асығыс емес шығарсың, үйлерің мына арада тиіп тұр,– деді.

– Гүлшекер апа, рақмет! Тамаққа әуре болмаңыз, әлі талай келемін. Бүгін арнайы сізді іздеп келдім,– деп, шаруамды айттым. Со жолы Гүлшекер апамен көп сөлестім, о кісінің бүкіл өмірін болмаса да, балалар үйіндегі жылдары туралы, жетімдер үйіне қалай түскені жайлы әңгімесін ұзақ тыңдадым. Апай сондай елгезек, аузын ашса көмейі көрінетін ақ көйлек адам екен. Ұйып тыңдап отырдым, бір кезде:

– Ойбу, мен сені шаршатып жібердім-ау!–деп көптеген суреттер мен газет қиындылары салынған қорапшаны алдыма қойып,– мен шай



қойып келейін, а то разговор разгвором,— деп орысшасын араластыра сөйлеп:

— Мен балалар үйінен келгенде қазақша түк білмейтінмін, потом ақырын-ақырын үйрендім,— деп шай қоюға шығып кетті. Со жолы көптеген суреттерді ақтарып көрдім, әсіресе, балалар үйінде түскен суреттері сол уақыттың ауыр кезеңінен сыр шертіп тұрғандай. Балалардың үстіндегі киімдері де бір өңкей гүлді сәттеннен тігілген, юбкалары кенеп секілді өңсіз мата, аяқтарында қонышы бар бәткенке, өндері соншалықты жүдеу болмаса да көздері тұнжыр, мұңлы көрінді. Бұл суреттер шамасы соғыстан бұрын түсірілген болса керек. Суреттерді асықпай ақтарып отырып бір суретке көзім түсті. Гүлшекер апаның бойжеткен кезінде өзінен үлкендеу бір қызбен бірге түскен сурет. Суреттің сыртында: *«Гүлшекер, әпкесі Магирамен бірге. 1946 жыл. Балхаш.»* деген сөз жазылған. Мен со суреттерді қарап отырғанда:

— Сәлеметсіз бе? —деген дауысқа жалт қарадым. Ізінше қолымдағы суретке, одан соң сырттан кірген қызға қарап, ұқсастықтарына қайран қалдым.

— Ә, келдің бе, бұл менің үшінші қызым Гүлназ,— деді Гүлшекер апа.

— Мына суреттегі түріңізден айнымайды екен,— дедім.

— Иә, солай, балалардың ішінде осы — Гүлназ ғана маған тартқаны. Қалғандары әкесі жағына ұқсап кеткен,— деді апай. Әлгіде автобустан түскен бейтаныс қызды «қайдан көрдім» деп есіме түсіре алмағам. Енді білдім, кімге ұқсатқанымды. Дәл осындай суретті Әйбат апаның үйінен талай көргенім ойыма оралды.

Шай ішіп отырғанда Гүлшекер апа анасы туралы айтып, көзіне жас алды: – Анам жарықтық алтын адам еді ғой, жатқан жері жайлы болсын, – деп күрсініп:

– Мен, ақымақ, балалар үйінен келгенде анама бармай қойғам, «мені неге іздемедің?» деп. Жарықтық, сонда қатты күйзеліп: «мейлі, әйтеуір, тірі екеніңді көрдім» деп соған шүкіршілік еткен. Жүрегі кең, мінезі көркем жан еді, – деп өткен күндерді ойлап, біраз мұнайып отырды. Сәлден соң сәл жымыған Гүлшекер апа:

– Анамыз өте бәденді, пәкизә адам болған, мен анама ептеп қана ұқсаймын, ал Сақып әпкем анамнан аумайды ғой, аумайды.

– Жанболат, сен кітап жазатын болсаң – Сақып әпкем мен Үркін аға туралы жаз. Олардың махаббаты, екеуінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі «Қыз Жібек пен Төлеген» дерсің. Үркін аға айдауда жүргенде Сақып әпкем оны іздеп Воркутаға неше мәрте барған. Қандай жол азабын кешіп, жанын шүберекке түйіп барды десеңізші!?

– Біз Үркін ағаны бәріміз аға дейтінбіз. «Жезде» деген емеспіз, ол кісі мені кішкентай кезімде «ботаканым» дейді екен, түйедей қыз болған кезімде де, мені «ботаканым» деп еркелетіп өтті.

– Беу, асылдарым-ай! Сақып әпкем Үркін аға қайтқан соң жылға жетер-жетпес жүрді. Жүре тұратын еді, Үркін ағама асықты. Ауырмай, сырқамай бақилық болды, – деп көзіне жас алып, тағы да уайым шегіп отырып қалды.

– Гүлшекер апа, уайымдамаңыз, артында ұрпағы бар, соған тәубе деңіз,– деп жұбатқан болдым.

– Рақмет, айналайын. Өткен өміріміздің көңілсіз беттерін айтып кетсем ренжіме,– деді. Кетерімде:

– Жанболат, айналайын, келіп тұр. Үй осы, жаңағы менің кіші қызым Гүлназ, құдайдың бергені: –Үш ұл, үш қызымыз бар, бәрімен әлі танысасың. Айтпақшы, біздің бір ұлымыз анау Ауған соғысына қатысып келген. Құдай сақтап, әйтеуір аман келді,.. ал жақсы сау бол,– деді.

Мен осы хикаятымды жазып жүргенде Гүлшекер апа бар еді. Кітапты 2018 жылдың соңында жазып бітірдім, сол жылдың күзінде 92 жасқа қараған шағында, жаны жәннатта болғай Гүлшекер апа бакилық болды. Апай қайтқанда жерлесуіне қатысып топырақ салдым, қызы Гүлназға көңіл айтып, қайтып бара жатқанымда:

– Апам сізді ылғи айтып отырушы еді, кітабыңыз бітсе бір данасын маған қалдырыңызшы,– деді. Міндетті түрде, өзім әкеп беретінімді айттым.

*Балқаш 2016, 2017, 2018 жж.*

## ХИКАЯТТАР, ӘҢГІМЕЛЕР

## Көлжанқара

220

Өткен түнде Шеген құдықта отырған Енсебайдың жылқыда жүрген жалшысын ат сүйреп өлтірді. Бала жігіт сол күні сыңарезу үркек шабдарға мінген; Жаз шыққалы жылқыға шығып, ер жеткенін білдіріп, әке-шешесіне қолғабыс жасап жүрген жас өренді, тап мынадай жағдайда опат болады деп кім ойлаған?! Әкесі Мұнар, шешесі Мәлике жалғыз ұлдарының тілеуін тілеп, ер жеткеніне қуанып, «тәубә» дескен кез еді. Жылқышы Сәтібай да баланың пысықтығына, тақымының беріктігіне марқайып; қасынан тастамай, жылқы бағуға баулыған беті,.. Алланың жазуына не шара!

Сол түні айдың қараңғысы-тын. Түн жарымына қарай бала жігіттің тақымындағы тарпан шабдар да ара-тұра ауыздығымен от шалып, «жыны» басылғандай байыз тапқан. Қою түннің құшағына сіңген қалың жылқының бортылдатып шөп жұлған бір тексес сарыны, мама биелердің әредік оқыранған дыбысы құлаққа шалынады. Еңсені езген түн қараңғылығы бала жылқышыны тез жалықтырып, бірте-бірте көзіне ұйқы тығылып, отқа ұйыған қалың жылқымен қатарласа қалғып келе жатты. Кенет астындағы сыңар езу шабдар, үрікпесе жүре алмайтын құдай атқан мал еді, әлде неден жалт ете қалғанда бала ерден ауып кетті. Қырсық қылғанда, бір аяғы үзеңгіден шықпай қалғаны. Үркек ат одан әрі оршып, атқып, ойнақтап ала жөнелсін. Тоқтаса қане? Мөңкіп-мөңкіп, бет алды лағып, өші кеткендей ытырынып барады. Мөңкігенде сілтеген артқы аяғы баланың жотасына, шүйдесіне тиген болуы керек, бала

бірден бас көтере алмай сұлық, сүйретіліп кете барды. Жылқының келесі шетінде жүрген Сәтібай, құдай атып, мұны аңғармай да қалған.

Жаздың қысқа таңы ағарып, төңіректен түн қараңғысы сейіле бастаған шақ. Көп жылқының бір шеті қайта-қайта үдіре үркіп, қоғаша жапырылды. «Ит-құс білінген болар» деп топшылаған Сәтібай ақ құрықты көлденең ұстап, барқыраған айғайға басып, жылқыны айнала шапқылады. Әлде нені сүйреткен ертоқымды ат: жұлқа қашып, қалың жылқыны дүрліктіріп, байыздар емес.

Мұны көрген Сәтібайдың жүрегі зу ете қалды.

– Жамандатқыр! Мынау әлгі сынар езу шабдар ғой. Астағпралла! Астағпралла!– деп дереу астындағы ұшқыр бедеуге қамшы басып, алға ытқыды. Бір жамандықты сезіп, бойы түршігіп кеткен Сәтібай бедеу күреңнің бар пәрменімен сынар езу шабдарға қатарласа бере тізгінге жармасты.

– Қасқыр жегірдің малы! Қасқыр жесін сені!– деп, аттан секіріп түскен ол баланың аяғын үзеңгіден шығарып:

– Балам-ау, аманбысың!? Осы пәлеге кеше мінбе деп едім, қоймадың,.. Құдай-ай!– деп. Баланы жерге жатқызып, басын сүйеді. Жігіттің өңі бозарып, ерні көгеріп, сұлық жаттыр.

– Тірімісің, жаным-ау?!– деп, баланың денесін, үсті басын сипап, – Сынғаннан аман ба?– деп жаны қалмай, сасқалақтады. Ат сүйреген бала тілге келмеді.

Есіз далада Сәтібай жылқышы баланың өлі денесін құшақтап анырап қала берді. Жаздың қысқа таңы да ағарып атып, адыр адырдың жотасына таң шапағы жүгіре бастаған. Өрістен құлаған жылқының алдынан шыққан аттылы адам осылай қарай беттеді. Бұл келген – байдың шабарманы Мұттахым еді. Қайғылы жағдайды көрген ол:

– Бәсе, бір сұмдықты ішім сезіп еді! Жылқының күндегіден ерте шашырап кеткенінен шошыдым. Сәтібай, сен тоса тұр. Мен тездетіп ауылға барайын, мырзаға хабарлайын, не айтар екен,– деп ауылға шаба жөнелді.

Күн көкжиектен арқан бойы көтерілген кез. Мұнар күндегіден ертелеу келген жылқының алдынан шығып, құлын ұстаудың қамымен желі басында тұрған. Тасырлатып ауылға шауып келген шабарман Мұттахым атынан домалай түсіп байдың үйіне сүнгіді.

Еңсебай өзінше, пірәдарсымақ адам. Ақ шаңқан үйдің төрінде таспих тартып, жалғыз отырған. Ақай-тоқайсыз үстіне «сау» етіп кіріп келген шабармады жақтырмай, алакөздеп сүзе қарады.

– Не, жайшылық ба? Жылқы аман ба?– деді.

– Жылқы аман, бірақ ана Мұнардың баласын ат сүйреп, опат болыпты.

– Не дейді?! Әлгі Сәттібай қайда? Жылқы аман ба?

–Сәтібай сонда қалды. Мәйітті ауылға қалай жеткіземіз?

Бай шоқша сақалын сипап, орнынан ұшып тұратындай ұмтылып барып, қайта басылды:

– Қалай жеткіземіз?– деді, ала көзі арбиып, шабарманның сөзін қайталаған ол. Сол-ақ екен ойына әлде бір «тапқырлық» орала кеткені.

– Сендер оны,.. ауылға әзір әкелмеңдер,– деді сол қолымен сақалын тарамыштап:–Былай жасаңдар... Мына іргедегі Мұқыстың қорасына апарып жасыра тұрыңдар. Бұл жөнінде ешкімге тіс жармаңдар, қалғанын кейін айтамын. Әке-шешесіне де әзірге жақ ашпаңдар, бар жөнел,–деп катуланып, қолын сермеді. Шабарман шығып кеткенсоң иығындағы желбегей жамылған атылас шапанының өңірін қаусырып, екі көзі ойнақтап тағы біраз отырды. Сонсоң «Байдалы», деп дауыстады. Мырза үйінің маңынан алыстамай есік көзін бағып жүретін іркілдек денелі безеу бет, шұбар кісі есіктен бас сұқты.

Бұйрық күткен ол табалдырықтан ұзамай қалт тұра қалған.

– Байдалы, бері жақында. Құлағыңды тос,– деп әлде бір шұғыл тапсырманы сыбырлап айтып жатты. «Қасына Жуанқұлды ал... Сәмбеттің аулына»,– деген сөздер үзіліп естіліп, арты күбір-сыбырмен құлаққа шалынбады. Тек «бәрін бітірген соң Жуанқұлды осында ертіп кел» дегенді қаттырақ айтып қалды. «Бар жөнел»,– деп әмір етті. Ол шығып кеткен соң көзі ойнақтап атылас шапанының өңірін қаусырып, қолынан түсіп қалған таспихын іздеді. Жан-жағын сипалап отырып астына басылып қалған мүйіз таспихты қолына алды.

– Е, Құдай, ісімізге сәттілік бере көр!– деді жүзін құбылаға бұрып таспих тартып:



– Дұшпанның еңсесін езуге жаратқан өзің көмектесе көр. Осылардың-ақ қорлығы өтті. Қызыл төбені уысыма түсіре көр,– деп таспихын жеделдете тартып, құдайға ұзақ жалбарынды.

Құдай Тағала адам баласына ортақ. Одан жауыз да жауыздық жасауына көмек сұрайды екен, жетім мен жесір де мұңын шағып қолдау күтеді екен. Еңсебай да құдайға жалбарынып, жазатайым жайрап қалған сорлы Мұндардың жалғыз ұлын өзінің құдай атқан мүддесіне пайдаланбақ. «Сәмбеттің сағын қалай сындырам» деп жаратқаннан көмек сұрап жанығып отыр.

\*\*\*

Кешікпей Қызыл төбедегі Сәмбет ауылы азан-казан шуға оранып, ел іші алашапқын әбігерге түсті. Ердің сойы дейтін жігіттердің көбі әлде неге іштей қату, ызаға булыққан. Бәрі болыстың ақ боз үйінің алдын бермей, алабұртуда. Сыртан келіп жатқан аттылы адамдар түгел солай қарай ойысып, топталып қалған. Ел арасында қобалжу бар. Оған себепкер көрші отырған Еңсебай бастаған Боталақ елінің адамдары әлде бір өлген жас жігіттің мәйітін осы ауылдың іргесіне жасырып, Тілеш мырзаға кінә артып, құн даулаулап, астамдық көрсетіп, тыныштық берер емес. Мезгіл қоңыр күз еді. Күн желтең болатын. Боталақтың сөз ұстаған ақсақал-қарасақалы өздерінше қынжылып:

– Дұрыс болмады-ау, бұл істерің! Тату ел едік, енді іргеміз шайқалды, теріс пиғылдарың байқалды. Боталақтың намысы тапталды, қалай тоқтатарсың ана ақиған топты, құн сұрап құтыңды

алғым жоқ. Бірақ одан өзге қайла және жоқ,— деп ділмәрсіген.

Сәмбеттің сөз ұстағандары да қарап қалмай:

— Біздің қолымыз да, арымыз да таза, оған әуелі Алла Тағала, одан соң әруақ куә. Сендер бізге нақакқа ұрынып, жала артамыз деп, ертен өздерің жалалы болып жүрмеңдер. Тірідегі қиянат, ана дүниеге қоса кететін күнә екенін естен шығармағайсыңдар,— деп қызыл кеңірдек болуда.

— «Іргеміз шайқалды» деп қайғырасың, жүзіңнен қайғының ізі емес, бәленің сойқанын көріп тұрмын. Жарастықтың тіні сөгілді оны сөгіп отырған өзін, жатырыңа бәле жасырып, ұртыңа у толтырып келсең, бізде не лаж?

— Жә, аспай сөйле, Сәмбет. Аспай сөйле. Ата-бабаңның әруағын шақырып кінәдан құтылмайсың. Одан да жөнге көш, құныкерді табындар. Соны ұстап беріп, мәмлеге келіндер. Болмайды екен — дауды ата-баба жолымен шешейік. Басқа уәжге тоқтам жоқ,— деп етек қағысқан.

— Сонда Боталақтың кесімі не? Көлгірсімей соны айт, мына қарайған елге!

— Шешім: Жекпе-жек. Біздің батырымыз жеңсе жерді босатасыңдар, Қызыл төбе біздікі. Жеңілсек, біз де егес қылмай, дауды доғарамыз.

— Ей, Боталақ, сен сөзге тоқтамадың ғой. «Жекпе-жек» деп кеуденді ұрдың. Ол сенің қай атаңнан қалған жора? Мен білетін қазақ, қай кезде де, сөзге тоқтап еді. Сенің жайың бөлек екен. Жекпе-жекте адамың майып болса оған құн сұрап, дауға дау қоздатпасыңа кім кепіл, Боталақ? Соны айтшы.

– Құран ұстап анттасамыз. Жекпе-жекте не біздің, не сендердің адамың өлсе құны сұраусыз. Жеңілген жак бұл маңға қайта оралмайды. Байлам осы. Осыған келісесің бе, Сәмбет?

Екі жак жекпе-жектің күнін байлап, тарқасты. Тілеш бай ойға батты.

– Исі Ақсақ-Қалдаудың сөз ұстаған үлкен кішісіне ат шаптырды. Талай сойқанда сойыл сермейтін ердауыл жігіттерді ой көзіне тізді. Ананы айтты, мынаны айтты, бірді айтып бірге кетті. Ақыры Жанғозыға тоқтаған. Жасы алпыстан асқан қарт батыр, намысқа бағып шайқаста өлсем өкініш емес. Мен жеңілсем сендердің жерден қағылатындарың өкініш болғалы тұр. Сондықтан сендерді екі өлтірер шамам жоқ.

Қариялар тағы да киналды. Осы әңгімені алыста жатқан Көлжан атбегі естіді. Делебесі қозды. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген. Қырықтың мол ішіндегі Көлжекен көсеудей алақандарына түкірді. Көптен бері ұстамай ораулы жатқан шолақ найзасын қолына алды. Ұштығын егеді. Әрі бері сермеп, қақпақал ойнатып көрді. Беліне семсерін ілді. Ел жұрты Көлжан атбегі атап кеткен, кәнігі шабандоз, шұбар атқа ер салып, ертесіне елең алаңда Қызыл төбеде отырған Сәмбет аулына келді.

– Қиналмаңдар,– деді ол. – Жанғозыны да қинамаңдар, жүрексіңсе шықпасын. Мен шығамын, жекпе-жекке. Иен сахарадан жер таппағандай Сәмбеттің жетім төбесіне қызыққаны қай сасқаны. Күші тасыса сырттағы жаумен шайқаспай ма, іштегі можантомпай елді үркітпей. Жеріңді мұжық алып, бекініс салып жатыр, сонымен шайқас.

Енеңді ұрайындар!– деп кара сұр өңі кабарып, көзі ұшкын атып тұрды.

Көлжекен ежелден бір сөзді, айтқан бетінен қайтпайытын кайсар адам еді. Қазіргі сәтте де, іштей ширығып, қаһарға мінген. Оның тосын шешіміне көпшілік разы болып, «құдай жар болсын» десті.

\*\*\*

Жотасын күнге сүйгізген Қызыл төбенің етегі бүгін сапырылысқан адамға толы. Көпшілікке арнайы тіктірген мырзаның ақ боз үйінің төңірегі толған аттылы-жаяу адам.

Теңіздің осы бір жазаң беткейіне Ақсақ-Қалдаудың атқа мінерлері тегіс жиналған. Көптің ортасында ақсары өңі күреніткен Тіләш мырза тұр. Астындағы сарбауыр ат ауыздығын сүзіп, жер тарпиды. Мырзаның оң тізесін ала тұрған қарасұр, қапсағай денелі кісі – Көлжан еді. Басындағы пұшпақ бөркін шүйдесіне сыра киген қалпы ат үстінде қимылсыз қатып қалғандай. Осы кезде қарсы топтың да қарасы көрінде. Олар Тіләштерге оқ жетер тұсқа келіп тізгін тартысты. Ізінше қамшысын білемдей ұстап жоғары көтерген жалғыз атты бұларға қарсы жүрді. Сәмбет жағынан Ыбыжан атын тебініп қалып алға озды. Екі жақтың елшісі тең ортаға жетіп, аз кем тілге келіп, артынша екеуіде өз топтарына қарай құйғыта жөнелген. Қарсы жақ «Сәмбеттерден Жанғозы шығады, одан басқа кім бар оларда» деп өздеріне тон пішіп, жасы егде тартқан кәрі шөңгені көзге ілмей, арқаларын кеңге салғандай. Ірі денелі Жанғозы Тіләш баймен қапталдаса,

жуан сойылын көтере ұстап, айқасқа атып шығатындай жұлқынып, айбат шегіп тұрған. Байдың оң қапталын ала жайғасқан Көлжан атбегі ғана тақымындағы шұбар аттың тізгінін тарта ұстап, сыр алдырмай сұстануда. Қарсыластар жағы оны есепке ала қойған жоқ, содан да болар басын қызыл матамен байлаған Жуанқұл астындағы ұзын сары атпен құйғытып ортаға шықты.

– Жекпе-жек!..– деп ақырған даусы жер жарғандай. – Бұл жігіт – белгілі барымташы. Қашқанды құтқармайтын, қуғанды шендетпейтін канды балақ ұры.

Жуанқұлдың беталысын байқаған Көлжан ытқып алға озып, Тілеш байға қатарласа беріп үстіндегі мәуті шекпені мен басындағы елтірі бөркін шешіп Жанғозыға ұстата берді.

Топ ішінен «Алла жар болсын, әруақ колдасын!» деген сөздер естілді. Басын ақ орамалмен таңған Көлжан:

– Иә, әруақ! Қожантай!– деп ақырып, қалың топтан суырылып жарқ ете қалды. Қарсыластары: «Ей, мынасы кім? Жанғозы емес қой?!»– деп таңданып болғанша, шайқас алаңының екінші басына құйғытып барып ат басын кейін бұрылған ол: «Әруақ!» деп тағыда даланы жаңғырта жауына қарсы салды. Көлжан мінген шұбар ат тұрқы биік, сүйегі ірі жылқы еді. Көлжанның өзі де жаурыны қақпақтай, сойы бөлек жан. Шұбар атың үстінде тіпті зорайып көрінді. Қарсыласы да түйедей дәу екен. Жұрт оны ақ сойылды қапысыз сілтейтін, қайратты мығым жан десетін. Құйғытып жеткен Көлжан қолындағы найзасын ойнақшытып, қарсыласына қатарласа бере, найза сермеді. «Сарт-сұрт» еткен алғашқы шайқастан екі жақта сүрінбей

кетті. Алыстап барып қайта оралған Көлжан, шұбар аттың басын тартып, кері салды, бұ жолы жан аямасқа бекінген екі дүлей тағы да сатыр-сұтыр, айкүш-ұйқыш қағысып өтті. Маңдайын ақ орамалмен шарта байлап алған Көлжан осы жолы жау сойылын қағып түсіріп, найзасын нысанаға сілтеп қалды. Сол-ақ екен, ел шу ете қалды. Көлжан ат басын кері бұрған да, ерден ауып қалған Жуанқұл орынан кирелеңдеп тұра бергені сол еді құйғытып келген Көлжан оның тұруына мұрша бермей, найзаның дүмімен ұрып түсірді. Көз алдарындағы суық көрністен шошынғандай екі жақ та қатып қалған. Тілеш байдың бойы тоңазып кеткендей болды, «шын өлтіре ме, өлтірмесе қайтеді» деп абыржып қалған. Соны сезгендей қатарлас тұрған Жанғозы:

– Мырза «жауды аяған жаралы қалады», деген бар,— деді. Бірақ оған Тілеш ештеңе дей қоймады.

Бұл уақытта Көлжан найзаның ұшын Жуанқұлдың көкірегіне түйреп тұрып:

– Иманыңды үйір. Өлгің келмесе шыныңды айт. Біздің жерге өлген адамның мәйтін қасақана әкеп жасырдыңдар. Мойында соны. Болмаса жарық жалғанмен қоштаса бер,— деп найзаның өткір ұшын Жуанқұлдың көкірегіне «кірш» еткізді. Жаны шырқыраған Жуанқұл «солай еді» деп болған жайды жайып салды.

–Е, батыр ма десем, көсеу ұстаған Күлбике екен ғой,— деп Көлжан да атының басын кері бұрған еді. Осыдан кейін жауыққан жақ та, сәмбеттерді жөніне қалдырды.

...Арада талай жылдар өтті. Кешегі Тілеш бай да жалғаннан озды. Тіпті, Көлжан атбегінің де жасы еңкейіп қалған кез. Жылқы жылы, мезгіл тамыз айы болатын. Жайлауда отырған Көлжан аулына «Нарманбет дүниеден озды» деген суыт хабар дүңк ете қалды. Көлжан ауылда еді. Тосын хабарды естігенде көз алды бұлдырап, әуе айналып жерге түскендей болған. «Бұл қалай болды екен!? Апырай, ә! Беу, жалған-ай!» –деп «аһ» ұрып күңіренді. Есіне Нарманбетпен соңғы рет қашан кездескені оралды. Осы өткен жазда Көлжан сырқаттанып қалған. Қатты ауырды. Қожа молданың ішірткісін ішіп, құдай оңдап, беті бері қараған. Сондай күндердің бірінде атбегінің көңілін сұрап, Нарманбет келген. Қарқаралыдан ел ішіндегі дау-дамайға байланысты келген беті екен. Көлжан қартқа сәлем беріп, жағдайын білмекке ат басын бұрса керек.

Сонда Көлжан қарт ерек қуанды:

– Наржан-ау, көп болды ғой ат ізін салмағанына, мен өліп қалсам келер ме едің? Келсең қалай жоқтар едің?– деді көңілі толқып, біржағынан ақынды сөйлеткісі келгендей.

Сонда Нарманбет, аялы жанары ұшқындап:

– Жеті рулы елге сөйлеген, абұйырсыз сөзге кірмеген, қисық жолды баспаған, түзу сөзден қашпаған, әділдіктің серексі Көлжекем-ау! – дермін деді. Сонсоң қарттың иығынан қапсыра құшақтап: – Көлжекем-ау!– деп мейірленіп амандық тіледі.

Ақынның жауабына Көлжекең ырза болғандай, қалың қабағы жазылып, жүзіне шырай жүгіріп:– Бәйбіше, қонаққа қымыз алдыр, мал

сойсын, ас қауаңдар,— деді. Сол жолы Нарекен асықбай дәмге қарады. Екеуі өткен кеткенді айтып көп сырласты.

Дастархан басында Көлжан ақсақал:

– Наржан, заманыңның бет алысы қалай? Елдің ертеңі не болады?— деп ат жалында жүрген қонағынан сыр суыртпақтаған.

Сапар кесеге құйылған салқын қымыздан бір-екі ұрттаған Нарманбет:

– «Елдің ертеңі» дегеніңіз жақсы-ау! Құлдықтан құтылып, ел қатарына қосылармыз, деген үмітіміз көп-ақ еді. Қазіргі жағдайды көз көріп, көңіл сезіп тұр. «Тілекті құдай берген күн, көздің жасын иген күн» деп қуанып едік, патша құлағанда онымыз әсіре болды. Орыс бізді уысынан шығарғысы жоқ. Түрпеті солай,—деді кеудесін тіктеп, күрсіне сөйлеген ол. Ойлы жанарын киіз үйдің түрулі ергеншегінен тысқа жүгіртіп.

– Өз билігі өзінде болмаған елдің ертеңі бұлдыр. Ілім-білімнен де кешеуіл елміз. «Үмітсіз шайтан» деген... Бар үмітіміз – қазақты көзі ашық, білімді елге айналдыру; Өсіп келе жатқан балаларды оқыту. Мына Қасен\* мырзаның мектеп ашып, бала оқытып жатқаны сауапты іс. Ауқыты бар әр қазақ осындай шаруаға барса, бұлдыр дүниенің көбесі біртіндеп сөгілер еді.

– Алашың, не дейді, соны айтшы,—деді Көлжан «Алашорда» туралы білмекке ынтығып.

– Алаштың да көздегені сол, қазақты қабырғалы елге, көзі ашық көкірегі ояу жұртқа айналуы. Болашақта «Ресей федеративтік республика болуға кәдік. Қазақ сол федерацияның құрамында «аутономды және бірдей құқықпен



өздерін өздері басқаратын ел болып кірсе» дейді. Бәріміздің тілегіміз сол. Басқа халықтармен тең жағдайда болсақ. Әлихан\* мырзаның айтқаны бар: «Қазақ жерінің бар байлығы қазақтың өзіне бұйырса, өзінің игілігіне жараса» деген. Алаштың мақсаты осы. Бұл орысқа жаға ма, Алашпен санаса ма?– ол жағы күлдібадам.

– Қарағым, Наржан, бір сөзіңе қуанып, бір сөзіңе мұнайған жағдайым бар. Жасымыз да еңкейіп қалды, аз ба, көп пе татар дәміміз Алланың қолында. Ойлап отырсам, осы шаққа дейінгі көрген бейнетіміз, алысып жұлысып шекен қорлығымыз қазақ пен қазақтың қараңғылығынан туған қақтығыс екен ғой. Сыртымыздағы елге қарап бой түзеуге, ой түзеуге мұршамыз жетпеген екен. Алаштың намысы емес, атаның намысын қуып, өзді-өзіміз егесіппіз. Балаларды оқыт дегенің ғанибет. Сендер естіп отырсыңдар ма?– деді Көлжан, дастархан басында отырған балалары: Тәтибек пен Сәдуақас, Ақайларға қарап:

– Наржан дұрыс айтып отыр, білімді мыңды жығады дегенді ата-бабамыз бекер айтпаған,– деді. –Мына біздің Әлихан (Әлихан Бөкейханов) жеті жұрттың тілін біледі дейді. Қаршадайынан оқу қуып, «Тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын» депті. Айналайын, оған құдай жар болып аман жүрсін, деп емірене сөйледі. Сол күні Нарманбет пен Көлжан көп сырласты. Дүрбелеңге толы дүние дидарынан салқындық сезе бастағанын, орыстың бармағын бүккен ікімәті бара-ау, дегенді Нарманбет тұспалдап айтты.

Қонақ кеткеннен соңда Көлжан іштей ой құшып отырып қалған. «Көзі ашық, көкірегі ояу жұртқа айналсақ; Өзгемен тереземіз теңессе»

деген сөздер ойына орнығып жүрегін баурағандай. Соның бәрі көз алдында, күні кешегідей; Сөйткен Нарманбет дүниеден озды. Мына суық хабар Көлжанның жүрегін шымырлатып, бойын мұзда-тып жіберген-ді.

Сәлден кейін:

– Ай, арысым ай! Алаштың бағына туған, тарланым-ай! –деп күңіренді. Көзінен жас сорғалап, қарасұр өңі біресе сұрланып, біресе қабарып көп толқыды. Суыт хабарды естіген Тұрсынбек, Әтібек, Сәдуақас, Ақайлар келіп ел болып қайғырды.

Ертесінде Көлжан Нарманбет аулына жол тартты. Нарманбетің қалай қайтқаны туралы анық ешім ештеңе айта алмады. Ақынның сүйегін алып келуге Қасен ақсақал қаралы хабар жетісімен аттанып кеткен екен. Марқұмның сүйегін қара былғарыға тігіп, суыт жүріп Сағада отырған туған жеріне жеткізген еді.

Көлжанжар келгенде ауыл үсті абыр-дабыр. Тұрсынбек пен Көлжан аулының адамдары топталып келіп, Нарманбеттің бәйішесі мен баласы Мақсұтқа, туған-туысқандарына көңіл айтып шықты. Осы кезде Смахан төре бастаған бір қауым адам аттан түсіп, қаралы үйге беттеп келе жатты. 22 болыс елге есімі машһұр Нарманбет қазасына көңіл айтып, келіп жатқан елде қисап жоқ. Қалың ел қабырғасы қайысып Нарекенді мәңгілік сапарға шығарып салды.

\*\*\*

Қой жылы ел жайлауға көшіп қонған соң, Нарманбетке арнап ас берілді. Жыл бұрын ат

мойыны жетер жердегі елге сауын айтылған. Асқа Қарқаралы уезіне қарайтын бір дуан елдің жақсы-жайсаңынан төбе көрсетпеген жан қалмады. Семей мен Жетісудан келген ағайындарда аз емес.

Осы асқа Көлжан мен Тұрсынбекте ерте қам қылды, асқа төрт бірдей жасау жабдығымен ақ боз үй тігіп, әр үйдің ас суы, сойыс малдары түгел жеткізілді. Қонағасыға келген сырт адамдарын тік тұрып күтпек. Құбылтайдың бай Ахметі мен Тілештің балалары, Жабай мен Қожабай ұрпағы да сырт қаламай әр қайсы алты-жеті үй тігіп, әруаққа деген өз құрметтерін жасап жатты. Үзенгілес жүрген дос-жарандары «Нарманбеттің сыбағасы» деп үйірдегі айғырын әкел ошак басына сойды.

Ас болған соң ат бәйгесі, балуан күресі деген бар. Астың айта жүрер қызығының өзі осы болса керек. Бұрынғы соңғыдан келе жатқан рәсімнен ешкім аянып қалмады. Әсіресе, бәйге дегенде қазақтың делебесі қозады. «Қандай аттар бар екен, кімдер келген екен» деп, кешеден бергі әнгіме ауаны сол. Күн көтеріле бірталай адамдар кермеде тұрған жабулы жүйріктерге көз тігіп, таңдай қағысып, тамсануда. Жабуы шашасына түскен Көкшағыр аттың қасында топталған бір топ адам тұр; бәрінің аузында Көкдауыл «бабында екен, маңдайы жарқырап топ жарғалы тұр» деп шоқша сақалды, шүнет көз кісі желпіне сөйлеп тұр.

– Айтқандай әлгі, Көлжанның карасы қайда? Көрінбейді ғой... – деп жан-жағына көз қыдыртты, топ ішінде тұрғандардың бірі.

– Талай бәйгеде таңдай қақтырған Қара тұлпарды бұл жерден көре алмадық, – деді шеткерек тұрғандардың қызыл ала тақия киген ұзын қара кісі.

– Е, Көлжекең оны бір жерге тығып қойған шығар, «көз тимесін» деп.

Сол ақ екен, көптің назары құйрық жалдары сүзіліп, кермеде оқшау тұрған жүйрікке ойысты. Сұрғылт матадан жапқан жібек шашакты кежімі көз тартып «мені көр» деп тұрғандай.

– Е мынау Әшірбектің Көкторғайы ғой. Беу, келген екен ғой! Бәйгенің алдын бермейтін нағыз шандоз осы. Құйрық, жалы таралып, жүзіктің көзінен өткендей жұтынып тұр,– деді әлгі қызыл ала тақия киген ұзын қара. Сәйгүліктердің қатары қалың екен білетін, білмейтін аттар солардың ішінде Адамбай Тұрсынның шағыркөз көк аты, Шаншардан келген торы ат, Шөкейдің шұбар айғыры, жағалай берсең не бір дүлдүлдің сынына көзің тоймайды.

\*\*\*

Күн қайта айдаушылар бәйге аттарын бастап ат қайтатын Алтынсандық тауын бетке алып Жалаңаштан аттанып кетті. Жүз он жүйріктің тұяғынан тұрған ақ түбіт шаң дала төсін жауып, көпке дейін мұнарта көлбеді. Сәт сайын жүйріктер де көзден алыстап, бірте-бірте көрінбей кеткен. Көлжан немересі Тойымбекті атқа отырғызып, баланың маңдайынан сүйді, сонсоң қара аттын кекілінен сипап мойнынан құшақтап, «Жолдарыңды Құдай оңғарсын, бір Алла жар болсын!» деп аттандырды.

Бұл уақытта балуан күресі басталғалы жатты. Қалың ел дүркіреп солай қарай ойысты. Асты басқарып жүрген Ақбайдың Жақыбы мен Бижанның Қасені. Кешегі күні Жақып мырза жұрт

алдында сөз сөйлеп: Нарманбет сынды Алаш арысының есімі ешқашан ел жадынан өшпейтінін айтып, қазақтың дәстүрімен бәйге және балуан күресі өтетінін, мұқым елге жария етті. –Мұның бәрі,– деді ол, көз әйнегі күн нұрымен шағылысып,– Нарекен әруағына жасаған құрметіміздің басы, деп шешіле сөйледі. Нарманбет асы исі Алаш баласына айта жүрерлік ой тастады. Ең әуелі, бұрынғы өкпе реніш ұмытылып, мұқым қазақтың намысы бір арнаға тоғысқандай әсерге бөледі. Қалың ел соған қуанды.

\*\*\*

Алтынсандық тауының етегі. Жүйріктер таң ата қозғалды. Ат үстінде мығым отырған ат айдаушы, шабандоздардың алдына шығып:

– Балалар, ат қайтатын жер осы ара. Кеше, шыға берісте көрсеткен қарақшы естерінде ғой, соны маңдайға аласындар. Тізгіндеріңе берік болындар. Жол бойы әр жерде ат айдаушылар бар, олар сендерге бағыт сілтеп тұрады. Ал дайындалындар,– деп шашырай тұрған бәйгелердің алдынан жортып өтіп, қолындағы туын жоғары ұстап «мен белгі берген кезде ат басын қояберіңдер» деді.

Бір сәтте тыпыршып тұрған жүз он ат лап етіп, сен сөгілгендей дүркірей жөнелді. Алтынсандықтың бауыры ақ бура шаңға оранып, бұлдырап қала берді. Қалың тобырдың арасында тұрған Тойымбек, ә дегенде-ақ, жүйткіген нөпірдің жел жағына ойысты. Орындарынан атқи жөнелген бәйге аттар, жер танабын қуырып, көсілген кең даланы өрлеп, түйдек-түйдек замғады. Төбеде төңкерілген зеңгір аспанда зәредей бұлт жоқ.

Таңғы салқын. Жүйткіген жүйріктер іркес-тіркес созылып Мұқыр, Қарашілік, Қаратал өзендерінің кеуіп қалған арнасын басып өтіп үздік-создық көсіле сілтеді. Манағыдай емес қалың нөпірден оншақты жүйрік қара үзіп, озандап алға шыққан. Оң қапталында болса керек, тау сілемдері бұлдырап кейін қалып барады. Алтын күн де жарқырап көкжиектен найза бойы көтерілген. Ілгерілеген сайын сәйгүліктер екшеліп, лықсыған жүз қаралы жүйріктердің тұяқ дүбірі селдірей түскен. Көлжанқараның алдында Ақбайұлының Керкиігі мен Әшірбектің Көкторғайы үзеңгі қағыса жүйткуде. Бұларға құйрық тістесіп тағы бір шоғыр ат өкшелей түскен. Қара атқа қабырғалас келе жатқан Исабайдың Көкдауылы екен. Тойымбек жаңа таныда кеше атасы көрсеткен, «мұны жел жағына шығарма», дегені есіне түсті. Одан кейін тағы бір екі-үш ат үздік-создық құрық тастам жерде құлдырап келеді.

Алдарынан жазық даланың етегі сөгіле бастады. Құмай жон, құба дала құлпырып, жүйріктермен қоса жарысып қалысар емес. Тойымбек қара аттың басын ірке ұстап, артқа да қалмай, ілгері де озбай аңысын аңдысып талай жерді кейін тастады. Осы кезде тағы бір ат айдаушының қарасы көрінді, ол басқаларындай емес «қамшы басындар, Қарақшы да алыс емес» деп белгі бергендей. Алдында келе жатқан екі жүйріктің екеуі де сауырлары жалтылдап тер жуған. Боз даланың жотасын болат тұяқтарымен пергілеген жүйріктер іркес-тіркес ылдйға құлап барып енді өрге ұмтылмақ. Кеше атасы айтқан, «осы арада алға шығып ал, қара ат ылдй мен өрге

бірдей. Өрге салсаң өршелене түседі, осы жерде тізгінде ірікпей алға шығып кетсең, қалғанын қаратұппар өзі біледі» деген.

Міне сол ойпан осы. Тойымбек ылдйға құлағанда алдында жесісіп келе жатқан екі атты артқа тастап, өрге ытырынып бұрын шықты. Одан әрі теп-тегіс мидай дала. Алдынан арқаның самалы есті. Манағыдай емес қара ат шабысқа шабыс қосып, гулеп жөнелді. Тойымбек артқа мойын бұрып қарағанда көзі жасаурап, кім екенін еркін таний алмады, арқан бойы, бәлкім одан да алыс болар, әйтеуір, қара үзбей ілескен біреуді көрді. Содан соң бала артқа қарауды қойды, қарааттын басын қояберіп жосыла жүйткіді. Қаракшы да алыс емес секілді. Өне, Спатыл бейтінің төбесі қылтылдап көрінді. Атасы айтатын қара ат ұзаққа шабады, тер шыққан сайын, бауры жазылып құйрық жалы желмен гуілдеп отырады деп. Сонысы рас екен Көлжанқара сол пәрменімен қаракшыдан ағып өтті. Қаракшы да тұрған Әтібек қара атқа қапталдаса шауып, шылбырына жармасып аулаққа әкетті.

Екінші болып Исабайдың Көкдауылы өтті. Содан кейін түйдектелген шоғырдың алдында Ақбайұлының Кер киігі оны өкшелеп Әшірбектің Көкторғайы құйрық тістеп құлдилады.

Елдің бәрі Көлжанның қарасын ауыздан тастамай недеген жосын жүйрік, алпыс шақырымда артқа тастап, жүз он аттың алдында маңдайы жарқырап қара үзіп келді, не деген текеуар жылқы!– деп сүйсінуде. Сол күнгі сөздің дәмдісі– Көлжанқараның шабысы болды. Бұл астың бұрынғылардың өзгешелігі бәйге алған ешкім болмады, бәрі де сыйлап тастап кетті. Жалаңаштың бойы

көпке дейін дүркіреген астың дүбіріне тұнып тұрды. Ас тарқарда Бижанның Қасені айтқан сөзге ұйымаған жан қалмады:

– Нарманбет,– деді ол, күн қаккан өңі кабарып,– халктың адам еді; елімен жерінің ертеңін ойлап, күңіреніп зар-мұңын төккен Нарманбет еді. «Қалмады, ей, Сарыарқа сенде қызык, Сандал тау, сары өлкеңді алды мұжық?» деп «аһ» ұрған да, Нарманбет еді. Бүгін Алаш баласы Нарманбет аруағын асқаттатып тұр. Нарманбет кешегі Паң Нұрмағамбет секілді мынды айдаған бай емес; Ол— көсем еді, шешен еді, сөзге бай, ердін сойы еді. Бабасы Қараменде би секілді «асыл сөзден тең буған, мың тоғанак ақылдың кені еді». Кейінгі ел бізді ұмытсада Нарманбетті ұмытпас! Ол – казактың Нарманбеті!– деген сөзі көптің құлағында кетті.

Көлжан карт Қасеннің сөзін талайға дейін іштей қайталап, тебіргенен сайын: Қасені бар, Нарманбеті, Жақыбы бар казак кандай бақытты, деп жүрегі тебіреніп, риясыз разы болып жүрді.

\*\*\*

1928 –Ұлу жылы. Қанкүрең бұлтқа малынынған күн ұясына сіңіп барады. Көкжиек шарбы бұлттармен көмкеріліп, мөп-мөлдір зеңгір аспан биіктеп кеткендей. Қостанай даласы жер ауғандарға тым ызғарлы көрінді. Сүрепетсіз суық өң, сазарып тұр. Кім бұларға құшағын ашар дейсін? Жер ауған тұтқындар көз байлана қала шетіндегі тікенек сымдармен қоршалған үлкен дуалға кіріп келе жатты. Жиі-жиі айдауылдардың ақырған даусы естіледі. Жүз каралы адам. Жаяу жалпылы



жол соғып, сілікпесі шыққан, пендеге пенде болған, адамдар сырты қарағай дуалмен қоршалан, мал қамайтын баз тектес қораға қамалды. Тұрсынбек төңірегіне самарқау көз тастап, көрдей қараңғы жерге бас сұқты. Кенес үкіметі бар байлығын тәркілеп, өзін жер аударатын болғанда ағасы Көлжан: «Әр нәрсені ойлап еңсеңді түсірме, ата-бабаның тегіне кір келтірме. Мына қара атты мініп кет, жүйрік жылқы ғой қажетіңе жарар» деп, қара тұлпардың шылбырын қолына ұстатты. Содан бері Көлжанқара Тұрсынбекпен бірге. Әлгінде мына қапасқа қамаларда ат айдауылдарда қалған. «Қарағым, мені бастығыңа жолықтыр, мына ат туралы айтайын» деген.

– Е, бұл аттың несі бар? Семіртеп соғымға соймасақ.

– Қарағым, бұл жай жылқы емес, ерен жүйрік, тек баптай білсе, бәйгенің алдын бермейді.

Қарауыл тарқылдап күліп алды:

– Басың дауға, тағдырың тәлкекке түсіп тұрғанда, бәйгі сенің неңді алған. Бас аяғыңды, жүр жылдам!– деп арқасынан мылтықтың ұңғысымен нұқып қалды.

– Дегенмен, бастығына айт. Бір қажетіңе жарар.

– Айтамыз, айтамыз. Керек болса тауып аламыз,– деп бастарына бишік үйріп қораға қамап тастады. Бірін бірі итеріп, кимелеген тұтқындар көпке дейін тынышымай абыр-дабыр болды. Тұрсынбектің ешкімде шаруасы бола қоймады. Астына сабан төсеген тасқораның бір бұрышына қисайып, жатып арттағы елді, бала-шағасын ойлады. Сөйтіп жатып қара атты уайымдады: «Бұны неге әкелдім, өз басым саудаға түсіп

тұрғанда жануардың обалына қалатын болдым-ау?!– деп кәдімгідей мазасыз ой кешкен.

Сол-ақ екен көз алдына өткен күндердің оқиғасы оралды. – Апырм-ай!– деді ол, – адам пақырдың өмірі қызық екен-ау! Баяғы да бұлардың аулы Кіндіктіде жайлауда отырған. Жылқыға суық қол араласып, айғыр үйір жылқы барымтада кетті. Көлжан ауылда жоқ, жолаушы кеткен еді. Мал ашуы шыдатсын ба, Тұрсынбек сол түні-ақ, қасына бес-алты жігіт ертіп қолды малды қуа шықты. Аттанар алдында білегіне сойыл іліп жатқан серіктеріне: «Тастандар оны, енді сойыл сөйлемейді» деп алдырмады.

Бұлар барымташыларды өкшелей қуып, қолды малдың ізін суытпай, ұрылардың апшысын қуыра жетті. Айғақтан тайғақтай алмаған Боталақ елінің мырзалары кінәларын мойындап, «малдың көзін аласыз ба, әлде басын аласыз ба?» деген.

Тұрсынбек сөзге келмеді, қабағы түнеріп, қалың жылқыны аралап жүріп:

– Анау қаракөк биеге, кер тайға, ала құнанға, әне бір құла байталға құрық салыңдар. Басқа жылқының басына талас жоқ, – деді.

Қасына ерген жігіттер Тұрсынбектің мына тосын мінезіне тосырқай қараса да, бөтен жұрттың көзінше «бұл қалай?» деуге батпаған. Тек ауылдан ұзай бергенде ғана:

– Тұрсеке, мұныңыз қалай? Қолды малдың басына бас алуымыз керек еді?

– Жоқ!– деді Тұрсынбек аласы үлкен қой көзі ұшқын атып. – Мына қаракөк биені көріп келесіңдер ме? Көріңдер, бұдан көз жазбаңдар. Атынды үш арысқа танытатын өрен жүйрік туғалы

тұр, – деді. Сол-ақ екен, серіктері де қаракөк биенің тұла бойын ішіп-жеп, сүзе қарап:

– Шынында да, «алып анадан, ат биеден туады» деген ғой, болса болар, – дескен.

Суыт жүрген жолаушылар араға бір қонып, келер күні түн ауа Кіндіктідегі ауылға келді. Бұл тамыз айының қоңыр салқын күндерінің бірі еді. Дала төсінен жасыл жаздың өңі тайып, қоңыр күздің салқыны сезіле бастаған. Неше күн ат жалында, жолсоқты боп келсе де, әдеттегідей ерте тұрды Тұрсынбек. Алты канат ақ үйдің ергеншегін түре ашып, сыртқа шыққанда ағасы Көлжанның Қаракөк биенің қасында тұрғанын байқады. Ағайынды екеуі амандық-саулық сұрасып болған соң, Тұрсынбек ағасының қапсағай денесіне барлай қарап:

– Көлжеке, мына қаракөк биені сізге берейін, – деп иығына ілген көнетоз құлын жарғағының өңірін қаусырынған қалпы, ағасына ойлана көз тастады:

– Бәле-жаладан аман болса, қаракөк биенің құрсағынан үш арысқа атыңды шығаратын өрен жүйрік туады. Сәуегейлігім ұстап тұрған жоқ, құдай аузыма салып, сездіріп тұр. Ұшқан құс, жүгірген аңның сырына менен гөрі өзіңіз кәнігі едің ғой. Байқайсыз ба, меңсіз қара құлын туғалы тұр. Қашан аман-сау құлындағанша биені қолдан шығармаңыз. Жүйрік ат екінің бірінің еншісіне бұйырмайды, оған кызығушылар да, көз алартушылар да көп болады. Сондықтан да, бұған ығынан жан жүрмейтін өзің ғана ие боласың. Бұл сізге лайық, Көлжеке, – деді ол ағасына салмақ сала сөйлеп.

Көлжекең қаракөк биені өз босағасына әкеп байласымен, тез үйге кірді. Төрде тұрған үлкен абдыраны ашып, көптен қол тимей көнерген қайыс ноктаны қолына алып, үнсіз ойға батты.

Кім біледі, біреулер Көлжанның үйінде атакты Қожантай батыр әкесі Шот бабаңды іздеп шыққанда мінген ақ бақай аттың ноктасы сақталған дейтін. Онысы рас та болар, әкеден балаға ауысып келе жатқан көнерген қайыс ноқа осы әулеттің қасиетті жәдігері саналатын.

Көлжекең сол күннен бастап қаракөк биені ерекше күтімге алды. Түн баласында үйдің іргесіне арқандап, күндіз аяғына шідер салып ұзатпады. Келер жылы қыстай қолда ұстаған бие қар суымен құлындады. Құлынды алғаш көрген Көлжекең состиып тұрып қалған. Құлыннан гөрі бұзауға ұқсай ма, қалай? Рабайсыз үлкен басының салмағын көтере алмай, тұмсығын жерге тіреп, енесінің құрсағынан түскен қалпы етпеттей жатыр екен. Ақ жемтіктенген тұяқтарында тұна қалғандай ірілік байқалады.

Көлжан дереу баласы Әтібекті Тұрсынбекке жүгіртті. «Бие құлындады де!»— деді албардан жүгіре жөнелген балаға. Өзі болса жаңа туған құлынның таңдайынан басып, аузын үріп, білетін ырымын жасап әбігер. Әне-міне дегенше, асыға басып Тұрсынбек де жетті. Бұл уақытта Көлжан қара құлынды бауырынан көтеріп, қалтақ-қалтақ еткізіп, аяғын тіретіп жатқан болатын. Биік албарға кіріп келген Тұрсынбектің көзі ең әуелі қара құлының сопиған басына түсті. Құлынды жотасынан бастап өрістігіне дейін сипап шыққан ол:

– Ә... дүниеге келдің бе, Көлжанның қарасы?!– деді. Дауысында аса бір тебіреніс пен мақтаныш байқалғандай. Қара құлын туған күннен бастап енесінен ажырамай, арда емді. Шөптің жұғымдысын жеп, судың тұнығын жүзіп ішкен қара құлын бесті шығарда мініске үйретілді.

Сол жылы жалайырдың Сиыршы руынан шыққан Абыл деген байға ас беретін болып, сауын айтқан хабар ерте жеткен болатын. Хабар құлаққа тиісімен Көлжан қара бестіні баптауға кіріскен. Бесті шыққанша басына құрық тимеген жануардың ендігі өмірі суыт жүрумен таң асуы жиілеп, аз күнде-ақ қаншырдай жарап, құлпырып шыға келген. Тоны жылтырап, томағасын алған сұңқардай жер тарпып, оқыранып тұрды. Сөйтсе де, Көлжанның көңілі әлі де әлденеге алаң. Күн сайын бестінің терін алып, тезегін үгіп көреді. Содан соң, арса-арса болған атының дене бітіміне, тостағандай болып төңкерілген шұбарала тұяқтың тұрқына ұзақ қарайтын. Бір ғажабы, оның бұл қарасынан аттын ала бөтен бітіміне не таңырқап, не сүйсініп отырғанын айыру мүмкін емес-ті. Атбегі жігіттің қара сұр өңіне қашанда ызбар шашып тұратын қалың қабағы түнере түксиіп, әлдебір мазан ойға бой алдырғандай. Ол – Қара атты алаштың аламан бәйгесіне қоспас бұрын атадан бата алса болмас па? Осы тоқтамға іштей бекіген Көлжан таң алакеуімнен тұрып, ауылдан аттанып кетті.

Желе жортып, суыт жүріп межелі жерге күн бесін ауа ілікті. Теңіз бетінен соққан салқын леп сезіледі. Шолпылдаған ақ толқынның дыбысы да құлаққа жетіп тұр. Бұл маң Көкше теңіздің Жыңғылды, Торанғылы деп аталатын тұсы. Шау тартқан кәрі жыңғыл әлі өң бере қоймаған.

Жолаушы аттан түсіп, қараны жетектеп келіп тізе бүкті. Қарсы алдында бастарын түйістіріп мосыша кадалған үш тас тұр. Жайланып отырған ол құран оқуға кіріскен. Әшейінде «гүр-гүр» ететін жуан дауысы біртүрлі жұмсарып кеткендей, құлаққа майда естілуде. Қара ат та шыбындағанын қойып, бір сәт қамыс құлағын тіге қалған. Құран-Кәрімнен ұзақ сонар дұға оқыған жолаушы әлден уақытта жалпақ алақандарын жайып: «Әуелі Алланың ырзалығы үшін Мұхаммед Пайғамбар салла-л-лаһу ғалейһи-уә-салам құрметі үшін,– дей келіп,– Шот Бабамның рухына бағыштадым», – деп бетін сипады.

Иығынан бір жүк сыпырылып түскендей, көңілі алабұрта тулап сала берген. Осы оймен ол бірқауым отырады. Тек Қара ат пысқырып жер тарпығанда ғана орнынан көтерілді.

Сол жолы дүйім жүйріктің ішінен маңдайы жарқырап жеке келген қара бесті содан бастап «Көлжанқара» атаныды. Беу, дүне-ай! Көлжанның қара пырағы!

Жолдан талықсыған денесі дел-сал ұйып, ойға малтып кеткен екен, әлде бір өктем дауыстан шошығандай селк ете қалды. Басын көтергенде үлкен дарбазаның есігінен:

–Әлгі аттың иессі бар ма? Қайда, шақырындар,– деген өктем дауысты естіп орнынан сүріне-қабына еңкездеп есікке ұмтылды.

– Мен мұндамын, мұндамын,– деді ол жыпырлап жатқан адамдардың үстінен аттап-пұттап өтті.

– Жүр алға түс. Шақырып жатыр,–деді айдауыл.

– Бұлар түрме бастығы отырған кеңсеге келгенде айдауыл Тұрсынбекке: «Токта»,– деді өзі есік қағып:

– Жолдас командир аттың иессін әкелдім.

– Кірсін.

Командир майор шеніндегі орыс адамы екен, Тұрсынбекпен ұзақ сөйлесті.

– Жүйрік дейсің бе, бәйгеден бірінші келетініне күмәнің жоқ қой, солай ма?

– Иә. Тек баптап жарату керек.

– Оны кім жасайды?

– Мен жасаймын. Тек атқа қажетті жем-шөбі болса жетеді.

– Сен сонымен айналыс. Осында Никанор Христофорович деген менің орынбасарым бар, соған тапсырамын. Атқа керек барлық жағдайды жасаймыз. Егер атың бәйгеден келмесе сорың қайнады дей бер.

– Атыма сенем ғой,– деді Тұрсынбек.

Зона бастығы Қостанайға іргелес жатқан ауылдарда жазда ат жарысы да, көкпар да ілуде болып тұратын білетін. Әлгінің атын сондай бәйгеге қосып, қазақ ауылдарының айран-асыр қылғысы келді. Әрине, ат шын жүйрік болса. Жок жерде делебесі козып, «қазақтардың бәйгесін жеңіп алсам» деген қиялы қыт ете қалған. Сонсоң дереу Никанор Христофоровичті шақырып, атқа қатысты жағдайды тәтпіштеп айтты.

– Никанор Христофорович, ана атбегіге де көмектес, ол сонымен айналыссын. Жемін, суын беріп күтсін, серуеген шығарсын, сейілдетсін түсінікті ме?

Осылайша қара аттың арқасында Тұрсынбектің жағдайы біршама оңалып қалды.

...Көлжанқара бәйгеден қара үзіп келген күннің ертеңіне зона бастығының қуанышы қойнына симай, алақайлап жүрді. Бір күні күн көтеріле атқораның қасына келген ол:

– Тұрсынбек, сен қара атты қораға қамай берме, оған енді ешкім тиіспейді. Зонаның аты екенін елдің бәрі білді ғой. Енді қорықатын дәнеңе жоқ, біздің жүйрікке тірі жан жоламайды. Соны айтқан ол біраз ойланып тұрды да:

– Көрдің бе анау адырларды,– деді зонаның теріскей тұсындағы далады алқапты көрсетіп,– сонда апарып жібер, жүгірсін жылқы малы даланы жақсы көреді. Секірсін, ойнақтасын, қолдан жем жеген жеріне өзі оралады. Солай емес пе, азамат атбегі?

– Әрине, әрине,– деді Тұрсынбек бастықтың айтқанын құптаған болып.

– Бірақ бұл енді?.. «Қашып кетуі мүмкін» дегісі келген. Алайда командир мұны сөйлетпеді:

– Атқа алаңдама, ешкім тимейді. Жаңа айттым ғой зонаның жүйрік аты екеннің әнеу күнгі бәйгеден соң елдің бәрі білді. Біздің жүйрік туралы әңгіме ел аузында жүр, саспа.

Тұрсынбек сенер сенбесін білмей, қара атты жетектеп мойор нұсқаған жаққа бет алды. Көңілі алабұртып, Көлжанқараға жалтақтап: «Апырай, ә!» деп бойын бір үміт, бір күдік билеп алғандай. Зонаның теріскей тұсы адырлы алқап, алыста мұнартып Қостанай таулары көз талдыра көлбейді. Адырлы алқапқа жеткен Тұрсынбек аттың алқымын сипап, салалы саусақтарымен кекілін тарап: «Бара ғой, даланы сағынған боларсың» – деді.



Көлжанқара болса оқыранып, камыс құлағын қайшылап, иесіне үрке қараған. Әлде- нені іші сезді ме, жануар майда еріндерімен Тұрсынбектің омырауынан түртіп, сәл тұрып қалды.

– Бара ғой, бар енді,.. Тұрсынбектің де жүрегі лүпілдеп, «Жануар қайтер екен?» деп ойлаған. Сол-ақ екен қара ат басын жерге салып, оқыранып еңіске қарай жорта жөнелді, құйрығын шаншып арғы адырға дейін құйғытып барып қайта оралды.

Арт жақта тұрған майор ат қайта оралғанда:

– Әні, айттым ғой, ешқайда кетпейді, жем жеген жеріне қайтып оралады, – деді. Соны айтып ол да жөніне кетті. Тұрсынбектің қасына құлдыраңдап жеткен Көлжанқара шұбарала тұяғымен жер тарпып, жиі-жиі оқыранып мұның алақанын искеп тұрды.

– Ой жануарым-ай! Тәркіге түсіп, жер ауған мен ғой. Сен бұдан азатсың, бара ғой. Туған жеріңді, Көлжаныңды сағынған шығарсың. Бара ғой, Көлжанқара! Елге менен сәлем айт, – деді өзі аттың алқымын, құлағының түбінен сипап, маңдайынан сүйді.

– Қош бол, Көлжанқара, қош! – деді. Жер тарпып оқырана кісінеген Көлжанқара қамыс құлағын қайшылап бұрыла жөнелді. Шылбыр тастам жерге жете бере қаз мойынын бұрып, оқыранып артына қарады, баданадай көздері шатынап, жасаурап тұрған секілді. Тұрсынбектің денесі «дір» ете қалды.

– Жануарым-ай, не деген есті едің! Бара ғой, жолың болсын, хош бол дүлдүлім! – деді оң қолын сәл көтеріп жүре бер дегендей ишара етті. Артынша-ақ қара ат желе жортып сай табанына

түсіп бара жатты. Текті жылқы иессінің айтқанын мүлтіксіз ұғып, бөкен желіспен ұзай берді.

Тұрсынбек дөң басында ұзақ тұрды. Қара тұлпар желе жортып, бөктерлі алқапты басып, біртін-біртін көзден таса болды. Тұрсынбектің де көңілі босап, көзіне жас тұнды. «Аулына аман жет, қара тұлпар!» деді, жүрегі өрекіп.

Алыста мұнартқан тау жоталары созылып жатыр. Аспанның жүзі шайдай ашық. Күн сәскеге тырмысқан шақ. Көлжанқара желмаядай есіп, саржеліске түскен, маңдайын күн сүйіп, құйрық жалын жел тарап, алыс арқаны, көк теңіздің жағасын бетке алып аңырап келеді. Талай бәйгенің алдын бермей топ жарған қара күлік тоқтаусыз жүрді.

Күн еңкейе бәссең аяңға түскен. Өн бойын тер жуған. Сауырынан аққан тер жұқа шабын аралап шашасына құйылуда. Алқымынан сорғалаған тер үзіліп-үзіліп жерге күміс моншақтай шашылып келеді. Есті жылқы жүрісін бәсеңдетіп, бірқауым жер сау аяндап, құс қона әлде бір қалық қарағайлы, жынысты өлкеге тұяғы ілікті. Шыққалы тоқтаусыз жортқан жануар қалың ағаштың шетін ала өскен саясы мол жуан дарактың ығына жете маңдай тіреген. Бұл шақта тұла бойын жуған тер едәуір құрғап, шоқтығын жел шалып, денесі серги бастаған. Жануар жуан ағаштың саясын ықтап, өзін өзі таңасырып тұрғандай. Иесі Көлжан ұзақ жолға шыққан да, немесе аламан бәйгеге қосар кезде жанын қинап, жалғыз құмалағы түскенше, тұнық тері шыққанша тоқтатпаушы еді. Ол діңі жуан үлкен теректің жанында таң сыз бергенше тұрды. Зәуеде бір аяқ ауыстырғаны

болмаса тыпыр етпеген қалпы мүлгіді. Ұйқылы ояу түс көрген секілді: арт жағында Тұрсынбек, алыста өз иессі Көлжан екеуінің ортасында шұркырап алға қарай ұмтыла беріп, артына бұрылғанда, жүзі күреңіткен Тұрсынбек қолын сілтеп «тоқтама бара бер, бара бер» деп тұрғандай.

Таң қылаң бере кара атта дүр сілкінді. Айнала бозамық нұрға бөлене бастаған. Дәуіт басын көтеріп, баданадай көздері шатынап маңайына үрке қарады. Құстың сайрағаны, шегірткенің шырылы құлаққа келеді. Төңірек бөтен дыбыстан ада. Басын жерге салып бір екі шөп шалмақ болды, бірақ зауқы тартпады. Жақын маңда су бар секілді, соның лебін сезгендей. Солай қарай аяңдады. Аяқтары жеңілдеп, тұла бойы ширығып тұр. Алды жакта қарағайлы алқаптың етегін көмкерген қоржын көл бар екен. Әр нәрсеге тіксіне қараған Көлжанқара суға жақын келді. Суатқа еңкеймес бұрын қамыс құлақтарын қайшылап, алыс-жақынға сескене қарап, көлді жиектеп келіп, пысқырынып искеп суға бас қойды. Бірақ неге екенін қайдам, қайтадын басын қақшаң еткізіп көтеріп алды. Ұрттаған суы ұртынан төгілді. Мұнан соң су ішіп мандыта қоймады, тез бұрылып суаттан шығып кетті. От-суы мол, миялы жер екен. Менің жерімде де осындай шұрайлы алқаптар аз емес. Иесі мұны осындай құйқалы жерлерге талай жіберген. Қара ат қанағатшыл, не жеседе тойып жейтін кебеже қарын, кең құрсақтан емес, дегдар мінезді жануар. Қазіргі сәтте де көк құраққа тұнған таң шығына тұяғын жуғызып, жүре от шалып, күн көкжиектен көген бойы көтерілгенше бойына әл жиып, едәуір диланып алды. Сәлден соң сар желіске көшіп, кара жердің

төсін ат тұяғының дүбіріне бөлеп, қатты жүріп кетті. Әр жер-әр жерден «пыр» етіп ұшқан бұлдырық, бөдене көзге шалынады. Көлжанқара оны елейтін де емес, денесі қызған сайын, шұбарала тұякатыры шымдауыт жердің топырағын түйдек-түйдек артқа шашып, жер танабын қуырап замғап келеді. Әр тұстан көрінген қадау-қадау шіліктер дөнгелеп, артта қалуда. Туған өлкесін аңсаған қара күлік неше тәулік жосыла жүйткігені белгісіз бозарып таң атты, қызарып күн батты. Туған өлкесін сағынған қара тұлпар аңырап ұшып келеді. Өкпесін соғып, туған топырағына жетіп үзіліп кетсе соған разы секілді. Беу, Жаратқан-ай! Туған жер, сен неткен қасиетті едің!

\*\*\*

Қыркүйектің басы-тұғын. Көлжан төсек тартып жатып қалған. Көптен науқас меңдеп, сақалшашы қудай боп, үйден шыға алмады. Таң алдында жылқының кісінеген даусын естігендей болды. Кісінеген дауыс алыстан қайта леп бергенде кәрі жүрегі шымырлап шыдатпады:

– Әй, Әтібек, Сәдуақас, келші мені далаға шығаршы,– деді.

– Не болды, әке?

– Балам-ау, алыстан,.. алыстан,.. дауыс естіді ғой... Жануарым-ай! Азынап келе жатыр ғой!

– Естідің бе даусын, Тойымбек бар ма?.. сол естіді ме?

– Жоқ ештеңе естімедім.

– Далаға шығарыңдаршы мені. Есік алдынан тосып алайын, Көлжанқара ғой! Жануарым-ай! Өкпесі өшіп, келе жатыр-ау!?

Әтібек әкесін далаға алып шыққанда көк жиектің көбесі сөгіліп, таң бозымен төңірек ағараңдап қалған. Атасының дауысын естіген немересі Тойымбек те үйден жүгіре шықты. Сөйткенше болған жоқ сиыр таңдайланған құм белден жылғыз ноқат жарық ете қалғандай болды.

– Беу, жануарым-ай! Жалғыз келе жатыр ғой.

Әтібек пен Тойымбек те өз көздеріне сене алмай тұрып қалған. Көлжанқара азынап кісінеп, даусы тораңғылы өлкені жаңғыртап жібергендей болды. Сақал шашы аппақ қудай болған Көлжан қария қара аттың алдынан тәлтіректеп шыға берді. Үсті басын тер жуған қара күлік иессінің кеудесіне тұмсығын тіреп тоқтады. Жиі-жиі оқыранып, пысқырып, «Келдім, келдім!» деп тұрғандай. Арса-арса болған денесі дірілдеп, көзінен жас парлап, Көлжанның алақанын түбіттей майда еріндерімен жыбырлата искеп баяу оқыранды.

– Жануарым-ау, неге жалғыз келдің!?– деп кәрі жанары жасаураған Көлжан ақсақал қара атың мойнынан құшақтап, өксіп жылады.

– Сұңқарым-ай! Тұлпарым-ай! Неге жалғыз келдің!? Тұрсынбек қайда?– деп өксігін баса алмай атының мойнынан құшақтап, қара аттың тұла бойын тарамыс қолдарымен сипалай берді.

– Жануарым-ай! Әтібек, қарағым, үстіне жеңілдеп жабу жауып, албарға кіргізіндерші. Тұяқтарың көрші? Аңырап жеткен екен-ау, сүйрігім-ай!

Осыны айтқан ол Қара аттың қасынан кете алмай ала-көлеңке албардың ішінде ұзақ отырды. Даланың даңғайыр жүйрігі; туған жердің топырағын аңсаған Көлжанқара елге осылай оралған еді. Тұрсынбектен хабар болмады.

*2017 жыл.*

*Бижанның Қасені\* Омбыда фельдшерлік оқуды бітіріп, Қарқаралыда абройлы еңбек етіп «Першіл Қасен» атанған адам. Қарабұлақта екі жылдық мектеп ашқан да осы Қасен мырза.*

*Тіләш\* бай әкесі Тұмабай қайтыс болғанда әкесінің 60 жасына орай 60 көкала бас атанды қаріп-қасерге жаназа үстінде таратқан.*



## БАСҚА БӘЛЕ...

254

Жаз. Көктемгі қар суымен дүркіреп тасыған Қусак өзенінің арнасы шілдеге жетпей таязданып қалған. Әйтсе де, өзен бойы құлпырып өскен көк шалғынмен көмкеріліп, арудай сыланып, сан алуан гүлге оранып, көз қариды. Өзенді өрлей қонған көп ауыл жасыл алқаптың төсінде аккумуляция таранып, алыстан менмұндалайды. Көк қуалап жайылған төртүліктің де қарасы қалың. Кербез даланың келбетіне көрік бергендей бір топ аттылы адамдар қыр төсінен құлап келе жатты. Дамбырлай сөйлеген көңілді дауыс тымық ауаны жаңғыртып, шартарапқа шашырап, жолаушылардың серілік құрған салтанатын әйгілеп тұрғандай. Мінген аттары бір тектес қаракер, тек топтың ортасында келе жатқан өңін күн қаққан қызыл шырайлы адам ғана басқаларынан бөлектеу құла жорғаға мінген. Сол ғана су төгілмес жорғаның тайпалақтаған жүрісіне салып, серіктеріне әлдебір күлдірігі әңгіменің тиегін ағытып, анда санда әнші-күйші жігіттерді қыран-топан күлкіге көміп келеді. Әңгімені көбіне сол айтып қалғаны соның ыңғайына қарай мәре-сәре болуда. Ара-тұра жаңғырта ән салып, жапан түзді асқақ үнге еліктіріп жіберетіндей.

Бұ келе жатқандар ел аралап, ән салып, сауық құрып жүрген Қожабай бастаған Жабай елінің жігіттері болатын. Неше күнен бері Жайлау Күліктің аулында болып, қырдағы қалың елді әнмен тербеген серілер бүгін сәскеге тырмыса жолға шыққан беттері осы. Ендігі маңдай түзегендері Қожабайдың өз аулы. Кеше аулына

хабар жіберіп, «дайындалып отырсын ертең келеміз» дегені бар.

– Жігіттер, сендер білесіңдер ме?– деді құла жорғанын тізгінін ірке ұстап, ерге бір жамбастай жайғасқан Қожабай әлдебір қызык әңгімені шертпекке ыңғайланып:

– Баяғыда бір патша болыпты, бір күні оған уәзірлерінің бірі келіп: Уа, тақсыр бүгін мен бір адамды көрдім ол кісі сізді көп мақтады. Сізді ең ұлы, һәм әділ патша деді. Мен сол адамның сөзін сізге жеткізейін, деп асығып келген бетім дейді. Сонда патша тұнжырап ойға батады. Мұны көрген уәзір «тақсыр, сізге менің сөзім ұнамады ма, неге жабырқадыңыз?» деп сұрайды. Сонда патша айтты дейді:

– Құрметтім, тіпті де олай емес, мен сенің сөзіңе ренжімедім. Мені әлдебір көшедегі белгісіз ақымақ жанның мақтағанына қамығып отырмын. Шамасы мен ақылдыдан көрі ақымақ адамға көбірек ұнаған екенмін соған уайым шегудемін депті. Сонда уәзір: Тақсыр ием, сіз ол адамды неге ақымақ дедіңіз. Оған көзіміз жетпейді ғой,– дейді.

– Сол айтқандайын біздің осы әніміз, сәніміз ақылды адамға ұнар ма?– деді. Жігіттер қарқылдап күліп жіберді.

– О не дегеніңіз, ұнағанда қандай. Дегенмен, бәріміз Біржан сал емеспіз, аздап болса да жайлаудағы елдің көңілін әнмен көтерсек, оның несі айып.

– Оның дұрыс-ау. Мені қинайтыны осы бізді неге ел «салдар келе жатыр» деп әспеттейді, әншейін әншілер десе болмас па?!– деп өздерінің осы тірлігіне іштей ыңғайсызданатынын білдірген.



Қожабайдың бұл сөзін серілер құптай қоймаған, керісінше салдардың бізден несі артық. Қайбір елде өздерін «салмыз» деп қотанның ортасына құлап жататындар да бар екен. Ондайларды ел күлкі үшін әспеттеп «ойбай, сал келе жатыр, сал келе жатыр» деп сандарын ұрып, сан-саққа сөз қуып, әлгілерді қошеметтеп әлекке түсетін болса керек. Олар тым құрыса бір ауыз ән шырқаса арман жоқ, тіпті әннің исі мұрнына бармайтын салдар бар деп естиміз,— деп бәрі жамырап Қожабайдың көзін әлденеге жеткізгендей болған.

Бұл сөзге арасласқан Күлік:

— Өй, жігіттер, сендер әншісіңдер, қосақ арасында жүрген бір адам болса ол мен байғұс. Әу баста сендерге ілеспеуім керек еді.

— Дұрыс айтасың, сөзіңнің жаны бар, Қожабайдың аулына жетпей-ақ осы жерде қалсаң қайтеді,—деп қалжакбас Естай Күліктің күдігін одан әрі қоюлатты.

— Шынында да қалайыншы,— деді Күлік атының басын тежеп. Бәрі ошарылып: —Батыр-ау, о не дегенің?! Арамызда бір, қарулы жанның жүргені дұрыс. Солай емес пе жігіттер? Естайдікі қалжак, оны қайтесің. Солай, солай деп жамырай сөйлеген серілер, даурығып Қожабайдың аулына жетті. Алқа қотан отырған киіз үйлер шығыстан батысқа қарай қанат жая орын тепкен.

Қожабай аулына маңдай тіреген өнерпаздар аттан түсіп, ел-жұртпен жарқын-жарқын амандасып, хал-хабар білісіп жатты. Сыртта мал сойылып, ауыл үстіне шаттық шуағы төгілгендей елдің бәрі мәре-сәре. Жерошақ жақта жүрген әйелдерге Қожабайдың бәйбішесі Қалима қазан

көтертіп, самаурынға шоқ салдырып болғансоң, қонақтар отырған үйге беттеген.

Қымыз ішіп дуылдап отырған жігітер үйге Қалима кіріп келгенде әнгімелерін сәл бәсеңдеткендей болған. Қалима азырақ толыса бастаған бәденді әйел еді. Үстіне киген қынама бел патсайы бешпеті, ақ жібек кимешегі ажарын ашып ерекше сән беріп тұрғандай.

– Қымыз алып отырыңыздар,—деп дастарқанға жақын келіп отағасының жанына тізе бүкті. Сонсоң күйеуіне жүзін бұрып:

– Мырза, кешеден бері ауылдағылар «ән тындаймыз» деп сіздері тосып жүр, —деп күйеуіне наздана айтқан болды. Сөйлеген кезде аққұба өңі қызарақтап, сәл қысылған тәрізді. Әйелінің сөзін естісе де естімеген сынайлы меңірейіп отырған Қожабай, тостаған толы қымызды тамсана тартып.

– Несі бар, жұрттын ән тындағысы келсе біз дайын, жігіттер ән бастаңдар; Сол ақ екен Берікінбай домбырасын қағып-қағып жіберіп:

– Аулым көшіп барады-ай, белден асып...—деп құлпырта жөнелген. Ән асқақтап барып, зерлі Қусақтың заңғар көгіне өрмелеп бірде қалықтап, енді бірде сағынышқа толы тәтті сыр шертіп, сылаң қақты. Сол күні ән шалқып, күй құйқылжып, жайлау төсін думанға бөлеп жатты. Қожабайдың соңына ілескен әнші-жыршылардың дені осы өлкенің тумалары болатын.

Осы абыр-дабырдың үстіне үйге Қазақбай кіріп келді. Бұл баяғы елге мәлім Дәуқара батырдың ұрпағы болатын, жас шамасы да Қожабай құралыптас.

– Ассалаумағалейкүм! Орта толсын,—деген жуан дауысқа әншілер жалт қарасқан. Бұл кезде Қожабайлар суатқа бас қойған қырдың құралайы секілді бесті қымызға бөртіп отырған. Тосын дауысқа жалт қараған үй иесі, ықылық атып:

– Әй, сен Қазақбаймысың? Сені жұрт ақын дейді ғой, рас па сол?— деді. Табалдырық аттаған Қазақбайды тосын сұрақпен қарсы алып. Ол да өңкиген түйедей, ірі денелі алпамсадай адам екен, үй иесінің сөзіне:

– Болсақ болармыз,— деп келте жауап қайырды. Беттен алған сұраққа шам қылғаны байқалып қалған.

– Сен анық ақын болсаң мені жамандап, қолма-қол бір өлең тастап жіберші. Көрейік, сенің әуселенді,— деді.

Дуылдаған топ тына қалған. Бәрі Қазақбайға көз тіксе керек. Ол болса:

– Батыр-екесі, қайтесіз, босқа ренжіп қаласыз, ауымызға Алла не салады соны айта салатын жосықсыз жан едім, көңіліңізге келеді, өкпелеп қаласыз.

– Жо, жок, өкпелемеймін. Сөз берем, уәде. Әзілге адам өкепе арта ма? Айтшы мені жамандап, көрейік аузыңа Құдай сөз салатын батыр екенсің. Ол жақсылық қой, а жігіттер,.. Құдай сөз салады екен аузына,.. ха,..ха..ха! Айт, бөгелме,— деп өзеуреді.

– Батыр ау, мені босқа кинадыңыз ғой,— деп анау да тартыншақтап, тіпті үркіп тұр.

– Әй, Қазақбай,—деді Қожабай, үстіндегі ақ жейдесінің жағасын түзеген болып,— ақын болсаң кергіме. Дардай атыммен уәде беріп тұрмын ғой, ешқандай реніш болмайды. Жігіттер естіп

отырсындар ма?—деп нөкеріне мақұлдатып алған ол, Қазакбайдың тізе бүгуіне мұрша бермей желпілдетті.

— Әй, Қазакбай-ай, жүрмейтін жерің жоқ, енді шатылайын деп тұрсың,— деп өз-өзін кінәлаған ол:— Айтылған сөз атылған оқ деген, реніш болмайды ғой, солай ма?— деді.

— Өй, сен өзің езбе екенсің ғой, айт дедім ғой саған... реніш болмайды. Айт, аузыңа Құдай салған сөзді. Ал құлағым сенде.

Онда тыңдаңдар деді ол:

— Қарайды Қожабай сал жағасына,

Інісі қас қылама ағасына.

Шаймерден мен Қалима болған жақын,

Қарай гөр Қожабайдың бажасына,—деп гүрілдеген жағымсыз дауыс, жайсыз сөз үйдегілердің төбесіне суық судай лақ ете қалды. Мұны естігенде Қожабайдың өңі сұп-сұр болып, табанымен шок басқандай орнынан атып тұрды. Басқаны күтсе де дәл мынадай сұмдықты күтпесе керек:

— Өй, оңбаған сұм, көзінді құртамын сенің! Ит неме, кара мұның үруін,— деп тап берді.

Қазакбайдың да мінезі шадыр, шатақ екен, белінде салпылдап жүретін айбалтасын суырып алып Қожабайға қарсы ұмтылды. Мұны ел баяғы Дәуқара батырдың ұрпағы деп біледі. Дәуқара батыр Қараменде бидің заманында өмір сүрген. Қарекеннің тапсырмасымен талай рет малды жаудан қорғаған, ержүрек аса қайратты адам болған дейді. Қазакбай да бабасы Дәуқара секілді ірі денелі, қайратты адам. Айылын жимай арыстандай ақырып айбат шегуде. Жігіттер араша сұрап, жанжалды әуірімдеп тыйған болды. Ән

тыңдамақ болған ел-жұрт жоқ жерде екі қошқардың шайқасына шошына қарап қалған. Екеуі де бір-бірінен ығатын емес, әйтседе Қожабай жуандық жасап:

– Мен саған айып саламын, жаяу кетесің бұл ауылдан,– деп Қазақбайдың астындағы атын тартып алып, өзін жаяу қалдырыңдар деп атшабарына пәрмен берді. Ашуланған Қожабайды ақылға келтірмек болған Қазақбай – Байтемірдің жақсысы атанып, ат жалында жүрген Айдаболдың Қашкесіне жүгінген.

Күн кешкіріп бара жатқан кез. Даудың арты саябырсығанымен ашуға булыққан Қазақбай айбалтасын жалаңдатып, біреуді жазым ететіндей жай сөзге тоқтар түрі болмаған соң Қашке мырза Қожабайдың үйіне келді. Қашке ұзын бойлы, шоқша сақалды атжақты қағылез, бидай өңді адам еді.

– Әй, Қожабай, мына ат төбеліндей аулың неше күннен бері сендердің жолдарыңды тосып, әншілеріңнің өнерін тыңдаймыз,– деп еді сондағы көрсеткендерің осы болды ма?! «Мені жаманда» деп нең бар оған, жақсының жұрағаты екеніңді ел біледі, бірақ тірі адамның жаманнан аманы бар ма? Бер атын, ұятқа қалмай тұрғанда,–деді.

– Ол құл немені сабатып салмағаныма рахмет айтсын.

– Онда таза масқараға ұрынатын едің. Нені бөлісе алмай жүрсіңдер? Құдай текке, «қыздықызды» қымыздың буы ма? Қысқасы тілді ал, атын қайтар өзіне. Осыны айтқан Қашке бұдан әрі сөзді созбай үйден шығып кетті. Жаяу қалған Қазақбай Қожабайдың қорлығына шыдай алмай, ызаға булығып, байыз таппай аласұрып Қашкені тосып тұрған:

– Не болды мырза, атымды қайтара ма?– деді ол шапанын желбегей жамылып, жедел басып келе жатқан Қашкеге шыдамсыздана қарсы жүріп.

– Ашуы қайтқан соң, қайтарар.

– Ашуы қашан қайтады?.. Қожабайдың ашуы қашан қайтады,– деп соны тосып жатарым жоқ. Болмайды ондай. Мен кеттім,– деп бір танысының атын сұрап мініп, қайда екені белгісіз құйғытып жөнелген.

261

\*\*\*

Бұл бір күтпеген оқиға болды. Қазақбайдың былжыратқан сөзі Қожабайдың жүрегіне қанжардай қадалды. Үш ұйықтаса түсіне кірмейтін қайдағыны қайдан айтқанын қайдам, әлдебір жанды жеріне ұстара тигендей ызаға булығып көп отырды Қожабай. Ағасы Жабайдың үлкен ұлы Шәймерден елге сыйлы азамат. Мына сұмдықты ол естісе не болады!? Аузыңнан ат тепкірдің қарашы жынын бүркіп кеткенін деп қарадай камықты.

\*\*\*

Тастемірдің үлкені саналатын Байбөрі ақсақалдың ауылы Қарабұлақтың күнгейінде отыратын. Байбөрі ақсақалдың қартайыңқырап қалған кезі, ақшам намазынан оқып болғаны сол еді тасырлатып келе жатқан ат дүбірін естіген Байбөрі ақсақал елеңдеп қалды. Қолына таспих ұстаған қалпы сыртқа құлақ түрді. Кім де болса ауылға қарай желе жортып келе жатқан суыт жүрісті сезді. «Бұл кім болды екен, жақсылық болғай» деп сыртқа елеңдеп құлақ түрген.

Сөйткенше ауыл иттері шабалана үріп, жолаушыны «қарсы алып», үйдін іргесіне дейін алып келді. Аттылы адам Байбөрінің ақбоз үйінің іргесіне жете бере тамағын кенеп айғай салды:

– Үлкені ауылымның Айдабол-ды,  
Қасымда Қашке мырза о да болды,  
Қожабай жуандықпен атымды алып,  
Қазақбай қалған кезде жаяу налып,  
Ауылы Бөрекемнің қайда болды?

–деп сарнай жөнелген.

Дәуқараның Қазақбайын Байбөрі ақсақал даусынан танып:

– Мынаның жүрісі тегін емес, сөзінің сықпытын қарашы?! Байбөрінің ауылы соның атын күзетуге малданған,.. бірдеңені бүлдірген. Сонсоң бәйбішесіне бұрылып:

– Айтшы, ананы аттан түсіріп үйге кіргізсін. Күндік жерден түтігіп эзер жеткен Қазақбай аттан түсті. Ақ күміс сақалы кеудесін жапқан Байбөрі ақсақал төрде қабаттап салған құс жастыққа арқасын сүйеп отыр екен. Қазақбайдың сәлемін алып болған соң:

– Қонаққа сусын әкеліңдер,– деп тағы да бәйбішесіне қарай көз қыдыртып, қонағасы дайындауға да иек көтерген-ді. Ізінше дастарқанға зерен толы сары қымыз иісі бұрқырап келісімен тостаған толы қымыз қонақтың қолына тиді. Қазақбайдың көкейін тескен қымыз емес, Қожабайдың қорлығы жанына батып соны қотара салғысы келген. Онысын Байбөрі ақсақал бірден тыңдауға құлық танытпай, «әуелі қымыз ішіп, шөліңді басып, сабаңа түс, сонан соң бұйым-тайыңды бұйдадан босат» деді. Қазақбай бір аяқ

қымызды басына көтеріп, мұртын алақанымен сүртіп, Ақсақалға жауандап қарай берді.

– Құлағым сенде. Не жағдай, ішіне сыймай тұрған?– деді Байбөрі қонағының шыдамсызданып отырған кейпін көріп.

Қазақбай болған жайды тәтпіштеп айтып берді. Байбөрі ақсақал Қазақбайдың сөзін мұқият тыңдап, ақ күміс сакалын сипап ойланыңқырап барып тіл қатты.

– Еее...– деді көзінің қиығын Қазақбайға бұрып:– «Басқа пәле-тілден» деген шырағым. Бірін асып сөйлейсің, бірің тасып сөйлейсің...–деп сөзін енді бастай бергенде қонақ жігіт:

– Өзі «жаманда» деп қоймады. Аузыма түскен сөз, соны айттым,– деп киліге кетті.

– Қазақбай, шырағым, сен сөзді бөлмей тындасаңшы, айтарыңды жаңа айттың емес пе!?– деп ақсақал қабағын шытып қалғандай болды.

– Жаманда десе өзін жаманда, оған неге әйелі мен Шәймерденді қосақтадың. Оның өзінің де бір басында кемшілігі аз ба? Өсекті теріп, өшің кеткен адамдай,.. Ағасы мен келінін қосақтап жаудың сөзін айтқаның қалай?–деп Байбөрі Қазақбайды біраз тұқыртып алды да, келесі күні атқа қонды.

Бұлар келгенде Қожабай серілерімен бірге есік алдында тұрған. Байбөріні көрген ол ақсақалды қарсы алып аттан түсірді. Төрге шығып жайғасқан Байбөрі ақсақал амандық саулықты сұрасқан соң:

– Қожабай, қарағым, елдің үлкені болған соң осындай дау–шарға еріксіз араласасың, болмаса мен секілді қартайған адамның қайбір күші тасып тұр дейсің. Ауылда Разақберлі жоқ еді, еріксіз өзім



келдім, шырағым. Балаларыма да, басқаға да «ешқайдан дау іздеме, жау іздеме деймін; елдің бірлігін сақта, туыстығыңды бағала, бізге сол қымбат»,—деп айтып отырамыз. Үлкеннің айтқаны бола бермейді ғой, әмсе.

— Қожабай, шырағым, мынаның атын өзіне қайтар. Көптің алдында «мені жаманда» деп сау басыңа дау сұрап аласың да, оған өкпе артасың. Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені. «Мені жаманда» деп айтуыңның өзі бекер. Мына жалғанда жаманнан аман адам бар ма? Соны білсең, «мені жаманда» деп есті адам айтар ма? Бұ жалғанда, сатып алған дау жаман. Оны да мақтамаймын, сені де коштамаймын, бар айтарым:

— Екеуің татуласыңдар да, атын өзіне қайтар,— деді.

Қожабай сөзге келмеді, тек басын изеп, Қазақбайдың ұсынған қолын алды. Байбөріні сыйлағаны, егер оған көнбесе әлгі сөз ағасы Жабайдың құлағына тисе жақсы емесін, одан әрі Шаймерден естуі мүмкін соны сезген ол діңкесі құрып Қазақбайдың атын өзіне қайтарып құтылған-ды.



## СОР

*Елдің қарғысынан сақтан.*

*Құтып*

265

Ол періште еді, пешенесіне жазылған соры бес елі мүсәпірдің күйін кешіп жатты. Он екіде бір гүлі ашылмаған байғұс қыз, қатты қорқып; көрмеген азапты шегіп; мұндай жағдайға қалай тап болғанын есіне алып; соған өкініп солқылдап жылады. Қанша жыласа да дыбысы шықпады, көзі байлаулы аузы орамалмен тығындаулы болатын. Есіне күндізгі оқиға түсті. Анасы да, әкесі де «ешкімнің көлігіне отырма, ешкімге сенбе» деп құдайдың құтты күні құлағына құйса да, со дұзаққа өзі келіп түсті. Сенді,.. «сенбе» десе де сенді,.. Қалай жаза басты, неден қателесті, ол жағы енді маңызды емес. Бәрібір, бұл енді тіріде жоқ, ең өкініштісі тіпті өлгені де емес, қорланғаны, зорланғаны. Соған күйінеді, он екіде бір гүлі ашылмаған пәкизә қалпында қалмағанына зарланады. Әлгі оңбағанның бір қыз, бір ұлы бар еді, Шақаргүл оларды күнде көретін, бұнымен ылғи да амандасып, қал-жағдайын сұрап шүйіркелесетін. «Қалай соның көлігіне отырдым?» деп тағы да күндізгі жағдайды ойлап кеткен:

— Сабақтан қайтып келе жатқан, бұлардың үйі қаланың шет жағындағы, жаңада салынған көп қабатты тұрғын үй болатын. Жалғыз өзі аялдамаға жақындап қалғанда бұл мінетін 19 автобус орнынан қозғалып бара жатты. Шақаргүл үлгерем бе, деп жүгіріп еді онысынан ештеңе өнбеді.

Есесіне ертеректе бұлармен көрші тұрған Мәнүра деген орта жастағы әйел автобустың артқы есігінен мініп бара жатты, Шақаргүл оған қолын бұлғады, о кісі де бұны көрген секілді, автобусың артқы терезесінен қарап қызға қолын көтеріп ұзай берді. Дәл со кезде, тура осыны аңдып тұрғандай, қасына келіп тоқтай қалған жеңіл көліктің есігі айқара ашылып:

– Шақаргүл, үйлеріне қайтып барасың ба?– деген ашық дауысқа жалт қарады. Күтпеген көліктен қорқақтап, шегіншектеген қыз:

– «Бұл кім?»– деп көлік жүргізушіге сескене қараған. Сөйтсе өздеріне көрші екінші қабатта тұратын Қасен деген кісі екен.

– Иә, ағай!– деді бұл күнде көріп жүрген, иығында екі жұлдызшасы бар форма киген азаматқа. Бұ кісі ішкі істер басқармасында қызмет істейтін, күн сайын сәлемдесіп жүретін иман жүзді, биязы жігіт. Екі баласы бар, келіншегі дүкенде сатушы. Көлігінің есігін ашқан ол:

– Жүр, үй жаққа барсаң ала кетейін,– деді.

– Рақмет, ағай, мен автобуспен барам.

– Шақаргүл, автобус кетіп қалды, келесі автобусты көп тосасың, жүр ала кетейін,– деді.

Оныншы сыныпты бітіруге жақындап қалған Шақаргүл көрші азаматтың көңілін кимай, әрі бір үйде тұратындарын ескеріп, «жарайды» деп көлікке отыра кетті. Пагонды кісі қызды көлікке салып алысымен:

– Не, мектеп бітіруге аз қалды ма? Қайда оқуға барасың? Ой енді арман көп шығар,– деп қойған сұрағына жауап күтпестен сөзді лыпылдатып, бір көшеден, бір көшеге лықсып өтіп, жүйткіп жөнелген.

– Медициналық институтқа барамын,– деді Шақаргүл. Бүгін мамырдың жиырмасы, енді санаулы күнен соң мектеппен де қоштасамыз. Осы кезде қыздың қалта телефоны безектей жөнелген:

–Иә, Әбіжан, тыңдап тұрмын,–деді сыныптасымен сөйлесіп отырып көліктің жартылай ашық терезесінен сыртқа көз тастағанда байқады, бұлар әлгіде өзі ілікпей қалған автобусты басып озып, «Жібек Жолы» көшесіне қарай бұрылып барады екен.

– Сен қайдасың?

– Үйге қайтып барамын, сағат төртке таман кітапханада боламын.

– Жаксы. Кездескенше.

– О, дұрыс екен. Дәрігер болған да жаксы ғой, таныс дәргеріміз болады,– деп милиция жігіт ығы-жығы қозғалған көліктердің арасымен жалт-жұлт заулап келеді. Сол екпінімен жүйткіген көлік қаланың шет жағындағы, әлдебір есік-терезесі үңірейіп қираған ғимараттың ішіне кіре тоқтады.

– Аға, мұнда неге келдік?– деді торға түскен торғайдай, денесі қалтырап қорқа бастаған қыз. Төңіректе қыбыр еткен жан жоқ. Ұсқыны кетіп, қаусаған құрылыс ғимараты көрер көзге үрей шашып тұрғандай.

– Біз, өзі,.. қайда келдік?– деді бойын қорқыныш билеген Шақаргүл пагонды жігітке жалтақтап. Ол болса мұның көліктен түсуін өтінді.

– Қасен аға, сіз «мені үйіңе» апарамын дедіңіз ғой. Неге мұнда әкелдіңіз? Сол-ақ екен жігіт қызды көліктен жұлқып, сүйрелей басады. Шақаргүл болса «түспеймін» деп есіктің тұтқасына жармасып, арпалысып бақты. Қарулы

жігіт дегенін істеп, қызды дедектеткен қалпы қаусаған ғимараттың бір түпкіріне сүйреп әкеліп, аяқ-қолын байлап-матауға кірісті. Күнде көріп жүрген әжептеуір мәдениетті, кішпейіл адамның табан асында танымастай тасырандап, айуанға айналып кеткенін Шақаргүл мүлде түсіне алмады. Зәресі ұшып, бір сұмдыққа ұрынғанын сезіп, «көмектесіндер» деп жан даусы шыға айғайлады. Қаусаған құрылыстың ішінде шынғырған қыздың үні біразға дейін жаңғырып сембеді. Келесі сәтте бұлқынып, тулап айғайлаған қызды қарулы жігіт аяусыз соққыға жығып есінен тандырып тастаған. Содан соң қыздың аяқ-қолын байлап, аузын қол орамалымен тығындап, есін жинаған күнде де, дыбысы шықпайтындай етіп бекітіп, негізгі шаруасын жасауға кірісті.

Шақаргүл есін жиғанда өзіне не болып жатқанын түсіне алмады. Еңгезердей біреу ырсылдап, кеудесін басып-жаншып, тынысын тарылтып жатыр екен. Артынша масқара сұмдықты түсінген бетте ботадай көздері шарасынан шыға бақырайып, жан ұшыра тулаған. Алайда, қанша ытырынып жұлқынса да, байлауда қалған қол-аяғын босата алмады. Үстіне мініп алған әлгі жойдасыз дүлей мұны әбден сілесі қатқанша илектеп, шаруасын бітіріп, киімін түзеп, ышқырын көтеріп асықпай отырып темекі шекті. Сонсоң темекі тұқылын сөндіріп онысын қалтасына салып, орнынан тұрып кетті. Шақаргүл ештеңе ойлай алмады, жан азабын кешіп, даусы шықпай солқылдап жылап, бәрінен түңіліп қала берген. Жаңа көліктен түспей алысып жүргенде сол жақ қолының терісі сырылып, анасы туған күніне сыйлаған алтын сақинасының көзі жұлынып кетсе

керек орны үңірейіп қалған екен. Көзі жоғалған сақинасы сықылды мұның да жан-жүйесі үңірейіп, тал бойы тапталып, ластанып өзінен-өзі жиркеніп жатты. «Оңбаған, ұятсыз, малғұн» деді ішінен. Айғайлайын десе аузы тығындаулы, ыңылдағаны болмаса сөйлеуге шамасы жоқ. Сәлден соң әлгі дүлей, түк болмағандай ойқастап қайта оралды, келе сала қолындағы кара целлофан дорбаны қыздың басына кигізіп, бір қауым уақыт тұншықтырды. Сорлы қыз жанталаса тулап, бұлқынып бақты, сәлден соң демі үзіліп, жарық жалғаннан көшіп жүре берген.

...Шақаргүл өзін тұншықтырып өлтірген жексұрынның, бұны алдап уысына түсіргенін білген сайын «екі көзіңнен басқаға сенбе» деген анасының сөзі есіне түсе берді. Енді бәрі кеш, өкін, өкінбе бәрібір бұл енді тіріде жоқ, ең өкініштісі тіпті өлгені де емес, қорланғаны, зорланғаны. Соған күйінеді. Он екіде бір гүлі ашылмаған періште қалпында қалмағаны қандай аянышты. Әлгі оңбағанның бір қыз, бір ұлы бар еді, Шақаргүл оларды күнде көретін, бұнымен ылғи да амандасып, қал-жағдайын сұрап шүйіркелесетін. Енді не болды?..

\*\*\*

Шақаргүлдің әке-шешесі, алаң-салаң болып, қыздарын ұзақ тосты. Әуелгіде «келіп қалар» деп есік-терезеге телмірді. «Апырмай, мұндайы жоқ еді! Қайда жүр, қарағым-ау?»—деп әбден уайымдаған анасы кімнен сұрарын білмей дал болып отырғанда, мектепте өзімен бірге оқитын сыныптасы Әбіжан хабарласты.

– Тәте, мен Шақаргүлдің сыныптасы Әбіжан ғой,– деді ол, Шақаргүлді сұрады.

– Әбіжан, карағым, Шақаргүлдің қайда жүргенін білмедің бе? Әлі үйге келген жоқ,– деді анасы абыржып.

– Ол кітапханаға келем деген, бірақ келмеді, сонсоң сұрағаным ғой, кешіріңіз. Келіп қалар, уайымдамаңыз,– деді бала, қысқа-қысқа сөйлеп..

Қыздың ата-анасы Шақаргүлді сол күні-түні бойы тосты. Анасы Майра тіпті көзіне жас алып, «өзі аман болса екен, жарығым-ай!» –деп уайым шекті. Таң ата әке-шешесі милиция бөлімшесіне барып мән-жайды баян қылған. Ондағылар «кешеден бері келмесе келер, әлі көп уақыт өтпеген», –деп аса құлық қоймады.

Сол жерден енді шығып келе жатқанда, өздерінің көршісі Қасеннің жолыға кеткені. Оны көрген Майра мен Ізқайыл: – Е, жолымыз болады екен, –деп әкелерін көргендей қуанды.

– Ағатай, Тәте, мұнда жай жүрсіздер ме? Қалдарыңыз қалай?– деп Қасен көршілері жік-жаппар болып, бұлардың жағдайын сұрап иіріле кетті.

– Ой, Қасенжан, қайдан жай болсын, Шақаргүл кешеден бері жоқ, соны уайымдап көзіміз төртеу болып түнімен тостық. Өмірі бейсауат жүріс дегенді білмеуші еді, жарығым-ай!– деп Майра жылап алды.

– Қой енді, сен жамандық шақырма,–деп бәйбішесіне тоқтау айтқан Ізқайыл: – Қасен карағым, сен өзің көмектеспесең мыналар құлық танытпады,– деді контор жақты қолымен нұсқап.

– Уайымдамаңыздар, сыныптастарынан сұрадыңыздар ма? Мұғалімдері не дейді?

– Жоқ ешкімнен де сұрамадық, айтқандай, Әбіжан деген бір сыныптасы кеше хабарласып «Шақаргүл үйге келді ме?» деп сұраған.

– Әбіжан дейсіз бе? Тегі кім?

– Онысын білмедім, әйтеуір, өзімен бірге оқитын бала.

– Сіздер үйге қайта беріңіздер, уайымдамаңыздар, мен жігіттерге айтайын. Іздеп көрсін. Хабарласып отырыңыздар,– деді қызыл жағалы Қасен жанашарлық танытып. Соны айтқанда оның өңінде, не көзінде «қуыстану, кипақтау» дегеннен ізнақар белгі жоқ еді.

Арада тағы да сырғып екі күн өтті. Бұл уақытта мектепте бірге оқитын Шақаргүлдің достары, құрбылары бәрі жабылып, аяқ жетер жерді шарлап іздеп жүрген. Олар үшінші тәулікке карағанда, қала шетіндегі құлаған құрылыс ғимаратының ішінен Шақаргүлдің өлі денесін тапты. Сол сәттен бастап, қызды өлтірген қылмыскерді іздеу басталды.

Қыздарының қазасын естіген әке-шешесі – Майра мен Ізқайыл естері танып, өліп тірілді. Көктем гүліндей желкілдеп өскен Шақаргүлдің қайғылы қазасына қайғырмаған жан қалмады. Сыныптастары Майра апаларын құшақтап ботадай боздады.

Осындай азан-қазан болып жатқан уақытта екі-үш қызыл жағалылар келіп, Әбіжанды алып кетті. Әуелгіде жай сұрар да қояр деген, сөйтсе мәселе олай емес, қыздың қалта телефонына ақырғы қоңырау шалған адам Әбіжан Әйкен болды. Қылмысты тергеу барысында басқа күдікті ештеңе байқалмаған, «тек ұялы телефондағы



соңғы қоңырау қыздың өліміне себеп болған» дейді тергеуші.

Келесі күні «сыныптасын зорлап, буындырып өлтірді» деген күдікпен Әбіжан Әйкен қамауға алынды.

Тосын хабарды естіген мектептегі бірге оқитын достары, төбелерінен жай түскендей есеңгіреп қалды. Шақаргүл мен Әбіжан дос еді ғой, сабақты бірге оқитын, бірге жүретін, бұ қалай?

Мүмкін емес. «Әбіжан кісі өлтірді дегенге біз сенбейміз. Ол кісі тұрмақ тірі жәндікті өлтіре ала ма?.. Жоқ, мүмкін емес!» – дейді Әбіжанның достары үзілді-кесілді.

Оқыс оқиға мектеп бітіргелі отырған жауқазын жастардың бүкіл жан-дүниесін төңкеріп кеткендей. Кешегі уыздай ұйыған балаң көңілдің алаңсыз сенімі кенеттен лайланып, күдік ұялаған. Сыныптастары ертелі кеше Шақаргүлді айтып жылап жүрді. Әбіжанды жамандыққа кимай қиналды. Кейбіреулері екі ұдай сезімде болды. Көпшілігі сенбеді: «Әбіжаннан ондай шықпайды, сыныптағы ең үздік оқушы, мүмкін емес» десті. Бірақ балаларды тыңдаған ешкім жоқ, Әбіжан қамауда қала берді.

Мына сұмдықты естіген Әбіжанның әкешесі не жылай алмай, не сөйлей алмай мәңгіріп, тірідей көрге түскендей қал кешті. Туған туыстары екеуін сабырға шақырып: – Заң орны ақ-қарасын айырады, қол қусырып отырмандар, осында Құмар Шәріпұлы деген мықты қорғаушы бар, соған жолығындар, – деп ақыл-кеңестерін аямады.

\*\*\*

– Жарықтық, адам шіркіннің ұрынбайтыны жоқ, мына жарық дүниеде не болмайды дейсіз,— деп атақты қорғаушы Құмар Шәріпұлы өзінің төрт бөлмелі даңғарадай үйінде жұмсақ креслода, өткен-кеткенді еске алып, ойға балқып отырған. Осындайда адамның басына қай-қайдағының оралатыны бар: Баяғыда заңгерлік оқудың бірінші курсына оқып жүргенде бір досы бұған, әрі оңай, әрі көп ақша табудың аса ұтымды жолын ұсынды, ұсынайын деп ұсынған жоқ, бұ шіркіннің әуелден ақшаға жуық екенін білгендіктен болса керек:

– Құмар,— деді досы,— жазда аулыңа барғанда, бос жатпай тері-терсек жинаумен шұғылдан. Себебі ендігі жылдан бастап тері пұл болғалы тұр. Мына қысық көз көршілердің нарығында тері деген қымбат шикізатқа айналмақ, бұл деген, түсіне кірмейтін қаржы табудың үлкен мүмкіндігі. Ал, сенің аулың – малды ауыл, не көп тері көп, «ит батпақтап, күшің сүрінеді». Күзге дейін тездетіп тері жина, тек жинап бергенің үшін, түскен қаржының елу пайызы сенікі болады, – деді.

Сол күннен бастап ол жаз бойы төңіректегі елдің бәрінен тері жинаумен шұғылданды. Бір шеті Ботақара, Пушкин, Алғабас елді мекендерінен тері-терсек жинады. Өзі кәдімгідей тері-терсек жинаудың заңсыз агентіне айналды. Содан не керек, маусымның қапырық ыстығында үйінің маңы тау-тау болып үйілген қойдың, жылқының, сиырдың... әйтеуір, ненің терісі жоқ дейсің, сұрама, не қилының бәрі бар. Теріге өші кеткендей құнығып, көзіне түскеннің бәрін жинады. Сол сасыған, шіріген қисапсыз терілерге қарап тұрса, көз алдынан көлеңдеп шетелдік көліктер көрініп,

асау арман ала кашатын. «Ол да алыс емес, ол күнге де жетерміз» деп көп теріге көз сүзіп жүргенде шілденің шіліңгірі басталды. Күн ысыған сайын үйдің маңындағы тау-тау болып катталып-шотталып, үйілген терілер енді базданып; қайсы біріне құрт түсіп, өкпені қабатын күлімсі иіс шығарып; ығынан жан жүргізбейтін жағдайға жеткен.

Күзге дейін шыдасақ жақсы болар еді, аржағында қысық көз ағайындарға бұлдап-бұлдап өткізерміз деп қиялға беріліп жүрген...

Бір күні әкесі, иә, онын әкесі мойыс, кикар адам еді. Сол кенеттен ашуға мініп:

– Иттің ғана баласы! Ит мініп, ит айдағыр. Истеп жүргенін карашы? Үйге кіруден калдық, тері-терсек жинап, басына не күн туды,—деп катты долданды, қара аспанды төндіріп, аузына ақ ит кіріп, көк ит құтырып шықты. Дереу тең-тең болып үйіліп жатқан баласынын «байлығын» трактордың тіркемесіне тиетіп ауылдан шалғай бір сайға апарып, өртеп жіберді. Өртегенде ол қайбір тез жансын, бықсыды, күйген күйканың, шыжыған майдың, тіпті кәуәптің исіне де ұқсайтын,.. қойшы, әйтеуір, екі күн бойы бүкіл ауылды түтін басып, иісі мүнкіп, эзер дегенде көзі құрыды. Содан бері Құмар ауылына барса жерлестері «тағы тері-терсек жинайсың ба?»— деп шошына қарап, бедірейісетін болған.

Осы кезде қалғып тұрған қара телефон шар ете калып, Құмар Шәріптің әдемі ойын пышыратып жібергені. Ашық терезеден толассыз гүрілдеп өтіп жатқан машиналардың даусы естіліп тұр.

– Алоо, тыңдап тұрмын,– деді Құмар Шәріпұлы телефонға самарқау тіл катып.

– Бұл қорғаушы Құмар Шәріпұлы ма?

– Иә.

– Сізге жолығуға бола ма? Мен, ана Әбіжан Әйкеннің әкесі Бектұрған деген боламын. Өзіңіз естіп жатқан шығарсыз, жағдайды...

– Беке, офиске келіңіз, мен де сонда боламын, асықпай сөйлесейік,– деді сергек тілқатқан қорғаушы. Нені меңзегенін қайдам, телефонды ұясына қойып жатып: «Қармаққа бірдене ілікті»,– деді. Аузын жиып болғанша, оның бірінші қабаттағы кабинетіне:

– Рұқсат па? Жаңа телефон шалған мен едім, аты-жөнім Бектұрған Әйкен,– деп ішке кірген адам үстел басына жайғасты.

Құмар Шәріп келген азаматпен жылы амандасып, әуелі оның мәселесін өз аузынан тыңдап алған соң: өзінің жұмыс басты екенін, соған қарамастан көмектесуге, нақты айтқанда, істі қолға алуға келісім беретінін; тек қана «анаумен» (сұқ саусағымен төбені көрсетіп), сөйлесу керектігін; онымен өзінің жақын адамы қарым-қатынаста екенін айтып, сол арқылы баланы суырып аламыз,– деп онсызда қайғы жеп отырған адамды жұбататын, дәлірек айтқанда, иландыратын сөзді шым-шымдап шығарды. Өз тәжрибесінде осыған ұқсас істің болғанын, көп арпалысып соны жеңгенін, соған осы «төбедегі» кісінің алғырлықпен көмек жасағанын, сөз арасында құлаққағыс еткен болды.

Келесі күні баланың ісімен мұқият танысқан қорғаушы Құмар Шәріп Бектұрғанға, сұқ саусағын

шошайтып төбені көрсетті, содан соң бас бармағы мен сұқ саусағын бір біріне үйкелеп, «төбедегінің өңешіне қомақты қаржы тығу қажет» дегенді ыммен жеткізіп, «нақты талап» осы деді.

Бұлар да ақымақ емес, «бәрін ақша шешеді» дегенге құлақтары сарсыған адамдар. Баласы үшін кім не істемейді: Әбіжанның әке-шешесі де ақша іздеп, туған-туысын жағалап, алақан жайып, алашапқын болып жанұшырды. Қорғаушы болса қылмыстық іс бойынша жасалған дәрігерлік сараптау-талдаудың қортындысымен танысып, дәл осы іске қатысты өз пайымын дәлелдеп, қарсылығын тәтпіштеп жеткізген. «Соңғы телефон соққан» деген сөз әншейін күдік. Ол – Әбіжан Әйкенді қылмыскер деп тануға жеткіліксіз» деп тілін безеді.

Бұлтартпайтын дәйек бұда жоқ, оларда да жоқ, демек Әбіжанды қылмыскер деу негізсіз деп, көрген-баққанын көлдей қағазға күбітіп жазды. Шынында, бір нәрсе анық, – қызды өлтірген Әбіжан емес, – дейді қорғаушының ішкі түйсігі, сондықтан сот оны бәрібір ескереді, дәлелдің жетпеуіне байланысты күдіктіні босатуға тиіс. Құмар Шәріптің пайымы солай: «Қате ме, дұрыс па, онымен соттың басы ауырсын», – дейді өзінше.

Қалай екенін қайдам, сот-медициналық сарапаттама қорытындысы қызды зорлаған адамның нақты белгісін түстей алмаған, сол түсініксіз. Қорғаушы соны талап етіп, түбіне жете алмады. Демек, ешкімге ештеңе шығындап (ақшаны айтып отыр) керек емес, іс өзінен-өзі бұның пайдасына шешілмек. Қолхатсыз, куәсіз қалтаға басқан, мұхиттың ар жағынан келген көкала қағаз қалта-

сын тесіп бара ма, өзімде қалады,—деп өз ісіне іштей риза.

\*\*\*

Бұл уақытта бостандықта жүрген Қасен, қызметін пайдаланып, тергеушіге көмектескен болып, тергеуді жалған бағытқа бұруға күш салды. Қылмысты баланың мойнына тасқып байлау үшін сол күні ол Шақаргүлдің ұялы телефоннан Әбіжанға: «Мен сені уәделескескен жерде тосып отырмын, тез жет»,— деп хабарлама қалдырған. Абырой болғанда, Әбіжан кітапхананың оқу залына кіріп бара жатып, телефонының дауысын сөндіріп тастаған еді. Шақаргүлден келген хабарламаны кеш көрген Әбіжан оған бірнеше мәрте телефон соғып, болмаған соң қыздың үйіне қоңырау шалған. Осының бәрі Әбіжан Әйкенге қарсы жұмыс жасай бастады. Әбіжаннан жауап алған тергеуші баланы сұрақтың астына алды.

— Неге сен оған қайта-қайта телефон шалдың? Сендер қай жерде кездеспек едіңдер? Көзі жыпылықтап, зәресі қалмай қорыққан Әбіжан:

— Кітапханаға келем деген. Тергеуші қанша китұрқы сұрақ қойса да баланың жауабы осыдан аумады.

— Шыныңды айт, саған сотта жеңілдік болады. Қызды не үшін өлтірдің?— дейді біресе түсін суытып, біресе аярлана күліп, баланы сөзден сүріндіріп бақты. Әбіжан Әйкен болса әуелгі жауабынан танбай:

— Ағатайлар-ау, мен оны неге өлтіреді екем?.. Оны өлтірген кім?— деп иегі дірілдеп жылап жіберді.

– Сен ондай әртістігіңді қой, қызды әуелі зорладың, сонсоң ешкімге айтпасын деп тұншықтырып өлтірдің, солай ма?– дейді тура бір маняктан жауап алып отырған секілді. Бала азар да безер болып:

– Мен не үшін өлтіреді екем?!.. Оны,.. мен емес,..– деп безектейді.

– Сен өлтірмесең, онда кім өлтірді, әлде сен біреуге шығарып бердің бе?–деп кадалған жерден қайтар емес.

Осылайша аңдысып, арпалысып бірнеше күн өтті, егер Әбіжан болмаса қызды кім өлтірген? Әдетте мұндай істі қолға түспей жүрген әккі қылмыскер жасаса етті. Ал, мына жағдайда, Әбіжанның ондайға баруы неғайбыл. Баланың отбасы, мектептегі ұстаздары мен достары Әбіжанның ондай басбұзарлық мінезі бар деп отырған жоқ. Ең үлгілі оқушы дейді.

Ақыры іс шиеленісіп, Әбіжанның басына қатер төнді, тіпті бірнеше жылды арқалап кететін қауіп туды. Тергеуші жұмысты тәмамдап, Әбіжанның ісі бойынша «айыптау актісін» толтырып, мәселені соттың құзырына әзірлей бастаған.

Қомақты ақшаны қалтаға салған атақты қорғаушы Құмар Шәріп, шаруаны шешетінін шегелеп айтып, Әбіжанның әкесіне тағы да ыммен жауап берді. Құдды бәрі соны аңдып тұрған секілді, бас бармағы мен сұқ саусағының басын бір-біріне үйкелеп, сұғанақ саусағымен төбені нұсқады, анау анаған берді (онда да берген өзі емес, біреу арқылы) дегенді түсіндірген болды.

– Енді күтеміз,– деді. Баланың басы дауға мықтап шатылғанша түк бітірмегені өз алдына, әлі

де «женеміз, кішкене күтеміз» деп сендіруден жазар емес.

Әбіжанның әке-шешесі «күткені қалай, жазығы жоқ баланы неге босатпайды? Неге шығармайды?»—деп наразы. «Айғақтың бәрі бізге қарсы жұмыс істеп тұр» дейді қорғаушы, сөйтіп екі арада итіс-тартыс күндер өтті. Жазықсыз жанды тордан босатып алуға ата-анасы шырылдап қорғаушыға келеді, ол боса: «анау, анаумен сөйлесіпті саспаңдар, жеме-жемге келгенде біз жеңеміз» деп шығарып салуда.

\*\*\*

Осы қорғаушы Құмар Шәріп бұрынғы жылдары судья болып қызмет істеген екен, со кездегі тәжірибесінен түйгені: Судьялар қорғаушылардың уәжін баз-базда болмаса үнемі құлаққа іле бермейтіні; дәлірек айтқанда, санасқан болып, пікірлеріне ден қойған түр танытар, бірақ түпкілікті шешімді өз қалауына қарай жасайтыны. Әрине, істің ауыр жеңіліне бағып жаза кесетін, онда да «құрғақ қасық ауыз жыртадының» кері болмауға тиіс. Кім білген соның салдары ма, өткен жылы ел аумағында сапасыз қызмет атқарған 40 судья қызметтен қуылыпты, қайсы бірі тәртіптік жазаға іліккен. Солардың бірі осы Құмар Шәріп. Біреулер айтады бұл алғанын ешкіммен бөліспейді екен, сараң екен, аяр екен, қызметтен сол үшін қуылған дейді.

Өткенде Әбіжанның әкесі Бектұрған бір танысмен, танысы болғанда өзінің алыс ағайыны Ескен Ершатов деген, бұрын зауытта қызмет істеген, қазір зейнеткер, со кісімен көшеде



кездейсоқ жүздесіп қалды. Бекеннің жағдайын сұрап, «баласының ісі ұшықсыз болсын» деп жұбату айтқан әлгі азамат:

– Біреуге жолықтыңыз ба, сенімді біреуге тапсырдыңдар ма?– деп тәтпішеп сұрады. Екеуі көшеде тұрып, қастарынан олай-бұлай өтіп жатқан адамдардың қарасын елең қылмай әңгімелесті.

– Құмар Шәріп деген қорғаушы айналысып жатыр, қорқатын ештеңе жоқ,— деді баланың әкесі Бектұрған, бәсең дауыспен айналасына жалтақтап.

– Кім, дейсің?

– Құмар Шәріп деген, бұрын судья болған, өте сауатты мықты қорғаушы екен,— деді Бектұрған.

– Бәле! Оған қайдан ұрындыңдар!?!– деді танысы, басын шайқап. – Ойбу! Сен оған сенбе! Ағатай-ау, ол деген барып тұрған алаяқтың өзі. Арғы жылы менің әйелімнің ағасының баласы бір жаман іске ұрынып қалғанда осы қудың қолына түскен. Бұл онда облыста судья. Қазір не істейді екен?

– Қорғаушы,— деді Бектұрған танысының сөзіне алаңдап, біржағынан қорқақтап.

– Әне, айттым ғой!– деді анау дамбырлап. – Адал қызметкер болса судьялықтан кете ме? Сонда біздің қайнаға осы қуға телефон соққан, өздері бұрыннан таныс екен. Соны ести сала осы Құмар Шәріп деген,.. ақшаға құныққан қу, со күні сізге айтайын, өлексенің иісін сезген құзғын сияқты, анау облыс орталығынан қайынағаның үйіне төрт жүз шақырым жерді артқа тастап, жетіп келген. Келген бетте қайнағама жолығып:

– Сәке, (о кісінің аты Сағындық, білетін шығарсыз,) осы іспен айналыс десеңіз мен бел

шешіп кірісейін,—дейді. Қайынағам: «Кірісіңіз, сізге құдайдай сеніп отырмын» деп шынын айтады. Сол жерде баланың шаруасымен атүсті танысып: «Жасаймыз, таныстар бар» деп қайынағамды қаты сендіреді. Ол кісі аңқылдап, алғысын айтып, «Сені маған құдай кездестірді» деп риза болады. Сонда айтты дейді ана антұрған қорғаушы Құмар Шәріп:

— «Сәке, бәрі менің қолымда емес, мен де жолдастардан, таныстардан сұраймын, біреулерді сыйлауым керек,.. Әзірше жүріп тұруға жүз мың ақша беріңіз, біреулерді барға, саунаға апару керек, дегендей,.. онсыз шаруа бітпейді ғой»,— депті. Қайынағам әлгінің сұрағанын сол жерде әкеп береді. Бұл ана үлкен соммадан бөлек,..

— Сонымен, не болды, көмектесті ме?— деді Бектұрған танысының әңгімесін шыдамсыздана тыңдап: — Соңғы күндері жүйкеміз де тозып кетті,— деді уайым торлаған жанары жасаурап.

— Тында. Соны айтайын деп тұрмын, сен де алданып қалмасын деп. Иә, содан не керек, әлгі істі соған тапсырып, келесі жолыққанда отыз мың көк аланы қалтасына сап берген. Көрдің бе?.. — Арасында боқ ауыз сөздерді сапырып, әлгі қорғаушыны жетпіс жеті атасынан сықпытып алып, сөзін одан әрі жалғады.— Ақшаны алған соң тапсырған шаруа су аяғы құрдымға кетіп, бұ зәнталақтың уәдесі сөзбұйдаға айналды. Соған уайымдаған қайынағам оған жолығу үшін аптасына бір рет мына қаладан шығып, сенбі күндері таңғы сағат 8-ге 15 минут қалғанда әлгі суайтқа барып жүрді. Одан не ерте, не кеш емес. Себебі Құмар Шәріп дәл сол уақытта үйдегі қоқыс

қалдықтарын алып сыртқа шығады екен, со мезетте біреу-міреу көріп қалмасын деп қайынағам оны алыстан аңдып тұрып екеуі далада жолығады. «Бейнекамера деген «шайтанкөзге» байқаусыз да түсіп қалмайық» деп үйлерінің маңындағы өткен-кеткен дәрет алатын қуысқа екеуі тығылып тұрып, онда да зәр сындырған болып тілдеседі. Одан қалса көлігіне мінгізіп алып қаланың сыртына, қу далаға алып шығып сөйлеседі екен. Көліктен түспес бұрын «құялы телефонды көлікте қалдарыңыз, себебі телефон деген «тажал», біздің артық-ауыс сөзімізді ұстап береді, «аш пәледен қаш пәле» демекші «телефонға сақ болыңыз» деп сақтандырады. Екеуі көліктен түсіп аулаққа барып сөйлеседі, сонда әлгінің айтатыны:

– Қысқасы былай, жасыратын не бар,—деп бастайды Құмар Шәріп жан-жағына жалтақтап,— тиісті жерлермен сөйлесіп жатырмыз, ұзамай бәрі ойлағанымыздай болады,—деп даусын бәсеңдетіп, одан әрі сыбырлап сөйлейді.

– Ағасы,— дейді,— сіз сабыр сақтаңыз, ең бастысы біз ақшаны «анаған» бердік. Ол кісі уәденің адамы. Мен бұдан бұрын да бұл адамға шаруа тапсырғам, ол сөзге берік азамат. Жасыратыны жоқ, бұ кісінің таныс-білістері өте көп; кісі өлтірген адамды да шыныраудан суырып алған, ақыр қолға алған екен ол бұны тындырады, біздің пайдамызға шешіп береді,—деп соңғы сөздерді, сонау қу далада тұрып, құлағына сыбырлап жеткізеді. —Тек сабыр сақтаңыз, көп уайымдамаңыз, босқа аурып қаласыз, ол сізге керек емес,— деп қайынағама жаны ашыған болып...— деп — тағы да әлгіні жетпіс жеті атасынан сықпыртып алды.

Сол күндері қайынағам облыс орталығына күн ара барып, Құмар Шәріптің айтқанын жасады, сұрағанын берді. Сонда барған сайын еститіні жаңағы сөз:

«Тапсырылды, бәрі дұрыс, үлкен бастыққа мынаны жібердік» деген сөз. Онысы «бас бармағы мен сұқ саусағын бір-біріне үйкелеп» ақшаны бердік деген шартты белгісін көрсетеді. Сіз ойлаңыз, ол кезде Құмар Шәріп облыс орталығында тұрады. Қайынағам оған қаладан түнде шығып, төрт жүз шақырым жол жүріп облыс орталығына таң азанда жетеді. Содан осы зәнталақтың айтқан жеріне, айтқан уақытында келіп тілдесіп жүрді. Жарайды қинағаны да ештеңе емес, одан бір нәтиже болса-етті. Бұ сұмырай, сөйтіп жасы кеп қалған ақсақал адамды сүлікше сорып, шашып кеткен,— деді.

Ол әңгіме айтып тұрғанда Әбіжанның әкесі Бектұрған өз басындағы жағдайды сонымен салыстырып; танысының айтып тұрғанын тура өзіне ұқсатып, қарадай түңіліп; ызасы келіп әзер шыдады. Маңынан өтіп жатқан адамдарды да елеуден қалды. Абыржығаны сонша, оның кейбір сөздерін ұқпай тезірек кеткісі келді. Қастарынан өтіп бара жатқан бір әйел амандасып:

— Ағатай, қалыңыз қалай? Тәтеге сәлем айтыңыз,— деді оған да селқос жауап берген секілді. Көңілі қатты құлазып, қорғаушы Құмар Шәріптің бұларды да бұйдалаған тайлақтай жетелеп жүргенін бар зейінімен түсініп, соған күйінді.

Бектұрғанның қатты абыржып қалғанын сезген Ескен Ершатов:

— Беке, байқаңыз, алданып қалмаңыз. Қазір не көп алаяқ пен оңбаған көп. Сіз бен біз өткен дәуірдің адамымыз. Біз өмір сүрген өткен қоғамда қаптаған сот, қаптаған қорғаушы болған емес,.. болды, қорғаушылар да, судьялар да болды, бірақ дәл кәзіргідей өріп жүрген алаяқтар жоқ-ты. Әрине, бұл менің өз пікірім, бізге олардың азы, көбі бәрібір тек әділ болуы керек, сорлағанның соры емес. Солай емес пе?

Бектұрған өмірінде бірінші рет алаяқтың шырмауына түскенін сезді. «Тірідей алаяқ адамды көргенім осы шығар,—деп іштей зығырданы қайнады. «Анау алданды, мынау алданды» дегенді теледидардан естуші едім, «Өзім соның дұзағына түсем-ау» деп еш ойлаған емеспін. Адам сасқалақтағанда алды-артына қарамайды екен.

Әккіленіп алған жылпостар сенің ойыңды, осал тұсыңды оқып, көмейінді түсініп, алды-артыңды орап тұзаққа түсіреді. Сенің қысылғаныңды, сасқаныңды, үрейге бой алдырғаныңды бәрін сезіп; соған орай сені тыныштандырып, «бұл шешілетін мәселе, уайымдамаңыз, денсаулығыңызды бұзып аласыз»,— деп жаны ашыған болып; сенің сөзіңізді сөйлеп, бірте-бірте ақыл-санаңызды билеп алады екен. Сіз не болғаныңызды білмейсіз, мұрынын тескен өгіз құсап әлгінің соңынан ере бересіз, маңайыңыздағыларға да сенбейсіз, тек «әлгі адам уәдесінен айнып қалмасын сұрағанын берейін» деп жанұшырасыз. Ол болса сұрағанын алған соң, жайына кетеді. Күндердің күнінде сіз алданғаныңызды білесіз де, қиыңызды қидалап, бармағыңызды шайнайсыз. Бектұрған үйіне жеткенше қорғаушының барлық іс-әрекетін ой

елегінен өткізіп, соны түсінген сайын қайдағы бір сұмға алданғанына өзегі өртеніп өкінумен болды.

\*\*\*

Неге екенін қайдам, елдің бәрі осы Құмар Шәріпті «сауысқан» дейтін. Әуелде жұрттың өзіне сондай ат бергеніне ол қатты намыстанып, ашуы бойына сыймай тырсылдады. Бірақ, көпке қалай топырақ шашасың? Қанша тісін қайраса да, туласа да көпшілік оны «сауысқан» деп атап кетті. Кімге шағымданырын білмей жүріп бір күні өзі жақсы танытын төрағаға, яғни қазыға барып мән-жайды айтты.

«Мынау не масқара,– деді,– мен дырдай қорғаушымын, есімім Құмар Шәріп, өзіңіз білесіз талай жыл судья болдым; менің арқамда талайдың тағдыры талқандалудан аман қалды; талай қылмыскер құрықталды; мына жолсыздыққа тосқауыл болыңыз, мені неге «Сауысқан» деп қорлайды,– деді.

Қазы үнсіз отырды, көзі бақырайып, жұтқыншағы бүлкілдеп бұған ұзақ қарады. Бұ кісінің көзі үлкен еді, көзі бақырайып, жұтқыншағы қозғалып тұратын. Құмар Шәріп соны біреуге ұқсататын, бірақ кімге ұқсататыны, қанша тырысса да ойына түспейтін. Таныс қазы мұның сөзін мұқият тыңдап:

– Неге абыржисыз,– деді даусын соза сөйлеп,– сондай атқа жете алмай жүргендер бар, одан жаман ат қойса қайтер едіңіз? Көңіліңізге алмаңыз. Бәрі өткінші нәрсе ғой. Ертең-ақ ұмтылады,– деп бұны сабырға шақырған.

Сауысқан төрағаның сөзін бөлмей үнсіз тыңдады, алайда оның мына жалпақшешейлік мінезімен келісе алмады, ызасы қыз-қыз қайнап әзер шыдады. Соны сезген қазы:

– Ал, сіз мені кім дейтінін білесіз бе?– деді айран көзінің тең ортасында ақ қардың үстіне шашылған қойдың құмалағындай болған қарашығы бұған қадала қарап.

– Білмедім.

– Білмейсіз. Оныңыз дұрыс емес, қорғаушы мырза,– деп мұны кекеткендей болды.

– Между прочим,– деді сонсоң, айран көзі аларып:– «Сауысқан» деген «звучит»,– деді. Мұны тыныштандырып, берген кеңесінің сиқы. Соны айтқан кезде сиыр жалағандай жып жылмағай беті бүлк етпей айран көзі аларып, жұтқыншағы жұмыртқалайтын мекиеннің бөтегесіндей дамылсыз бүлкілдеп тұрды.

«Сауысқан» төрағаның кабинетінен бұтына жіберіп қойған бала құсап булығып шығып; ойға малтып, ұзын дәлізбен келе жатыр еді бұған қарсы жолыққан, әріптесі Құсан Қайсар көп оқыған, көп білетін, өкінішке орай, көктантықтау қорғаушы еді, сол сұрады:«Үкі өзінде ме?» деп.

– Өзімен-өзі ойға тұншығып келе жатқан Сауысқан: «Кім, кім дедіңіз?»–деп өзеуреп сұрады.

– Төрағаны айтам, өзінде ме?–деді анау бұған таңырқай қарап.

– Оның алдында кімді сұрадыңыз?

– Сол ғой, жай әншейін «Үкі» дегенім ғой,– деді Құсан Қайсар «бірденені дұрыс айтпадым ба?» деп абыржып.

– Үкі!– деді бұл таңданғаны сонша езуіне күлкі жүгірді.

– Өзінде, өзінде отыр,– деді соны айтты да, сатыдан тез-тез басып түсе жөнелген. Ішінен «Үкі, Үкі» деп қайталап бара жатты. «Қалай тауып қойған! О ғажап!» деп қатты таңырқаған. Былай шыққан соң қаркылдап күлді. Сыртынан көріп тұрған білетін біреу болса керек:

– Пай-пай! Сауысканыңыз суырдың айғырындай сұнкылдады ғой,– деді.

Осы кезде ту сыртынан біреу Сәке сізге жолықсақ бола ма?

– Кім дейсіз?– деді бұл.

– Сізді,.. былай Сәке, Сауыскан дегенім.

– Жо,.. менің аты-жөнім Құмар Шәріп, «Сауыскан деген менің лақап атым»,– деді кәдімгідей жөндем кісі құсап.

Сол күннен бастап ол Сауыскан болып, өзінше жаңа бір мәртебе алғандай мәз болды. Лақап аты өзіне күн санап ұнай бастады. Шынында да, ол екі шоқып бір қарайтын ала қанат сауыскан секілді. Ақша табудың құйтырқы жолдарын әбден игерген кәнігі қорғаушымын, деп жайындай беті жылтырап өзіне бек сенімді болатын. Мәселе қорғауда емес, гәп қомақты ақшаны қалтаға басуда. Бұл жағына келгенде Сауыскан алдына кара салмайды. Кейбір жеңіл істерді далитып, арызданушы жақты қорқытып: «бұл өте ауыр іс, әрине, құтқаратын жол жоқ емес, жол әр кезде де болады, тек оны сіздер қалай қабылдайсыздар, жағдай көтере ме?» деп көмейін бір бүлк еткізіп, әрікарай «әй болмайтын секілді бәрі «Үкіге» байланысты» деп сөздің ұшығын ұстатпай әуре қылады. Сонсоң ол адамды жақсы танытын бір досы менімен бірге оқыған, екеуміз



ылғи бильярд ойнаймыз,.. қазір қайда екенін білмеймін, көп болды көрмедім,— деп істің басын бір мүңкітіп: «Бірақ керек болса туып аламын» деп әрі тарт, бері тарт дегізіп, ит сілікпесін шығарып, сөздің құйрығын жылтылдатып ұстатпай біраз кинайды. Сауысқанға өзінің осы әдісі ұнайды, образға кіріп алып алдында отырған адамды жыланша арбайды. Арызданушыны біраз әуреге салып, біресе үміттендіріп, біресе күдікке көміп жанын қыспаққа салады. Ақыры анау енді «қарағым, айналайын ана «төбедегіңмен» сөйлес, әлгі оның досына айт, бірдеме қылып тілін тап» деп жандары қысылып жалбарынғандай болады. Бұған да керегі сол.

\*\*\*

Шақаргүлдің қазасына ел азаннан жиналды. Жас қыздың әке-шешесі, бауырлары, туған-туыстары мен жолдас-жоралары, сыныптастары мен ұстаздары келіп, бейкүнә қызды соңғы сапарға шығарып салды. Бауырлары мен ата-анасы егіліп жылап елдің сай-сүйегін сырқыратты. Шақаргүлді қойып келгеннен соң жұмалығында Мәнұра келді. Бұ кісілер бұдан екі-үш жыл бұрын Шақаргүлдің үйімен көп жылдар көрші тұрған-ды. Қыздың қайтыс болғанын ол естімей қалған, кездейсоқ біреуден біліп, жылап-еніреп бұрынғы көршілеріне көңіл айта келген екен. Марқұмның алғашқы жұмалығына қатысып, Шақаргүлдің тал бойындағы инабаттылығын, кішпейілдігін айтып отырып өзінің қалай естімей қалғанына өкініш білдірді Мәнұра. Сөзден сөз туып қай күні қайтыс болғанын сұрады. «Бүгін алғашқы жұмалығы» ғой деп біреулер есептей бастаған. Шақаргүлдің әкесі

20 мамыр күні үйге оралмады сол күні күндізгі сағат 5-6-да болған шаруа деді.

– Ағатай-ау! Со күні мен Шақаргүлді көрдім ғой. Тоқтай тұрыңыз,.. Мен, сол 20 мамырда сменадан шықтым, аялдамада 19-шы автобусқа отырдым. Сол автобусқа Шақаргүл үлгермеді,— деп бір апта бұрын болған оқиғаны есіне түсіріп:

– Мен автобусқа мінген бетте артқы терезеден карадым, Шақаргүлді көрдім, тіпті қолымды бұлғадым, олда қолын бұлғады. Сол уақытта оның дәл қасына келіп бір ақ машина тоқтады, рөлдегі адамның жүзі таныс, шетелдік көлік, осы үйде тұратын жігіт атын ұмытып отырмын. Ішкі істер органында істейтін жігіт. Үйдің ішіндегілер тына қалды. Төрде отырған Еркінбек деген ақсақал:

– Қалқам, сіздің атыңыз кім?

– Мәнұра.

– Мәнұра, шырағым, бұл әңгімені қазір қоя тұралық. Қазір асқа бата жасап құран оқылсын,— деді. Ас ішіліп, бата жасалып, құран оқылған соң Еркінбек ақсақал Шақаргүлдің әкесі Ізқайырмен үшеуі онаша сөйлесіп, мына жағдайды қалайда тиісті орынға жеткізейік. Ана тергеушінің қажеті жоқ, одан жоғарысына Мәнұраның атынан жазбаша хат түсіру керек деп шешті.

Сонымен мәселенің ақ-қарасын анықтауға енді басқа құзырлы орын араласты. Тексеру кезінде әлгі қанішер: «Бұған менің еш қатысым жоқ, ақ машина екенің бірінде бар» деп жалтарып бақты. Алайда, көлігін тексеру кезінде сақинаның ба, сырғаның ба кішірек қызғылыт көзі қауіпсіздік ременінің төменгі ұяшығынан табылды. Сот-медициналық сараптама кезінде қыздың киімінің

талшықтары мен қолын сүріп алғанда қалған белгілердің бары анықталып, Қасен бірден қамауға алынып, жазықсыз Әбіжан тұтқыннан босатылды.

Қуанышы қойнына симаған Бекең «атақты» қорғаушыға келіп:

– Құмар, шырағым, баламыз ақталды, енді алған ақшамды қайыр,– деді.

– Оны қалай қайырамын? Мен анаған бердім, енді содан сұрауымыз керек «қайтар» деп айтамыз,– деді.

– Ал сұра, мен осында тоса тұрамын.

– Жоо..к, Беке, бұл олай жасалмайды ғой. Мен о кісіге жетіп барып «қайда энеукүнгі алғаның, қайтар» деп айта алмаймын. Біріншіден, оған мен бергем жоқ. Сізге айтып едім ғой, есіңізде ме? Менің бір танысым бар, со кісінің жақсы бір танысы, ана үлкен кісіге берді деп. Енді солардан сұраймын, «қайтарыңдар» деймін. Әрине, қайтарады, қайтармағанда қайда барады? Қайтарады. Бірақ тоса тұрыңыз, бүгін міндетті түрде жолығып (қорғаушы бас бармағы мен сұқ саусағын бір-біріне үйкелеп) «мынаны қайтарсын» деймін. Қайтарады, сіз оған абыржымаңыз,– деді жайындай беті жалтырап сендіре сөйледі ол.

Сіз білесіз бе? Содан бері көп жылдар өтті, Құмар Шәріп болса Бекеннің ақшасын қайтармай кетті. Бекеннің өзі де ол туралы сөз болса: «Анау анаған берген, ол анаған берген» деп сұқ саусағымен төбені көрсетіп, алаяқ қорғаушының сөзін айна-қатесіз қайталап «Құдай жазасын берсін олардың» дейтін болған.

Уақыт озған сайын кешегінің бәрі де ұмыт бола бастаған, жақында қаладағы зоопаркте немерелерімді ертіп, қыдырып жүргенде біреулер өзара айтып тұрды: «Анау кісі Құмар Шәріпұлы деген адам, заманында өте мықты адвокат болыпты»,—деді. Мен елең ете қалдым. Сөйтсем олар анадай жерде хайуанаттарға тамақ беріп жүрген ілмиген адамды айтып тұр екен. «Анық сол ма?» деп жақынырақ бардым: Дәп өзі, бірақ баяғы жайындай жылтыраған бет-жүз бен өңкиген денеден ештеңе қалмаған, ит-құсқа тамақ беріп, солардың астын тазалайды екен. Енді бір карағанымда ол ескі еменнің үстінде қонақтап отырған Үкінің киын алып: «Үкі мырза, мені танымадыңыз ба!? Бұл мен ғой, Сауысқан»,—деп мақұлықпен сөйлесіп тұрды.

Сол сәтте, есіме баяғы оқиға түсіп денем дір ете қалды. Баяғыда ол тері-терсек жинап мол байлыққа кенелем деп жүргенде әкесі үйдің маңын ластанды деп ашуланып, жинаған терісін өртеп, өзін «Ит мініп, ит айдағыр» деп қарғап еді ғой. «Алла сақтасын!» дедім ішімнен. Не деуге болады, әкенің қарғысы ма, кісі ақысы ма, нақақ төгілген көз жастың киесі ме, әйтеуір өз пиғылынан тапқаны шығар,—деп ойладым. Сіз не дер едіңіз бұған?

*2018 ж.*

## Есукей

Орталықтан шыққан екі-үш аттылы сау аяндап, Сүйірбайда отырған малды ауылға таң ата, ерте ілікті. Бұлар – тамыз басталғалы қозыға тотияйын құйып жүрген мал дәрігері Есберген болатын. Қасында өзі құралыптас Өмірбек пен мектепті биыл бітірген Керімхан деген жас жігіт бар. Есбергендер келгенде отарын өріске шығарған шопан жігіттің аяғы үзенгіде тұр екен, мал емдеушілерді қарайлаған сынайлы.

– Ассалаумағаләйкөөм!– деді Есберген аттан түсер-түспестен, даусын әндете созып.

Аға шопан Надыр деген таспадай ұзын қарасұр кісі болатын, амандық саулықтан соң:– Дәрігер жолдас, өзін айтқандай қозыларды қалдырдым, көмекшілерің бар екен, алаңсыз шаруаңа кіріс, мен малға кеттім,– деп қысқа-қысқа сөйлеп, бытырап бара жатқан отарының соңына ерді. Астындағы жуан торы ат «борт-борт» желіп ауылдан ұзап бара жатты. Ол кетісімен Есберген көмекшілеріне: «Сендер шарбақтың аузын ыңғайлап, тотияйынды езіп, дайындала беріңдер, мен қазір сыныптасыма амандасып келейін»,–деді. Ойы малшының әйелі – Жадыраға амандаспақ. Жадырамен мектепте он жыл бірге оқыған Есберген бала күнгі танысына үнемі іштартып жүретін, қазірде сол қадетінен жазбай шопанның үйіне:

– Бұ келіншек төсектен тұрды деймісің,– деп есіктен дамбырлап сөйлей кірді. Мұны көрген Жадыра:

– О, Есукей, келіп қалдың ба? Тұрдық, тұрдық, сен келетін болған соң...– деді ол да бала күнгі досы– Есбергенді қуана қарсы алып. Жоғары шық,– деді.

– Келдік, сен дайын болсан мен дайын.

– Ей, саған қашан ес кіреді, дайын кезде далақтап окимын деп Талғар аудың, ендігіңе не жорық.

– Жарайды, койдық, сенікі жөн. Қозыларына тотияйын құямыз, түске жақын сусын дайындап қой.

– Е, айтсаң болды. Сол ма бұйымтайың.

– Өзің қалайсың? Ана дәу сені ренжітіп жүрген жоқ ба?– деді ол Жадыраның күйеуін меңзеген болып.

– Мықтысын. Ренжітсе не, ара түсетінбе едің?

– Қарап тұрмаспыз.

– Шікіннің. Сорың құрысын.

– Қорықпа, күйеуің малға кетті. Немене өзі, сені мүлде жуасытып тастаған ба? Сақа айғыр талаған байтал құсап, бетіңе ноқта түсіп, томпиып, монтыйып қалыпсың,– деді сыныптасын әзіл-шыны бар қағыта сөйлеп.

– Әй, әй, байқа!–деді келіншек, – басыңа бәле тілеме. Оданда Есенгүл апайдың қалы қалай? Аман-сау ма, соны айтсаңшы.

– Жаман емес, бірқалыпты жүріп жатыр.

Есбергеннің мал дәрігері болғанына да біраз жылдардың жүзі болған, отыздан асса да басқұрамай сәумендеп әлі жүр. Өзімен бірге оқыған ауылдастарының алды екіден, үштен балалы болған. Мектеп бітірісімен Надырдың

қармағына іліккен Жадыраның өзі, үшіншісіне аяғы ауыр. Есберген де ел қатарлы бас құрағысы келген, бірақ соның сәті келмеді, қыз-келіншекке қырсыз да емес. Әйтсе де қолына құс қонбады, әзірге. Содан кейін бар ынтасы жұмысқа ауып, ертелі-кеш ферманың шаруасына басы бүтін жегіліп жүре берген.

Қазір де келе іске кірісіп кеткен олар сәскеге дейін шарбаққа қамалған қозының жартсынан астамын тотияйынға «тойғызып», өндіріп тастады. Күн ысый бастаған кезде ғана көмекшілері босансып «сусын ішейік, шөлдедік» деген соң, үшеуі шопанның үйіне шөл басқалы кірген. Жадыра: Қонақтарға «төрге шығыңыздар» деп дастархан жайып, сусын әкеліп қонақжайлылық танытуда. Шөліркеген жігіттер бір-бір аяқ қымызды тастап алған.

– Недеген қымыз, балдай тәтті!– деп, қымызды қызықтаған Есберген, Жадыраны «сыныптасым» деп, өткен-кеткенді айтып отырды. Өмірбек пен Керімхан оған аса мән бере қойған жоқ, сусындарын ішіп орындарынан тұрған. Есберген болса Жадырамен әзілдесіп, мектептегі сыныптастарын еске алып, көмекшілері шығып кеткен соң да бөгелектеп, үйден кенжелеп шықты.

Түс ауа шарбаққа қамалған қозыны тотияйынға тойғызуға айналғанда өрістегі отар да ауылға құлады. Жүз шакты қозы қалған екен Есберген қалғанын түстен кейін бітірмек болып үзіліс жасады.

Бұл уақытта Надыр шопан аттан түсіп, үйге беттеген. Сәлден соң мал емдеушілер шопан үйінің дастарханда бас қосып, жұмыс жағдайын айтып отырды. Ет желініп, сорпа ішіліп болған,

шопанның әйелі «қымыз алыңдар» деді. Соны тосып отырғандай Есберген:

– Жадыра, айналайын бал бармағыңмен бағанағыдай тағы бір құйшы,– деді. Мына сөзге Надыр шопан елендеп, Есбергенге алая қарады. Ол болса қаннен-қаперсіз. Кеңкілдеп күліп, шара толы қымызды сіміріп алып, ас қайырып шығып бара жатып:

– Жадыра, жаным, біз кеттік, қызметіңе, ниетіңе көп-көп рақымет,– деп үйіріле сөйлеп, есік тұтқасына қол созды.

Келіншек Есбергеннің не дегенін түсініп болғанша ол үйден шығып кеткен. Надыр шопан Есбергеннің сөзі мен қылығын теріс түсінді ме, о жағы белгісіз, әйтеуір, бір жақ бүйірі бүлік ете қалып, қызғанышы тез тұтанды:

– Ей, анау не деп тұр? Есуас! – деді нығырлай сөйлеген Надыр шопан оқты көзін әйеліне ата карап.

– Недеді ол?– деп әйелі мұның өзіне сұраулы жүзін бұрған.

Надырдың басына ыстық жалын бұрық ете қалды. Мынау қай басынғаны.

– Ей қатын, сен шынында айт. «Жаным, айналайын» дейді, «қызметі» несі оның? Өзі не сұрап тұр?

Күйеуінің ұшқын атқан суық жанарынан тайсақтаған әйелдің аузына сөз түспей:

– Ту, сенде... ол менің он жыл бірге оқыған сыныптасым емес пе. Әзілдеп, әрнені айта береді. Соны білмейсің бе?!– деді. Бір жағынан Жадыраның өзі де Есбергеннің не дегенін онша ұқпай қалып, сенімсіздік танытқандай болған.



Түрі біресе сұрланып, біресе кабарып ызаға булыққан Надыр: – Мен ол аусарды тәубесіне келтіремін, кімді басынып жүр?.. Есукей дегенің осы ма? Оны неге өйтіп «Күшім-ай» деп еркелетесің? Ол кімін сенің?– деп кәдімгідей ашуға булыққан.

Жадыра не күлерін, не ашуланарын білмей, аузына сөз түспей тұрып қалған. Мектепте жүргенде сыныптастары оны «Есукей» деп атап кеткен. Ол оның екінші аты секілді. Жадыра ойын жинап үлгергенше күйеуі апыл-ғұпыл атып тұрып, далаға жұлқына шықты. Келіншек күйеуінің төрде тұрған қосауыз мылтықты ала шыққаны байқамай қалған.

Темекі шегіп, әлде нені әңгіме етіп тұрған Есберген Надыр шопанның ақырған даусына жалыт қарады. Сүйірбайдың боз шабдар адырлары да, тосын дауысқа үрке қарасқан. Ащы дауыс, тордағы арыстанша қапалы да, қаһарлы естілді. Мынау әлгіндегі дастархан басында отырған жайдары Надыр емес, тіпті бөтен біреу секілді, аршындай басып мұны түтіп жіберердей төніп келіп:

– Оңбаған, жаңағың не сөз!? Әйеліме не дедің? Не сөз, деймін, мен саған?! Әйеліме не дедің? – Қолында мылтық. Мына кереметті көрген көмекші жігіттер тым-тырақай безіп кетті. Үлкені Өмірбектің өзі шегіншектеп баз қораның қақпасын паналаған. Сол ақ екен ашуға булыққан Надыр мылтықтың үңірейген аузын Есбергенге кезеген қалпы «гүрс» еткізді. Есбергеннің есі ауып бара жатты, қак маңдайдан осып өткен ауыр соққыдан, кескен теректей, гүрс етіп, котанның ортасына сұлап түсті. Мына сұмдықты көрген Өмірбектің

басы зеніп, жер қозғалып, дүние дөнгелеп бара жатты. Мылтық атылғанды көзін жұма қалған ол, Есбергеннің серең етіп құлағанын ғана көрді. Сол ақ екен, тұрған жерінен атқып шыққан Өмірбек басы ауған жаққа тұтып жөнелген. Дүрсілдеген жүрегі атқылап ауыл іргесіндегі адырдан асып, алқын-жұлқын безіп келеді.

– Құдай-ау, не сұмдық! Не сұмдық! Екі құлағы тарыс бітіп қалған. Аяғы аяғына тимей, тұтып келеді, тұтып келеді. Надырдың мылтығы мұныда құртатын секілді. Желкесіне төніп, жақындап қалғандай.

Оқыс атылған мылтық даусынан соң ауыл үстін өлі тыныштық басты. Надыр болса айылын жиятын емес, құлап жатқан Есбергеннің басынан аттап өтті:

– Әй дәрігердің қағылған-соғылғандары, қайдасындар? Мына өлімтіктеріңді арбаға салыңдарда тез қайқайыңдар!– деді. Қорқып қораға тығылып қалған Керімхан басын қылтылдатып, Өмірбекті іздеген болды. Сөйткенше болған жоқ Надыр шопан ырдуан арбаға ат жегіп, оған Еспергеннің мәйтін тиеп, бетін ит қораның үстінде тұрған өзінің ескі шапанымен жапты.

– Бала, – деді сонсоң Керімханға бұрылып:

– Енді бөгелме, осы бетінде тарт. Бұл ит, ала жаздай «тотияйын» деп мазаны алып еді, бәлем, тотияған жерің осы шығар, Есукей мырза. Осы тойғанымен барсын енді!», – деді.

Бұл кезде Өмірбектің де аяғы-аяғына тимей Сүйірбайдың сыртында отырған жылқышы аулына жан ұшырып зырқырады. Екі ауылдың арасы бір қауым жер, Өмірбекке ол есеп болған жоқ,

дедектеген калпы Жайым ақсақалдың аулына өлдім-өштім деп жете құлады.

Мұны көрген ауыл иесі:

– Астаппыралла! Мынау Өмірбек қой, бұған не болған!?– деп, қаны қашып, өңі тозған Өмірбектің жүзіне үңілді.

– Ей, жаркыным, тірімісің? Не болды? Аманшылық ба? – дейді. Жігітте тіл жоқ.

– Апыр-ай, мынаған не болды?–деп ауыл адамдары әрі-сәрі әбігер. Сол-ақ екен:

– «Су, су» – деп Өмірбек тілге келді. Бір ожау суды басына қотарып демін басқан ол әзер дегенде үн қатып:

– Өлтірді, өліп қалды,– деді.

– Кімді айтасың, жаным-ау?– деп ауылдың үлкені Жайым ақсақал есі шыға қорқып, Өмірбектің жүзіне өңешін соза үңілді. Анау болса «өлтірді, өліп қалды» дегеннен жазар емес. Мән жайды түсіне алмаған Жайым ақсақал.

– Қарағым, сен сабыр етші. Кім өлседе құдайдың ісі. Жөндеп түсіндірші, –деп тұтыққан жігіттің қасына тізе бүкті. Сөйтіп әзер дегенде ес жиған Өмірбек мәселенің мән жайын баян қылды.

Суық хабарды естіген Жайым қария дереу кеншардың орталығына кісі шаптырды. Өзі асығыс Сүйірбайға жүріп кетті. Ақсақал Надырдың аулына жақындап қалғанда Сүйірбайдың боз адырларын балақтап келе жатқан ат арбаға қарсы кездесті.

Жайым аттан түскенде арбаны жетектеп келе жатқан жас жігіт көлікті тоқтатып, ақсақалға жалтақтап қарай берген.

– Шырақтарым, не болды? Оның мұнысы не?

Ат жетектеген Керімхан ақсақалдың сұрағына күмілжіп ештеңе дей алмады. Тәрізі ол да корқып қалған болу керек.

– Атып тастағаны рас ба?– деді Жайым шал арбада жатқан кісінің мәйтіне қарап.

– Сұмдық екен. Жарайды, төбелессін, ұрсын, соқсын,.. Ал, атып тастау деген не маскара. Соншалық бұл не істеді оған?..

– Білмеймін, не болғанын. Үйден жүгіріп шықты, қолында мылтығы бар екен соны көріп, мен қашып кеттім. Мылтық алтылғанын естідім. Қарасам Есаға шарбақтың ортасында құлап жатыр екен,– деп бала мандымды ештеңе айта алмады.

– Маңдайынан атыпты.

– Е,– деп басын шайқаған Жайым ақсақал арбаға жақын келіп, Есбергеннің бетін жапқан ескі шапанның шетін көтеріп мәйіттің жүзіне көз жүгіртті. Өңі күреңіткен Есбергеннің маңдайынан шыпшыған қанның қарайып қатқан ізі көрінді. Екі қастың ортасы көгеріп ісініп тұрған секілді. Сенбеске лажы қалмаған Жайым шал мәйіттің бетін жауып:

– Ит Надыр, қояншық, енді не боласың!?– деді күбірлей сөйлеп.

– Жүре бер, балам... біздің ауылға қарай жүр. Туыскандарына хабар жібердік кешке дейін келіп қалар,– деп Жайым да үзенгіге аяқ салды.

Есбергеннің өлімі туралы хабар сағатында сарнап өзенді өрлеп, өрдегі аулға түгел тарады. Тоқырауын бойын жайлаған ел дүр ете қалды. Бұрын сонды мұндай оқиғаны көрмеген ел, әңгімені сан-сакка жүгіртіп: «Надыр да бір жуас атаның баласы еді, неге өйтті екен» десті. Енді

бірі: «Жуасты тапқан екенсің, нағыз қызыл көз пәленің өзі», деді.

Талтүсте Есбергенді сұлатып салған Надыр шопан сұп-сұр болып үйіне кіріп келгенде әйелі өзін қоярға жер таппай, күйеуіне жасқана қарап:

– Не істедің? – деді. Күйеуі болса айылын жиятын емес:

– Енді қайтып бұл үйдің есігін ашпастай етіп, тозақтың түбіне жөнелтім. Мұны естіген Жадыра үйден атып шыққан. «Мүмкін емес, атып тастамаған шығар» деп жүрегі атқақтап қора жаққа қарағаны сол еді, қотанның ортасында серейіп жатқан адамды көрді. «Сол» деді ішінен үстінде көгілдір жейдесі бар еді. Сол-ақ екен тұла бойы дірілдеп, босағаға сүйеніп отыра кеткен. «Надырау, не жазығы бар еді оның?» деп бейшараны аяп көзіне жас алды. «Әке шешеден тұл жетім, жалғыз апасы бар еді», деп жан дүниесі құлазып, күйеуінің мына әрекетін түсіне алмай, «кісі өлтіргер адаммен қалай тұрамын» деп уайым шекті. Тіпті ақылға сияр емес, бұ қалай?» деп, ойы шатасып, меңірейіп ұзақ отырды.

Бұл уақытта Надыр шопан атына мініп кішкентай ұлы Сәдірді алдына алып, қойын өріске айдап кеткен.

Жадыраның жаны күйзеліп, Есбергеннің мәйтін қашан алып кеткенін де білмей зеңіп қалған. Бұл өмірде мұндай сұмдықты көргенше көрмегені жақсы еді. Дырдай азаматты ит құрлы көрмей атып тастағаны қалай? Тіпті басына сияр емес, бұ қалай?– деп бір сөзін он қайталап, түсініксіз қалде мең-зең. Құрсағындағы сәбиін ойлады. Алаңсыз жүгіріп жүрген балалық шағы

есіне оралды. Одан әрі ойы тентіреп, шатысып жүре берген. Әлден уақытта:

– Апа, апа,– деген дауыстан есін жиды. Сөйтсе әкесімен бірге өріске кеткен 5-6 жасар баласы Сәдірбек екен:

– Апа, әкем айтты, «Күшімай өлген жоқ, тірі, қорқып талып қалған» деді. Жадыра әуелгіде мына сөзді түсіне алмай, баласына үнсіз қарап қалған. Сонсоң:

– Не дедің? Есукей тірі деді ме?– деп қайта сұрады.

– Жоқ,– деді бала,– Күшімай тірі, қорқып талып қалды,– деді.

– А, әкең сөйдеді ме? Тірі, деді ме?! –деп келіншектің қас қабағы түйіліп, баласын жаңа көрендей үніле қараған.

\*\*\*

Күн екіндіге құлағанда ырдауан арба Жайым ақсақалдың аулына жетті. Керімхан ақсақалдың айтуы бойынша, мәйітті «көлеңкелеу жер деп», мал қамайтын үлкен баздың ішіне арбасымен әкеп кіргізді. Көн исі кернеген қораның іші салқын екен. Жас жігіт атты доғарған соң, арбаны қоранын ортасына қалдырып, сыртқа шығып кетті. Бұл уақытта маңдайына мылтықтың дүмі тиіп, ауыр соққы алған Есберген шым-шымдап есін жинай бастаған. Әуелі кірпігі қозғалды. Саусағының ұшына жан кіріп, аяқ- қолы жыбырлады. Сонда да ол қозғалмай бірқауым жатты. Көзін ашқанда беті-басы тұмшалана жабулы тұрғанын сезді. Артынша қолы ербең етіп бетін бүркеген Надырдың ескі шапанын түріп

тастады. Танауына шуаш араласқан кидын исі келді. Өзінің қайда жатқанын, неге жатқанын түсіне алмай ойы тайғанақтап тұрақтар емес. Басы зілмауыт. Өз денесі өзіне бағынбай тағы бір қауым қозғалмады. Артынша арбаның үстінде жатқанын сезді, сырттан абыр-күбір сөйлеген адамдардың даусы естілгендей болды. Сол сәтте ол кеудесін тік көтеріп алып жан-жағына көз тастады. Басына бірден келген ой: «Арбаның үстінде отырғаным қалай?» деген сұрақ онсыз да шайқалған миды зырық еткізген. Сол ақ екен құлағының дәл түбінен гүрс етіп атылғаны мылтықтың үні мен маңдайына шақ ете түскен мылтықтың дүмі, жарық ете қалған көзінің оты еміс-еміс есіне оралғандай болды. Басқаны ойлауға шамасы жоқ еді. Ырдуан арбаның биік қорабынан тізесі дірілдеп, «тірі сықылдымын» деп, қалтақтап әзер түсті. Осы кезде баз қораның қақпасынан біреулердің сұлбасы көрінгендей болды.

Аттын отқа қойып қайта оралған Керімхан арбадан түсіп жатқан Есбергенді көргенде есі шығып кері қашты. Апалақтап ағаш үйдің алдында тұрған Жайым, Өмірбек, Әзбергенге қарай жүгірді. Қолы ербеңдеп, «түрегелді, түрегелді» дей берді.

Мұны көрген Жайым қария:

– Алла сақтасын, мынаны қандай бүйі шақты?– деп Керімханға бұрыла бергенде, елдің көзі қора жаққа ауып, бәрі тілдерін жұтқандай ауыздары аңқиып қалған. Әлгінде ған Керімхан жүгіріп шыққан тас қораның аузында ербиіп Есберген тұр еді. Мұны көрген ауыл адамдары өз көздеріне өздері сенбей, бір жағынан бойларын қорқыныш биледі ме, таңырқады ма, әйтеуір, бір

түсініксіз үрейге бой алдырып, ес жия алмай қалған. Тек Жайым ақсақал ғана сабырын сақтап:

– Өй, айналайын, аман екен ғой, аман екен ғой! Өліп тірілді деген осы екен ғой! –деп Есбергенге қарай еңкедеп жөнелді. Келе сала о дүниеден оралған «сабазды» баурына тарта құшақтап, үсті басын сипалап:

–Тірімісің, қарағым? Еш жерің ауырмай ма?– деп оны үйге бастаған.

Суық хабарды естіген Есбергеннің жалғыз апасы Есенгүл Жайым ақсақалдың аулына шұғыл жетті. Соңынан ерген жалғыз баурының неден жазым болғанын біле алмай; жамандыққа қия алмай; жүрегі алып ұшып келген ол, көліктен түскенде буын-буыны босап, көз алды жасаурап кеткен. – «Апырмай! Ат жалын тартып азамат болғанда,.. баурым-ай!–деп жүрегі езіліп, еңкілдеп жылап, көліктен түсе берді. Есік алдында мұны тосып тұрған адамдар қопарыла Есенгүлге қарай жүрді. Ауылдың үлкені Жайым қарияның көзі күлімдеп бұған жақындай беріп:

– Есенгүл, қарағым, қорықатын ештеңе жоқ, баурын тірі, деді. –Бір ажалдан аман қалды. Мұны естіген Есенгүлдің есі шығып кетті. Не қуанарын, не қайғырарын білмей, бойын екіұдай сезім билеген Есенгүл баурын көргенше асықты.

Жайым ақсақал:

– Жүр, қарағым, жүр үйге кір,– деп Есенгүлді үйге бастап, бір ажалдан қалған бауры Есбергенмен қауыштырған.

– Қарағым не болды, саған ана иттің баласы мылтық кезепті ғой, онбағанды заң орнына тапсырам,.. Тал түсте адам ату деген не сұмдық?!–



деп Есенгүл ызбарлы сөйлеген. Апасының сөзіне таңырқаған Есберген:

— Жоға, әпкетай ол мені атқан жоқ, атса өстіп отырам ба? Басым айналып құлап қалдым, күн өткен болу керек деді. Үйдегілер бір-біріне қарасып, ештеңенің парқына бара алмай «Бұ қалай?» дескен.

Бірақ Есенгүл оған қараған жоқ, Есбергенді қолтықтап көлікке отырғызып орталыққа алып кетті. Дәргер Есбергеннің аздаған миы шайқалғанын айтып, ісіп кеткен екі көзіне май жағып «біраз уақыт қозғалмай жатыңыз» деді. Әпкесі Есенгүл «аны сұмырайды сотқа беремін» деп жатып ашуланды. Есберген болса «сот, милиция» дегенді атамаңыз, деп жолатар емес. Баурының кісі түсінбейтін мінезіне ыза болған Есенгүл:

— Әлде сен өзің кінәлімісің, оның әйелімен жақындығың бар ма? — деп сұрақты қақ маңдайдан ұрғандай қойды.

— Әпкетай, о не дегенің? Біреудің әйелінде нем бар менің. Оның әйелі — Жадыраны сіз білесіз ғой, ол менің сыныптасым, бар айтқаным: «Жадыра, қызметіңе рақымет, шөлдесек тағы келеміз» деген сөз ғана. Ана Надыр ноқайдың оны қалай түсінгенін қайдан білейін.

— Ендіше неге милицияға беруден қашып отрсың? Мен соны түсінбеймін.

— Мен оны милицияға берсем ол сотталып кетеді ғой. Ал оның екі баласы бар. Жадыраға обал. Оның бетіне не деп қараймын.

— Е, жүр сол, елдің қоры боп; көрінген ит пен құстан таяқ жеп. Осыны айтқан Есенгүл үйден ашуланып шығып кетті.

Арада бірер күн өткен де Жадыраның өзі келді. Есбергеннің екі көзіне шапқан ісік: карайып, көгеріп, сарғыштанып, байынан таяқ жеген әйелдің көзі сықылды ұсқыны кетіп жатқан. Қайта Есенгүл әпкесі беріп жіберген дәрі-дәрмекті жаққаннан бері торсиған ісігі оңала бастаған. Осындай жағдайда жатқан Есберген Жадыраны көргенде аузына сөз түспей:

– Жадыра!– деп орнынан қопандап ұшып тұрды. Келіншек болса:

– Өй, өй тұрма! Қалың қалай, аманбысың өзін?– деп, Есбергеннің мына сиқын көріп абыржып, әрі жаны ашып: – Сүйегі аман ба?– деді.

– Аман, аман. Үйде жатырмын, тірі қалғанымға қуанып.

– Милицияға неге бермедің?

Есберген сәл ойланып отырып:

– Жадыра, одан саған не түседі, сенің балаларың не болады, аяғың болса ауыр үшінші балаға.

– Мен үйден кетіп қалдым, көрінгеннен қызғанып бір күні мені де атып тастап жүрер. Бармаймын енді,– деді келіншек Есбергенге мұнын шаққандай әжептеуір жабырқай сөйлеп.

– Жарайды, ащуың тарқаған соң барарсың, қателігін ол да түсінер, кешірім сұрар,– деп дұлдұрыс сөйлеп отырды да:

– Жалпы, оған бармасаң бармай-ақ кой, менің басым бос, үйім де бос, қазірден бастап осында қал да, шай-пайымызды қайната бер,– деді.

– Ей, жында, кашан серьезный адам боласың, бірденені дұп-дұрыс айтып отырасың да аяғың бұралқы сөзге бұрып, бала боп кетесің.

– Жадыра, жаным ау, басын оқ тесіп кеткен адамда қандай ақыл болады, әйтеуір, кірелі шығалы ес қалды.

Келіншек оның сөзіне күлген жоқ, қайта мұная қарап:

– Ұшығынан сақтасың, кайтемін енді!? – деп өзі кінәлі болғандай кинала сөйлеген.

– Жарайды, жарайды, әзіл ғой. Ал шын мәнінде менің пікірімді естігің келсе, сіздің жігітіңіз ерекше еңбекқор, адал адам. Кемшіліксіз адам болмайды, әрине. Қызғанса жақсы көргені. Сен де оған адалсың, білемін. Ол жігіт көп болса екі-ақ күн шыдар, сонсоң өзі-ақ келеді, сенен кешірім сұрайды, сонда барарсың. Екеуің бақытты болындар, мен соған тілектеспін. Жадыра Есбергеннің мына сөзін естігенде жанары боталып, көңілі босап кетті. Соны сезген Есберген:

– Ал енді сөздің аяғын бұралқы сөзге бұрайын ба? – деді. Көзі жасаурап отырған Жадыра еріксіз езу тартып «иә» деген.

– Әнеукүні, – деді Есберген, – сенің батырың мені талтүсте сұлатып салған соң өзіме-өзім келе алмай, ана дүниеге қоржынымды арқалап кетіп барады екем, сенің батырың қуып келе ме деп артыма қарауға жүрегім дауалар емес. Сен болсаң көрінбейсің; сонда бір кішкентай бала, жеңімнен тартып сенің атың Есукей ме? Менің де атым Есукей, жүр бірге қайтайық, о жаққа бар ма, деді. Көзімді ашып алсам: қой қорада, арбаның үстінде жатырмын. Айналама қараймын қорады менен басқа тірі жан жоқ, мен ғана, оның өзінде арбаның

үстінде жатырмын. Не керек сөйтіп есімді эзер жидым.

– Бұнымен не дегің келді? Мұның әзілге ұқсамайды ғой,— деді Жадыра.

– Есінде жүрсін Есукей дегім келді.

Содан бері көп жыл өтті. Есберген де аман-есен, үйлі-жанды болған. Қазір ауданда жауапты қызмет атқарады. Айтпақшы, жақында Надыр шопанның аулында болдым. Көліктен түсіп жатқанымызда жеті-сегіздер шамасындағы бір бала жүгіріп келіп сәлем берді.

– Дәу жігіт бол, қарағым! Атың кім сенің?— дедім. «Есберген» деді ол. Осы кезде үй жақтан «Есукей, балам, келген кім?» — деген Надыр шопанның даусы естілді. Есіме баяғы оқиға түсіп жүрегім бір түрлі шым ете қалды.



## Икең

Икеңді көрсеңіз: «Е, ел айтып жүрген Икең осы екен ғой» деп оны бірден таныр едіңіз. Таныр едіңіз – таң қалар едіңіз. Мен алған рет Итен Итекинді біздің ауылдағы Көрпетөренің үйінен көрдім: Шикі сары, жалпақ бет, тостаған көз адам арақты кәрлен кесмен суша сіміріп, нән табақ етке қол салып, көсіп жеп, есіп сөйлеп отырды. Басқа қонақтар оның аузын бағып, құлақ түрген.

– Нағашым ауданның әкімі, жиенім қалада безнмен, Икеңе иілмейтін жан жоқ, бәрі маған шаруаларын тапсырып, алдымды орап жүргізбейді. Тәубә! Бергеніңе шүкір!–деп бір қайырды әңгімесін Итекин. Табаққа қол салып жатқан Қасанторы деген ку тіліді кісі еді сол: – «Так што» Икеңмен ойнамаңдар, тасы өрге шауып тұр,– деп ойын-шыны аралас көпшік қоя сөйлеп, оның кесесіне арам судың заһарын сыздықтата кұйды. Осы кезде үйге Аршабай кіріп келді. Қадетте сөзге сараң Аршекеңнің өңі салқын екен.

– Аршеке, жоғары шығыңыз, жоғары шығыңыз,– деп үйдегілер жік-жапар болуда.

Аршабай төрге озғанда Итекин төмен сырғыды. Қанша дегенмен Аршабай аудан әкімдігінің қызметкері. Икең содан ықты ма, біразға дейін сөзден тосылып отырды да, қайтадан атқа мінді. Мұндайда ол саясатқа да «жүйрік».

– Мына сайлау болайын деп жатыр, депутаттыққа кімді ұсынбақсындар? Айта отырындар. Қайдағы біреулердің шашпауын көтергенді енді қою керек. Одан да ауылдастың «тайы озсын» соған жұмылаған жөн,– деді. Икеңнің осыны

айтуы мұн екен, үйдегілер жамырай сөйлеп, «Икең дұрыс айтады, соны қадесіне ілетін жан болса ғой!»—деп. Әкімдік қызметкеріне құлақ қағыс жасаған болды. Сөзге тағы да Қасенторы араласып:

— Айды аспанға шығарып, осы Икеңнің өзін неге депутаттыққа ұсынбасқа? Бой десең бой, ой десең ой бар, сөзге даңғыл. Бұдан артық кім бар?! Икеңе сенім арту керек,— деп онсыз да ордандап, сөзге қонақ бермей отырған Икеңнің қолтығына су бүркіп, одан әрі кеу-кеулесін. Мына сөзді естіген Итекиннің, шынында да, жұтқыншағы бүлік ете қалды. «Қашанғы шоғыр-шобырдың ішінде жүре берем, менде бір жұрт алдына шығайын, мінберден сөйлейін, осынша жыл мал бақтым, осы елге еңбегім сіңген шығар» деп ойлаған Итекин маңызданып, дастархан басындағыларға тостақан көзін төңкеріп, жағалай қарап алды. «Қасенторы қағытып отыр ма» дегендей оған да жалпақ бетін бұрып бағжиды.

Сол екі арада босаға жақта отырған, өркенін өскір, Көрпетөренің өзі мұның атына бір жақсы лепес айтып салғаны.

— Оларың дұрыс-ау! Айтары жоқ, аудандық мәслихатқа Икең лайық адам. Бірақ қазір оны сіз бен бізден сұрамайды ғой. Алда—жалда, «депутаттыққа кімді ұсынасыздар» деп бізден, нақты сұрап жатса, онда Икеңді, сөз жоқ, бір ауыздан ұсынамыз, деп әңгімені келте қайырғаны.

Мана сөздің басында Икеңнің «аудан әкімі нағашым» дегенін естігенде Аршабай елендеп қалған, үлкен дәмнен соң қонақтар қол шаюға тұрған кезде әкімдік өкілі Икеңнің әлгі сөзін еске

алып «нағашыңыз екен ғой» деді құлағына сәл сыбырлағандай болып.

Икең де мәселені тез ұғып:

– Сәкенді айтасыз ба, әрине, туған нағашым.

Менің шешем Балзия оның әкесінің туған қарындасы,– деді.

– Депутаттықта шын ойыңыз болса дайындала беріңіз, әржағын өзім мұздай қыламын деді. Өкілдің мына сөзі Икеңді тіпті қанаттандырып жіберді.

– Әрине, мен дайын,– деді ол кеудесін көтеріп, сенімді сөйледі.

Содан бері Икеңде маза жоқ. Жатса –тұрса Қасенторының ұсынысы, Көрпеторенің мақтағаны, өкілдің уәдесі құлағына саңкылдап жетіп, естіген сайын өз-өзінен болып-толып, асып-тасып жүргені. Сол күні мінген атын екі өкпеге тепкілеп, Үрпекте отырған үйіне бесін ауғанда эзер жетті. Көрпетөренің үйінде көсіліп ішкен «кердін» уты әлі тарамаған екен. Ауылға келсе, үйде жан жоқ. Әйелі болса малда.

–Ой, этәңа нәлет!– деді ол жүрегінді қолына ұстап, бір жақсы хабар айтайын деп, желпілдеп келгенде осы қатынның үйде болмайтыны-ай!.. деп босағаға соғылып, үйден қалқақтап қайта шыққан Икең атына мінбекке окталды. Әйеліне барып жақсы хабарды жеткізбек. Қалай екені қайдам, құдай атып, аяғы үзеңгіге жетер емес. Икең атына міне алмай көп қиналды. Ақыры оған да әдіс тапты—қораның сыртындағы ескі көңнің қасына атын жанастыра қойып; үйілген көңнің үстіне шығып, ерге енсеріле көтерілді. Ертокымға енді іліктім дей бергенде салмағын ұстай алмай

ердің екінші жағына ауып түсіп, шашылған теңдей шалқалай құлады. Құлап жатып:

– Ой, әтәна нәлет!– деп, әлде кімді сықпытып алған ол, орнынан тұрмай ескі көннің етегінде серейіп ұзақ жатты. Күрең ат кожасынан енді қайран жоғын білгендей шылбырын сүйреп, жайына кеткен. Оның есесіне ауылды қарайлап жүрген ақ төбет иесінің мұнда неге жатқанын білмекке, құйрығын бұлғандатып, қасына жақындады. Бұл уақытта Икеннің көзі жұмылып, кірпігі айқасқан. Ақ төбет иесінің аузы-мұнын жалап, әрі-бері қыңсылап: «Саған не болды?» дегендей қасында шокиып ұзақ отырды. Анда-санда кожасының аузы-мұнын жалап искеп қояды. Осындайда иесінің аузынан «ақ майы» ақтарылып, ақ төбетті де жарылқайтыны бар еді, ит соны күткен секілді. Мұндайда иесінің аузынан төгілетін «кәпіриісті» ақ төбет, түк қалдырмай жалап-жұқтап алатын. Артынша ақ әлгі «бәле» иттің ішін қыздырып, тұла бойын қоздырып ауылдағы қозы лакты қуып, құтырынып кететін. Қазірде ақ төбет иесінің жүзіне тесіле қарап қалған, анда-санда құйрығын бұлғандатып, тілін «сылып» еткізіп, иесінен «саркыт» дәметкендей шокиып көп отырды. Ақыры болмаған соң қыңсылап, Итекиннің аузы мұнын дамылсыз жалап, арсылдап үрді. Осы уақытта өрістен келген шопанның әйелі ертоқыммен бос жүрген атты көріп, күйеуін үйден іздеп таппаған соң: «Далада қалып қойды ма, бұған не болды?» деп қатты састы. Сол-ақ екен, Ақтөбеттің арсылдаған даусын естіді. Ит үрген жаққа жүгіре басып келсе күйеуі ескі көннің қасында кескен теректей, «сырдың



суы сирағынан келмей» сұлап жатыр. Құдды құс төсекте жатқан секілді.

– Ой, соры қайнаған сорлы-ай! – деді күйеуін көңнің арасынан мықшындап әзер тұрғызған әйелі.

312

Есін тез жинаған Икең: – Сен білесің бе? Мені депутаттыққа ұсынып жатыр, так што, мені «депутат Итекин» деп айтқаның жөн деді. Ит жалаған аузы мұрнын алақанымен сипап.



## Нәкең

313

Нәкең деген бір аңкылдаған жан. Өзі көп жылдар кеніште еңбек еткен, айтысына қарағанда, заманында техниканың құлағында ойнаған өндіріс тарланы болса керек. Бүгін де сексенді алқымдаса да жүрісі ширақ, өзі дилы, аса байсалды көрінетін қариямен кездескен жерді шүйіркелесіп, амандық-саулық сұрасып жүрдік. Өмір жолынан тартымды бірдене айтар ма деп, шыны керек, әңгімелесуге ынтығып жүрдім. Құдай жарылқап, бір күні Нәкеңмен аулада кездесіп, аз-кем ананы-мынаны айтып, әңгіме құрдық. Ақсақалдың «Өмірде не болып жатыр, зейнетақы өсе ме?» деген сұрақтарына білгенімше жауап беріп: «Әңгіме айта отырыңыз, Нәке. Өзіңіз бұрын қайда жұмыс жасап едіңіз?» дедім карта ойнауға асығып отырғанын білсем де, шым-шымдап сөзге тартып.

– Ой, бізде не әңгіме бар дейсіз? – деп азырақ ойланып отырған ол бір қызық оқиға есіне түскендей, өңі жадырап, құдай оңдап, сөйлей жөнелгені. Әңгімесін бастамас бұрын өзі сылқылдап күліп алды. Соған қарағанда «майын тамызып бір қызық оқиғаның тігісін сөгетін болды», деп жүзімді бұрып, құлағымды түріп дегендей, зейін қойдым.

– Баяғыда жұмыс істеп жүргенімізде, мына кеніштен руда «не ететін» едік. Соны фабрикаға «не қыламыз». Бір күні фабрикаға «не етсек» бізді мыс зауытына «не қыласыңдар», сол жерде «не болады», соған «не етесіңдер» деді. Біз деген жұмыскер адам, бастықтар қалай «не етсе» біз

соны «не етеміз». Содан әлгі мыс зауытына «не еттік».

Мен Нәкеңнің мына сөздерін, шу дегеннен түсіне алмай, тіпті Нәкеңді тани алмай абдырап қалдым. Түсінейінші деп бар ынты-шынтымды салып әлекпін. Бірақ «қу шал» мені әдейі қинағысы келгендей әңгіменің нағыз «қызған» тұсына келгенде жұмбақтап «не қып, не етіп» деп сарсаңға салды. Оқиғаның ең қызық жеріне жеткенде: «не қып, не етіп, не қылды ғой» деп бір жаққа бұлт ете қалады да, қайтадан күліп алып, түлкі бұлаңға салып: «Содан не керек әлгі айтқан жерге «не етсек» адамдар «не қып» жатыр екен, бізде соған «не ете» жөнелдік,– деді.

–Сонда не болып жатыр екен?– дедім шыдамай, һам түсіне алмай, дінкем құрып, «сілекейім сорғалап», Нәкеңнің бетіне жалына карадым.

– Соны айтайын деп «не етіп» келем. Иә, сөйтсек облыстан бір «не келген» екен, соған жұрттың бәрі «не етіп жатыр екен»,– деді.

Ал кере болса, шамаң келсе ұғып көр! Нәкеңнің әңгімесін түсінсем, деп мен әлек. Ол болса «не етіп, не қып» деп жорта жөнеледі:

– Содан не керек, әлгі жерге «не етсек», «не қып» жатыр екен? Тура осы жерге келген кезде менің шыдамым шорт үзіліп: «Апыр-ай, ә! Керемет екен!»– дедім қинала басымды шайқап. Аузымнан тұздығы күшті орысша сөз шығып кете жаздап, азар тоқтадым.

– Иә, – деді ол құптағанымды дес көріп. Содан соң, тағы бір әңгімесін суыртпақтай жөнелгені. Бұл жолғысы әлгіден де сорақы болды. Жаңағы әңгімесінен оқиғаның тым боламаса фаб-

рика мен зауытта болғанын түсініп едім, бұл жолы «ә» дегеннен қоянның жымына салып, ит бұлкекпен итімді шығарып, құрдымға құлады.

— Бірде «неге, не етіп жүргенімде, бір керемет не болды»,—деп бастады. Тым болмаса осы жолы төркіні дұрыс бірдеңе айтар деген үмітім морт үзіліп, шекем зырық ете қалды. Ақыры әлгі Нәкеңнің әңгімесінен жүйкем жидіп, үйге қатты қалжырап келдім. «Не қып, не етіп» деген сөздер басыма кіріп алып, балалап жатқандай, тіпті «не қып, не етіп», деп санамды шұқып, миымды мүжіп, ойымнан шығатын емес. Осыдан кейін ол кісіге жоламауға тырысып,.. кәпірден аулақ, сырғактап жүрдім. Оның сұлбасын алыстан байқап қалсам көшенің қарсы бетіне шығып кетемін, немесе бағытымды шұғыл өзгертіп, жалт бұрылып, құла түзге лағып бара жатамын. Әйтеуір, анау тағы да «не етіп кетеді» екен деп жаным қалмай қашып, жасырынатын болдым. Шын айтамын. Әңгіме сұрап нем бар еді,—деп өзімді кәдімгідей сөгіп жүрдім.

Содан бері Нәкеңді көрмегем. Таяуда тағы ұшырасып қалдық, бұл тіпті қызық болды. Біздің жақта қыс айларында көрші қолаң, туған-туыс бір-бірін омыртқаға, шекеге шақырысатын бір жақсы дәстүр бар. Жақында Жәми деген бір танысым шекеге шақырып сонда бардық. Үй нессімен амандасып ішке кірсек, төрде Нәкең отыр. Осы үйге құда-жегжаттығы бар екен. Қонаққа келген бірталай адам алқа-қотан жиналып, дастарқан басында кауқылдасып отырғанымызда, алдымызға үлкен ас келді. Нәкең жасы үлкен адам ретінде бас ұстады. Одан соң «бас ұстағанның батасы бар» деп

көпшілек Нәкене қарасты. Мен ішімнен «Ойбу, мына кісі бүлдіретін болды-ау!», деп ойлап үлгергенімше Нәкең «амин» деп батасын бастай жөнелгені. Обалы қане, әуелгі де ол сөзін дұрыс бастады. Дегенмен, Нәкеннің сондағы айтқан батасын қаз-қалпында, шашау шығармай келтірейін өздеріңіз тыңдаңыздар. Бір қажеті болар. Нәкең айтты:

— Дастарқанның байлығын берсін, ден саулықтарың не қылсын, мына Шолпан мен Жәми екеуі бірге тату-тәтті не ете берсін, бір жастықта не етіп, не қылсын,— деді. Мен күліп жібере жаздап ернімді қыршып әзер шыдадым. Сөйтсем жалғыз мен емес, қонақтың бәрін күлкі қысып, әрең отырса керек. Құдай онғарып, шет жақта отырған, осы үйдің жиені Сайқын деген азамат:

— Әй, Шолпан, Жәми, естідіңдер ме, ақсақалдың сендерге берген батасын, яғни, екеуің күндіз-түні не ете беріңдер, не ете беріңдер, сонда не қыласыңдар,— түсіндіңдер ме,— деді. Нәкеннің сөзіне күле алмай отырған қонақтар мына сөзден кейін үйді жарып жіберердей қарқылдап күлсін кеп. Көздерінен жас аққанша күлді. Нәкең қосыла күлді.

Сөйтіп, мәре-сәре болып тарасқанбыз. Одан бері де сырғып бірқыдыру уақыт өткен. Кеше Нәкенді көше бойында күтпеген жерде кездестірдім. Ол бір танысына «Не қып, не етіп» деген хикаятын шертіп тұрса керек, мен асығыс амандасып, қастарынан тез өтіп кетейін деп бұрыла бергенімде әлгі бейтаныс азамат, мені таниды екен, тоқтатып:

— Нәке, жаңағы әңгімеңізді мына Жақана айтыңызшы,— деп «не қып, не етіптің» назарын

маған аудармақ болды. Мен де мәселенің мәнін тез аңғарып:

– Иә, иә, Нәкеңнің қызык-қызык «нелерін мен де не еткенмін» дедім. Менің сөзіме бейтаныс азамат, қарқылдап күліп жіберді. Содан бері «не кып, не етіпті» көрсем тағыда «Не етіп қалам ба?» деп сырғақтап қашып жүремін. Сіздер де байқаңыздар «не етіп» қалмаңыздар.



## Сапарластар

*Ақыл бітпес дәулетке,  
Абай*

318

Біз, қаладан шыққанда түс ауып бара жатты. Сәуір туса да ауаның ызғары қайтпаған кез. Оның үстіне күн желтендеу болатын. Қар кетіп даланың дидары едәуір дегдіген шақ. Сарышаған бекетін бетке алған жүрдек көлік тас жолдың бойымен жүйткіп жөнелді. Қасымда қаладан бірге шыққан таныс дәргер жігіт бар Сарыағаш санаториясына жиналған бетіміз. Екеуміз әнгіме-дүкен құрып, әні-міне дегенше межелі жерге де жетіп-ақ қалдық.

Сарышағаннан Шымкент-Сарыағаш бағытына жүретін, Астанадан келе жатқан, жолаушы пойызын тостық.

Вогзал басы. «Балық алыңдар, кәуап алыңдар, салқын сусын бар», деп өңештерін жырта айғайлаған саудагер әйелдердің саңқылдаған дауыстарына тұнып тұр. Біреуі балығын, енді бірі мәңті, су, сыра секілді тағамдарын тықпалап әлек.

Көп күттірмей ысылдап-пысылдап жолаушы пойызы еңтігіп жетті. Біз мінген купеге бізден басқа тағы екі адам келіп жайғасты—біреуі орта жастағы, шегір көз, аққұба адам басындағы күн қағарын ілгішке іліп, бізге қарсы орынға жайғаса салысымен, қалта телефонын алып, сонысын шұқылап, ара-тұра терезеден сыртқа көз тастап үнсіз отырды. Ешкіммен сөйлесуге зауқы жоқ, өзімен-өзі әлде неге алаң. Оның өкшесін ала келген егде жастағы адам:

«Жолдарыңыз болсын!» – деп даңғырлап, сөйлей кірді. Сонсоң сырт киімдерін шешіп,

ілігіше іліп, төменгі орынға жайғасатынын айтып, астыңғы 15 орынды иемденді.

Бұлардың біріншісі Шуға дейін барса, келесі жолаушы Шымқаланы бетке алған.

– Құдай оңдап, шылғи еркектер болдық,–деді вогонға даңғырлай кірген кісі,– «мыңның жүзін білгенше, бірдің атын біл» демекші таныса отырайық. Менің атым Дінәсіл, өздеріңіз қай туған боласыздар?–деді. Менің есімім Мұхит дедім, қасымдағы жігіт өзін Ертөре деп таныстырды, терезеге карап үнсіз отырған кісінің ныспысы Мәжит, қазақшаға, сыпайылап айтқанда, шорқақтау екен. Азырақ жөнсұрасып біліскен соң әлгі Дінәсіл атты даурыға сөйлеген кісі, (аса сөзуар болса керек):

– Е, қазір ел байыды ғой,.. кісі басы сотка, үй басы қос-қостан көлік; ит басына іркіт төгілген бейқұт заман орнады. Айтары жоқ. Тәубе! Қазақты құдай жарылқап тұр. Тойдан келе жатыр едім. Оның қайдан келе жатқанын ешкім сұрамаса да, өзімсініп, өңмендей сөйледі.

– Сіз соны байлық санайсыз ба?– дедім азырақ әңгімесін қоздырмаққа.

– Нені айтасыз?

– «Кісі басы сотка, үй басы қос-қостан көлік» дегеніңізді айтам да. Ол менің жүзіме байыппен көз тоқтатып, сәл ойланып қалды. Қабағы кіржиген секілді. Маңдайындағы сызықтары тоғысып барып қайта жазылды.

– Шырағым,– деді сонсоң,– одан артық қандай байлық керек. Баяғы кеңес заманында бұның бірі де жоқ еді. Әлгі жаман «Москвич» деген көлікті білесіз ғой, тіпті оны айтамыз-ау,



дүниенің арзаны «Шайтан арбаны» алудың өзі мұн тұғын. Қазір көрмейсіз бе, қандай?! Міне, мына мырзаның бір басында екі қалта телефон бар екен,—деп ұялы телефонын шұқылап отырған жолсерігімізді іле кетті.

— Жо,..жок,—деді сонсоң,—менің сізге еш қарсы емеспін. Құдай үшін, оған ренжіменіз. Мисалға дегенім ғой. Көрдіңіз бе? Осындай байлық қашан болды?— деді, қалтасынан умаждалған беторамалын алып, тершіген мандайын ысқылап:

— Қазақ, қазақ болғалы мұндай байлық, сірә болмаған. Қазір біздің қандастарымыз қос-қостан көлік мініп, қос-қостан телефон, қарты келгендер қосарлап қатын алып жатыр. Енді қараныз, қолынан келмегендер осының бәрін жамандайды. «Сатып жатыр, жеп жатыр, тоймай жатыр» дейді. «Түйе аунаған жерде түк қалады» деген. Кеше бір тойдан шықтым,— деді ол шешіле сөйлеуге кірісіп, жейдесінің түймелерін ағытып, балағын түріп жайланып.

— Мыңға жуық адам шақырған екен. Әлгі тойды айтам-да. Қаланың айтулы байы. Анау Алматыдан жұлдыздар келіп, жұлқынып ән салды. Ақша дегенің, айтары жоқ, ағып жатқан су дерсің. Келіннің бетін ашқанда көкала қағаздан лактырып, өлеңді суша төктіріп, бірімен-бірі жарысып кетті. Бей! Не деген жомарттық! Не деген сері, жұрт!

Осы кезде ойыма тағы бір жағдай орала бергені:

— Иә, жомарттық деген жақсы-ау,.. барға жарасатын да болар. «Сөзден сөз шығады», демекші, ертеректе біздің бір танысымыз даңғарадай бес бөлмелі үйін сатып, баласына той жасады.

Әлгіде, мына кісі айтып отырған мың қаралы адам соның тойында да болды. Бастапқыда біз оның баспанасын сатқанын білмедік, «көп жылдар зауытта жұмыс істеген адам ғой, жиған-тергені болған шығар» деген едік. Қаланың зиялылығын түгел шақырып, айтөбел той жасады. Құдасы бір өңкіген дәу қара екен туырлықтай тон жауып, оны да қарық қылды. Құдағиын алтынмен аптады. Той тарқасымен әлгілер басқа қалаға көшіп кетті, со жақта екі бөлмелі үйге бәрі тығылып, пәтер жалдап отыр деп естідік. Жомарттық осындай болса, дауа жоқ екен?!– дедім.

– Оныңыз рас. Ол да бар. Түндегі тойда бір қызық жағдайға куә болдым. Ойпырмай! Бетіннен басасың. Әлгі тойда бір жас қыз, жартылай жалаңаш мың бұралып, былық-сылық билеп еді, қалталы байшыкештер қоразданып қыздың ышқырына ақша тығып, тіпті «қырылып» қалды. Бұл енді шектен шыққан ұятсыздық, сонысын өздерінше мақтан көреме, әйтеуір, қаршадай қыздың ышқыры мен төсіне қолдарын жүгіртіп, ақшаларын сумандатып жүрді. Не деген жеркенішті! Мейлі, өздеріне жарасса істей берсін. Бұны біз түземейміз ғой. Өз басым кейде осы қазақтың осындайына қайранмын?!–деп ол бір шама үнсіз отырып қалды. Бір сөзі, бір сөзіне қиғаш келіп жатқанын өзі онша елемейтін секілді. Дегенмен сөзінің жаны бар.

Осы кезде терезеге қарап отырған адам, шамасы өндірісте қызмет істейтін инженер болса керек. Бізге алайыңқырап бір қарап алды да, орашолақ қазақшасымен:

– Мен, воовще, қазақтарды не понимаю,– деді. Жиған-тергенінді мың адамға шаштың, жақсы, содан не таптың? Тіпті өздері соған қуанып жартпайды. Той емес, бір сунами жүріп өткен секілді. Қонақтарға не керек, олар жалап-жұқтап ішті-жеді кетті. Сондай аянышты,–деп тоқтады. Сөзге араласпаса да құлағын әңгімеге түріп отырғаны белгілі болды.

– Меніңше, соны түсінбеудің өзі көп аянышты,– деді дәргер жігіт Ертөре, көз әйнегін көтеріп.– Сіз білесіз бе? Қазақтың тойы ұлттық – дәстүр. Әрине, көрпеге қарай көсілген жөн. Ол бөлек әңгіме. Бірақ тойдың табиғатын танымай, «оның қажеті қанша» деу ұлттың салт-санасына қарсы айтылған дау. Егер қалтаң көтерсе, жағдайың келсе қуанышыңды неге тойламасқа. Ешкім де жиған тергенін ана дүниеге алып кепейді. Құзғын құсап тапқаныңды өзін басып жемей, сұңқар секілді дос жаранмен бөлісу – жомарттықтың, мәрттіктің белгісі, білген жанға. Өмірі босағасынан бір жұтым су бермейтін сараң байлардың соңында не қалады?.. Той жасау қазақтың ұлттың мінезі. Мұнда ұлтымыздың– дарқандығы жатыр. Қазақта бір тәмсіл бар– «бір козы туса, бір түп көде артық шығады» деген. Бұл деген «әр кімнің талайына біткен өз несібесі бар» деген сөз. Үлкендер айтатын «әке малының балаға мирас болуы екі талай» деп. Ол да сол «әркімнің маңдайына біткен өз ырзығы бар» деген сөзге саяды,–деді көз әйнегін сөйлеген сайын көтеріп қойып.

– Әрине, әрине, сіздің айтып отырғаныңызбен бәтуа болар едік. Бірақ мәселенің басқа жағы бар ғой. Айталық, сол тойға бөлінген ақшаға

жастарға үй алып берсе, бал айына жіберсе,—деді әлгі жігіт терезеге қараған қалпы, бізге мойнын бұрмастан таза орыс тілінде сөйлеп.

— Бәрекелді! Сөзіңе болайын, Мәжит баурым. «Бал айы» дегенді қайдан шығардың. Ол біздің дәстүрде жоқ нәрсе. Өзгенің қаңсығы, бізге таңсық болды ма?! «Үй алып бер» дегенің жөн. Кеше мен болған тойда, той иесі жастарға екі бөлмелі үйдің кілтін табыс етті. Яғни, тойды да жасады, үйді де әперді. Елдің аузында жүрген әңгіме ол—несие алып той жасайтындар. Бұл енді, тақа дұрыс емес. Той жасауға біреудің әлі келеді, біреудің қауқары жетпейді, сол үшін тойды жоққа шығару да біржақты түсінік. Дұрысы әркім шамасына қарай көсілгені ләзім.

Осы кезде пойыз әлде бір бекетке аялдады.— Шуға келді ме?—деді мен.

— Жоқ. Шу қайда, әлі алыс.

— Шуға түнде келеміз,— деді терезеден көз алмай отырған орыс тілді сапарласымыз.

— Енді тыңданыз,— деді Шымқалаға бара жатқан Дінәсіл. — Ақыр той туралы айттық қой. Қазақтың тойы бұрын да керемет болған ғой. «Отыз күн ойын, қырық күн тойы» деген содан қалған емес бе? Ол заманда да ұланасыр тойды байлар жасаған. Кедейге той қол емес-ті. Ал енді қазіргінің байы да, кедейі де көсіліп той жасайды. Байды қойшы оның мұрты да қисаймас. Мұнда байға ілесе алмаған кедейдің таңы жыртылып, қарызға батып сорлайтынын айтсайшы. Соның бәрі жалған намыс. Ең сорақысы — той иелері жол-жоралғыдан да шатысып жатады ғой.

– Сіз білесіз бе? Қазіргі тойларда бәлендей көп жоралғы бола бермейді. Дәстүр-салттың көбі бұрыс, бірізділік жоқ. Көріп жүрміз қалыңдық қолындағы гүлін артына лақтырады, оған тұрмысқа шыға алмай жүрген қыздар таласып, жұлысып жатады; осындай сорақыны көріп жүрміз. Бұл енді біздің салтымызда жоқ өзгенің қаңсығы. Мысалы: қазақтың «табақ тарту» деген, керемет дәстүрі бар. Тойда ол сақталмайды. Оны қанша бай болса да жасай алмас еді. Жарайды оны қойшы, беташарды айтшы, содан ақ біздің шалағайлығымыз көрініп тұр ғой. Әулеттің қарашаңырағына келіп табалдырық аттаған келіннің беті сол жерде ашылады. Басына ақ орамал тартады, отқа май құйғызады. Бұл тойдың әлхамында жасалатын жора, рәсім. Ал, біз не істеп жүрміз? Біз келіннің бетін тойханада ашамыз. «Қазақ ырым етеді – ырымы қырын кетеді» деген тәмсіл бар, бәлкім жас отау шаңырағының жиі шайқалуы осындай жөнсіз жол таңдауымыздан болар. Кім біледі, отбасы үшін соншалықты киелі ұғымды орынсыз шоуға айналдырып алдық ба? Меніңше, тойға осындай қасиетті рәсімдерді шығарып керек емес. Той тек көпшілікке жасалғандықтан үйлену тойының тек салтанатты бөлігі ғана тойханада өтсе болады. Оған тілектер айтылып, ән шырқалып, бата берілсе құба-құп.

– Жо,.. жоқ оныңызбен кім келіседі. Тойдан беташарды бөліп тастаған, қалай болғаны,.. Сіз соны дұрыс деп ойлайсыз ба? – деді дәргер жігіт.

– Сіздің сөзіңіздің жөні бар, әрине, ешқандай асабы мұнымен келіспесі анық. Өйткені беташардан асабалар біраз нәпақа табады, олар келіннің ата-енесінен бастап: қайнағаларын, қайындарын,

нағашыларын кезек-кезек атап, сәлем салдырады. Қарымтасына тастаған ақшаны алады. Асабалар да соған дәнігіп алған. Бұл бұрынғыдан қалған жора емес, қазіргілердің ойлап тапқаны. Мейлі, асабаның нәпакасына таласымыз жоқ, тек қана беташар келін түскен үйде жасалғаны ләзім,—деп пікір қостым.

— Жалпы тойдың өзі беташардан басталмай ма. Ақша салса несі бар, бар болған соң, қуанышқа ортақ болған соң салады да. Бұл — ағайындардың таза ниеті шығар. Меніңше, бүгінгі тойлар, шоуға айналған. Басты кемшілік осыда. Қонақтар дастарханда тамақ ішіп отырады, асабалар ақ теркөк тер болып сөйлейді. Кейде олардың сөздері де тым дөрекі. Олар елді күлдіреміз деп, өздерінің не айтқандарын да білмей қалады. Міне, ойланатын мәселе осы. Тойға барғандар сол тойдан тобықтай тағылым түйсе болар еді,—деді дәргер жігіт. Осы кезде терезеге қарап отырған кісінің телефоны безілдеді.

— Алоо,..— деді ол. Біздің әңгімеміз біразға шекті үзіліп қалды.

Телефонын сөндіріп бері бұрылған да:

— Жалпы, дискуссияларыңыз жақсы жүріп жатыр,— деді әлгі орыс тілді баурымыз, езуін тартып.

— Сіз біздің сөзімізге ілесіп, түсініп отырсыз ба?— дедім мен.

— Сөзбе-сөз болмаса да жалпы жобасын аздап түсінемін.

— Қазақша оқи аласыз ба? — Ол басын шайқады. — Бір купеде төртеу отырмыз,— дедім тағы да. Менің сөзімді іле жөнелген дәргер кісі:

– «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген. Төбедегі келу үшін тіл мен діл түгенделуі керек шығар.

– Неге сіздер орыс тіліне қарсысыздар. Мен соны түсінбеймін?

– Бізді, орыс тіліне қарсы деп кім айтты?

– Енді сіздер менің қазақшамның жоқтығын жақтырмай отырсыздар ғой.

– Кешірер, Мәжит баурым,– деді Дінәсіл ақсақал,– біз сіздің орысшаңызға қарсы емеспіз, сіздің өз тіліңді менсінбегеніңе қынжыламыз. Мына азаматтарды дұрыс түсін. Сіз «төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген халық даналығын білесіз бе? Төртеу дегені төрт құбылаң дегені. Менің оқуым сіздердікіндей терең емес, ел ішінде көп жүрген адаммын. Жерің, елің, тілің мен ділің, және бірлігің – осылар төрт құбылаң болады. Мұның бірінен айрылсаң тәңірден бақыт күтпей-ақ қой. Әзірше біздің бір құбыламыз ақсап тұр. Мына купеде біз төрт қазақ отырмыз. Сөздің астарын пайымдауға да қазақша өре керек. Біз манадан бері той туралы айтып отырмыз. Сіз айтасыз «тойдың керегі не» деп. Мына дәргер мырза «тойдан тағылым» болса деп жақсы айтты. Шыны солай, тойдан адам парасатты сөз естіп, жақсы әсер алып қайтса игі. Тойдың да халықтың рухани кемелденуіне ықпалы, әсері болса қандай ғанибет. Ал, сіз айтасыз «қалтасына ақша салып беріп бал айына жіберу керек» деп. «Бал айы» деген не? Анайы болса да айтайын. Ол жаңа үйленгендердің оңаша кетіп төсекте жақындасуына жағдай жасаудың басы. Мұны әспеттерлік нәрсе демеймін. Қазақтың дәстүрінде ондай болмаған. Әрине, біз жетпіс жыл бойы орыстың боданы болып: тілімізден,

ділімізден, ұлттық салт-санамыздан мақұрым қалдық. Тәуелсіз ел болғанымызға ширек ғасыр болды, бәрін баяғы өткенге жаба берсек біз қашан, өзін-өзі құрметтейтін ұлт боламыз?! Әлі күнге дейін төртеуіміз отырып тіл мәселесіне келгенде екі түрлі пікір айтамыз. Біз бір тілде сөйлейтін, бір мақсатты көздейтін, бір тұтас ел болуымыз керек. Мен саясаттың адамы емеспін, бірақ жүрегімнің үні солай.

Купенің ішінде бәріміз үнсіз қалдық. Өйткені оның айтып отырғанына қалай дау айтамыз. Осы кезде терезеге карап отырған азамат қалта телефонынан әлде біреуге хабар шалды ма, о жағы белгісіз, купеден тез шығып кетті. Содан ол көпке дейін оралмады.

– Менің айтып отырғаным дұрыс ба, бұрыс ба, айтындаршы?– деді сәл үнсіздіктен соң Дінәсіл ақсақал.

– Дұрысы, дұрыс қой. Бірақ, сіз білесіз бе, кейде дұрыс сөзді де дәлелдеу керек. Қиыны сол.

– Түсінбедім? Несін дәлелдеу керек, қазақ қазақша білсін дегенді де дәлелдеу керек бе?

– Ақсақал, гәп о да емес. Барлық мәселе біздің ұлттық түсінігімізде жатыр. Жаңағы баурымыз біздің сөзімізді жақмай шығып кетті. Сіз айтып отырған тайға таңба басқандай шындық, анау үшін керітартпа ұғым саналуы мүмкін. Себебі оның жан дүниесі, таным-түйсігі қазақша емес. Біз жиырма бірінші ғасырға осындай түйсікпен, осындай «байлықпен» келдік. Тіліміз шұбар, рухымыз әлсіз, тіпті біз қазақтың төл тарихына да шорқақпыз. «Қазақ деген мемлекет болмаған» деп жалпақ әлемге жар салып, біреудің аузына сөз сап



бердік. Міне ақсақал, қос-қостан алған көліктің, қалта телефонның байлық болмауы осыдан. Қазір біз «үш тілді меңгереміз» деп жатырмыз, мейлі, қанша тілді үйренсең де, – әуелі ұлттың қазанында қайнап, қазақ тілінің ұясынан қанаттанбасаң қазақ болып қалуың екі талай. Гәп осыда, ақсақал. Жоғарыда сіз айтқан тойдағы сорақы жағдайлар бәрі де ана тілімізден ада болудан туып отыр. Ана тілін білмеген дәстүрден де алшақтайды. Кейбіреулер тілін біліп тұрса да, дәстүр салттың байыбына бармайды. Себебі –біз өзгеге бодан болып, соның зардабын тартып, ұлттық болмыстың тамырынан алшақтап қалған елміз. Сол алақұла қалпымызбен келдікте, «әлемдік өркениет көшінен қалмаймыз» деп жаңа қоғамның айдынына сүйгіп жөнелдік. Енді бізден не сұрайсыз, тілі шұбар, рухы жұтан, діліміз дүмбілез,..

Әңгіменің осы тұсына келгенде біз Шуға жетіп, орыс тілді баурымыз бізбен асығыс қоштасып, түсіп қалды. Біз де енді демалайық, деп жастыққа бас қойдық. Пойыздың бір сарынды тоқылдап, сартылдаған дыбысымен ой құшағына еніп ұйықтап кетіппін.

Ертеңінде Сарағашқа келіп жеттік. Сарағаш деген жердің жәннаты екен. Әсіресе суы қандай шипалы. «Осыншама байлық пен ырыс тұнған қазақ жері қандай ғажап!» деп, іштей тамсанып, бойыңды мақтаныш кернейді. Ұрпағымыз өсіп, ұлтымыздың бойына кешегі сапарласым айтқан: «Бір тілде сөйлейтін, бір мақсатты көздейтін, бірлігі берік, біртұтас ел болсақ» деген ой көкейге оралған сайын, жаныңды сергітеді.

Санаторияда бізбен қатарлас бөлмеде егде жастағы ерлі зайыпты қазақтар тұрды. Әуелгіде

мен оларды басқа ұлттың адамдар болар деп ойлаған едім. Сөйтсем аты жөні Асубай Көкшалов екен. Айтары жоқ, екеуі де қандасымыз. Осыншама жасқа келген адамдар қазақшаға жоқ. Тіпті түр әлпеттері де өзге. Менің ойыма кешегі Шымқаладан түскен Дінәсіл ақсақал оралды. Жастары да сонымен шамалас. Бірақ екі бөлек дүние. Салыстыруға келмейді. Бірде ем-домның калың кезегінде тұрдық, сонда әлгі дәргер жерлесім: «Алды-артыма қараймын төңірегім толған алаштың баласы, бірақ қазаққа ұқсамайтындары қалай?..» деп таңырқады.

Сол-ақ екен, жанымызда тұрған жас жігіт: Ағасы, сіз халайықтың сыртқы сипатына қарамаңыз, бастысы – ішкі мазмұныны, сол маңыздырақ, – деді. Сол уақытта кезегіміз келіп қалды да, біз жөнімізге кете бардық.

Әрине, әлгі азаматтың сөзі орынды, не нәрсенің де мазмұны маңызды. Сыртқы сықпытымыз белгілі болды. Олай болса ішкі мазмұнымыз, жан-дүниеміз қандай? Сен де ойланшы, құрметті оқырман.

*2016 жыл.*

## ӘЗӘЗІЛ

*«Қуылған шайтанның  
кесірінен Аллаһқа сиынамын».*

Ұйықтағаны сол еді, құлағының түбінен сұңқылдаған бір дауыс семер емес. Содан оянды. Соңғы кезде кейуананың денсаулығы болмай, ұйқыдан маза кетіп жүрген. Кеше қызы бір дәрі әкеп берген-ді, Алла жарылқап, соның әсері ме, қайдам, әйтеуір, жастыққа басы тиісімен қор ете қалды. Талайдан бері бүйтіп ұйықтамаған шығар, көп-көрім тынығып, басы шайдай ашылып, бойы едәуір жеңіл тартыпты. Осы кезде жаңағы дауыс тағы да сұңқылдай жөнелді.

– Шіркін-ау, мынау өзі не нәрсе!? Еркежан жұмысқа кетті ме, радиосы құрғырды неге өшірмеген?– деп ұйқылы ояу, соны түсіне алмай төсектен тұруға асықпаған. Сарнаған үн тіпті семер емес. – Апырмай, бұл өзі не нәрсе?–деп басын әнтек көтергенде байқады, кеше кешкілік қонаққа келген құдаша, құлағына жапсырып алған телефонға, өші кеткендей өзеуреп, сарнап отыр.

Қарт әже ұйқыдан оянғанымен қозғала қоймады. Бөлменің іші алакөлеңке. Таң ата қоймаған. Кейуана құдашаның түн жарымында кімге не айтып жатқанын түсіне алмады. Әуелгіде біреу аурып қалды ма, деп ойлаған. Құдашаның сарнаған дауыс құлағына енді анық естіле бастаған:

– Мыналар адам емес екен. Қонақ күту, кісі сыйлау дегеннен ныспы жоқ. Әпкем бұларға қалай шыдап жүр. Таза түйсіксіз жандар,–деп сұңқылдаған үні ұзаққа дейін тынбады. Түн жарымы.

Телефонның екінші басында қызының сарнаған даусына құлақ құрышын кандарып отырған анасы: – Сен қайдан хабарласып тұрсың?– деді әлде не ойына түскендей, есіней сөйлеп.

– Қайдан болушы еді... осы үйден.

– Қызым ау, сағат түнгі үш болды ғой, сенің қасыңда біреу бар ма?

– Жооооға. Жо... бар екен. Бір кемпір өліп ұйықтап атыр.

– Шырағым-ау, оның не!? Ұят болды ғой, сөндір телефонды,– деп шешесі телефонның өшіріп тастады. Қызы оған тоқтай қойған жоқ, қайтадан телефон ұрып...

– Алло, Ма... ты что, мен кіммен сөйлесіп отырмын, алдың да сөндіріп тастадың, басың қаға ма!? Қысқасы, сен ертең поезға шық. Дереву Астанаға келетін бол. Мындағыларды орнына қою керек, бұлар бізді басынып алған,– деп тағы тақылдап анасына ақыл айтты. Тағы да сәмпылдап телефоннан ұзақ сөйледі, ақыры мен енді мұнда қалмаймын, тұқымы құрысын бұлардың,– деп үйден шығып кетті.

\*\*\*

Анасы қызы Гүлжанның осы бір кер мінезін кесел көретін. Неге бұл осылай болды. Түр десен түрі бар, үріп ауызға салғандай, күректей дипломы қолында. Әй, осы қыздың жолы болмай-ақ қойды-ау!– деп уайым шегетін.

Гүлжан институтта оқып жүргенде бір жігітпен қол ұстасып, сөз байласып ұзақ жүрді. Жолдастары екеуін «жарасты жұп болады» деп ойлайтын. Қырсық қылған да, әлгі жігіт жоқ

жерде басқа бір қызға үйленіп кетті. Күтпеген оқиға. Гүлжанға сүйген жігітінің жасаған опасыздығы қатты батты. Оны қарғап-сілеп, талайға дейін өзін-өзін тоқтата алмады. Уақыт емші деген. Бірте-бірте оны ұмытқанымен жүрегінде әлде бір өшпенділік пе, ыза ма, әйтеуір, бір белгісіз қиястық қалып қойды. Сол сезім оны әсте тыныштандырған емес. Кейде түн ортасында ұйқысы шайдай ашылып, әлде неге елеріп, өзінен-өзі ащуға булығып; күндізгі көрген білгені, естіген сөздері жан-жағынан жамырап, анталап мұны талап жатқандай күй кешетін. Сонай күндердің бірінде шыт көйлекпен үйден безіп кетті. «Бүйткен өмірі құрысын», деп басы ауған жаққа маңды. Анасы бейшара еңкездеп сонынан жүгіріп, қызын тоқтатпак болған, бірақ қол аяғы балғадай қыз кейуанаға жеткізсін бе, зыр қаққан беті қараңғы қатыгез түнге сіңіп кетті. Ең алғаш рет ол сол мінезінен шоқ басты. Жүрегін қолына ұстап, түнгі қаланың мұздай құшағына батып, тұтып келе жатып, әлде бір өңкиген жігітке соғылды. Олар біреу емес, бірнеше аш көз кексе жігіттер екен, мұны бірнеше күн ермек қылды. Пәкизе қалпы пәре –пәре болып, «мүйізге өкпелеп, құлақтан айырылғанның» кебін киді. Сол күннен бастап осындай қадет пайда болды. Түн ортасында кім болса сонымен керісіп, мейлі ол басқа қалада, тіпті басқа мемлекетте отыр ма, о да шаруа жоқ, оның не жөнінде дауласып жатқанын жан баласы ұғына қоймайтын. Әйтеуір, шаң-шұң айғай туады да, сағаттар бойы сарнаған қыз бір кезде үйден атып шығып қараңғыға сіңіп қаңғып кетеді. Құдды бошалаған сиыр дерсің. Бірақ сиыр жануар дүниеге келетін төлін көлденең көзден қызғанып

кұла түзге кашады екен. Ал, бұл болса көзі шатынап, басы ауған жакка тұтады. Кімнен нені қызғанып бара жатқаны белгісіз. Бойын кернеген алау-далау от, байыз таптырмай, катыгез түннің құшағына шым батып жоқ болатын.

333

Бүгінде сондай «мыналардың бәрі оңбаған екен. Бәрі өздерінше болып ісіп-пісіп отыр, бұлар деген кім? Кілен ала қап арқалаған алыпсатарлар. Солардың сөзі кімге дәрі болғандай», деп тоқтамай заулап сөйлесін. Мұндайда қыздың өңі бірде сұрланып, бір де алаулап, демігіп, енгігіп, қалшылдап кететін. Осы жағдайды көрген анасы қызын дәрігерге апарып көрсетпек те болған. Соны айтап басы бөлеге қалғаны бар. Бір қызығы, анасы дәргер туралы айтқанда қызы оны жүре тыңдап аса мән бермеген. Есесіне түнде оянып алып күндізгі айтқан сөзі үшін шаңқылдап, шала бүлініп, шешесінің шаңын қақты. Құдды күндіз баска қыз, түнде баска қыз секілді.

— Мені ауру деп жүрмісің? Оны қайдан шығардың. Онда мені жындыханаға жап. Жетпей тұрғаны сол ғой,.. ал, апар, шақыр дәрігерінді. Жап мені жындыханаға, сөйтіп менен құтыл»,— деп зіркілдеп өз кеудесін өзі тоқпақтап ара-тұра орыстың боқауыз сөздерін төгіп-төгіп алды. Сөйлеген кезде өзеуреп, екі көзі шарасынан шыға шатынап, шешесін жұлып жердей шапшуылдады. Анасы бейшара қызының мына кейпін көргенде тіпті сасып, — айналайын қоя қой, құлыным,— деп шыр-пыр болды. — Қой деген сайын құтырынып кетке қыз шешесін итеріп жіберді. Қалталақтап тұрған әйел шалқалап барып еденге гүрс етіп құлап, есі танып қалған. Оған қараған қыз жоқ:

– Сендей анам болғанша болмағаны жақсы еді. Чокнутый... Неге менің жанымды түсінбейсің, туған қызың емеспін бе? Тасбауыр. Сендей ана бола ма?– деп үйден алқын-жұлқын шыға жөнелді. Еденге қарақұсын соғып есі ауып қалған шешесі әуірім деп есін жиды. Бісімілласын айтып, үстін қағып, орнынан кирелендеп зорға көтерілді. Қарақұсын сипалап диванға арқасын сүйеп:

– Гүлжан, карағым-ау, қайда кеттің бей-уақытта? Қайда барасың, құлным-ау? Бірдемеге ұрынып қаласың-ау,– деп қызының соңынан шықпаққа жедел ұмталғанымен орнынан тұра алмады.

Қыз болса даланың құтырынып соққан кара құйыны секілді сыртқы есікті сарт еткізіп қатты жапқан бетте қараңғы көшенің тереңіне сіңіп бара жатты. Түнгі қоңыр самал ашулы қыздың желбіреген қысқа шашын жұлқылып, балғын денесін толассыз тінткілеп, беймағұлым бағытқа асықтыруда. Сол түні іңір қараңғы еді. Ашуы бұрық-сарық қайнаған шора қыз көше қилысынан айнала бергенде қарсы алдынан еңгезердей үш жігіт шыға келді. Қыз оларды көзге ілмей тұстарынан тайраңдап өте бергенде әлгілердің бірі мұны «сұлуым, шамасы сен бізді іздеп келесің?» деп білегінен шап берді.

– Иди отсуда, кабан, идиот,– деді ол қараңғы да бейтаныс адамның еңгезердей сұлбасына тіксіне қарап: – Сендей сүмелектерді қаңғыртып жіберемін,– деді.

–Ту недеген ашу, не деген тегеурін. Қысыр тушадай тулауын,– деп әлгі еркек қызды қапсыра құшақтаған қалпы қолтығына қысып ала жөнелді. Қыз шыңғырып айғайламақ болған, бірақ даусы

шықпады ма, аяк-колы ербеңдеуден әрі аспады. Қарулы жігіттер мұны көлікке салып алып заулап жөнелген.

Со кеткеннен тентек қыз үш күнен соң оралды. Бір ғажабы бәз қылпы, бұзылмаған сен, сөгілмеген тең секілді. Оршып жүр. «Қайда болдың, кіммен болдың?» деп одан жөн сұрап жатқан жан жоқ. Тек анасы ғана:– Қарағым-ау, тұрмысқа жықпаған жас қыз өстіп, қайда болса сонда қаңғып жүре ме екен? Мені итеріп жіберіп өлтіріп қоя жаздадың. Мұның не, шырағым? Кешеден бері ішкенім ірің, жегенім желім болып, сені уайымдап,.. тым болмаса қайда жүргенінді айтсаң қайтеді?

– Жарайды, мам, уайымдама, бір құрбымның үйінде болдым,– деді. Ана жағдайды айтуға ұялды ма, кім білсін, ол жөнінде тіс жармады.Тіпті ештеңе болмаған секілді. Алайда, сол күннен бастап бойын билеген әзәзіл оны ешуақытта тыныштандырған емес. Мұндайда ол өзін өлердей жек көрер еді. Мына жұрттың тесіле караған көзі мұның тұла бойын тінтіп, сайқал түннің сырын ұғып, содан жиркеніп тұрғандай. Ондайда жарқылдаған жамалын, жүзімнің суындай мөлдіргенен тәнін қасқыр таласада мейлі, деп қараңғы түнге жұтылып жоқ болатыны бар. Өзегі өртеніп тұла бойын от буған кезде өзін талай рет тағынын тырнағына талатып, жаны мен тәнін өртеген ашкөз әзәзілдің отын өшіруге тырысатын. Сөйтсе олай емес екен, жүйкесін жаулаған жын қайта-қайта қаулап түн баласында есін алып, елертіп әкететін. Әлде біреулер мұнымен дауласып, жауласып



жаткандай. Керкілдесіп кең әлемді тарылтып жіберетіні бар.

Жақында ыза болғаны сонша – әлеуметтік желіге өзінің жалаңаш түскен суретін салып жіберді. Сол-ақ екен, желідегі әлеумет «гу» ете қалды. Мұны жерден алып, жерге салды: «Ұятсыз», «Өнегесіз», «Елдің атына кір келтірді, мынау не маскара!?» деп колдарына түссе жұлып жердей шулады дерсің. Гулжан миығынан күлді, ізінше тағы да бір таңдай қақтыратын «тамаша» суретін, сурет болған да бұ жолғысы бұрынғыдан да өткен бикештің қос алмасы салбырап, ай мүсіні көз ұялтып, күнтимесі бұлындап тұрды. Шулаған әлеуметтің ортасына лақтырған әлгі сурет қауға тиген өрттей өршіп-өршіп өзеуреді. Көрермен саны сағат санап күрт өсіп, табан астында танымал «тұлғаға» айналып шыға келді шора қыз. Содан бері қызда маза жоқ, «неге өйттіңіз, келіп біздің бағдарламаға қатысып, жұрт алдында сұрақтарымызға шамаңызға қарай жауап берсеңіз», деп журналшылар теледидарға шақырып, соңынан қалар емес.

Енді Гүлжан қыз ашуға мінді: – Менде шаруаларың қанша? Мені тыймай-ақ, ана қазынананы жеп жатқан жемқорлар мен ұры қараны тыйындар. Мені «қазақ емес» дейсіңдер мен қазақпын. Қазақ болу үшін қазақша білу шарт емес, қазақша не жөні дұрыс кино жоқ, жібі дүзу музыка жоқ. Оданда соны жасаңдар, болмаса, кө...інді қысыңдар,– деп қарайған қалыңның бетіне «түшкірді». Осыдан кейін көпшілік ішін тартып қалды. Ешкім жеңе алмайтын, әзәзілдер бел алып барама, кім білсін, олармен енді қай тілде сөйлесу керек екенін әзірге ешкім айта алмады.

Өткен күзден бері сол қыз із-қайым жоқ. Жеті түнде жоқтан өзгеге долданып, туғандарының бәрін ығыр ғып, ақыры түнерген түнге шым батып, көзден ғайып болған. Содан оралмады. Тек әлеуметтік желідегі әуретін ашқан әзәзіл суреттері ғана елді шулатып қала берді. Әзәзіл иектеген адам тұрмақ сау адам жоғалып жатқан мына аласапыран заманда не деуге болады?

337

## Құралайдың лағы

*Новелла*

Көктемнің қара суығы басталып, күн жаңбырлатып тұрған. Мамырдың жуан ортасында күн райының осылайша күрт құбылуын үлкендер «құралайдың салқыны ғой» деп әңгіме қылатын. Алты-жетілердегі кезім. Қыстақтағы қоржын үйде тұрамыз. Таңертең ұйқыдан оянсам ауызғы бөлмеден әлде ненің тыпыр-тыпыр еткен дыбысын құлағым шалды. «Бұл не нәрсе екен?» деп әлгіде түсіне алмай жаттым. Әкем сыртта жұмыста болуы керек, анам үйге от жағып жүрген секілді. Жылы төсектен тұрғым келмей керіліп-созылып жатқанымда ауызғы бөлмеден «тыпыр-тыпыр» еткен дыбыс бұ жолы қаттырақ шықты. Соны ести сала орнымнан атып тұрып, мойнымды созып дыбыс шыққан жаққа қараймын. Ит екені, лақ екенін белгісіз, жотасы сарғыш тартқан әлде бір қайуан басын жұқаяқтың астына тығып содан шығара алмай тұрғанын көрдім. Жайлап келіп,

элгіні кеудесінен ұстап, өзіме тартып алайын десем ол әл беретін емес. Тырмысып әлгі жерден шықысы жоқ. Әуелгіде мен оны «ешкінің лағы» екен деп:

– Ей, сен кімсің, ол жерде не бар саған?– деп басын жұкаяқтың қуысынан күштеп шығарып алдым. Шығаруын, шығарып алып, түрінен қорқып кеттім. Ешкінің лағы екен десем, мынаның басы үлкен, көздері баданадай, маңдайы дүрдиіп, қоңқиған кеңсірігі біртүрлі қораш көрінген. Қозыға да, лаққа да аса ұқсамайды. Ол болса менен құтылғысы келіп, тырмысып, жұлқынып «мені босат» деген секілді көндігер емес. Осы кезде сыртқы есік ашылып үйге анам кірді.

– Апа, мынау не?

– Құралайдың лағы. Әкең алып келіпті, сен ойнасын,– деп.

Мен «құралайдың лағы» дегенді көргенім де, естігенім де сол. Кішкентай лақ маған бірте-бірте ұнай бастады. Дүңкиген маңдайын, қоңқиған тұмсығын сыйпап, әлгіні әлпештей бастадым. Тықыр жотасын сипаймын, алқымын қасимын. Бірақ ол ештеңеге көңгісі жоқ. «Жібер де, жібер, босат»,–дейді. Ешкінің, немесе қойдың қозысы секілді жуастығы жоқ. Асау, тіпті бастығатын емес. Далаға шығарсаң басын төмен салып алып тұтып жөнелгенде шапқан атқа жеткізер ме. Әкем айтты «әзір далаға шығар ма, қашып кетеді. Иттерге көрсетпе, олар талап тастайды. Қанша айтқанмен аң ғой ол», – деген.

Шынындада ауылдың иттері оны көрсе қасқыр көргендей арс-арс үріп, қораға көкжал түскендей қарадай айбат шегіп, шабаланып бітеді. Сөйтіп менің жабайы лағым күн санап, өсе

бастады. Бір қызығы, мен оған ешкілерді емізе бастадым. Бірақ ешкі екеш, ешкі де, кішкентай лақты көрсе болды, көздері тікірейіп, аяқтарымен жер тепкілеп ит көргендей безектеп, баурына жолатса қане.

339

– Ей, қойсаңдаршы, бұл кішкентай лак, – деймін ешкілерге. Олар көнетін емес. Ақыр емізбейтін болған соң үлкен ешілерді, жығып сап бас-аяғын басып отырып емізетін болдық. Сүттің дәмін алған кішкентай құралайдың емшек емісі сұрапыл, емшек емісіне дәу екшілердің өзі бақырып, шыдай алмай маңырап, тура етін кесіп жатқандай боздайды. Ал құралайдың лағы болса мама ешкінің желінін кеміріп жеп қоятындай өршелене сорғанда ешкілер жанын қоярға жер таба алмай бақырып бітеді. Ең кереметі жабайы лак бір ешкінің сүтіне тоймайды, ешкілерді таңдап жүріп екеуін, кейде үшеуін бас салып бақыртып, «ойбайлатып», желінін лақтының аузына тосамыз. Ол да үйреніп алған, есі кетіп, аузы ақ көбік болып, борпылдатып сорғанда ешкінің желіні өрттей қызарады. Бақырып маңыраған ешкімен оның шаруасы жоқ, есі-дерті қарнын тойғызу, ешкінің үрпін жеп қоя жаздайды. Комағай.

Сөйтiп жүргенде құралайым марка лак болды. Ауылда оның жауы көп, бірiншi, жауы ауылдың иттерi. Бір күні түстен кейiн киіз үйде ұйықтап қалған екем, иттердiң абалаған даусынан атып тұрдым. Жау келiп қалған секiлдi. Төбеттер бiрдегенi тасырлатып қуып жүргенiн бiлдiм. Үйден жүгiрiп шықсам. Құралайым жанын қоярға жер таппай тұтып жүр. Соңында абалаған бiр топ ит. Айғайлап менде жүгiрдiм. Өзер дегенде

арашалап алдым. Біздің үйдің актөсін басына бір тептім.

– Оңбаған, тойымсыз! Кет!– деп қуып жібердім. Содан бері Актөс те маған өкпелеп жүр.

Қайссы екенін білмеймін, сол жолы Құралайымды иттер талап тастапты. Қабырғасына, жамбасына иттердің тісі тиіп жара болып қалған екен. Әкем әлде бірденені жағып емдеген болды. Ұзамай жазылып кетті, содан бастап лағымды үйшікте қамап ұстайтын болдым. Иттердің тұмсығы жетпейтін жерге.

Кейде мойнына ұзын арқан байлап, ауылдың іргесіндегі сайға апарып жайып, шөп жұлғызамын. Шөп жейді, су ішеді. Нан жеуді үйренбеді. Оның кеңсірігі үлкен жүгірген кезде жел кеулеп, салмағын көтеріп кететін секілді. Бір күні қарап отырып тұяқтарының арасын ашып қарасам, ол да сондай, жел кеулеп кететіндей. Жүгірген кезде аша тұяқтарының арасына да жел толып, тұз тағысының салмағын жеңілдетіп, желдей жүйткіп жүгіруі содан ба деп ойладым.

Көздері қандай ғажап, мөлдіреп тұрады! Сұлу. Құралайым марқайған сайын түгі қызғылт-сары түске еніп, құдды сары даланың дидарына ұқсап қалған.

Басынан бір тепкеннен бері Актөс лақты торуылдауды қойған. Оның есесіне ауылдың басқа иттері біздің үйде бір керемет «құбыжық» бардай естеріне түссе біз жаққа қарап шабаланып шу ете қалады. Актөс оларға онша қосылмайды, бірақ Құралайымды жақтырмайды.

Бір-екі айдың ішінде Құралайым марка лак болды. Бойы да өсті. Жүні де жып жылтыр. Өзі сондай сүйкімді. Мен оны келер жылы құралай

лағын өргізетін дауылды күндері калың киіктердің ішіне апарып қосамын. Сонсоң ол өзінің үйірін табады,— деп тәтті қиялға берілемін. Кейде ол сайын далада желмен жарысып жортып бара жатқандай көрінеді. Жүгірген кезде аша тұяқтарының арасын жел кеулеп, аяқтары жерге тиер-тимес болып аспан мен жердің арасында ұшып бара жатады. Ұшып бара жатқандай болып көз алдыма келетін.

Бір күні ұйықтап тұрсам, сол күні жаңбыр жауған. Күн бұлтты болатын. Маужырап төсектен эзер тұрдым. Әкем: — тұрдың ба, құлным, беті қолыңды жу, тамағыңды іш,— деді. Сөйтсем, өздері дастархан басына жиналып, ет жеп отыр екен.

А, дегенде ештеңе түсіне алмадым.

Үйге Әлібек ақсақал келген екен со кісі:— Тұр батыр, саған құлақ қойдық. Құлақ же, деді. Көзім бірден әлгі кісінің қолындағы дәу пышақ пен кіп-кішкентай лактың басына түсті. Өзі соны мұжып отырған секілді. Жүрегім бір сұмдықты сезіп, дүрсілдеп, атқып далаға шықтым. Құралайым үйшігінде жоқ. Үйге апалақтап «апа, апа» деп алып ұшып, қайта кірдім:

— Апа, Құралайым қайда!? — дедім жыларман дауыспен.

— Құлным-ау, лағынды иттер талап тастады, сонсоң сойдық,— деді. Деді да әкеме қарап: «Айттым ғой, жылайды деп»,..

Енді бәрі түсінікті. Үйден жүгіріп шыққан беті әлде қайда құла түзге тұтып бара жаттым. Қайда барамын, кімді іздеп барамын, о жағы мүлде белгісіз,.. көзімнен жас парлап, өксіп жылап келемін. Қарашокыны өрлеп жүгіре бердім, жүгіре

берді... Бір заматта өкпем өшіп Көксайдың етегіндегі көк шалғынға келіп отыра кеттім. Содан қанша отырғаным белгісіз, әйтеуір маужырап ұйықтап қалсам керек.

Қанша уақыт ұйықтағанымды қайдам Құралайымды қуып, ол маған ұстатпай шөлдеп, қысылып, аңқам кеуіп ояндым.

Көзімді ашқанда анам қасымда отыр екен. Анама карадым, көзіме жас келді. «Құлыным-ау, қарның ашқан шығар, кешеден бері нәр сызбадың ғой. Тұра ғой, жарығым», деп басымнан сипап, айналып-толғанып ұзақ отырды.

Содан бері көп жылдар өтті. Қатыгез өмірдің тырнағы ешкімді аямасын өмірдің өзі осылай үйретеді екен. Сахарада желдей есіп жүретін құралайдың саны да азайып кеткен деп естимін. Ол азаймас еді, егер менің Құралайым соның ішінде жүргенде,— деп ойлаймын.



## МАЗМҰНЫ

343

ЖАЛҒАННЫҢ ЖҮЗІ. Роман .....	5
ХИКАЯТТАР, ӘҢГІМЕЛЕР .....	219
Көлжанқара .....	220
Басқа бәле.....	254
Сор.....	265
Есүкей.....	292
Икең.....	308
Нәкең.....	313
Сапарластар.....	318
Әзәзіл .....	330
Құралайдың лағы. Новелла.....	337







**Жанболат БАШАР –**

жазушы,  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі.  
1949 жылы Ақтоғай ау-  
данында дүниеге келген.

«Үкілі үміт» (1999.ж.),  
«Далам менің, кием менің»  
(2001.ж.),  
«Көкше көлдің самалы»  
(2004.ж.),  
«Самғау» (2006.ж.)  
«Үркер туғанда» (2009.ж.),  
«Шандоз» (2011ж.),  
«Пешене» 2012ж.),  
«Кепиет» (2014ж.),  
«Қабір үстіндегі зұлмат»  
(2016ж.) атты шығармалар  
жинағы жарық көрген.